Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'42 (043.3)

Қолжазба құқығында

**КЕМБАЕВА АЙНУР ТУРАРОВНА**

# Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша)

«8D02307 – Қазақ филологиясы»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор О.С. Жұбай

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор С. Екер
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

**МАЗМҰНЫ**

**АНЫҚТАМАЛАР** 3

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 5

**КІРІСПЕ** 6

**1 ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 13

1.1 «Тілдік тұлға» феномені және оның когнитивтік-прагматикалық сипаты 13

1.2 Дискурс – тілдік тұлғаның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі 30

1.3 Көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырған мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар 46

Бірінші тарау бойынша түйін 61

**2 Ш. МҰРТАЗА ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ВЕРБАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІСІ** 64

2.1 Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі және дискурс қабаттары 64

2.2 Ұлттық-мәдени концептосфера және ментальді құрылымдар 83

2.3 Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының идиостилі 98

Екінші тарау бойынша түйін 117

**3 Ш. МҰРТАЗА ДИСКУРСЫНЫҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ** 120

3.1 Ш. Мұртазаның публицистикалық дискурсындағы лингвопрагмемалар мен тілдік стратегиялар 120

3.2 Дискурстағы аксиологиялық жүйе және ұлттық құндылықтар 137

3.3 Ш. Мұртаза идиологемалары: азаматтық ұстаным және дүниетанымдық бағдар 155

Үшінші тарау бойынша түйін 174

**ҚОРЫТЫНДЫ** 176

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 181

# АНЫҚТАМАЛАР

**Ассоциация** (лат. *Associatio* – байланыстыру, байланыс) – бұл белгілі бір ынталандыруды қабылдау кезінде адамның санасында пайда болатын бейнелер, ұғымдар, сөздер немесе сезімдер арасындағы байланыс.

**Әлемнің тілдік бейнесі** – нақты бір тілдік қауымдастықтың санасында тарихи қалыптасқан және әлем туралы түсініктердің тілде бейнеленген жиынтығы, нақты тілдік құрылымдағы семантикалық категориялар мен семантикалық өрісте бекітілген мағыналардан тұратын бейне.

**Дискурс** – автордың танымы арқылы ішкі және сыртқы әлемін жасаған тұлға үлгісі ретінде оқырман алдында бас-аяғы бар, нақты шегі бар, біртұтас мәтін.

**Дискурстық тұлға** – коммуникативтік жағдайға бейімделіп, өзінің интенциясын, бағалауын және идеологиялық ұстанымын дискурс түрінде жеткізетін субъект. Ол тілдік құралдарды меңгеріп қана қоймай, дискурс құрылымын, жанрды, мақсатты, рөлдік позицияны ескере отырып әрекет етеді.

**Интерпретация** (лат. *Interpritatio*, түсіндіру, мағынасын айшықтау) – мәтін мағынасын интерпретациялау, яғни түсіндіру, ұғындыру.

**Коммуникация** (лат. *Communication*, байланысамын, қатынасамын), (қатысым) – адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу. Олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы.

**Концепт** (лат. *Conceptus,* ұғым) – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі.

**Көп дискурсты кеңістік** – бір тұлғаның немесе мәтіндер жиынтығының бойында әртүрлі дискурстардың қабаттаса, өзара әрекеттесе, интертекстуалды байланыса отырып құрылатын дискурстық құрылым. Ол түрлі дискурстардың жанрлық, стилистикалық, концептуалдық және прагматикалық ерекшеліктерін қамтиды.

**Көп дискурсты тұлға** – әртүрлі дискурстарда (публицистикалық, философиялық, педагогикалық, көркем, ғылыми, діни, сатиралық және т.б.) әр қырынан танылатын, көпқырлы рөлдік, коммуникативтік және когнитивтік функцияларды орындайтын тілдік тұлға.

**Нақты адресат** – мәтін бағытталған оқырмандар аудиториясы. Бұл категорияны талдау барысында келесі эксплициялы құралдарды бөліп көрсетуге болады: жіктеу есімдіктері, тәуелдік және жіктік жалғаулы сөздер, бағалауыш мәнді сөздер, бұйрық райлы етістік тұлғалары, сыпайы, бағалау мәнді қаратпа сөздер т.б.

**Пафос** – сөйлеушінің тыңдаушы эмоциясына әсер етуі, көңіл-күй тудыруы, толғаныс, жан тебіренісі арқылы әрекет етуі.

**Прагматика** (грек. *pragma,* ілік септікте *pragmatos* іс, әрекет*)* – семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. Прагматиканың

зерттеу нысанына сөйлеуші субъект, адресат, олардың өзара қарым-қатынасы, автордың мақсаты, білімі, интенциясы (діттемі), адресат пен адресанттың бір-бірін түсіну мүмкіндіктері жатады.

**Прецедентті (мәтін)** – белгілі бір ұлттық-мәдени қауымдастық өкіліне жақсы таныс, сөзжұмсамда жиі қолданылатын, әртүрлі дәйексөздер мен жалқы есімдер, шығарма атаулары нұсқасында қайталанып отыратын, білдіретін мәні, оны құрайтын жекелеген сөздер контекстен тыс алынғанда да тіл тұтынушыға түсінікті болатын мәтіндер.

**Стереотип** (көне грек. *Στερεός* және *τύπος,* қатты, кеңістік және қолтаңба) – құбылыс, оқиғаны қалыптасқан таным негізінде қабылдаудың тұрақты формасы. Стереотип әлеуметтік және мәдени нысандар туралы таптаурын ұғымдарды сақтай отырып, белгілі бір мәдени-тілдік ұжымның менталитетіне қатысты әлем бейнесін сипаттайды. Стереотиптер жүйесі арқылы дүниетаным қалыптасады.

**Стратегия** (көне грек. *Στρατηγία*, әскербасы өнері) – белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қарым-қатынастың түрлерін пайдалану бағыты.

**Тактика** (көне грек. *τακτικός,* тәртіп, құрылым) – стратегияны жүзеге асыру құралы, стратегияның негізгі мақсатына тәуелді.

**Тақырыптық ақпараттылық** – мәтіндердің белгілі бір мәселе бойынша танымды кеңейтушілік сипаты.

**Тілдік тұлға** – адамның тілдік қабілеті мен коммуникативтік тәжірибесін біріктіретін, тіл арқылы ойлау, сезіну, бағалау және қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін бейнелейтін психолингвистикалық, әлеуметтік және мәдени феномен. Ол адамның лексикалық қоры, грамматикалық дағдысы, сөз саптау стилі, рөлдік-коммуникативтік мінез-құлқы, дүниетанымдық мазмұны арқылы сипатталады.

**Тілдік тұлғаның когнитивтік стилі** – тілдік тұлғаның когнитивтік (ойлау) операцияларының жиынтығы.

**Феномен** – тілдік тұлғаның өзіндік қолтаңбасы, авторлық идиостилі.

**Элокутивтік стратегия** (лат. *elocutio,* мәнерлеп сөйлеу, тілмен көркем жеткізу) – дискурста көркемдегіш құралдарды, экспрессивтілік пен стилистикалық тәсілдерді қолданып, тыңдаушыға әсер ету, ойды көркем әрі дәл жеткізу мақсатындағы коммуникативтік стратегия.

**Этос** – сөйлеушінің моральдық бейнесі, беделі, сенімділігі, яғни тыңдаушы тарапынан сенім тудыратын сипаттары.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ТТ – тілдік тұлға
ДТ – дискурстық тұлға
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы
ССР – советтік социалистік республикасы
ЦК (центральный комитет) – Орталық комитет

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Бүгінгі таңда антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің жандануына байланысты «тілдік тұлға» мәселесі қарқынды түрде зерттеліп келеді. Тілдік тұлға субъектінің тілді меңгеру деңгейі, сөйлеу қабілеті, сөздік қоры туралы мәлімет беріп қана қоймай, мәдениет пен ойлаудың, ұлттық сана мен коммуникацияның тоғысында қарастырылып келеді. Тілдік тұлға өз бойына халықтың менталитетін, мәдени кодтарын, бағалау жүйесін, стереотиптері мен құндылықтарын жинақтайды. Осыған байланысты тілдік тұлғаның дүниетанымына, ұстанымына ерекше мән беріліп, ұлттық-мәдени болмысты сақтап, тарихи-әлеуметтік тәжірибені бейнелейтін күрделі лингвомәдени феномен ретінде қарастырылады. Соған сәйкес тілдік тұлғаның құрылымын вербалды, когнитивтік, прагматикалық, аксиологиялық деңгейлерде сипаттаудың маңызы зор.

Соңғы жылдары тілдік тұлғаның ішкі дүниесін – өз дәуірінің ұлттық және мәдени ерекшеліктерін жеткізуші ретінде қарастыру маңызды бағыттардың біріне айналды. Әр ұлттың тілдік тұлғасы өзіндік концептосферасы, идиоглоссалары, дискурсивтік стратегиялары арқылы ерекшеленеді. Сондықтан тілдік тұлғаны ұлттық-мәдени феномен ретінде қарастыру тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тануға, ұлттық сана мен рухани мұраны ұрпаққа жеткізудің ғылыми негізін айқындауға жол ашады.

Зерттеу жұмысында тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені Шерхан Мұртазаның шығармашылығы бойынша талдануының бірнеше себебі бар. Біріншіден, Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, редактор, өз дәуірінің қоғамдық ойына зор ықпал еткен тұлға, Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1995). Шерхан Мұртаза Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, елдің рухани және мәдени дамуына белсенді араласты. Ол ұлттық мүдде, тіл, жер мәселелерінде батыл пікірлер айтып, қоғамда ерекше беделге ие болды. Шерхан Мұртазаның шығармалары мен қоғамдық қызметі қазақ халқының рухани байлығын арттырып, ұлттық сананы оятуға зор ықпал етті. Сөз зергерінің шығармаларында ұлттық болмыспен қатар азаматтық ұстанымы да айқын көрініс тапты. Соған сәйкес жұмыста Шерхан Мұртазаның көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстары талданып, тілдік тұлғаның когнитивтік, семантикалық, прагматикалық, аксиологиялық қырлары айқындалды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Зерттеудің өзектілігін бүгінгі таңда антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің жандануы; тіл білімінде дискурсты түрлі қырынан зерттеуге бағытталған жаңа бағыттардың дамуы; пәнаралық зерттеулерге деген қызығушылықтың артуы; Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы бойынша іргелі лингвистикалық зерттеулердің болмауы; Шерхан Мұртаза тұлғасының

этномәдени маңызы жоғары болуы сияқты фактормен негіздеуге болады. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық жазушысы, қоғам қайраткері Ш. Мұртазаның мұрасын зерттеу қажеттігі қазіргі қоғам мен жеке адамның рухани кеңістігіндегі өзекті мәселелермен сабақтас. Сөз зергерінің мұрасын ғалым, жазушы, педагог, философ, қоғам қайраткері, баспагер, редактор ретінде әлеуметтік-кәсіби синкретизм тұрғысынан, ұжымдық әдеби шығармашылық өкілі ретінде топтық репрезентативтік қырынан қарастыру қажет. Бұл орайда Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын көп дискурсты тұлға ретінде сипаттай отырып, сөз зергерінің бойынан типтік және даралық белгілерді айқындау көзделді. Тақырыптың өзектілігін осы тұрғыдан да негіздеуге болады.

Сонымен қатар зерттеу тақырыбының өзектілігі дискурстық әрекет, дискурстық тәжірибеге ерекше көңіл бөлінумен де байланысты. Себебі бүгінгі таңдағы лингвистикалық зерттеулерде тілдік (сөйлеу, мәтіндік) материалды талдауда когнитивтік-дискурстық әдіс басты орынға шығып отыр. Зерттеу жұмысында дискурс ғылымдар тоғысында – лингвистика мен әлеуметтану ғылымының тоғысында қарастырылады. Осы уақытқа дейін Шерхан Мұртазаның шығармашылығын талдаған еңбектер болғанымен, сөз зергерінің дискурстық әрекеті, дискурстық тәжірибесі әртүрлі ғылыми парадигмалардың өзара ықпалдастығына негізделген кешенді зерттеу нысаны бола қоймады. Шерхан Мұртаза дискурсының жүйелі реконструкциясы жүргізілмеді. Шерхан Мұртазаның дискурсын мәдени-әлеуметтік контексте қарастыра отырып, коммуникативтік әрекетімен, діттемімен, пресуппозиция мәселелерімен байланыстыра зерттеудің маңызы зор. Бұлайша зерттеу жекелеген тілдік тұлғаның ғана емес, жазушы еңбек еткен кезеңнің ерекшелігін көрсете алады.

**Зерттеудің мақсаты** – Ш. Мұртазаның шығармашылығын талдау арқылы көп дискурсты тілдік тұлға феноменінің ұлттық-мәдени сипатын айқындап, дискурстық құрылымын когнитивтік-лингвистикалық аспектіде сипаттау.

Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеу жұмысында мынадай нақты **міндеттер** көзделді:

- көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырған мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторларды айқындау;
- Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі мен дискурс қабаттарын нақтылау;
- сөз зергерінің шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептосфераны анықтау;
- Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының идиостилін талдау;
- Ш. Мұртаза дискурсының лингвопрагматикалық және аксиологиялық ерекшеліктерін сипаттау;
- тілдік тұлғаның ұстанымдарын идиологема деңгейінде сипаттау.

**Зерттеу нысаны** – Ш. Мұртаза тілдік тұлғасының ұлттық-мәдени көрінісі.

**Зерттеу пәні** – Ш. Мұртазаның көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарында көрініс табатын тілдік тұлғасының ұлттық-мәдени ерекшеліктері.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі.** Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде отандық ғалымдардан шығарма тіліне, сөз құдіретіне қатысты А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов, Р. Сыздықтың, тілді адам санасының көрінісі ретінде қарастыруда А. Салқынбайдың, қаламгер шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді тануда Д. Әлкебаева, А. Тымбол, О. Жұбайдың, шығарма тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеуде Ж. Манкеева мен Н. Уәлидің, тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтін рөлін Ш. Құрманбайұлының, тілдік тұлғаның дискурстық сипатын анықтауда Г. Смағұлова мен Ф. Қожахметованың, тілдік тұлғаны зерттеудің мәселелерін Ф. Терекованың, көп дискурсты тілдік тұлғаның сипатын анықтауда Қ. Искаковананың т.б. еңбектері; шетелдік зерттеушілерден тілдік тұлға теориясына қатысты (Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, А.А. Ворожбитова, О.Е. Морозова, К.Ф. Седов, О.Б. Сиротинина, Н.С. Болотнова, А.П. Седых және т.б.); мәтін теориясына қатысты (В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Л.В. Щерба, С.Г. Ильенко, И.Р. Гальперин, М.Я. Дымарский); дискурс теориясына қатысты (Т.А. ван Дейк, Н.Д. Арутюнова, М.М. Бахтин, М.Р. Желтухина, М.Л. Макаров, М.Ю. Олешков, А.П. Чудинов және т.б.); когнитивтік лингвистикаға қатысты (Н.Н. Болдырев, В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова және т.б.); когнитивтік-коммуникативтік парадигма теориясына қатысты (В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин, А.Н. Приходько, О.С. Иссерс және т.б.) пайдаланылды. Сонымен қатар интерпретация идеясы (Н.Д. Арутюнова, Ю.А. Ладыгина, И.В. Арнольд және т.б.) басшылыққа алынды.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында сипаттамалық, контекстік, концептуалдық талдау, лингвостилистикалық, салыстырмалы, интерпретациялық, дискурстық талдау, лингвомәдени және когнитивтік модельдеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар жинақтау, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

**Зерттеудің дереккөзі.** Зерттеудің дереккөздерін Ш. Мұртазаның көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарының мәтіндері құрайды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- Ш. Мұртазаның мұрасын аксиологиялық, когнитивтік, стилистикалық, дискурстық, тілдік тұрғыдан талдау негізінде алғаш рет жазушы тұлғасы көп дискурсты тілдік тұлға ретінде сипатталды.

- Ш. Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасы алғаш рет вербалды-семантикалық және когнитивтік аспектіде қарастырылып, лингвофилософиялық және прагматикалық қырлары талданды.

- Алғаш рет Ш. Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар айқындалды.

- Ш. Мұртазаның дискурстары когнитивтік-дискурстық, лингвориторикалық және коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан алғаш рет кешенді түрде талданды.

- Ш. Мұртаза тілдік тұлғасының идиостилі алғаш рет көп дискурсты сипатта талданды.

- Ш. Мұртаза шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептосфера және ментальді құрылымдар алғаш рет жүйеленді.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысы лингвоперсонология, дискурсология және когнитология салаларын дамытуға үлес қосады, тілдік тұлғаның құрылымы мен типологиясы туралы теорияны кеңейтеді. Көп дискурсты тілдік тұлғаны талдаудың теориялық және әдіснамалық базасын байытады. Зерттеу нәтижелері «тілдік тұлға», «дискурс», «концептосфера», «когнитивтік модель», «идиостиль» т.с.с. ұғымдардың ұлттық негізде зерделенуіне үлес қосады. Көп дискурсты тілдік тұлға портретін жасау барысында ұсынылған қағидаттар коммуникация теориясына, дискурсологияның дамуына ықпал етеді. Антроөзектік ұстаным негізінде жүргізілген зерттеу көп дискурсты тілдік тұлға портретінің ғылыми тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің практикалық маңызы.** Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында лингвоперсонология, когнитивтік лингвистика, когнитивтік-дискурстық талдау теориясы мен практикасы, қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, қазақ публицистикасының дамуы, мәдениетаралық коммуникация, әдебиеттану, журналистика, қазақ терминологиясы, мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, функционалды стилистика пәндерін оқытуда, сондай-ақ тілдік тұлға теориясы мен дискурс теориясына арналған арнайы курстар мен семинарларды әзірлеуде, лингвориторикалық реконструкция мен лингвокогнитивтік модельдеуде, жанрлық сөйлеу зерттеулерінде, стилистика, семантикаға қатысты еңбектерде т.с.с. пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық, когнитивтік аспектілері, лингвофилософиялық және прагматикалық қырлары ұлттық-мәдени феномен ретінде анықтауға негіз болады.

2. Ш. Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қалыптасуына мәдени-әлеуметтік, тарихи және шығармашылық факторлар әсер еткен.

3. Тілдік тұлғаның көп дискурсты кеңістігі көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстардың тоғысында көрініс табады.

4. Жазушының идиостилінде вербалды-семантикалық, когнитивтік, лингвофилософиялық және прагматикалық аспектілер өзара үйлескен.

5. Ш. Мұртаза дискурсының қалыптасуына ұлттық-мәдени контекст әсер еткен. Ш. Мұртазаның дискурсында моральдық-адамгершілік құндылықтар басым.

6. Ш. Мұртаза тілдік тұлғасы – ұлттық-мәдени феномен ретінде ұлттық болмысты бейнелейтін, рухани-мәдени кодтарды сақтап, жаңа формада ұсынатын көпқырлы құбылыс.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.** Диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің саны – 22, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 7, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында – 12, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда – 2, шетелдік ғылыми журналда – 1, оқу құралы – 1. Зерттеудің негізгі нәтижелері бойынша Түрік елі, Анкара қаласының Башкент университетінің «Әдебиет» факультетінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (2024), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академик Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (2024), SDU университетінің «Филологиялық білім беру: ғылыми ізденіс пен оқыту диалогы» атты халықаралық конференциясы (2025) мен т.б. республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жасалды.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген конференциялар мен басылымдарда жарияланды:

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылатын мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар (ККСОН МОН РК) тізімі:

1. Pragmatic features of epistolary texts by Sh. Murtaza // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы. – 2023. – №4(71). – Б. 326-340.
2. Тілдік тұлға кеңістігіндегі «рух» концептісінің өзектілігі мен қолданылу аясы (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша) // Ясауи университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. – Түркістан. – 2024. – №2(132). – Б. 167-179.
3. Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері // А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. «Тіл білімі» сериясы. – Астана. – 2024. – №1. – Б. 35-52.
4. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері // А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. «Тіл білімі» сериясы. – Астана. – 2025. – №1.– Б. 25-35.
5. «Қазақ халқы» концептісінің когнитивтік моделі (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы. – 2024. – №4(75). – Б. 122-132.
6. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстағы ұлттық діл көрінісі // Ясауи университетінің Хабаршысы.

«Филология» сериясы. – Түркістан. – 2024. – №1(135). – Б. 185-197.

7. Ш. Айтматов және Ш. Мұртаза: ой-таным үндестігі // М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Хабаршысы. «Әдебиеттану» сериясы. – Алматы. – 2022. – №1(74). – Б. 103-114.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған мақалалар:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мен Шерхан Мұртаза арасындағы рухани сабақтастық // «Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2023. – Б. 179-184.

2. Шерхан мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдердің сөзжасамы // «Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы. – 2022. – Б. 58-63.

3. Шерхан мұрасының төрткүл дүниеге таралуы // «Шерхан Мұртаза – замана шындығын айтқан заңғар тұлға» Ш. Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: Қазақ» университеті. – 2022. – Б. 266-271.

4. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-дилогиясының тілдік ерекшеліктері // «Балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және жаңа Қазақстан дәуіріндегі филология ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз: ХТИИ. – 2023. – Б. 66-71.

5. Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» кітабындағы тарихи шындық және көркемдік шешім // «Заманауи білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2024. – Б. 309-314.

6. Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайбердіұлы әлеміндегі рухани ой үйлесімділігі // «Заманауи білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2024. – Б. 304-309.

7. Шерхан Мұртаза стенограммаларындағы әдеби-танымдық көзқарастар // «Endless light in science» атты халықаралық ғылыми-практикалық журнал. – Алматы. – 2024.– Б. 307-315.

8. «Сөз құдіреті» және Ш.Мұртаза шығармашылығының көркемдік сипаты // Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы. – 2024. – Б. 59-64.

9. Ш. Мұртаза шығармаларындағы философиялық дискурстың репрезентациясы // Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Жамбыл облысы айтыскер ақындар, жыршы-термешілер орталығы мен Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

«Айтыс жанрының трансформациясы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2025. – Б. 45-52.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда оқылған бейне-баяндамалар:

1. Шерхан Мұртаза – көп дискурсты тілдік тұлға // Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы. – 2024. – Б. 144-150.

2. Ш. Мұртаза дискурсындағы «тәрбие» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты // SDU университетінде өткен «Филологиялық білім беру: ғылыми ізденіс пен оқыту диалогы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Қаскелең. – 2025.

3. Тілдік тұлғаның эпистолярлық мәтіндеріндегі прагматикалық ерекшеліктер және олардың қолданысы // «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT лингвистиканың зерттелуі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Анкара-Тараз. – 2024. – Б. 285-289.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Тілдік тұлға» феномені және оның когнитивтік-прагматикалық сипаты

Қазіргі таңда тіл білімінің дамуында маңызды рөл атқаратын мәселелердің бірі – сөйлеу әрекетіндегі адам факторын егжей-тегжейлі зерттеп, талдау. Осы бағытқа арналған зерттеулердің үздіксіз легін ескерсек, адамды сөйлеу кезінде және тілдік үдерістерді жүзеге асыру кезінде жетекші рөл атқаратын тұлға ретінде тануда аталған мәселенің өзектілігі артып келеді. Бұл мәселені зерттеуде, ең алдымен, *«тілдік тұлға»* ұғымы назарға алынады.

Тіл білімінде «*тілдік тұлға»* ұғымы сөйлеу қабілеті негізінде адамның сөйлеу әрекеттерін, тілдік туындыларды тудыруға және қабылдауға мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттер кешінін білдіреді [1, 3]. Демек *«тілдік тұлға» «сөйлеу тұлғасы»* ретінде кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар «*тілдік тұлға»* ұғымы тұлға мен тілді, сөйлеу әрекеттерін зерттеуде негізгі бағдарды көрсетуші болғандықтан тілшілер мен мәдениеттанушылардың, әлеуметтанушылар мен философтардың мүдделері түйісетін, өзара пәнаралық байланысты орнататын бірегей зерттеу нысанына айналды.

Тілдік тұлғаны тіл білімінде тіл мен мәдениетті, жеке тұлғаны зерттеуде, олардың әмбебап және идиоэтникалық қатынастарын анықтауда лингвотұлғатану, когнитивті тіл білімі және лингвомәдениеттану салаларының өзегі ретінде тануымыз қажет. Тілдік тұлға тілдік білім мен дағдылардың жиынтығы ғана емес, адамның сөйлеу әрекетінде көрініс табатын тілдік, когнитивтік, әлеуметтік-мәдени, психологиялық т.б. сипаттамаларды қамтитындықтан, оны күрделі *феномен* ретінде қарастырамыз.

*«Тілдік тұлға»* ұғымының кең көлемде зерттелу белсенділігі мен өзектілігін бүгінгі күнге дейін еңбектері негізгі теориялық ақпарат деп танылған шетелдік және отандық зерттеушілердің, сонымен қатар бүгінгі қазақ тіл біліміндегі зерттеушіғалымдардың ізденістері мен тұжырымдары дәлелдейді. Мәселен, *«тілдік тұлға»* ұғымының қалыптасуының алғышарты ретінде XVIII ғасырда Батыс Еуропаның философиясы мен тіл біліміндегі тіл мен ойлаудың қатынасы, сөйлеудің ішкі құрылымдары, тілдің функционалдық-стилистикалық бағыты, тілдің эмоционалды-экспрессивті сипаттары, мәтін құрылымы мен оны қабылдау, яғни тілдің құрылымын зерттеуге бағытталған үндеу маңызды рөл атқарды. Аталмыш ұғымның әдістемелік негізін И.Г. Гердер, В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр, М. Хайдеггер, И.Л. Вайсберг, Э. Бенвенист қалады.

И.Г. Гердер тілді адам санасын әлеуметтік және тарихи шартты қасиет ретінде зерттеу арқылы көркемдік талғам құрылымы негізінде сөйлеушінің тілдік құзыреттіліктері мәселесін қозғайды [2, 21].

В. фон Гумбольдт тілдің қызметін зерттеуде оның сөйлеуге және сөйлеу кезінде қолданатын лексикалық бірліктердің жиынтығына ғана емес, оның ойлау қызметі мен сезімдік қабылдауларына көңіл бөліп, сөйлеушіге, яғни тілдік тұлғаға назар аударады. *«Тілдік тұлға»* ұғымы категорияларының философиялық негізін береді [3, 75].

Ф. де Соссюр тіл мен сөйлеудің арақатынасын түсіндіре отырып, тілдік жүйені анықтайтын «тілдік қабілет» [4, 11] ұғымын енгізеді. Бұл ұғым тілдік тұлғаның тілді меңгеруі (қолдануы) мен пікір айтуын және қабылдауға қабілеттілігін білдіреді.

Тіл мен тұлғаның өзара тығыз байланысының тілдегі көрінісінің философиялық негізін М. Хайдеггер береді. Ол тіл адамның өз мақсаттарын жүзеге асыруына және өзін қалыптастыруына мүмкіндік береді деп танып: «адамның мәні тілде, ал тіл – адамның экзистенциялық мәнінің көрінісі», – деген тұжырым жасайды [5, 32].

Й.Л. Вайсгербер адам өмірінің оның туған тіліне тәуелді екенін айтып, тілдік тұлға мәселесін көтереді. Ол тілдің сөйлеу, жеке адамның лексикалық қоры, тілдің қоғамның мәдени мұрасы ретіндегі, тілдің жалпыадамзаттық қағида ретіндегі қызметтерін талдай отырып, «тілде ойлау мен айтылымның барлық құралдары жинақталған, бір тілде сөйлейтін бірнеше адам тілдік қоғамды құрау арқылы ортақ ойлау жүйесі мен сөйлеу негізін қалайды» [6, 105], – деген тұжырым жасайды.

Э. Бенвенист «тілдегі субъектілік» деп аталатын тілдің іргелі қасиетін анықтап, оны былай түсіндіреді: «Тілдің өмір сүруі сол тілде сөйлейтін әр адамның өз сөзінде субъект ретіндегі «менін» көрсете алуына байланысты» [7, 294].

Аталмыш зерттеушілердің тұжырымдарының *«тілдік тұлға»* ұғымының тіл мен тұлға арасындағы өзара байланыс пен бір-бірінің өмір сүруіне әсер етуші түпкі факторлар болуына негізделетінін түсінеміз.

*«Тілдік тұлға»* тіркесінің алғаш қолданысқа енуі XX ғ. 30 жылдары Й.Л. Вайсгербердің «Ана тілі және рухты қалыптастыру» (1927) атты еңбегінде көрініс тапты. Сондай-ақ аталмыш ұғым дәл осы кезеңде ресейлік тілші ғалымдардың еңбектерінде де қолданыла бастады. Алғаш В.В. Виноградовтың 1930 жылы жарық көрген «Көркем проза туралы» атты еңбегінде қолданылған болатын. Ғалым Ф. де Соссюр мен Б. де Куртенэнің зерттеулерін негізге ала отыра, тілдік тұлғаның қоғамның әлеуметтік-лигвистикалық формаларына, нормаларына әсері мен сыйымдылығы, түрлі ұжымға тән орын ауыстыруы мен араласуының ерекшеліктерін атап өтеді [8, 91]. Әртүрлі ортадағы тілдік тұлғаның құрылымдық элементтерін анықтау үшін жеке тұлғаға жүгінеді. Зерттеуші өз зерттеу жұмысында «тілдік тұлға» тіркесін «поэтикалық тұлға», «әдеби тұлға» ұғымдарымен қатар қолданады.

«Тілдік тұлға» тіркесі тілші ғалымдар еңбектерінде белсенді қолданыста болғанымен, ұғымның мазмұны мен нақты сипаты XX ғ. 80 жылдары ғана ашыла бастады. Әрі осы жылдары «тілдік тұлға» тіркесі термин мәртебесіне ие болды.

Терминнің нақты анықтамалары пайда болды. Мәселен, Г.И. Богин өзінің «Қазіргі лингводидактика» атты кітабында аталмыш терминге мынадай анықтама береді: «Лигнводидактиканың орталық ұғымы ретінде сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыратын адам – *тілдік тұлға* деп аталады. Тілдік тұлға – тілді иеленетін, яғни тілді сөйлеу құралы ретінде қолданатын адам. Сонымен қатар тілдік тұлға тілді білумен ғана емес, сол тілді қалай қолданатындығымен де сипатталады» [9, 3].

Қазіргі кезде тілдік тұлға лингвистикалық концепт ретінде қарастырылады. Ол прагматикалық, социолингвистикалық, коммуникативтік стилистика аясындағы зерттеулерде сөз болып келеді. ТТ типологиясын құрудың негіздері ретінде әлеуметтік мәртебе, субмәдениетке қатысы, қызмет саласы, адресатпен байланысы, шынайы/ойдан шығарылған секілді факторларды атауға болады. Осыған байланысты А.В. Болотнов, Ю.Н. Караулов, В.В. Красных, В.И. Шаховской, А.Г. Баранов, В.И. Карасик, Т.В. Кочеткова, Т.Ф. Волкова, Ю.Д. Бабаева, И.С. Шевченко, В.П. Нерознак, В.А. Маслова және т.б. еңбектерінде тілдік тұлғалар ұлттық, семиологиялық, сөздік, көпшілікке танымал, шынайы/модельдік, стандартты/стандартсыз, виртуалды, лингвомәдени, элитарлық, ақпараттық-медиалық болып жіктелген. Н.Д. Голев, Л.Г. Ким, Н.Б. Лебедева, А.В. Сергеев т.б. зерттеушілер тілдік тұлғаларды ментальді-психологиялық ерекшелігіне қарай жіктеген.

Тілдік тұлға мәтін/сөйлеу актілері, яғни дискурсы негізінде сипатталады. Лингвоперсонология қағидасы бойынша тілдік тұлғаның мәтін түрінде көрінетін категориялық және типологиялық ерекшеліктері дискурстық шарттылыққа байланысты. Сол себепті тілдік тұлға типологиясы дискурспен тығыз байланысты. Мысалы, эпистолярлық, виртуалды тілдік тұлға, заңгердің тілдік тұлғасы және т.б. Сонымен қатар бір тілдік тұлға бірнеше дискурста көріне алады. Коммуникативтік тұлғаның жаңа түрі – мобильді, көпфункционалды, көп дискурсты, бір дискурстан екіншісіне еркін ауыса алатын тұлғалар қалыптасып келеді. Лингвоперсонологияда жазушы, ғалым, саясаткер, журналист сияқты тілдік тұлғаларға сипаттама беріледі.

Тілдік тұлғаларды сипаттауда оларды таңдаудың басты өлшемі ретінде тұлғаның танымалдығына, қоғамдағы беделіне мән беріледі. Сондай-ақ зерттеушінің тікелей байланыс орнату мүмкіндігі, яғни сауалнама жүргізу, сұхбат алу, бақылау жасау немесе экспериментке қатыстыру мүмкіндігі де маңызды фактор бола алады. Тарихи ретроспективадағы тілдік тұлғаны зерттеуде оның қоғамдағы орны, ықпалы, тарихи маңызы негізге алынады [10, 28]. Ретроспективті тілдік тұлғалар түрлі жанрдағы шығармаларды қамтитын мәтіндер корпусы – көркем шығармалары, ғылыми еңбектері, күнделік, хаттары арқылы зерттеледі. Алайда зерттеушілер жазбаша дискурсты талдау арқылы алынған деректер тілдік тұлға моделін жасау үшін жеткіліксіз болатынын айтады. Бұл орайда экстралингвистикалық факторларды да ескеру қажет. Лингвориторикалық реконструкция әдісі бойынша тілдік тұлғалардың хаттары, авторлық сипаттамалары, сұхбаттары және т.б. талданып, зерттеушілердің еңбектері,

замандастарының естеліктері жинақталады. Мұндай алғашқы реконструкция биографиялық әдіске сәйкес келеді [11].

Ғалымдар «тілдік тұлға» ұғымын өз ішінен сөйлеу тұлғасы, коммуникативтік тұлға түрінде жіктейді. Алайда В.В. Красных «сөйлеп тұрған адамның» бойында бірнеше қабілет, қасиет жинақталуы мүмкін екенін ескертеді [12]. Соған сәйкес тілдік тұлға сөздік іс-әрекет тұрғысынан (сөздік тұлға), коммуникативтік әрекетке қатысушы ретінде (коммуникативтік тұлға), мәтіндік әрекеттің субъектісі ретінде (мәтіндік тұлға), дискурстық әрекеттің субъектісі ретінде (дискурстық тұлға) сипатталуда. Дискурстық әрекетте тілдік тұлға дискурстың ментальді-тілдік кеңістігінде көрінеді. Ол кеңістікте тілдік және дискурстық құралдар өзара тығыз байланыста әрекет етіп, түрлі мағыналық реңктерге ие болады, күрделі тұтастықта қабылданады [8, 239-240].

Тілдік тұлғаны зерттеудегі екі бағытты бөліп көрсетуге болады:

1. *Лингводидактикалық,* ол жеке тұлғаны сөйлеу қабілеттерінің жиынтығына ие тұлға ретінде және көбіне, заманауи синхронды материалдар негізінде қарастырады (Г.И. Богин, Ю.Н. Караулов, Л.П. Клобукова, М.Р. Львов және т.б.)

2. *Лингвомәдениеттанымдық,* мұнда тілдік тұлға белгілі бір ұлттық-мәдени дәстүрлердің иесі және белгілі бір тілде сөйлеушілердің жинақтық бейнесі ретінде қарастырылады (С.Г. Воркачев, Л.И. Гришаева, Т.А. Ивушкина, В.И. Карасик, О. Клапп, В.В. Колесов, Т.В. Кочетков және т.б.).

Осы екі бағыт аясында тілдік тұлғаны зерттеуде төмендегідей аспектілер қарастырылады:

1. *Когнитивті* (А.П. Бабушкин, Г.И. Берестиев, Ю.Н. Караулов, Е.С. Киреев, В.В. Красных и др.). Когнитивті тәсілдемеге негіз болатын қағида – «адам санасында тілдік және тілдік емес білім жүйесінің жиынтығы, тілдік мінез-құлық – бұл тілдік білім» [13]. Тілдік тұлғаның танымы жинақтаған білімін бейнелейтін мәтіндері негізінде қалыптасады. Когнитивистер пікірі бойынша, тілдік тұлғаның негізгі қасиеттері – тіл бірліктері арқылы түрлі деңгейлерде ұлттық концептілерді вербалдау болып танылады, яғни тілдік тұлғаның санасындағы әлем бейнесі таңбалар арқылы белгіленіп, вербалданады.

*2. Прагматикалық (прагмалингвистикалық)* (Ю.С. Степанов, И.П. Сусов). Тілдік тұлғаны прагмалингвистикалық аспектіден зерттеу негізінде мәтіндегі тілдік әрекетіне талдау жасау жүзеге асады.

*3. Коммуникативті* (Т.Е. Демешкина, К.Ф. Седов, И.В. Сентенберг, В.И. Шаховский және т.б.) Бұл жағдайда тілдік тұлға коммуникативті тұлға ретінде қарастырылады, яғни «мәдени-тілдік құндылықтарға және коммуникативтік әрекеттерге, білім мен мінез-құлыққа ие жалпы сөйлеуші бейнесі» [14, 10].

*4. Ұлттық* (В.В. Воробьев, Д.И. Терехов, К.Ф. Седов және т.б.) тілдік тұлға ұлттық тіл мен коммуникацияның ұлттық түріне қарай ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде айқындалады.

*5. Гендерлік аспект* (В.П. Нерозняк, О.Л. Каменская, О.Л. Аптинескул, Т.В. Юдина және т.б.) ерлер мен әйелдердің «тілдік әрекеттеріндегі» айырмашылық зерттеледі.

*6. Жанрлық аспекті* (Л.С. Выготский, И.Н. Горелов, О.А. Козакова, К.Ф. Седов және т.б.) – бұл жанрлық номенклатураны құруға негізделген тілдік тұлғаның жанрлық тіл аспектісінде қолданатын коммуникативтік қажеттіліктерін кешенді сипаттау әрі олардың қызметін талдау тілдік тұлғаны сипаттауға мүмкіндік береді.

*7. Психолингвистикалық аспект* ( И.Н. Горелов, К.Ф. Седов), бұл жерде тілдік тұлға жеке дара психологиялық аспектіде қарастырылады.

*8. Әлеуметтік-лингвистикалық аспект* (Т.В. Кочетков, О.Б. Сиротинина және т.б.) [15, 24-25].

Осылайша «тілдік тұлға» мәселесіне арналған ғылыми әдебиеттерге шолу бұл ұғымның әртүрлі, бірақ өзара байланысты көптеген факторлармен сабақтас екенін көрсетеді. Бұл тілдік факторлармен ғана шектелмейді. Тіл мәдени-әлеуметтік жағдаяттарға, тұлғаның прагматикалық бағдарына, дүниетанымына, интенцияларына және т.б. байланысты.

Тілдік тұлға моделінің компоненттері:

1. *экстралингвистикалық компонент:* биологиялық параметрлер: жынысы, жасы, физиологиялық ерекшеліктері (есту, көру т.б.); психологиялық параметрлер: эмоционалдық типі (экстраверт, интроверт), мотивация (ішкі/сыртқы), темперамент, эмпатия, креативтік қабілет; әлеуметтік параметрлер: ұлты, тегі, әлеуметтік мәртебесі (мәртебе, рөлі), білім деңгейі, кәсіби қызметі, тілдік орта (билингвалдылық, трилингвалдылық);

2. *когнитивтік компонент:* концептосфера (дүниетаным): мәдени концептілер (ата-ана, жер, дін, еңбек, білім), құндылық жүйесі (патриотизм, әділеттілік, отансүйгіштік), стереотиптер мен менталитет, идеологемалар мен аксиологиялық құрылымдар;

3. *вербалды компонент:* лексикон: жеке сөздік қор, тақырыптық өрістер; грамматикон: құрылымдық-синтаксистік дағдылар; стильдік фон: экспрессивтік-эмоционалдық ерекшеліктер, риторикалық тәсілдер, стилистикалық таңдау;

4. *коммуникативтік-жанрлық репертуар:* стратегиялар мен тактикалар: полемикалық, дәлелдеу, келісу, қарсы шығу, сұрақ қою; жанрлар: публицистикалық, ғылыми, ресми, көркем, тұрмыстық; аргументация: факт, пікір, эмоция, дәйек, логикалық құрылымдар;

5. *сөйлеу әрекеті мен интенциялар:* интенциялар: ақпарат беру, сұрау, бұйыру, ынталандыру, бағалау; сөйлеу түрлері: монолог, диалог, баяндау, сипаттау, дәлелдеу, пайымдау; дискурстық бейнелер: мұғалім, саясаткер, азамат, ата-ана, философ.

Тілдік тұлға моделінде осы параметрлерді айқындап алу қажет. Жұмыста көп дискурстық тұлғаның қалыптасу жолын анықтау, оның когнитивтік-стилистикалық

механизмдерін ашу, әмбебап белгілерін көрсету көзделеді. Дискурс әрекеті тілдік (сөйлеу, коммуникативтік) құзыреттілікке ғана емес, сонымен қатар тілдік тұлғаның дискурстық құзыреттілігіне де негізделеді. Ол дискурста қолданылатын тілдік білім мен дағдыларды ғана емес, дискурстың экстралингвистикалық контекстері (прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивтік) туралы білім мен сол білімді дискурста қолдану қабілетін де қамтиды.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде Шерхан Мұртазаның тұлғасын таңдап алуымыздың бірнеше себебі бар. Біріншіден, Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, редактор, өз дәуірінің қоғамдық ойына зор ықпал еткен тұлға, Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1995). Тілдік тұлға ретінде зерттеу нысанына таңдалуының негізгі критерийлерінің бірі – сөз зергерінің танымалдығы, беделділігі. Шерхан Мұртаза Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, елдің рухани және мәдени дамуына белсенді араласты. Ол ұлттық мүдде, тіл, жер мәселелерінде батыл пікірлер айтып, қоғамда ерекше беделге ие болды. Шерхан Мұртазаның шығармалары мен қоғамдық қызметі қазақ халқының рухани байлығын арттырып, ұлттық сананы оятуға зор ықпал етті. Шерхан Мұртаза шовинизм мен ұлтшылдықтан аулақ болды. Ол шетел мәдениетіне құрметпен қарады. Студент кезінен Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» және М. Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» сияқты шығармаларын қазақ тіліне аударды. Сонымен қатар Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» атты романын, Ш. Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет» повестерін, «Боранды бекет», «Жан пида» романдарын қазақ тіліне аударды. Тілдік тұлғаның көркем аудармалары туралы Н. Жүсіп: «Шерағаңның аудармашылық шеберлігі көп айтыла бермейді. Шетел жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне шебер аударып, қаншама ұрпақтың әдеби сусынын қандырғанын атап айту керек. Осы орайда Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш. Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида» туындыларын, Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» романын, Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін аудару ісінде қазақы сөздің қайнарын қанып ішкен қалыбын танисыз» [1, 186], – дейді. Шерхан Мұртаза мақалаларында да шетелдік іссапарлары туралы баян етеді.

Шерхан Мұртаза – қазақ прозасында, драматургиясында өзіндік із қалдырған, өзіндік қолтаңбасы бар жазушы. Әсіресе тарихи романдарындағы кейіпкерлер галереясы, Тұрар Рысқұловтың бейнесі қазақ әдебиетінде Ш. Мұртазаның мәңгілік мұрасы саналады. Ғ. Мүсірепов «Қызыл жебе» романындағы сюжет тұтастығын, тіл құнарлылығын сөз ете келіп: «Тұрар бұған дейін әдебиетте онша-мұнша көріне қойған адам болмайтұғын! Оның себебі бәрімізге мәлім. Шерхан кешегі Тұрарды

көп ізденулер арқылы тапты деуге тура келеді. Осынысының өзі де автордың жауапкершілігін, үлкен тақырыпқа зер сала бел байлағанын көрсетсе керек» [1, 3], – деген еді. Жазушының суреткерлік шеберлігі, өзіндік қолтаңбасы академик Рабиға Сыздықтың еңбектерінде де сөз болды. «Жинақы, үнемді, астарлы тіл» атты мақаласында ғалым «Қызыл жебе» романындағы табиғат көріністерін «жазушының әрі стильдік, әрі үнемдеу құралы, әрі лирикалық үні» ретінде бағалап: «Көркем дүние – өнер әлемі лирикасыз болмайды, біз Шерхан шығармаларынан лиризм іздей қалсақ, көп тұстардан табар едік, солардың бірі – «оның табиғатты қатар сөйлетуі» деп санаймыз. Көп сөзбен баяндалатын, суреттелетін жайттарды табиғат көрінісі болып келген параллельдер кеп-келте айқындай салады, жай қатарласа салмайды, оқырманның жанын тербейді, демек өнер дүниесінің бір шартын орындауға көмектеседі. Табиғат пен адам жарасы – Шерхан Мұртаза қолтаңбасының даралық стилінің, шығармашылық мәнерінің бір белгісі, сәтті, қуатты қыры», – дейді [16].

Сөз зергерінің шығармашылығы, қайраткерлігі турасында Ғ. Мүсірепов, Т. Ахтанов, М. Қаратаев, Қ. Мұхамеджанов, Р. Бердібай, Д. Мыңбай, М. Мырзахметұлы, Р. Нұрғалиев, Ә. Кекілбайұлы, Ф. Оңғарсынова, Д. Исабеков, Б. Нұржекеев, Т. Медетбеков, С. Әшімбаев, К. Сегізбайұлы сынды тұлғалар жүрек жарды пікірлерін айтқан. Шерхан Мұртазаның «Табылған теңіз» атты алғаш повесі жарық көрген кезде Қазақстанның Халық жазушысы – Т. Ахтанов: «Кейбір талағының биті бар жастар өмірден көп нәрсені көріп білмей жатып-ақ, отыра қалып өзінің тұңғыш тұтанған сезімін, от басынан ұзап шықпай жатып-ақ алған алғаш әсерін повесть етіп жаза қояды. Ал Шерхан болса өзінің бірінші көркем туындысына көп дайындықпен келгенін көреміз. Иә, оған дейін ол талай ел көріп, жер көріп, талай қауымның ішінде болып, өз тұсындағы өндіріс пен шаруашылықтың сан қилы мәселелеріне қызу араласып, толып жатқан мақала, суреттеме, очерктер жазып қаламын төселтіп, өзі де өмір сырына жетіліңкіреп келді. Сондықтан да болар жазушының осы алғашқы повесі жұрт құлағын елең еткізіп, көп назарын өзіне тартып алған-ды» [1, 9], – деп бағалаған еді.

Ретроспективті тілдік тұлғаны мәтіндер корпусын талдап, лингвориторикалық реконструкция әдісін қолдану арқылы зерттеуге болады. Бұл әдіс зерттеудің нысаны мен мақсаттарына және лингвоперсонология қағидаттарына сәйкес келеді. ТТ-ның түрі көп: сөйлеу тұлғасы, коммуникативтік тұлға, мәтіндік тұлға, дискурстық тұлға. Дискурстық қызметте тілдік құзырет (сөйлеу, коммуникативтік) қана емес, дискурстық құзырет те ескеріледі. Дискурстық құзыретке дискурстағы тілдік білім мен дағды, дискурстың тілден тыс контекстері (прагматикалық, социомәдени, коммуникативтік, когнитивтік) туралы білім, білімді дискурс тәжірибесінде пайдалану қабілеті.

ТТ-ның екі деңгейі бар:

1) тілдік деңгей (ТТ-ның абстрактілі формасы;

2) дискурстық деңгей (ТТ-ның коммуникативтік қызметте көрінуі).

ТТ екі компоненттен тұрады:

1) тілдік қабілет (лингвокогнитивтік стиль ретінде түсіндірілетін ТТ-ның психолингвистикалық концепциясы);

2) тілдік тәжірибе (меңгерілген дағдылар ретінде қарастырылатын ТТ-ның әлеуметтік-лингвистикалық концепциясы). Дискурстық тұлға – дискурс кеңістігінде дискурс түзіп, қабылдайтын, яғни дискурстық қызметті жүзеге асыратын тұлға.

ТТ моделінің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, жеке-тұлғалық және т.б. параметрлері болады. Коммуникативтік тұлғаның сөйлеуі, танымдық және құндылықтық деңгейлері дискурстық тұлғаға да тән. Дискурстық тұлға когнитивтік-коммуникативтік әлеуетін жүзеге асырады; ол дискурс кеңістігін ғана емес, тілдік және дискурстық құралдар арқылы репрезентацияланатын ментальдік кеңістікті де қалыптастырады. Бұл құралдар дискурстық тұлғаның (ДТ) құрылымындағы вербалды компонентті құрайды. Вербалды компонентке «стильдік фон» мен «коммуникативтік-жанрлық репертуар» жатады. Құндылықтық және когнитивтік компоненттер паралингвистикалық факторларға жатады, себебі олар ДТ-ның дискурстық қызметіне тән. Тілдік сана вербалданған білімді пайдаланып, әлеуметтік, мәдени, дүниетанымдық сипаттағы когнитивтік сананың элементтерін белсенді етеді. Осыған байланысты когнитивтік сананың элементтері тілдік презуппозицияларға (мәдени-прагматикалық компоненттерге) айналады. Тілдік дүниетаным когнитивтік тізбек түрінде қалыптасады: шындық болмыс → когнитивтік механизмдер → тілдік сана → тіл → коммуникативтік сана (оның ішінде дискурстық сана) → когнитивтік сана → дүниетаным → тілдік дүниетаным).

Дискурстық тұлғаны зерттеуде «тілдік тұлға – дискурс – дискурстық тұлға» үштігі басшылыққа алынады. Тілдік тұлғаның дискурс кеңістігін талдауда оның лингвоментальдік кеңістігі анықталып, тілдік тұлғаның портреті жасалады. Көп дискурстылық – Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының ерекшеліктерінің бірі. Сөз зергерінің мәтіндерін талдау арқылы тілдік тұлғаның көп дискурсты сипаты анықталды. Дискурстың түрі әлеуметтік деңгей немесе тілдік тұлға моделіндегі когнитивтік, эмоциялық, мотивациялық және вербалды деңгейлерді талдау арқылы айқындалады. Көп дискурстылық – белгілі бір типтегі тілдік тұлғаға ғана тән емес, ол «тілдік тұлға» ұғымының тұрақты белгісі болып табылады.

Мәтін – дискурстың бекітілген, деактуалданған формасы, дискурс – түзіліп жатқан не жаңғыртылған мәтін. Мәтіндік ақпаратты түрлендірудің когнитивтік моделі: бастапқы вербалды компонентке (мәтінге) дискурстың когнитивтік, прагматикалық, мәдени-әлеуметтік және коммуникативтік компоненттері қосылып, ақпараттың мазмұндық және құрылымдық аспектілерін өзгертеді. Ішкі (ойдағы) дискурс – вербалды құбылыстар (мәтіндер) мен когнитивтік құрылымдарды (білім жүйелері) байланыстыратын механизм. ДТ-ның сыртқы дискурсы лингвистикалық зерттеулерге, лингвокогнитивтік сипаттағы гипотезаларды тексеруге негіз болады.

Адресант мәтін құра отырып, дискурс әрекетін жасайды, сол арқылы дискурстық тұлға ретінде танылады.

Шерхан Мұртазаның мәтіндері дискурстық тұлғаның әрекетін бейнелейді. Бұл мәтіндер дискурстық және когнитивтік қызметті де айқындайды, өйткені мәтіндердегі тілдік және дискурстық құралдар белгілі бір идеяларды жеткізуде автордың таңдауын көрсетеді. Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын жазушы, қоғам қайраткері, баспагер, редактор, ғалым ретінде әлеуметтік-кәсіби синкретизм тұрғысынан, ұжымдық әдеби шығармашылықтың тұлғасы ретінде топтық репрезентативтік тұрғыдан сипаттауға болады. Шерхан Мұртазаны интегративті тілдік тұлға ретінде сипаттай отырып, сөз зергерін көп дискурстық тұлға ретінде тануға толық негіз бар.

Қарымды қаламгер, көрнекті жазушы, белгілі публицист Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы осы уақытқа дейін көп дискурсты тілдік тұлға ретінде кешенді зерттеле қоймады. Жұмыста Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын интегративті тілдік тұлға ретінде, әлеуметтік-кәсіби синкретизм (ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, баспагер, редактор) және топтық репрезентативтілік (ұжымдық әдеби шығармашылық тұлғасы) ретінде сипаттаймыз.

Көп дискурсты тілдік тұлғаның тұтас моделін жасау үшін зерттеу әдістері мен ТТ моделінің түрін анықтап алу қажет. Бүгінгі таңда тілдік тұлғаны көп деңгейлі үлгі ретінде қарастыру әлі де жетілдіруді қажет етеді. Тілдік тұлғаның базалық моделі Ю.Н. Караулов еңбектерінде сипатталды. Ғалым тілдік тұлғаның үш деңгейін (вербалды-грамматикалық, тезаурустық және мотивациялық) көрсетеді. Әр деңгей бірліктерден, қатынастар мен стереотиптерден тұрады:

1) сөздер – вербалды желі – сөз тіркестері мен сөйлемдер модельдері;

2) ұғымдар (идеялар, концептілер) – әлем бейнесі – жалпыланған пайымдаулар;

3) іс-әрекет-қарым-қатынас қажеттіліктері – қарым-қатынас желісі – мәдениеттің прецеденттік мәтіндерінің бейнелері (символдары) [17, 56]. Осылайша ғалым деңгейлердің вербалды және ментальді репрезентацияларын көрсетеді. Зерттеуші вербалды-грамматикалық деңгейді «нөлдік деңгей» деп санайды. Тілдік тұлға «лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгейден басталады, өйткені «осы деңгейден бастап ұғымды таңдау, басымдық беру, стандартты-орташа тезауруста әлеуметтік-сөйлеу қауымдастығына тән орында болатын идеядан өз жеке тезаурусында басымдық беру мүмкіндігі пайда болады» [17, 53].

Ю.Н. Карауловтың «Орыс тілі және тілдік тұлға» (1987) атты кітабында тілдік тұлға ұғымының мәнін ашатын мынадай анықтамалар берілген: «Тілдік тұлға – сөйлеу туындыларын, яғни мәтіндерді жасау және қабылдау қабілеттерінің жиынтығы. Ол өз ішінде мынадай негізде ерекшеленеді:

1) құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен;

2) шындықты көрсетудің тереңдігімен және дәлдігімен;

3) нақты бір мақсатқа бағытталуымен» [17, 245].

Аталған еңбекте ғалым тілдік тұлға ұғымына бірінші анықтамасына ұқсамайтын тұжырым жасайды. Ол: «...тілдік тұлға – тілдік құралдар негізінде нақты белгілер арқылы қайта құрылған, тілде (мәтінде) және тіл арқылы байқалатын тұлға» [17, 38], – деп ой қорытады. Демек екі анықтамадан да тілдік тұлғаның тіл мен тұлға арасындағы әрекетке негізделгенін танимыз. Зерттеушілердің анықтамаларынан тілдік тұлғаның «адам», «тұлға», «сөйлеу қабілеттерінің жиынтығы» секілді ұғымдарды сипаттайтынын байқаймыз. Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлғаны тек нақты тілді тасымалдаушы емес, қандай да бір ғылыми абстракциямен байланысты болмыс деп тануының алғышарттарын ертеректегі Н.С. Трубецкойдың «Орыс өзін-өзі тану мәселесіне» (1927) атты еңбегіндегі тілдік тұлғаны философиялық тұрғыдан танудағы: «жеке тұлға мен көп тұлғалық, яғни белгілі бір ұлт, «симфониялық тұлға» [18] арасындағы ортақ және қарама-қайшы бірліктердің ерекшелігін талдауынан байқадық. Бұл қазіргі тіл біліміндегі тілдік тұлғаны зерттеу негізінде жеке адам ғана емес, күллі бір ұлттың мәдениеті мен тілдік ерекшеліктерін тану мүмкіндігін тудырған маңызды тұжырым деп есептейміз.

В.П. Нерознак та ұлттың және ұлт өкілінің тілін «көп тұлғалық» (полилектикалық) және «жеке тұлғалық» (идеолектикалық) тілдік тұлға деп қарастырады [19, 113]. Мұндай тұжырымдарды «тілдік тұлға» феноменін зерттеуде ұлттық-мәдени ерекшелікті айқындау мүмкіндігінің теориялық ақпараты ретінде қарастырамыз. Мәселен, А.А. Ворожбитова тілдік тұлғаға қатысты «ұжымдық тілдік тұлға» немесе «жиынтық тілдік тұлға» терминдерін қолдануды, ал әлеуметтік топтарды сипаттауда «топтық тілдік тұлға» терминдерін енгізуді ұсынған [20, 139].

С.Г. Воркачевтың тұжырымы бойынша лингвомәдениеттанудағы «тілдегі адам факторын» зерттеуде тілдік тұлға «лексикалық жүйеде бекітілген белгілі бір табиғи тілдің негізгі ұлттық-мәдени прототипі» [21, 17] ретінде қарастырылады. Демек тілдік тұлғаны этносемантикалық тұрғыдан зерттеуге белгілі бір халықтың ұлттық мәдениеті мен ділі де кіреді. Зерттеу жұмысымыздағы тілдік тұлға феноменін зерттеу арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктеріміз бен діл, дін, дәстүр секілді т.б. маңызды факторларға тереңдей бойлайтынымыз анық.

Бұл идеяны В.И. Карасиктің: «Тілдік тұлға – мәдени-лингвистикалық және коммуникативтік белсенді құндылықтарды, білім мен көзқарастарды, мінез-құлық реакцияларын тасымалдаушының жалпыланған бейнесі» [22, 363], – деген анықтамасы да толықтыра түскен. Сондықтан «тілдік тұлға» феноменін ұлттық мәдениет негізінде зерттеуде когнитивтік-прагматикалық сипатына назар аударамыз. *«Тілдік тұлға»* феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын тіл білімінің белсенді даму үдерісіндегі *лингвотұлғатану (лингвоперсонология)* саласы аясында зерттеу маңызды. Себебі лингвотұлғатану Е.В. Иванцованың пікіріне сай, *«тілдік тұлға»* феноменін әр қырынан зерттеудің тәсілдерін қамтиды [23, 22-23].

Коммуникативтік тіл білімі аясында Г.Н. Бесмятова ТТ-ның «коммуникативтік» идеясын назарға алады. Ғалымның тұжырымында: «ТТ –

адамның коммуникативтік мінез-құлқында кездесетін және жеке тұлғаның даралығын қамтамасыз ететін ерекше қасиеттерінің жиынтығы» [24, 10]. Демек бұл тұжырым негізінде мәтіннің ТТ-ның негізгі өнімі болғанымен, оның феноменін зерттеуде когнитивтік ерекшеліктер мен әлеуметтік және мәдени нормалары коммуникативтік негізге де бағытталатынын назарда ұстағанымыз жөн.

ТТ феноменінінің шетелдік тіл біліміндегі генезисі мен қалыптасу үдерісін саралауда зерттеуші-ғалымдар тұжырымдарының мән-мазмұны тіл мен тұлғаның өзара байланысындағы түрлі аспектілерін қамтитынын байқадық. Дегенмен ТТ феномені туралы тұжырымдардың көбі бір-бірін толықтырып тұрғанын аңғардық.

Қазақ қаламгері, публицист Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасы жұмысымыздың негізгі зерттеу нысаны болғандықтан, ТТ феноменінің қазақ тіл біліміндегі зерттелу ерекшелігінің, ғалымдар тұжырымдары мен анықтамаларының маңызы зор.

Біріншіден, ТТ терминін нақты ғылыми сипатта қолданбағанымен тіл мен тұлға арақатынасы туралы ой-пікір айтқан, еңбек жазған қазақ зиялыларының тұжырымдарына сүйенеміз. Мәселен, жоғарыда аталып өткен ТТ-ға берілген анықтамалардағы тіл мен тұлғаның байланысы, сөзді тудырушы және тасымалдаушы, қабылдаушы деген тұжырымдардың барлығын А. Құнанбайұлының тіл, сөз, адам туралы жазған өлеңдері мен қара сөздерінен кездестіреміз. А. Құнанбайұлы өзінің «Сегіз аяқ» өлеңінде сөз бен оны тудырушы сөйлеушінің әрі қабылдаушының ішкі үдерістерін, тіл арқылы адамның әлемді қабылдау үдерісін, сонымен қатар сөз арқылы белгілі бір мақсатқа қол жеткізу бағытын көрсетеді. Мұны тек көркем сөздің дүниеге келуін сипаттайтын шығарма деп бағалауға болмайды. Мысалы:

Алыстан сермеп,

Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған [2, 40], – деген тармақтарда тіл арқылы адам сөзінің және сөйлеу әрекетінің пайда болуын айтады. Ал:

...Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл [2, 40], – деп адамның сөйлеу үдерісін жүзеге асырудағы тілдің қызметін айқындап берген. Сондай-ақ:

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас [2, 40], – дей отыра тұлғаның тек сөйлеу әрекетін іске асырып қана қоймай, белгілі бір халық бойындағы ұлттық-мәдени құндылықтар мен ерекшеліктерді тіл арқылы көрнекі жеткізе алатынын атап өтеді.

А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниядағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді» [25, 141], – дейді. Демек адамды танытуда, адамның сөйлеуде қолданатын құралы да – тіл, адамның өмір сүруіне қажетті басты құрал да – тіл. Берілген тұжырымнан ТТ сипатының көрінісін танимыз. Автор еңбектерінің мазмұнынан тілдің халық рухымен

байланысына, сондай-ақ тілдің белгілі бір ұлттың мінезі мен танымының көрінісі екеніне, тілсіз адам, адамсыз тіл болмайтынына, сөзі жоғалса, жұрт та жоғалатынына баса назар аудартқысы келгенін түсінеміз.

М. Дулатұлы қазақ тіліне қатысты бірнеше мақалаларында әр ұлттың өз тілі болуы керектігін және адамдар да сол тілде сөйлеуі керектігін алға тартады. Автордың «Тіл мәселесі», «Қазақ тілінің мұңы» секілді сын мақалаларындағы осындай ой-тұжырымдар қазіргі тіл білімінде ТТ деп қарастырылып жүрген ұғымның қалыптасуының алғышарттары екені белгілі. Ұлттың мәдениеті мен дүниетанымының ТТ-да сақталатынын автор: «Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім» [26, 197], – деген ойымен жеткізеді.

Ж. Аймауытұлы «Психология» еңбегінде: «Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал» [27, 215], – деп тұжырымдайды. Мұнда да тіл мен адам арасындағы байланыс ашылып тұр. Ал М. Жұмабайұлы «Педагогика» еңбегіндегі «Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған рөлі» атты бөлімінде: «Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады» [28, 113], – дейді. Бұл ТТ – сөйлеу туындыларын жасайтын және қабылдайтын қабілеттер жиынтығы деген анықтамамен тұспа-тұс келіп тұр.

Қазақ тіл білімінде ТТ терминін ғылыми негізде қолданып, зерттеу жүргізген ғалымдар қатарындағы Қ. Жұбанов: «Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білетін затының, білген құбылысының ғана аты» [29, 152], – деп ой қорытады. Демек әр адам, әр ұлт танымы мен көзқарасына сай тіл мен сөйлеу сипаты қалыптасады. Бұл ТТ-ның ұлттық-мәдени ерекшелігін айқындайды. Қ. Жаманбаева [30] ТТ-ны «дара тұлға» концепциясы негізінде зерттесе, Қ. Жұмалиев [31] «ақынның өз образы» деп тұжырымдайды. А. Ислам [32] «ұлттық тұлға» деп атауды ұсынып, ТТ-ның табиғаты және ұлттық-мәдени сипаты өзара тығыз байланыста екенін атап өтеді. Ф. Қожахметова [33] ТТ кез келген қаламгер туындыларында тілдің байлығын, бейнелілігін ұлттық тілдегі сөз өрнектерімен байытады, көркейтіп отырады деген пікірді ұстанады.

Қаламгер шығармашылығындағы тілдік ерекшеліктерді талдауда, тануда Р. Сыздықтың [34], А. Тымбол [35], О. Жұбайдың [36], шығарма тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеуде Ж. Манкеева [37] мен Н. Уәлидің [38], тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтін рөлін Ш. Құрманбайұлының және Ж. Жұмабаеваның [39], тілдік тұлғаның дискурстық сипатын анықтауда Г. Смағұлованың [40], тілдік тұлғаны зерттеудің мәселелерін Ф. Терекованың [41], көп дискурсты тілдік тұлғаның сипатын анықтауда Қ. Искаковаңың [42] және т.б. еңбектері маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар қазақ зерттеушілерінің ТТ феноменін дара қаламгер немесе ақын т.б. негізінде талдау еңбектері зерттеу жұмысының тақырыптық өзектілігіне баса назар аудартады. Мысалы, Е. Жанпейісовтің «М. Әуезовтің «Абай жолы

эпопеясының тілі» атты еңбегіндегі [43] суреткер тілінің сипатын, көркемдік ерекшелігін, сөз байлығын, көріктеу амалдарын қолдануын, өзіндік қолтаңбасын талдауы ТТ феноменін зерттеудің айқын көрінісі. ТТ мәселесі Э. Сулейменова [44], З. Ахметжанова [14], Б. Момынова [45], К. Рахымжанов [46], Б. Нұрдәулетова [47], Г. Мұратова [48], Х. Нұрмұқанов [49], Е. Оспанов [50], А. Зекенова [51], Г. Сынасапова [52], Ш. Елемесова [53], Г. Сапарбекова [54], Г. Имашева [55], Ж. Ермекова [56], А. Кушкимбаева [57] және т.б. зерттеулерінде де белсенді көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде ТТ феноменін когнитивтік бағытта зерттеу белсенді дамығандықтан Абайдың [48], М. Өтемісұлының [58], Т. Ізтілеуовтің [59], О. Сүлейменовтің [60], М. Дулатовтың [61], Ж. Нәжімеденовтің [62], І. Жансүгіровтің [63], М. Әуезовтің [64] тілдік тұлғасын зерттеген диссертациялық жұмыстардың теориялық және тәжірибелік ақпараты жұмысымыз үшін дереккөздік ақпарат болмақ. Сондай-ақ қазақтың тілші ғалымдарының ғылыми мұрасын зерттеп, ТТ ретінде танытқан зерттеушілердің ізденістерінің маңызы зор. Мұндай зерттеушілер қатарында К. Құсайынов «В.В. Радлов и казахский язык» [65], К. Ертаев «Лингвистический статус послелогов в трудах Радлова» [66], Ж. Тектіғұлова «Қ. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары» [67], Г. Әмірова «Академик Н. Сауранбаевтың еңбектеріндегі қазақ тілі морфологиясының теориялық мәселелері» [68], Б. Боранбай «С. Жиенбаевтың лингвистикалық мұралары» [69], А. Омарова «Профессор Қ.Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбектері, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы» [70] т.б. атай аламыз.

Тіл арқылы туындайтын сөз бен сөйлеу әрекетін адам санасының көрінісі ретінде қарастырған А. Салқынбай: «Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адам санасында бейнеленген мүсінін, белгісін, қасиетін таңбалау мүмкіндігінің негізінде атау жасалады, сөйтіп, танылған зат не құбылыс туралы хабар жеткізу, жадта белгілеу қажеттігі орындалады» [71, 178], – дейді. Д. Әлкебаеваның зерттеулеріне назар аударсақ, автор «Абай шығармаларындағы «сөз» концептісінің әлеуметтік мәні» атты зерттеу мақаласында ТТ феноменінің ерекшелігін мына тұжырымымен сипаттайды: «Абай поэзиясы – сөз арқылы тәрбиелеу тәсілі, тілдік ойлау жүйесінің терең мағыналы асыл ойлары арқылы жүзеге асырылған» [72, 48]. А. Ислам тілдік тұлғаны тіл мен мәдениет тоғысында сипаттайды: «Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениетте құзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» [73].

ТТ феноменін зерттеуде оның когнитивтік-прагматикалық сипатына баса назар аударамыз. Себебі когнитивтілік таным үдерісі ретінде адам санасының

қоршаған орта мен құбылыстарды, олар туралы ақпаратты қабылдауын түсіндіреді. Демек ішкі, ментальді мағыналарды қамтиды [74, 10].

Жеке немесе ұжымдық сана ретінде ТТ және дискурстық тұлға танылатындықтан, онсыз мәдениет те, тіл де, мәтін мен дискурст та орын алмайды. Қазіргі зерттеулерде тұлға, яғни (сөйлейтін, жазатын, түсінетін, шығармашыл, жалпы өмір сүретін) адам бірден «тілдің, мәдениеттің, лингвомәдениеттің және коммуникацияның нысаны мен субъектісі» ретінде қарастырылады [75, 12].

ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын анықтау арқылы онда жүзеге асатын қалыптасу, даму, типтік ерекшеліктер т.б. секілді үдерістердің моделін кешенді зерттеуге қол жеткіземіз. ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипаты ТТ және ұлттық-мәдениет арасындағы байланысты, тіл мен сана байланысын, жеке тұлға ерекшелігін айқындауда келесідей бағыттарды қамтиды (1-сызба):

1-сызба – ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын зерттеу бағыттары.




ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын зерттеудің тағы бір атап өтетін ерекшелігі ТТ-ны белгілі бір деңгейде қарастыру. Мәселен:

- жеке тұлға деңгейінде;

- бұқаралық сана деңгейінде;
- белгілі бір мәтіндік деңгейде (мысалы, вербалды, музыкалық, кинетикалық, визуалды т.б.);
- тілдік деңгейде, яғни концептуалдық деңгейде;
- адам мен қоғамның өмір сүрудегі өзге іс-әрекеттерінің деңгейінде (мысалы, саяси, әлеуметтік т.б.) [76, 108].

ТТ феноменін зерттеуде оның аталмыш когнитивтік-лингвистикалық сипатын тану арқылы тіл мен тұлға, тіл мен сана, сөйлеуші мен сөз, ұлт мен ұлттық мәдениет арасындағы байланыс пен ерекшеліктерді анықтауға жол ашылады. Жоғарыда аталған шетелдік және отандық зерттеушілердің ТТ феномені туралы тұжырымдары мен еңбектеріндегі жан-жақты сипаттау ерекшеліктерін назарға ала отырып, ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын зерттеуде мына қағидаларды ұстануды жөн көрдік:

- ТТ феномені деп танығаң тұлғаның кім екенін ерекше назарға алу (мысалы: жазушы, саясаткер, публицист, ұстаз т.б.);
- ТТ-ның қандай әлеуметтік, мәдени және кәсіби ортада өмір сүргенін (немесе сүретінін) және сөйлегенін (сөйлейтінін) анықтау;
- ТТ, яғни нақты адамның ауызша және жазбаша тудырған сөйлеу әрекетінің нәтижесін немесе мәтіндерін бақылау, іріктеу (мысалы: монолог, диалог, сұхбат, хат, көркем немесе публицистикалық шығармалары т.б.);
- ТТ феноменінің когнитивтік сипатын тану үшін оның маңызды деп тапқан концептілерін, құндылықтарын, әлем туралы түсінігін, тұрақты және метальді образдарын, жиі қолданатын әдіс-тәсілдерін, ұлттық-мәдени ерекшелігін т.б. анықтау;
- ТТ феноменінің прагматикалық сипатын анықтау үшін оның сөзіндегі мақсаттары мен мотивтерін, яғни сендіру, ақпарат беру немесе эмоционалды әсер беру әдістерін т.б. зерттеу; сөйлеуде немесе мәтіндерде қандай тілдік әдіс-тәсілдерді жиі қолданатынын анықтау (мысалы: стиль, жанр таңдауы, дискурстардағы ретроспекция, когезия т.б.);
- ТТ типін анықтап, оны когнитивтік-прагматикалық сипаттары негізінде екі жақты қарастырып, ТТ мәдениетінің, ділінің сөйлеу актісі арқылы берілуін талдау т.б.

Мұндай зерттеу қағидалары арқылы адамның ойы мен тіл арқылы сол ойды жеткізуін, қарым-қатынастағы мақсатына жетуде қалай қолданғанын, ТТ-ның лексикалық қорын, сөйлеу стратегияларын, мәдени ұстанымдарын және қарым-қатынас стилін айқын бақылауға мүмкіндік береді.

Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасы зерттеу жұмысымыздың нысаны болғандықтан, жоғарыда аталған зерттеу қағидаларына сай ТТ-ның қоғамдағы рөлі мен ТТ типтерінің қайсысына тән екеніне назар аударсақ. Ш. Мұртаза көпшілікке халық жазушысы ретінде жақсы таныс болғанымен, оның қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, редактор, мәдениет

қызметкері және саяси қызметінде депутат болып жұмыс атқарғаны ТТ феномені ретінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ш. Мұртаза сөз зергері ретінде халық арасында танымал әрі беделді тұлға болғандықтан оның сөйлеу әрекеті мен жазған мәтіндері оқырман мен тыңдаушыға әсер етіп қана қоймай, өз бойында қазақ халқының ұлттық-мәдени, дүниетанымдық көзқарастарын артады. Сонымен қатар аталмыш қызметтері негізінде авторды көп дискурсты ТТ деп қарастырған дұрыс.

Ш. Мұртазаны ТТ феномені ретінде қарастыруда оның сөйлеу әрекеті мен санадағы ойды тіл арқылы жеткізу ерекшеліктеріне әсер ететін факторлар мен ТТ-ға тән бегілер негізге алынды. ТТ-ны қалыптастыратын факторлар:

- отбасы, тәрбие, білім;
- қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар;
- жаңа дүниені, білімді алуға қызығушылығының дамуы;
- қоғамға танымал адам болуы;
- әлеуметтік маңызы бар адам болуы;
- сөйлеуде ұлттық тіл қасиетін қолдануымен қатар жаңа үлгілерді жасауға қабілеттілігі.

Ал ТТ-ға тән белгілер қатарына:

- ана тілін жетік меңгергендігі және дұрыс сөйлей алуы;
- әлеуметтік өмірге бейімделгендік;
- әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтыну;
- қызмет барысында өз шығармашылығын таныта алу;
- сөз саптау әрекетін жалпыадамзаттық құндылық қағидаларына бағындыра алу жатады [77, 101-103]. ТТ-ның өмірлік тәжірибесі мен мәдени ортада өзін көрсете алуы, яғни ТТ-ның сыртқы сипаты мен ішкі сипатының түрлі жағдаяттарда еркін көрініс табуы осы белгілер аясында жүзеге асады.

ТТ ұлттық тілмен қатар мәдениетті де меңгеруші болса, оның лингвистикалық құзыреті мен қатысымдық құзыреті, мәдени-тілдік құзыреті қатар көрініс табады. Мұндағы тілдік-мәдени құзырет дегеніміз ТТ-ның сөйлеу яки жазу, сөзді қабылдау кезінде сол тілдің астарында жатқан ұлттық семантика мен мән-мазмұнды қатар меңгере алуы [38, 17].

Аталған ТТ-ны құраушы факторларға, белгілерге, ерекшеліктерге Ш. Мұртазаның ТТ-сын феномен ретінде қарастыруды растайтын негіз ретінде жүгіндік және қаламгердің бұл құрылымға сай келетінін талдау жұмыстары негізінде дәлелдедік.

Ш. Мұртазаның ауызша сөйлеу әрекеттерінен туындаған ой-пікірлері және мәтіндеріндегі ұлттық мүдде, ел мен жер, тіл туралы мәселелерді негізді алға тартуы, публицистикалық және саяси дискурсындағы батыл тұжырымдары қоғамды елең еткізгені анық. Сондықтан Ш. Мұртаза ТТ-сы жеке-дара ғана емес, ұлттық тіл мен сана байланысын терең тануға мүмкіндік беретін өзекті мәселеге айналып отыр. Қаламгердің көркем шығармалары да халықтың рухани танымын арттырып, қоғамда ұлттық сана мен құндылықтарды оятуға зор үлес қосты.

Ш. Мұртаза қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігімен қатар өзінің көркем мәтін жазу тәжірибесінде өзге ұлт мәдениеті мен ділін зерттеу әрі тануда белсенді қалам тербеді. Бұл ТТ танымы мен санасында қалыптасқан қазақы дүниетанымммен өзге халықтардың көзқарастарын, қағидаларын салыстыруда, ұқсастығы мен айырмашылықтарын танып, ТТ-ның өзінің ұлттық қағидаларын бекітуіне мол тәжірибе берген деп есептейміз. Мәселен, қаламгердің Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» немесе М. Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» секілді туындыларын, сонымен қатар Г.Х. Андерсеннің, венгр халық ертегілерін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» атты романын т.б. аударуы соның дәлелі.

Ш. Мұртазаның ТТ мен дара тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын Ә. Кекілбайдың «Алғадай азамат», Д. Исабековтің «Талант талғамы», О. Бөкейдің ұстазы – Шерағаңа жазғаны, Б. Нұржекеевтің «Бейнетті жолдың биігінде», С. Әшімбаевтың «Жаралы жылдар елесі», Ә. Таразидің «Ағамның екі қасиеті», Ф. Оңғарсынованың «Мен өзім де сол шекпеннің туындысымын», У. Қалижановтың «Шерхан-Шераға», Т. Медетбектің «Кескекті ердің сойы екен», Ж. Дәдебаевтың «Дара hәм дана», М. Мырзахметұлының «Қайраткер жазушы», М. Байғұттың «Шыңдағы Шерағаң», Ж. Қорғасбектің «Аңыз Шерхан», К. Сегізбайұлының «Шерағамның шекпенінің жылуы», К. Әмірбектің «Абыз адам – аңыз адам», Қ. Олжайдың «Барша қазақтың бас редакторы», Н. Жүсіптің «Шерхан – шындық», Ж. Шаштайұлының «Шерхан шеберханасы», Б. Омарұлының «Баспасөздің бас сардары» секілді т.б. мақалалары мен эсселері, очерктертері жарық көрген. Демек Ш. Мұртаза ТТ-сы феномен ретінде бұған дейін де қаламгерлер мен ғалымдардың назарында болған.

Санадағы ойды тілді қолдану арқылы және оны түрлі формада, өзіндік стильмен беруде Ш. Мұртазаның ТТ-сы көркем шығармаларының мәтіндері негізінде белсенді байқалады. Бұл жөнінде ғалым Р. Сыздық: «Табиғат пен адам жарасы – Шерхан Мұртаза қолтаңбасының даралық стилінің, шығармашылық мәнерінің бір белгісі, сәтті, қуатты қыры» [16], – дейді. Ал қаламгер мәтіндерінің дүниеге келуіндегі ТТ ретінде жүзеге асыратын тыңғылықты жұмысы мен тілді қолдану шеберлігі туралы жазушы Т. Ахтанов: «... Ал Шерхан болса өзінің бірінші көркем туындысына көп дайындықпен келгенін көреміз. Иә, оған дейін ол талай ел көріп, жер көріп, талай қауымның ішінде болып, өз тұсындағы өндіріс пен шаруашылықтың сан қилы мәселелеріне қызу араласып, толып жатқан мақала, суреттеме, очерктер жазып қаламын төселтіп, өзі де өмір сырына жетіліңкіреп келді» [1, 9], – деп бағалаған. Демек Ш. Мұртаза белгілі бір ұлтта, қоғамда дүниеге келіп, сол ұлттың салты мен дәстүрін, әдеттерін, мәдениеті мен ділін бойына сіңіріп, санасында сақтап қана қоймай, күнделікті қоғамдағы іс-әрекеттерге араласып, адам мен оның танымын, сана құбылыстарының сыртқы көрінісін терең зерделей барып, тіл арқылы суреттеген.

Ш. Мұртазаның сөздік қоры бай, лексикасы қазақтың әдеби тілімен толық, әрі қаламгер ұлттық таным негізінде ұлттық концептілерді тани білген, көркем

шығармасы мен публицистикасында немесе ауызша сөйлеу кезінде т.б. ТТ өзінің қарым-қатынас мақсатын айқын түсінген, қатысымдық қағидаларды меңгерген, өзі бекіткен идеалды ойы және оны тіл арқылы жеткізудің амал-тәсілдерін шебер игерген. Назар аударсақ, аталған қасиеттердің барлығы ТТ-ның құрылымын қайталап тұрғанын байқаймыз.

Ш. Мұртазаның ТТ-сын талдауда оның ұлттық сана көріністерінің тілдегі сипаты, әсіресе, қаламгердің «Бір кем дүние», «Ай мен Айша», «Қызыл жебе» шығармалары, «Ақындар мен әкімдер» жинағындағы сын мақалалары мен публицистикалық эсселері, газет беттерінде жарияланған мақалалары мен қоғамдағы саяси мәселелер туралы ой білдірген аузыша сұхбаттары, мәжілістердегі сөздері т.б. назарға алынды. Сондықтан ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын талдауда автордың көп дискурстық ерекшелігі ескеріледі. Бұл автор ойының тіл арқылы берілуіндегі аталған когнитивтік және прагматикалық бағытын, мақсатын, ерекшелігін әр қырынан зерттеуге мол материал көзі болмақ.

### 1.2 Дискурс – тілдік тұлғаның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі

Дискурс филологиялық талдаудың нысаны ретінде XX ғасырда ғылыми айналымға енді. Бұл термин философиялық парадигмалардан алынған және лингвистикалық зерттеулерде лингвалдық немесе әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырылды. Сонымен қатар бірқатар ғалымдар бұл терминнің танымдық (гносеологиялық) мәні бар екенін де айтады. Дискурсты зерттеудің әртүрлі бағыттары, талдау әдістері, дискурс табиғатын түсінудегі көзқарастар, *«мәтін», «сөйлеу», «дискурс», «концепт», «тіл», «стиль»* сияқты ұғымдардың арақатынасы, дискурстың ұйымдасу қағидаттары, дискурс түрлерінің белгілері мен сипаттамалары, дискурстық құрылым модельдері сияқты мәселелер отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде В.И. Карасик [78], Г.Н. Манаенко [79], В.Е. Чернявская [80], сондай-ақ В.Г. Борботько [81], Е.В. Бобырева [82], ван Дейк, [83], А.П. Загнітко [84], М.Л. Макаров [85], Тичер [86], Barker [87], Blakemore [88], Т.В. Чернышова [89] т.б. еңбектерінде жан-жақты сипатталды.

Дискурстың табиғатын тануға байланысты екі түрлі бағыт қалыптасқан:

1) дискурсты сыртқы белгісіне қарай (форма тұрғысынан) талдау. Бұл бағыттың өкілдері **(**Дж. Браун, Ж. дю Буа, Ж.Ж. Гамперс, М. Гернсбахер, Т. Гивон, Ж. Граймс, Т. ван Дейк, С. Каммин, У. Кинч, В. Лабов, Р. Лонгакер, Р. Томлин, С. Томпсон, Б. Фокс, М. Хэллидей, У. Чейф, Д. Шиффрин, Дж. Юл) дискурстың формалды модельдерін жасағанмен, тілдің семантикалық, тарихи аспектілерін ескермейді;

2) дискурсты ішкі белгісіне қарай талдау (мазмұнын талдау). Бұл бағыттың өкілдері **(**Ж.-М. Адам, П. Анри, Э. Бенвенист, А. Борилло, Ф. Бюнье, Ф. Гаден, Ж. Гийому, Ж. Женнетт, К. Кербрат-Ореккиони, Ж.К. Коке, Б. Комбетт, Ф. Коссутта, Ж. Курте, Ж. Куртин, Ж. Лакан, А. Леконт, Д. Магно, Д. Мальдидье,

Ж.-М. Марандэн, С. Муаран, Ж. Отье-Ревю, М. Пеше, П. Рикер, П. Серио, Ф. Ситри, П. Шародо, М. Фуко, К. Фукс, М. Шароль, Ж. Шово және т.б.) дискурстың семантикалық ерекшеліктері мен тарихи контексін негізге алады.

Әлеуметтану және әлеуметтанымдық-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, дискурс – белгілі бір дискурстық саясатпен (сценариймен) не ауқымды мәдени-әлеуметтік, когнитивтік контекспен сипатталатын коммуникацияның түрі. Кибрик, Курчак сияқты зерттеушілер дискурстың толыққанды модельдерін жасап, құрамдас бөліктері мен сипаттамаларын көрсеткен еді. Зерттеушілер дискурстың педагогикалық, медициналық, саяси, діни, имидждік т.б. түрлерін атайды. Сонымен қатар дискурстар жанрына қарай (мысалы, іскерлік келіссөздердің дискурс моделі [90]), әлеуметтік-коммуникативтік жағдаяттарға байланысты (мәселен, лоббизмнің медиялық дискурсы [91]), әлеуметтік салаға байланысты (іскерлік дискурс [92]) талданды.

Т.А. ван Дейктің еңбектерінде билік өкілдері мен қол астындағы қызметкерлердің қарым-қатынастарының дискурсы қарастырылса [93], Е.В. Чернявскаяның еңбектерінде діни дискурс, догмалық элементтердің диалектикасы туралы сөз болды [80] және т.б. Сондай-ақ дискурстағы эмоцияның көрінісі, гендерлік ерекшелігін талдау т.б. мәселелер де қарастырыла бастады.

Бүгінгі таңда тіл білімінде дискурс теориясы бірнеше қырынан сипатталуда:

- Дискурс тілдік ерекшелігі бар, «тілді ерекше пайдаланатын нысан» ретінде қарастырылады [94, 38]. Дискурстардың ерекшелігі тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлерінде көрініс табады.
- Дискурс түрлі өлшемдер бойынша: діни дискурс [95], [82], саяси дискурс [96], [97], көркем әдеби дискурс [98], экстремистік дискурс [99], аргументативтік дискурс [100], ақпараттық, экспрессивтік, әлеуметтік-ритуалды дискурс [102], ауызша және жазбаша, диалогтік және монологтік дискурс болып жіктеледі.
- Дискурс әлеуметтік қатынастар нәтижесінде қалыптасады. Тарихи контекст, коммуникативтік орта, жағдай, байланыс түрлері, ақпарат жеткізу тәсілі, қатысушылар құрамы мен прагматикалық факторлар дискурстың құрылымына әсер етеді [87].
- Дискурс – «әлеуметтік қатынастарды құрып, реттейтін құрал» [103, 18]. Сондықтан дискурсты түрлі әлеуметтік зерттеулер үшін пайдалануға болады (Лакло мен Муффа теориясы, сыни дискурс-талдау, дискурстық психология) [104].
- Дискурс – лингвосемиотикалық кеңістік. Коммуникативтік тұрғыдан әсер ету үшін дискурстың көмегімен концептілер мен бейнелер өзгеріп отырады [105]. Дискурс өзінің концептосферасын қалыптастырады, онда негізгі бейнелер, символдар, концептуалдық оппозициялар мен метафоралар көрініс табады [97- 98].
- Дискурс өздігінен ұйымдасатын динамикалы жүйе, ол синергетикалық заңдылықтарға тәуелді болады [88]. Дискурстың динамикалы болуы сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты. Сөйлеу нәтижесінде монологтік немесе диалогтік дискурс қалыптасады [106, 32].

- Дискурс – тіл жүйесінің әлеуетін іске қосатын рефлексивтік үдеріс. Онда тілдік материалдың көмегімен жаңа үлгілер мен құрылымдар түзіліп, тілдік жүйенің жаңа элементтері ретінде орнығады [105].

- Дискурс экстралингвистикалық факторлармен анықталады. Ол – «тілдік форма, білім мен әрекеттің күрделі бірлігі» [83, 121]. Дискурс – коммуникативтік және когнитивтік элементтердің өзара тығыз байланысқан кешені, сондықтан оны когнитивтік-коммуникативтік феномен ретінде сипаттауға болады [107].

- Дискурс – коммуникативтік оқиға [108, 136], ол иллокутивтік актілерден тұратын қатысым әрекетін түзеді [102].

- Дискурстың аксиологиялық ерекшелігі бар [82]. Ол құндылық жүйесі тұрғысынан шындықты бағалау, оны лексика-стилистикалық құралдар арқылы көрсету арқылы көрініс табады. Философиялық, саяси, педагогикалық және басқа да дискурстарда бағалауыштық компонент негізгі элемент болып табылады. Ол тікелей немесе жанама түрде көрінуі мүмкін. Құндылықтық концептілер дискурста концептуалдық құрылымды қалыптастыруға, құндылықтар иерархиясын түзуге, концептілер арасындағы себеп-салдарлық, оппозициялық және т.б. қатынастар орнатуға мүмкіндік береді. Дискурс мүшелері негізгі концептінің айналасында шоғырланып, аксиологема түзеді. Мәселен, концепт ментальдік бірлік болса, оның өзегі – құндылық болады да, аксиологема концептіге айналады.

- Дискурс сөйлеу әрекетімен, тұлғаның сөйлеу дағдыларымен байланысты болады [109]. Дискурс тұлғаның сөйлеу кеңістігі ретінде қарастырылады.

- Дискурс – сөйлеу ағымы ғана емес, сонымен қатар нақты жағдаяттардағы субъектінің сөйлеу әрекеті, мінез-құлқы» [79, 91].

- Дискурс – мәтінмен, сөйлеумен, айтылыммен қатар тұратын лингвистикалық нысан. Бұл лингвистикалық нысандар өзара байланысты болады. Дискурс сөйлеу әрекетінің – коммуникацияның көрінісі ретінде сипатталады. Сөйлеу коммуникативтік әрекетпен теңестіріледі [110, 7].

Ғылыми әдебиетте «дискурс» пен «мәтін» ұғымдарына қатысты пікірталас көп. Зерттеушілер мәтінді тілмен, дискурсты сөйлеумен байланыстырады. Алайда жазбаша әдеби мәтінді де дискурс ретінде қарастырған жөн деп есептейміз. Себебі мәтін – автордың еркімен қалыптасқан сөйлеу туындысы, ол синергетикалық заңдылықтармен құрылады, ақпаратты жеткізуге бағытталады. Тіл білімінде дыбыс – сөйлеудің элементі (дыбысты естиміз, айтамыз, дыбыстаймыз), әріп – тілдің элементі (әріпті жазамыз, көреміз, оқимыз) болғанмен, екеуі де тілдің элементі саналады. Сол сияқты дискурс пен мәтін де өзара тығыз байланысты. Ғылыми, көркем әдебиет, публицистикалық мәтіндердің конситуация, импликация, пресуппозиция және жазбаша сөйлеу секілді дискурстық белгілері болады. Зерттеушілер мәтін мен дискурстың айырмашылықтарының бірі ретінде дискурсқа спонтандылық (кенеттен пайда болу), контекстуалдылық (нақты жағдаятқа тәуелділік) болуы керек екенін айтады. Алайда бұл сипаттар дискурстың тұрақты белгілері ретінде танылса, дискурс сөйлеу әрекетінде ғана қарастырылып, жазбаша

нұсқаларды дискурстық талдау аясынан алып тастау қажет болады. Біздің ойымызша, мұндай ұстаным дискурс ұғымының аясын тарылтып тастайды.

Қазіргі коммуникацияда гипермәтін жиі қолданылады. Гипермәтіннің құрылуы мәтін мен дискурстың арасындағы қайшылықтарды жояды. Гипермәтіндегі ақпарат адресант пен адресаттың бірдей қатысуы арқылы реттеледі. Соның нәтижесінде адресат мәтіннің тең авторына айналады. Сондықтан дискурс пен мәтіннің ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Мәтіннің кейбір параметрлері дискурстың толық талабына сәйкес келмеуі де мүмкін.

Мәтін түзу, оны қабылдау үдерісінде коммуникациялық жағдаяттар аясында ақпарат белгілі бір заңдылықтар бойынша өзгеріске түседі. Ақпарат коммуникацияның екі тарапына – адресант пен адресатқа тәуелді болады. Сөйлеуші ақпаратты тыңдаушының аялық біліміне, жасына, жынысына т.с.с. экстралингвистикалық факторға қарай бейімдеп, реттейді. А. Байтұрсынұлының: «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [25, 263-264], – деуінің мәні зор.

Қазіргі тіл білімінде *«дискурс»* ұғымы философия, әлеуметтану, саясаттану, әдебиеттану т.б. ғылымдармен қатар тіл білімінде де белсенді зерттеліп, негізгі зерттеу нысанына айналып отыр. Аталған ғылым салаларына сәйкес дискурстың семантикалық мазмұны да әртүрлі болады. Қазіргі тіл білімі мен лигвопрагматикада *«дискурс»* ұғымы термин мәртебесіне ие. Бұл терминнің тіл білімі тарихындағы қолданысы этимологиялық және тенденциялық ерекшелігіне сай кең көлемді қамтиды.

Дискурсты ТТ-ның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі ретінде зерттеуде негізгі дереккөзді Ш. Мұртазаның көркем, публицистикалық, философиялық, саяси сипаттағы мәтіндерінен аламыз. Соған сай дискурс түрлерін де анықтаймыз. Сондықтан, ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипаты көп дискурс негізінде анықталатын болғандықтан қазіргі ғылыми әдебиетте талас тудырып жүрген *«дискурс»* және *«мәтін»* ұғымдарының арасындағы байланыс пен ерекшелікті айқындап алу қажет деп санаймыз. Дегенмен ТТ дискурсы ретінде қаламгердің ауызша сөйлеу әрекетімен қатар нақты мәтіндерін де дереккөз ретінде қолданатын болғандықтан жазбаша әдеби мәтінді де дискурс ретінде қарастыру орынды деп санаймыз. Себебі мәтін – автордың ойлау және сана құбылысы нәтижесінде қалыптасқан, нақты адресатқа бағытталған, когнитивтік-прагматикалық мақсатты қамтитын коммуникативті сипаты айқын тілдік құбылыс; ақпаратты жеткізуге бағытталады. Мәтінді ауызша немесе жазбаша деп бөлсек те, екеуі де дискурс бола алады. Аталған мәтін түрлерінің екеуі де дискурс, бірақ олар әртүрлі аспектіде қарастыралады.

**Мәтін – дискурстың материалдық көрінісі.** Ал дискурс сол мәтіннің қалай жасалғанын, қабылданатындығын және түсіндірілетінін анықтайды. Ал кейбір мәтіндердің дискурс бола алмауы, оның когнитивтік-прагматикалық сипатының

болмауымен түсіндіріледі. Берілген тұжырымымыздың теориялық негізін дискурсты және дискурс пен мәтін арақатынасын зерттеп, нақты анықтама берген төмендегі шетелдік және отандық зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріне негіздейміз.

*«Дискурс»* ұғымы тіл білімінде алғаш француз тілшісі Э. Бенвенисттің *«discours»* сөзіне терминдік мағына беріп, жеке сөйлеуді және сөйлеушінің сөзін білдіреді деп анықтама беруінен бастап қолданылды [7, 139]. Дискурсты зерттейтін ғылымның қалыптасуы мен теориясының әзірленуі 1970 ж. Т.А. ван Дейктің, М. Фуконың, В. Дресслердің, Дж. Граймстың, У. Чейфтің, П. Серионың т.б. еңбектерімен байланысты.

Тіл арқылы сөйлеу әрекеті мен мәтінді тудыруда, синтагмалық тізбек көлемі мен сөйлеудің құрылымдық-мазмұндық өлшемдерінің ерекшеліктеріне сай «мәтін» мен «дискурс» ұғымдарын зерттеуде бөліп қарастыру мүмкіндігі болғанымен, **мәтін лингвистикасы аясында пайда болған бұл ұғым мәтінмен байланысын ешқашан жоймайды.** «Дискурс» ұғымының анықтамасы бірте-бірте кеңейіп, мәтінді актуализациялайтын шарттар мен параметрлерді қамти бастады. Мұны ирландық ғалым Т.А. ван Дейктің қазіргі тіл біліміндегі «дискурс» ұғымының теориялық анықтамасы ретінде мойындалған мына тұжырымы дәлелдей түседі. Зерттеуші: «... дискурс дегеніміз – мәтіннен бөлек экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, қағидалар, адресаттың мақсаттары) қамтитын күрделі коммуникативті құбылыс» [111, 8], – дейді. Демек, *«мәтін»* мен *«дискурс»* ұғымдарын өзара байланыста қарастырамыз. Аталған экстралингвистикалық факторлардың барлығы тіл арқылы жүзеге асатынын және мәтіннің негізінде көрініс табатынын ұмытпауымыз қажет. Сондықтан дәл осы анықтама қазіргі таңдағы дискурсты зерттеу бағытындағы ізденістерге негіз болды.

Берілген тұжырымға сәйкес дискурстың негізгі екі түрі ажыратылады. Дискурстың көпаспектілігіне сай Т.А. ван Дейктің пікірінде былай жіктелген [112] (2-сызба):

2-сызба – Т.А. ван Дейк тұжырымы бойынша дискурс түрлерінің жіктелуі.

1. Кең мағынасында дискурс белгілі бір уақыт, кеңістіктік және басқа контексте сөйлеуші мен тыңдаушы (бақылаушы) арасында болатын күрделі коммуникативті құбылыс. Коммуникативті әрекет сөйлеу, жазу, сонымен қатар вербалды және вербалды емес компоненттер негізінде жүзеге асуы мүмкін (мысалы, досыңызбен сөйлесу, көлік жолаушылары арасындағы диалог, газет оқу т.б.).

2. Тар мағынасында дискурс тек бір вербалды компоненттің болуын ескере отырып, ауызша немесе жазбаша мәтін болады. Осы бағдарда дискурс термині коммуникативті әрекеттің аяқталған немесе жалғасатын өнімін, оның жазбаша немесе ауызша нәтижесін білдіреді, оны реципиенттер түсіндіреді.

Демек *«дискурс»* ұғымының кең және тар мағынасында да әрекет тіл арқылы жүзеге асқандықтан мәтін көрінісі айқын байқалады. Дискурстың ерекшелігі ауызша сөйлеу әрекеті мен жазбаша мәтінді де қамти отыра, коммуникативтік әрекетті анықтауында. Бір жағынан мұндай әрекет ауызша сипатта көрініс тапса,

екіншіден, мәтіндегі ТТ-ның оқырман немес тыңдаушымен байланысындағы коммуникативтілік сипатында анықталады.

М. Фуконың пікірінше, дискурс 3 түрлі мағынада айқындалады:

- ережелер мен өзгеруге бағынышты күрделі және дифференциалды тәжірибе;
- сөз арқылы суреттелген адам ойы мен танымының көрінісі, ойлау қабілеті мен қажеттілігі;
- рухтың феноменологиясы [102, 86-92].

Сонымен қатар М. Фуко дискурсты «бір формация жүйесіне жататын мәлімдемелер жиынтығы», – дей отырып: «...мен климаттық дискурс, экономикалық дискурс, табиғи тарихи дискурс, психатриялық дискурс туралы айта аламын» [113, 108], – дейді. Бұл тұжырым негізінде дискурс түрлері мен олардың салалық ерекшеліктеріне назар аударамыз.

П. Серио «дискурс» терминінің 8 түрлі мағынасын анықтайды:

1) «сөйлеу» ұғымының баламасы;
2) сөйлемнен үлкен өлшем бірлігі;
3) белгілі бір жағдайды ескере отырып айтушының тыңдаушыға әсері;
4) сөйлеудің негізгі түрі ретіндегі әңгіме;
5) айтушы ретіндегі сөйлеу әрекеті;
6) тіл бірліктерін қолдану, олардың сөйлеудегі өзектілігі;
7) белгілі бір қоғамға арналған әлеуметтік немесе идеологиялық тұрғыдан шектелген мәлімдеме түрі;
8) мәтін тудыруды зерттеуге арналған теориялық құрылым [114, 26-27].

Зерттеушінің дискурстың мағынасын бұлай жіктеуінен дискурстың ТТ мен мәтіннің, сөйлеу әрекеті мен тілді белгілі бір мақсатта ұтымды қолданудың байланысын айқындай түскен тұжырымды байқаймыз. Әсіресе, 8-ші, дискурс **«мәтін тудыруды зерттеуге арналған теориялық құрылым»** деген анықтамасы алдыңғы жеті түрлі анықтаманың түйіні ретінде берілгені ескеріледі. Бұл дискурстың ТТ-ның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі екенін дәлелдейді. Ал оның басты өнімі, әрине, **мәтін** болмақ.

В. Дресслер дискурсты мәтіндік құбылыспен байланыстыра отырып, тіл біліміндегі когнитивті-дискурсивтік бағытты назарға алады. В. Дресслер мен Р.-А. де Богнардтың [115] мәтінге қатысты негізгі 7 қасиет деп атаған жіктелісіне баса көңіл бөлсек, олардың қатарындағы: когезия, когеренттілік, интенционалдылық, жолдануы (бағыттылығы – адресованность), ақпараттылық, жағдаяттық, типтік интермәтінділік – барлығы ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын тануда қызмет ететін басты қасиеттер екені белгілі. Сондықтан мәтіннің синтаксистік, семантикалық және прагматикалық байланыста тілдік таңбалар мен бірліктерді қолдану арқылы аяқталған ойды білдіретін ерекшелігі оны тудырушы ТТ-ның және ТТ-ның тікелей коммуникацияға түсуі немесе мәтіннің когнитивтік-прагматикалық көрінісі арқылы коммуникативтік

мақсатты орындауы дискуртың сипатын көрсетеді. Демек ТТ-ны *«дискурстық тұлға»* деп атауға да болады деп есептейміз. Ал **дискурсты коммуникативтік аясына сай тек алғашқы мағынасында, яғни сөйлеуші мен сөйлеу әрекетінде ғана туындайтын құбылыс ретінде мәтіннен бөліп қарастыруға болмайтынын және дискурстың негізгі мәнінің мәтінмен шектесетінін баса атап өткіземіз** келеді. Себебі дискурсты көркем және философиялық, публицистикалық, саяси т.б. мәтіндер ішінен де ұшырастыратынымыз айқын. Соған сай дискурс түрлерінің де әртүрлі салаға сай алуан түрлі аталатынын, тілдік бірліктер мен стильдік ерекшелігінің де сәйкесінше орын алатынын білеміз.

1998 жылғы «Тіл білімі. Үлкен энциклопедиялық сөздігінде» дискурсқа жағдаяттық сипатта *«экстралингвистикалық, прагматикалық және т.б. құралған **дәйекті мәтін; оқиға аспектісінен алынған мәтін;** мақсатты әлеуметтік әрекет ретінде қарастырылатын сөйлеу әрекеті, адамдардың өзара қарым-қатынасқа түсуіне және олардың сана механизмдеріне, яғни танымдық үдерістерге қатынасын білдіретін компонент»* [108, 136-137] деген анықтама берілген.

Орыс тіл білімінде дискурсты Е.С. Кубрякова, Т.М. Николаева, В.А. Звегинцев, В.Г. Борботько, Н.Д. Арутюнова, В.В. Красных, Ю.Н. Караулов, В.В. Петров, Ю.С. Степанов, У. Чейф секілді ғалымдар зерттеу нысанына алған.

Е.С. Кубрякова қазіргі лингвистикадағы метатілде «дискурс» термині белсенді қолданыста болғанымен, «біз дискурстың толық және бірегей теориясынан алыспыз» [116, 9], – деген пікір білдірген. Бұл аталмыш мәселенің әлі де зерттелу үдерісінде екенін танытады. Орыс тіл білімінде дискурс ұғымының мәні туралы тұшымды тұжырымды Т.М. Николаева береді. Ол ұғымды сипаттайтын бірнеше анықтаманы атап өтеді. Дикурс дегеніміз:

- үйлесімді мәтін;
- мәтіннің ауызша-ауызекі формасы;
- диалог;
- мағынасы бойынша өзара байланысты мәлімдемелер тобы;
- ауызша немесе жазбаша түрде берілген сөйлеу әрекетінің көрінісі [117, 467].

В.А. Звегинцев дискурсты қазіргі әдебиетпен байланыста қарастырып, оған кең мәнінде «байланысқан мәтін, яғни екі немесе бірнеше сөйлемдерден құралған, өзара тығыз мағыналық байланыста болатын мәтін... дискурс семантикалық байланысы бар, екі немесе бірнеше сөйлемнің мағынасына ие белгісі болған жағдайда ғана бір сөйлемнен құралуы мүмкін» [118, 170-171], – дейді. Ал мәтіннің ерекше жағдайында: «**дискурс та мәтін**, бірақ ол коммуникативті тіл бірліктерінің ірі құрылымынан пайда болады. Ол үнемі мағыналық байланыста болады. **Дискурс ретінде әңгіме мәтіндерін, мақалаларды, баяндамаларды, өлеңдерді санауға болады... Дискурс үнемі мәтін болады, бірақ... кез келген мәтін дискурс бола алмайды**» [119, 8-9], – деген В.Г. Борботьконың тұжырымы мәтін мен дискурс

арасындағы байланыс пен айырмашылықтың шешілмей келе жатқан ерекшеліктерін тереңдей талдап, нақты анықтама береді. Мұндай тұжырым 1970 жылдардағы мәтін мен дискурсты бір-бірінің баламасы ретінде қарастырған тіл білімінің мәселесінің шешімін көрсетеді.

Берілген тұжырым арқылы дискурс пен мәтіннің өзара байланысы айқындалды. Демек кез келген мәтінді дискурс деп атауға болмайды. **Ал ТТ феномені ретінде қарастырылатын тұлғаның көп дискурсын нақты автордың сана мен танымға негізделген ой-пікірінің нақты мақсатпен нақты адресатқа бағытталуы арқылы жасалған мәтіндерінің ішінен бақылау дискурстың коммуникативтік сипатын жоғалтпайды деп тұжырымдаймыз.**

Көп қырлы құбылыстарды зерттейтін, басқа мәтіндерде көрініс табатын, жиынтық мазмұнында маңызды және ерекше құбылыстарды біріктерген мәтін. Қосындысында олар үнемі артық әрекетсіз, тұтастыққа ие дискурсты сипаттайды. Кез келген мәтін тілдік аспектіде анықталса, дискурс әлеуметтік аспектіде анықталады. Дискурс когнитивтік үдеріс ретінде нақты сөйлеу және ауызекі әрекеттерді де білдіреді. Мәтін сөйлеудің аяқталған, соңғы үдерісіне жатады. Осы ерекшеліктер тіл білімінде соңғы онжылдықта жан-жақты пікір, қарама-қарсы тұжырымдар тудырған мәселеге айналып отыр. Дегенмен берілген анықтамаларға сәйкес дискурсты мәтін ішінен анықтау мүмкіндігі, дискурстың коммуникативті мәтін екендігі, ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипатының негізі де мәтін арқылы анықталатыны сөзсіз.

Н.Д. Арутюнова: «Дискурс – «өмір ішіндегі» сөйлеу» [120, 57], – деген анықтама береді. Ғалымның бұл тұжырымын көп тілшілер қолдайды. Мысалы, В.В. Красных: «Дискурс – бұл үдеріс пен нәтиженің бірлігінде пайда болатын нақты лингвистикалық және экстралингвистикалық ойлау мен сөйлеудің вербалданған әрекеті» [121, 113], – дейді. Дискурстың диахрониядағы өзгерісі мен оның анықтамасындағы ой өзгерістері В.В. Петров пен Ю.Н. Карауловтың еңбектерінде көрініс тапты. «60-70 жж. дискурс сөйлемдердің ретті байланысы немесе сөйлеу әрекеті ретінде танылса, қазіргі таңдағы тіл білімінде ол, сонымен қатар аталған мәтінді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі құбылыс» [122, 8]. М.Я. Дымарский дискурсты уақыт пен кеңістікте жүзеге асырылатын, жағдаяттылыққа негізделген тілдік құбылыс деп тұжырымдайды [123, 124]. Ал Ю.С. Степанов П. Серионың дискурс туралы тұжырымын қолдай отырып, дискурста ерекше діл мен идеологияны білдіру үшін тілді қолдану; тілді ерекше қолдану оның кейбір ерекшеліктерін, арнайы грамматика мен лексиканың ережелерін сақтай отырып жүзеге асатынын ескереді.

**Дискурсты мәтін немесе мәтін фрагменті ретінде түсіну XX ғ. М. Хайдеггердің «тіл – тіршіліктің көзі» деген пікірімен байланыстырылады.** Ю.С. Степановтың: «...дискурс – бұл «тіл ішіндегі тіл», бірақ ол ерекше әлеуметтік сипатта берілген деректерден тұрады. Дискурс грамматика немесе лексика ретінде ғана өмір сүрмейді. Ол, біріншіден, арнайы грамматика мен лексикасы бар,

қолданысында арнайы синтаксистік ережелерге бағынатын, ерекше семантикасы бар, қорыта айтқанда, ерекше әлем... Бұл толық логикалық-философиялық мағынасында «балама әлем». Әр дискурс – сол «балама әлемнің» бірі. Дискурс ұғымы, оның мүмкіндіктері «тіл – рухтың үйі» және «тіл – тіршілік үйі» деген тұжырымдарды сипаттайды» [124, 44-45], – деген терең мағыналы түсіндірмесі дискурстың аясының кеңдігін дәлелдей түсті.

Дискурс жөніндегі мұндай тұжырымдардың барлығы оның тіл біліміндегі ғана емес пәнаралық, кең көлемді өзектілігін айқындайды. У. Чейфтің: **«дискурс көпқырлы және оны модельдеуде бір-екі өлшеммен** *(біздің жағдайымызда, ТТ-ның тек ауызша сөйлеу әрекетінің нәтижесін ғана дискурс деп тану (автор тарапынан берілген анықтама))* **ғана шектелу ағаттық»** [125, 49], – деген пікірі де дискурсты белгілі бір өлшеммен талдау және зерттеудің оң нәтижеге жеткізбейтінін ескертеді. Сондықтан дискурсты – тілдік тұлғаның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі ретінде зерттеуде оны мәтіннен тыс, дара қарастырмау қажет деген тұжырымға келдік. Ш. Мұртазаның ТТ-сын көп дискурсы негізінде зерттеуде ДТ ретінде қарастырып, ауызша сөйлеу әрекетімен қатар, дискурстық мәтіндерін де баса назарға алатынымыз сондықтан.

Қазақ лингвистикасында дискурс мәселесі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, М. Балақаев, Р. Сыздық, Р. Әмір, Г. Смағұлова, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Б. Шалабай, Г. Әзімжанова, Б. Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Д. Әлкебаева, А. Салқынбай, Г. Мәдиева, Ж. Ибраева, Г. Мұратова, А. Әділова, З. Ерназарова, К. Садирова, Қ. Есенова, Ж. Кеншінбаева, Ш. Нұрмышева, С. Альпатина, А. Сәденова, Ш. Сабитова, А. Қасымбекова, Л. Ақтанова, Қ. Кенжеқанова, А. Қожахметова, Р. Тұманқызы т.б. еңбектерінде назарға алынды.

А. Байтұрсынұлы: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [126, 575], – дейді. Берілген тұжырым ТТ феноменін айқындауда қаламгер тілі мен дискурсының мақсатын нақты атап көрсетіп тұр. Сонымен қатар ғалым өз еңбегінде мәтінді *«шығарма сөз»* деп атайды. «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңіл күйін тәртіптеп, қисынынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады» [127, 17], – дейді автор. Сондай-ақ мәтін мен дискурстың байланысын ескере отырып, дискурсты мәтіннің коммуникативтік сипатымен ұштастырады. «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады... айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс» [127, 17], – деген ғалым пікірі осыны аңғартады. Мұнда негізгі айтылатын ойдың, ақпараттың мәтін арқылы жүзеге асатынын байқасақ болады.

Қ. Жұбанов мәтінді «кітап сөзі», дискурсты «ауызекі сөз» ретінде сипаттай отырып: «Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды дейді. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөзді қалай құру тетігін білу өте қажет. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені топта сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып, сөйлескендегі кеңшілік жоқ... «Ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздердің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады», демек «Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті» [70, 28-29], – дейді. Ғалым пікірінде мәтін мен дискурсты екі бөліп қарастырғанымен, екеуінің сипаты мен ерекшеліктерін, екеуінің де құрылымына сай ұқсастықтарын қатар атап көрсетеді. Сонымен қатар автор диалогтың барлығының дискурсқа жатпайтындығын да атап өтеді.

Р. Сыздық жазушы және оның көркемдік әлемін зерттеп, ондағы дискурс мәселесіне көңіл бөледі. Ғалым: «Автор оны күнделікті күйбең тіршілікте от басы, ошақ қасындағы ауызекі сөйлеу машығымен емес, «басты ақсақалдар» тілімен сөйлетеді» [16, 39], – деу арқылы автордың кейіпкерді сөйлетуіндегі көркем дискурсқа тән сипаттарды байқатады. Яғни шығарма авторы мәтіннің дискурстық қырларын шебер меңгергенде ғана кейіпкерін шебер сөйлете алады деген тұжырымға келеді.

Шешендік сөздердің дискурсын зерттеген ғалым Г. Смағұлова дискурс пен мәтіннің ерекшеліктерін сөз ете келіп, дискурста: «қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакты арқылы жүзеге асырылады» [128, 19], – дейді. Мұнда дискурстың ауызша сөйлеу әрекетінде туындайтынына назар аударылған. Ғалым дискурс пен мәтіннің қарым-қатынастағы негізгі ерекшеліктерін салыстыра отырып, былай көрсетеді [128, 19] (1-кесте):

1-кесте – Дискурс пен мәтіннің ерекшеліктері (Г. Смағұлова тұжырымы бойынша).

| **Дискурс** | **Мәтін** |
|---|---|
| *Қарым-қатынас акустикалық тұрғыда жүзеге асады.* | *Қарым-қатынас визуалды түрде жүзеге асырылады.* |
| *Қарым-қатынас тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асады.* | *Қалыпқа түскен сөйлеу әрекеті.* |

1-кестенің жалғасы.

| | |
|---|---|
| *Қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады.* | *Қарым-қатынасқа түсушілердің арасында жекелеген байланыс болмайды.* |
| *Қарым-қатынастың жүзеге асуы мен қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырылады. Демек дискурс белгілі бір бағыт аралығында өтеді.* | *Қарым-қатынастың тууы мен қабылдау әр кезекте, түрлі кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырыла береді.* |
| *Қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакт арқылы жүзеге асырылады* | *Қарым-қатынастың жүзеге асуында жанды контакт жоқ.* |
| *Дискурсқа ағымдылық сипат және коммуниканттар арасындағы үздіксіз процесс тән.* | *Мәтін – когнитивтік әрекеттің жемісі.*<br>*Мәтін – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші.*<br>*Мәтін – дискурсқа «дайын өнім».* |

Дискурс пен мәтін арасындағы мұндай ерекшеліктерді тану кез келген мәтіннің дискурс бола бермейтіндігін түсінуді меңзейді. Сонымен қатар дискурстың коммуникативтік мәнінің, сөйлеу әрекетінің адресант пен адресат арасында тікелей, яғни қазіргі уақытта жүзеге аса алатынын байқатады. Ғалым атап көрсеткен «мәтін – дискурсқа «дайын өнім»» деген тұжырымы мәтіннің дискурспен тікелей байланыста болатынын және коммуникацияда жанды контакт болмағанымен мәтін арқылы да адресант пен адресат арасындағы жансыз байланыстың, яғни коммуникацияның жүзеге асатынын байқатады. Яғни мәтін мен дискурсты бірінен-бірін бөліп қарастыра алмаймыз.

Зерттеуші Н. Уәли: «Мәтін» мен «дискурс» тепе-тең ұғым емес. Дискурс ұғымын «коммуникативтік уақиға фреймі» айқын аңғартады. Коммуникативтік уақиға «автор», «мәтін», «адресат», «коммуникативтік ситуация» құрылымынан тұрады. Дискурс деген ұғымның мағынасы осыған саяды... Мәтін – сөз актісінің, процесінің нәтижесі болса, ал дискурс күрделі коммуникативтік құбылысқа байланысты қолданылып, «коммуникативтік уақиға» (событие) деген ұғымды білдіретін терминге айналды. Ал коммуникативтік уақиға ұғымы коммуникацияға қатысушыларды да қамтиды. Дискурс термині тек мәтінмен шектелмейді, адресант пен адресат, әлеуметтік жағдаят дегендерді де түгел қамтиды. Дискурс ретіндегі коммуникациялық процесте тек тіл ғана емес, сондай-ақ менталды процестер де әрекет етеді» [38, 185], – дейді. Берілген тұжырымда мәтін мен дискурстың әрқайсысына тән ерекшеліктер ескеріледі. Дегенмен мәтінді дискурстан толықтай бөліп қарастырмайды. Дискурстық мәтінде тілдік үдеріспен қатар жүзеге асатын коммуникативтік және ментальді үдерістердің туындауы дискурстың пайда болуына әсер ететінін аңғартады.

Дискурс теориясын арнайы зерттеген ғалым Д. Әлкебаева дискурсты былайша сипаттайды: «Дискурс «нақты айтылған сөз» деген мағынамен сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторлармен жүйеленетін сөйлесімдерді айтады», – дей келіп, бұл орайда сөйлеу жағдаяты маңызды орын алатынын ескертеді: «Сөйлеу ситуациялары айтушыға да, тыңдаушыға да өте маңызды кезең болып табылады. Кез келген сөйлеуші тыңдаушы сияқты сөйлеу ситуациясына тап болады. Ситуация кезінде айтушының көңіл күйі де өзгереді, сөйлеу қызметінің маңызды формаларын жасайтын болады. Сөйлеу ситуациясында сөйлеушінің ішкі сөзі пайда болады, бұл құбылыс тыңдаушыға да тікелей ықпал етеді. Сөйлеу ситуациясы әр сөйлеушінің сөйлеу бағытын өзгертіп отырады. Ситуацияға байланысты сұрақ-жауап туындап отырады, олар айтушының сұрағына жауап қату, құптау, мойындау, мойындамау, назарға алу, тыңдамау сияқты кезеңдерге де бөлініп кетеді» [129, 17-51]. Мұнда дискурстың коммуникативтік мазмұнының белсенділігіне баса мән беріледі.

Абай сөзінің лингвопоэтикасын зерттеген ғалым А. Салқынбай: «Мәтінді (лебізді) жазушы, айтушы, тыңдаушы, оқушы, бағалаушы, оның кейіпкерлері – бәрі Адам. Адам баласының маңдайына жазылған сөйлеу қасиеті бар, Шаһкәрім данышпан айтқандай «Алладан шыққан бу» бұл. Мәтінді жазатын – адам, адам туралы жазылады, адам үшін жазылады, адамның дүниетанымы, болмысы, сезімі айнадай мөлдіреп сөзбен сурет салынады, суреткерлік шеберлікпен сөз Патшалығында көркем құндылық жасалады. Ол да адам үшін, адамның мәдени-рухани игілігі үшін. Мәтінді оқитын, түсінетін, қабылдайтын, тұжырым жасайтын да – адам... Лебіз ұлғайған сайын, лебіздегі қолданыс кеңейген сайын тіл де жасара түспек. Осындай сан алуан мәтіндердің басын қосатын, біріктіретін, кең өлшемді негізгі мазмұндық жүйені біріктіретін үш ұлы феномендік күш бар: адам, уақыт, кеңістік... Мәтіннің авторы – оқиғаны түзуші де Адам. Демек мәтін – адам арқылы адамға бағышталған мән. Мұнда кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты, оларды бір-бірінен байланыссыз көзге елестете алмайсыз» [130, 257-б.], – деп мәтін мен дискурс мәселесін антропоөзектік тұрғыда сипаттайды.

Берілген тұжырым мәтін мен дискурс арасындағы үзілмейтін байланысты шебер суреттеп, түсіндіріп тұр. Ғалымның «Мәтінді жазатын – адам, адам туралы жазылады, адам үшін жазылады» дегені және «Мәтіннің авторы – оқиғаны түзуші де Адам. Демек мәтін – адам арқылы адамға бағышталған мән» деген тұжырымдары мәтіннің дискурстық сипатын, яғни мәтіннің дискурсқа айналу үдерісін айқындайды. Яғни мәтінді кім жазатыны, кімге арнап жазатыны, не туралы жазатыны, оның адам мен адам арасындағы коммуникацияны құрушы басты құбылыс екенін аңғартады. Ш. Мұртазаның ТТ зерттеуде қаламгер дискурстарының мәтін ретінде берілген мысалдарындағы ғалым А. Салқынбай атап көрсеткен адам, уақыт, кеңістіктің байланысында талдауға мүмкіндік аламыз. Себебі қаламгердің дискурстық тұлғасы арқылы мәтіндер ішіндегі коммуникативтік мағынаны табу мүмкіндігіне ие боламыз. Қаламгер ойы мен

танымындағы түсінігін тікелей сөйлеу әрекетінде көру мүмкіндігі болмағанмен, мәтіндері негізінде оның когнитивтік-прагматикалық мазмұнын анықтай аламыз. Өйткені, ғалым айтқандай, «мәтін – адам арқылы адамға бағышталған мән» болса, біз Ш. Мұртазаның мәтіндерінен дискурсты, нақты адресанттан адресатқа бағытталған коммуникативті ойды, сөзді зерттей аламыз. Мысалы, қаламгердің «Бір кем дүниесіндегі»: *«Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреуі өсе келе, үлкейе келе ұяттан жұрдай болады. Бір кем дүние» [3, 11],* – деген философиялық дискурсында қаламгер өзінің түйгенін баяндап отырған секілді ой қалдыруы мүмкін. Дегенмен мұнда автордың оқырманға әсер ету, ұятты сақтауды ғибрат ету мақсаты бар. Берілген мәтін арқылы Ш. Мұртаза сөйлеу әрекетінде болмағанымен, жансыз коммуникацияда көпшіліктің санасына әсер етіп отыр. Кейінгі оқырманға да солай әсер етеді. Себебі мұнда адам мен уақыт арасында дискурстық байланыс бар.

Ж. Манкеева да дискурсты айтушы мен қабылдаушының арасындағы байланыс ретінде сипаттап, дискурсты тілдің кумулятивті қызметі тұрғысынан зерделейді. Ғалым дискурсты адресант пен адресаттың таным-түсінігі, мәдениеті мен болмысы тұрғысынан сипаттай келе: «Тіл арқылы берілетін ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататыны белгілі» [131, 192], – дейді Мәселен, Ш. Мұртазаның публицистикалық дискурсындағы: *«Қазіргі кезде сауатсыз қазақ жоқ. Сауаттымын деген әрбір саналы адам кітап оқиды», «Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес. Жалпы ондайды саналы адам деу қиын», «Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады»* [4], – деген ой-пікірден автордың танымындағы қазақ халқы туралы түсінігін, қазақтың кітапқа деген ықыласы мен құрметін, автордың өзінің өмір тәжірибесінен жиған тұжырымын байқаймыз. Қарапайым қазақты оқу-білімге, ғылымға шақырған Абайды атауы да кездейсоқ емес екені анық. Бұл мәселе Абайдың кезінде де, Ш. Мұртазаның кезеңінде де, қазір де аса өзекті. Мұнда ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипаты айқын, сөзін оқырманға арнағаны байқалады. Нақты адресант автор болса, адресат – қазақ халқы. Автор тарапынан Абайды дәріптеу ғана емес, халықты кітап оқуға шақырған нақты прагматикалық мақсат тұр. Әрі *«Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес. Жалпы ондайды саналы адам деу қиын»* деген кесімді ойлар арқылы оқырманның эмоциясы мен танымына әсер ету мақсаты да байқалады. Автор Абайды білімділік пен саналылықтың, сауаттылықтың символы ретінде сипаттайды.

Профессор Қ. Есенова: «Дискурсты прагматикалық түрде талдағанда коммуникативтік ситуацияға және оған қатысушыларға байланысты экстралингвистикалық, этномәдени факторлар және коммуниканттардың мақсат ниеттері басшылыққа алынуы тиіс. Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман немесе оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял-дүниесін

елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады» [132, 235- 236], – десе болады. Мәселен, Ш. Мұртазаның көркем дискурсындағы: *«Бірақ өлгендердің көзінен еш уақытта жас шықпайды. Өлгендердің сөзін тірілер еш уақытта есіте алмайды*» [4], – деген тармақтарды түсінуде автордың өлім туралы ойының жүйелілігін өзінің өмір тәжірибесінен деп тұжырымдап, өз ойын көркем дискурс арқылы оқырманға жеткізуде дүниеден өткен адамның қайтып келмейтінін, сондықтан тірілерден өлілерге деген құрметтің болуы керектігін ескерту мақсатын ұстанады. Автордың мәтінді дайындағандағы эмоциялық күйі мен белгілі бір жағдаятқа өкініші байқалады. Автор мәтінін бұлай түсінуге тырысу Қ. Есенова айтқан тұжырымға сай жүзеге асып отыр.

Қ. Күдеринова дискурстың ең қарапайым түсінігі – тілдік қарым-қатынас шегіндегі қанағаттану сезімі екенін ескерте келіп, дискурс ауызша коммуниукацияда айқын танылатынын айтады [133, 55]. Зерттеуші Ш. Нұрмышева «коммуниканттардың сөз жағдайын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті» [134, 14], – деп сипаттайды. Ж. Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» [135, 3], – деп сипаттаса. Т. Рамазанов: «Дискурс дегеніміз – белгілі бір сөйлеу жағдаятында екі адамның табан астында ауызша тудырған бір сәттік сөйлесімі. Әлгі сөйлесім біткен соң, дискурстың да өмірі бітеді. Яғни сөйлесім жасалады, пайдаланылады. Содан кейін ол ыдырап кетеді» [136], – дейді.

Дегенмен дискурсты ТТ-ның ойлау және сөйлеу әрекетінің көрінісі десек, мәтін сол шынайы уақытта жүзеге асқан дискурстың мәтін ішіндегі уақытта сақталып қалуы және ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық мақсатын кешегі күннен бүгінге дейін үзбей сақтап келе жатқан дереккөзі. Сондықтан дискурсты белгілі бір уақытта пайда болып, екі адамның сөйлеу әрекеті тоқтаған соң жойылып кететін бір сәттік қана тілдік құбылыс ретінде тану дұрыс емес деп есептейміз. Олай болса, қазіргі тіл білімінде зерттеліп, талданып келе жатқан түрлі қаламгерлердің, тұлғалардың т.б. ТТ феноменін зерттеу сол авторлардың қазіргі таңда өмір сүрмеуі себебінен және олардың тікелей ауызша сөйлеу әрекетін бақылай алмағанымыздан мүмкін болмас еді. Ауызша сөйлеу әрекетінде таспаланған немесе басылған, яки түрлі стильдегі мәтін ішінде сақталған дискурс үлгілерін «дискурс» деп және ондай авторларды «дискурстық тұлға» деп тануды жоққа шығара алмаймыз.

Дискурс мәтін түрінде, ауызша және жазбаша мәлімдеме түрінде, тіпті монолог ретінде т.б. көрініс табатыны белгілі. Сондықтан дискурс ұғымына аталған тар мағынаны телу оның тілдік және коммуникативтік мәнін де, оны құрайтын экстралингвистикалық факторларды да, ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипатын да шектейді.

Қ. Жұбановтың диалог пен дискурстың арақатынасы жөнінде білдірген пікірі өзекті деп санаймыз. Ғалым атап көрсеткен *«топта сөйленетін сөз»* бен *«екі кісінің отырып сөйлесуі»* [137, 28-29] бір нәрсе деп қарастырылмауы тиіс. Дискурста аталғанның екеуі де көрініс табады. Мысалы, Ш. Мұртазаның публицистикалық әрі саяси мәнді артқан дискурсындағы: *«Еліміз тәуелсіздік алса да, құлдық, мәңгүрттік психологиядан арыла алмай келеміз»* [5], – деген сөзі нақты топқа, қоғамға, қазаққа арналғандықтан, нақты адресаты болғандықтан, жансыз коммуникация орын алғандықтан, дискурс деп тануға толық негіз бар. Мұндай дискурс көрінісі қаламгердің ауызша сөйлеу әрекетінде белгілі бір уақытта (қаламгердің мәжілістегі сөздері, сұхбаттары т.б.) да орын алған, мәтінде де көрініс тапқан. Екеуін де дискурсқа жатқызамыз.

Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздеріндегі мәтін түзу мәселесін зерттеген Г. Садирова дискурс ұғымын уақытпен байланыстыра келіп: «Дискурс – өмірдегі, яғни шынайы уақыттағы нақты оқиғалардың тілге көшкен тізбегінің ағымы болса, мәтін – дискурс үзігі, ол жанр заңдылықтарына сай рәсімделеді немесе тіпті арнайы рәсімделмеуі де мүмкін. Сонымен қатар дискурс шынайы уақытта туса, ал мәтіннің өз ішінде сақтап қалған уақыты болады. Таратып айтсақ, шынайы уақытта белгілі бір дискурс нәтижесі болған мәтін ішіндегі уақыт шынайы уақытқа сай түспейді» [138], – деп, уақытты мәтін мен дискурстың басты ерекшелігін танытатын негізгі белгінің бірі санайды. Осы ұстаным зерттеуші Ж. Сәрсенбаеваның еңбектерінде де сабақтастық тапқан: «Дискурс – күнделікті өмірдегі тіл, сондықтан ол индивидуалды, қозғалыстағы, айтушы-қабылдаушы деген екі тараптың өзгеріссіз болуы, ауызша сипатта болуы, т.б. құбылыстармен бірлікте қарастырылады» [139, 168], – деп сипаттайды.

А. Қожахмет пен Л. Хусаинова мәтін және дискурстың ортақ белгілері ретінде:

- екеуінде де белгілі бір мақсатқа негізделген ақпараттың берілуін;
- екеуінде де айтушы мен қабылдаушы арасында байланыстың болуын;
- екеуінің де негізгі субъектісі – адам екенін;
- екеуінде де сөйлемдер арасында байланыс пен мағыналық тұтастық сақталатынын;
- екеуі де – сөйлеу актілерінің негізгі құралы екендігін атап өтеді. Ал ерекшеліктеріне:
- мәтін – жазба әдебиеттің бірлігі екенін;
- мәтінде грамматикалық заңдылықтар сақталатынын;
- дискурс – сөйлеу үдерісінің бірлігі екенін;
- дискурс кезінде кеңістік пен уақыт айқын көрінетінін;
- дискурста импровизацияға жол берілетінін айтады [140, 187].

Мәтін – автордың ішкі дискурсының өнімі, ойлау, сөйлеу қызметінің нәтижесі, тілдік талдауға арналған нысан. Жұмыста дискурстың материалдық репрезентациясы ретінде негізінен жазба мәтін қолданылды, өйткені «Дискурсты

талдауда мәтін – осы құбылыстың мәнін ашатын ең ыңғайлы нысан» [118, 91]. Ю.М. Лотман мәтінді «коммуникативтік тізбекті толық қамтитын жүйе» ретінде сипаттайды [141, 158]. Мәтін мен дискурстың байланысы туралы В.Е. Чернявская: «Мәтін – коммуникативтік жүйенің маңызды элементі, ол дискурс жүйесінде түзіледі» [80, 12], – десе, М.Ф. Шацкая: «Дискурс та – мәтін, тек ақпараттық құрылымы анағұрлым күрделі» [142, 179], – дейді. Сонымен дискурс – коммуникациядағы мәтін немесе Г.Н. Манаенконың сөзімен айтқанда, «мәдени-әлеуметтік сипаттағы коммуникативтік-когнитивтік оқиға» [79, 90].

В.И. Карасик мәтіннің эстетикалық, қоғамдық маңызы белгілі бір дискурс түрімен байланысты болғанда ғана айқын көрінетінін ескертеді [78, 255-359]. Бұл орайда Шерхан Мұртазаның мәтіндері әлі күнге дейін өз эстетикалық маңызын жоймады. Бұл, біріншіден, тілдік тұлғаның сол кезде сөз еткен мәселелері бүгінгі таңда да өзектілігін жоймауына байланысты болса, екіншіден, автордың дүниетанымымен, халықтың құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты: «*Тәуелсіздік таңы атты. Құтты болсын! Басымызға құт қонсын! Сол құтты үркітіп, ұшырып алмайық!*

*Телеарналар мен радионың: «Он бес жыл ішінде керемет ел болдық» деген сияқты хабарларын тыңдағанда, тақия-бөркімізді аспанға лақтырғанда қайтадан жерге түспейтіндей көрінеді. Бірақ аспанға лақтырған бөркің бәрібір топ етіп жерге түседі. Қайда барады, ұшып кетпейді ғой. Ал сол мақтаныштың біршама жөні де бар. Тәуелсіз ел болдық, Құдайға шүкір. Сені келіп тоқпақтай бермейді. Дегенмен ескіден қалған жараның орны әлі бар. Жазылып кеткен күннің өзінде жараның тыртықтары бар.*

*Демек, алдымен қисық-қыңыр Сананы түзетіп ал! Өзің айтқан чиновниктеріміздің санасы ортағасырлық теңіз қарақшыларының санасы дәрежесінде қалған. Тек тонау! Ұрандары – осы. Қазақстан, қайран Қазақстан, Құдай Тағала бай жаратқан Қазақстан талапайға түсіп кетті! Осыны айтсаң, басшылар ашуланады, шамданады. Оу, шындықтың несіне шамырқанады? Қазақстан байлығы қорқаулардың тонауына түспесе, сол байлық өз халқын асырауға жетеді ғой, жетіп-артылады ғой.*

*Адам санасын, құлқын, пейілін түзетуде біздің үкімет шөп басын сындырған жоқ. Ал оның есесін теңіздің ар жағынан, бер жағынан келгендер артығымен толтырып жатыр. Теледидар солардың қолшоқпарына айналды. Адамның адамгершілігін, пиғылын бұзатын аса қатерлі қару – сол. Ұрлық пен қарлықты да, жауыздық пен жалмауыздықты да, арсыз, имансыз жәлептікті, адам өлтірудің нешеме түрлерін бесікте жатқан баладан бастап, бәрімізге үйретіп, санамызды улап жатыр, улап жатыр.*

*Камал, жазда Көкшетауда, тағы бір жерлерге обыр шегіртке егінді бүлдіріп кетті. Сол шегірткелер адам санасын да бүлдіріп жатыр. Құдай біреу. Құдірет біреу, ал дін көп екен, соның өкілдері Қазақстанда қаптап жүр»* [6].

Зерттеушілер арасында үлкен талас тудырып жүрген мәселелердің бірі дискурстың сипатына байланысты. Бірқатар зерттеушілер дискурс диалогты болуы керек екенін айтып, дискурс болу үшін міндетті түрде адресат (тыңдаушы) қажет болатынын алға тартады. Енді бірқатар ғалымдар дискурсты монологтық және диалогтық деп бөлуге болатынын айтады. Бұл жерде адресат нақты адам емес, гипотетикалық адресат болуы да мүмкін (мысалы, *alter ego* – ішкі мен, қиялдағы тыңдаушы). Диалогтық сипат мәтін категориясы ретінде мойындалған. Кез келген монологтың (мәтіннің) диалогтық сипаты болады, себебі ол бірнеше адресатқа (оқырманға, ішкі «менге», қиялдағы оппонентке және т.б.) бағытталады. Бұл орайда «дискурс монологтық сипатта бола алады» деген ұстанымды қолдаймыз.

Динамикалық құбылыс ретінде дискурсты статикалық құрылымды мәтінге қарсы қоюшылар көп болғанымен, жұмыста дискурсты талдау әдістері ауызекі (диалогтық) сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар жазбаша мәтіндерге де қатысты қолданылатынын ескере отырып, мәтін сыртқы факторлармен байланысты процессуалды, динамикалық нысан ретінде қарастырылады. Сонымен қатар мәтіннің жазбаша берілуі ТТ мен оқырман арасындағы көзге көрінбейтін коммуникативтік байланысты жоққа шығара алмайды. Адресанттан адресатқа бағытталған ойдың тілдегі көрінісін аңғарып тұрмыз. Коммуникативтік құрылымындағы гносеологиялық, тәрбиелік қызметтер мәтінді әлеуметтік-ритуалдық, философиялық дискурс заңдылықтары бойынша интерпретациялауға мүмкіндік береді.

### 1.3 Көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырған мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар

Бүгінгі таңда тіл – адам – тілдік тұлға – уақыт пен кеңістік арақатынасы дискурс түрлерімен байланыстыра қарастырылуда. Бұл орайда дискурс, тілдік тұлға, тіл тұтастықта сипатталады [136]. «Дискурс – ТТ – тіл» үштігі дискурста қолданылатын мәдени кеңістікпен, сана құрылымымен сабақтастықта қарастырылуы керек. Тіл мен сананың өзара байланысы туралы ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [125, 343], – деген.

Бұл идеяны ХХ ғасырдың 70-жылдары Б.Н. Головин де айтқан болатын. Ғалым сөздің мағынасын номинацияның нысанымен, сөйлеушінің санасымен,

басқа тілдік бірліктермен, ұжымдық санамен, оның түрлерімен, белгілермен байланыстырады [143, 30-32].

В.В. Красных адам шынайы коммуникацияда тілдік, сөйлеу және коммуникативтік тұлғалардың жиынтығы ретінде көрінетінін айтады [144, 151-152]. Жұмыста «тілдік тұлға» ұғымы өте ауқымды категория ретінде сипатталады. Дискурстық тұлға – дискурс тудыратын, қабылдайтын тұлға. Тілдік тұлғаның көп дискурстығы екі негізгі факторға байланысты болады:

1. ТТ моделіндегі биологиялық және әлеуметтік компоненттер ТТ-ның дамуын көрсетеді. Ол дискурстардағы вербалды өзгерістерді қамтиды. Оған тұлғаның шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті де ықпал етеді.

2. Қазіргі кезде қоғамдық кеңістік адамның алуан түрлі дискурстар мен субдискурстардың талаптарына сай алуан түрлі вербалды-коммуникативтік дағдылары болуын қажет етеді. ТТ әртүрлі әлеуметтік деңгейде алуан түрлі рөлдерді орындайды. Ондай тұлға синкретті ТТ деп аталады [145, 9]. Ал монодискурстық тұлға әлеуметтену барысында түрлі кедергілерге тап болады. Бұл себеп ТТ-ға ықпал ететін мәдени-әлеуметтік факторлардың өзгеруімен байланысты болады.

Тілдік тұлға мәтін, сөйлеу актілері мен дискурстары негізінде сипатталады. Тілдік тұлғаның категориялық және типологиялық ерекшелігі мәтін түріндегі дискурста көрініс табады [146, 256]. Осыған байланысты тілдік тұлғаның түрі дискурспен тығыз байланысты болады. Мысалы: эпистолярлық, виртуалдық ТТ, заңгердің ТТ және т.б. Бір ТТ бірнеше дискурста әрекет етуі мүмкін. ТТ түрлі дискурстарда әлеуетін көрсетіп, бірнеше дискурста әрекет ете алатын болса, ол көп дискурсты тілдік тұлға болады. Зерттеушілер мобильді, көп функционалды, көп дискурсты, бірнеше дискурстық регистрді қатар алып жүре алатын, еркін ауыса алатын коммуникативтік тұлғаның жаңа түрі қалыптасып жатқанын айтады [147]. Осыған орай көп дискурстық ақпараттық-медиалық тілдік тұлғаға тән сипаттардың бірі ретінде сипатталады [144].

Дискурс – тілдік және когнитивтік құрылымдар мен механизмдердің конгломераты. Дискурстың когнитивтік контексті – дискурстық тұлғаның жеке және әлеуметтік тәжірибесін бейнелейтін әртүрлі когнитивтік құрылымдар, когнитивтік механизм концептілердің жеке сипаттамаларын айқындайды. Дискурс әрекетін жүзеге асыратын субъект әлемді өз концептуалдық жүйесі арқылы көреді. Ол жүйе ғалам туралы сыртқы ақпарат негізінде қалыптасып, дискурс әрекеті барысында тіл арқылы көрініс табады. Дискурстың форматы, тоны мен пафосы белгілі бір оқиғаға байланысты болады. Ол оқиға тілдік санада концептуализацияланып, дискурста бейнеленеді. Соған байланысты дискурсты талдау барысында экстралингвистикалық контекстерге (әлеуметтік-мәдени, когнитивтік, коммуникативтік, прагматикалық) негізге аламыз.

ТТ-ның дискурстық ерекшелігі, ең алдымен, өзіндік жеке ниетінен ғана емес, мәдени-әлеуметтік мәнінен көрінеді. Сондықтан Шерхан Мұртаза тілдік

тұлғасының портретін жасау арқылы XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қоғамдағы саяси-қоғамдық ахуалды, сол кезеңдегі тарихи жағдаяттарды ескеруіміз керек.

Дискурсты талдау – мәтінді және коммуникативтік контексті талдай отырып реконструкциялау. Жұмыста талдау бірлігі ретінде дискурсема алынып, дискурс кеңістігінің интенционалды квантты, мағыналық таңбалық фрагменті ретінде сипатталады. Дискурсеманың негізгі белгілері:

- мағыналық құрылымы болады;
- салыстырмалы түрде аяқталған мағыналық тұтастығы болады;
- дискурспен (тақырыптық, идеялық, ассоциативтік, семантикалық) байланысты болады;
- тұтас дискурстық мағынаны бейнелейтін дискурс бірліктерінен құралады;
- автордың интенциясын көрсетеді.

Дискурсема – прагматикалық бірлік, оның құрамында концептуалды мағына болады әрі ол оқырманға әсер етеді, рефлексиясын тудырады. Дискурсема ретінде концептілер, идиологемалар, аксиологемалар, идиоглоссалар, мағыналық конструкттар мен доминанттар көрінеді. Мәтіннің дискурстық сипаттамаларына оның түрі (мысалы, ауызша/жазбаша, монологиялық/диалогтік дискурс), тақырыбы (көркем, философиялық, саяси және т.б.), коммуникативтік құрылымы мен қызметі (дәлелдеу, эстетикалық, эмоционалды және т.б. дискурстар) жатады. Мәтіннің дискурстық сипаттамаларын мысал арқылы қарастырайық. Ш. Мұртаза: «*Рухы жолдас болмаса, адам сонда шын жетім. Сенің аз күн қонақ дүниеде бай болғаның, төрт құбылаң сай болғаны – бәрі өткінші. «Көлдің тақырға айналмағы, байдың пақырға айналмағы» оп-оңай.*

*Бір адамның рухсыз болуы – сор. Ал, тұтас ұлт рухынан айырылса – қасірет. Рухы сынғандарда намыс болмайды. Ондай адамдарда ұлт та болмайды. Ондайлардан масановтар жаралған. Олар мейлінше өз халқына қас келеді. Өз ұлтын жек көреді. Кез келген жерде жамандап, тіл тигізіп жүреді. Сатып та кетеді.*

*Ондайлар өктемшіл, өзге нәсілге жағымпаз болады. Жарық дүниенің шырайын алып, шырқын бұзатын – осы жағымпаздар»* [7, 106-109].

Берілген мәтіннен публицистикалық және философиялық дискурс сипатын байқаймыз. Мұнда автор жазбаша мәтінмен бергенімен, эстетикалық және эмоционалды бояуды қамтыған, оқырманға ойды дәлелдеу мақсатын ұстанады. Мәтін генерализацияланған пайымдаудан тұрады. Адресат маркері жоқ, сондықтан ол монологиялық дискурсқа жатады. Тақырыптық бағыты *рух, намыс, ұлт, жағымпаз* сияқты өзек сөздерден де байқалады. Мәтіннің атауы (Рух пен намыс егіз) да мазмұнынан хабар береді. Мәтіннің тақырыбы, түрі (пайымдау), аксиологиялық қызметі, бағалауыш мәнді сөздерін талдау арқылы мәтінді философиялық дискурсқа жатқызуға болады. Жинақтың «Тәуелсіздік толғамдары» деп аталуы да көп нәрсені аңғартады. Коммуникативтік құрылымындағы

гносеологиялық, тәрбиелік функциялар мәтінді әлеуметтік-ритуалдық дискурс заңдылықтары бойынша интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында Ш. Мұртазаның ТТ зерттеу мақсатында көркем, публицистикалық, саяси және философиялық дискурстары назарға алынды. Қаламгерде аталған дискурс түрлерінің қатар қамтылуы оның көп дискурстық тұлға екенін дәледейді.

3-сызба – Дискурс түрлерінің жіктелісі.




Зерттеуші-ғалымдар дискурстың әртүрлі сала тұлғасына тән бірнеше түрін атайды: жазушының, журналистің, ақынның дискурсы т.б. Соған сәйкес *«дискурстық тұлға»* (бұдан әрі – ДТ) ұғымы қалыптасқан. Дискурстық тұлға – тілдік тұлғаның (ТТ) бір сипаты. Ш. Мұртазаның дискурстық тұлғасы белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасып, ауызша және жазбаша мәтіндерінде сақталған. Сондықтан зерттеу жұмысымызда «ТТ – дискурс» және «когнитивтік стиль – дискурс» арақатынасын назарға аламыз. Ш. Мұртаза қаламгер, публицист және қоғам қайраткері, депутат болғанын ескерсек, оның ТТ-мен қатар ДТ ретінде қарастырылуы орынды.

Ш. Мұртазаның мұраларында біртұтас жүйеге біріккен жеке дискурстық өрістер (публицистикалық, саяси-әлеуметтік, философиялық, діни, тәрбиелік,

көркем, сатиралық, полемикалық дискурстар) арқылы бірнеше өзектен құралған модель қалыптасады. Бұл модель дискурстардың өзара әрекеттестігін көрсетеді. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты кеңістігінің өзегінде көркем әдеби, публицистикалық және аргументативтік дискурстар да орналасқан. Барлық дискурс дискурстық стиль арқылы бірігеді. Дискурстық стиль – дискурстық тұлғаның дискурс әрекетінде көрінетін сипаттамаларын біріктіретін категория. Бұл – дискурстық тұлғаға тән дискурстық ерекшеліктің жүзеге асуы, оның тілдік, дискурстық және когнитивтік механизмдерді қалай қолданатынын айқындайтын құрылым. Жұмыста дискурстық стиль тұрақты, бірақ икемді, дискурс кеңістігіндегі экстралингвистикалық факторларға тәуелді құрылым ретінде қарастырылады. Дискурстық стиль дискурстық практикалар арқылы көрініс тауып, соның негізінде қалыптасады.

Шерхан Мұртаза дискурсына тән ерекшеліктер:

1. моральдық-философиялық мазмұн және тәрбиелік дискурс – дискурс парадигмасының бойымен өтетін желі;
2. сөйлеу-ойлау мазмұны мен дәлелдеу дискурсының дискурс парадигмасындағы орны;
3. эмоциялық мазмұн және автор/кейіпкер дискурстарының дискурс парадигмасындағы көрінісі.

Сол себепті тілдік тұлғаның дискурсына түсіндіру, насихаттау, үйрету, хабарлау, үгіттеу, ирония, сипаттау тән. XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ лингвомәдениетінің дискурстық стилі демонстративті-эмоционалды сипатқа ие болды. Ұлттық коммуникативтік стиль негізінде этномәдени дискурстық стиль ғана емес, жеке тұлғалардың дискурстық идиостильдері де қалыптасты. Дискурстық өрістің құрылымын жасауда мәтін негізге алынады, өйткені мәтін – сөздің мағыналық әлеуетін көрсететін, энергетикалық параметрлерін белсенді ететін үрдістің нәтижесі. Бұл өрістің феноменологиялық координаттары мен базалық категориялары ретінде мәтін, дискурс, концепт, идиоглосса, доминант және т.б. алынды.

Дискурстық тұлға – тілдік тұлғаның дискурстық және саналық субъектісі. Ш. Мұртаза дискурстарының ментальдік кеңістігі – сөз зергерінің көп дискурстық тұлғасының тұтастығын сипаттаудың негізі. Тілдік (вербалды) компонент пен экстралингвистикалық факторлар өзара тығыз байланысты екенін ескеруіміз қажет. Әлеуметтік жағдаят дискурстың контекстік сипатын көрсетеді. Ш. Мұртазаның дискурстық болмысы да әлеуметтік жағдаятқа байланысты.

Бүгінгі таңда ТТ мен ДТ ұғымдарының арақатынасы толық айқындала қоймаған. Л.Н. Синельникова «тілдік тұлға» мен «сөйлеуші тұлға» ұғымдары өзара сәйкес келетінін айтады [148, 456]. Ал А.Г. Баранов «тілдік тұлға» өзінің эвристикалық әлеуетін жоғалтқанын айтады [149, 30]. А.А. Ворожбитова «тілдік тұлғадан басқа тұлға жоқ» деп есептейді [150].

Қазақ тіл білімінде зерттеушілер ТТ мен ДТ-ны бір аспектіде қарастырады. Профессор Н. Уәли: «Белгілі бір тілді тұтынушы – ұлттық тілдің субъектісі болумен қатар, ұлттық мәдениеттің де иесі. Тілдік субъектіге жататындар: жеке адам (автор, оқырман, сөйлеуші/тыңдаушы). Бір жағынан бұлар – тілдік тұлға, екінші жағынан мәдени тұлға. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше», – дей келіп, тілдік тұлғалардың төрт түрін көрсетеді:

1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлғалар;

2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа әдеби тип;

3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында.

4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен деалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар.

Бұл жіктеуді зерттеуші «тілдік тұлғаның мәдени-тілдік «портреті» деп атайды [38, 17].

Зерттеуші О. Жұбай элитарлық тілдік тұлғаны: «Элитарлық тілдік тұлға – ұлттық тілдің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін толық меңгерген, оларды орынды қолданатын, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикасын жан-жақты түсініп, орнымен қолдана алатын, коммуникативті стратегиялар мен тактикаларды, вербалды және бейвербалды қатынас талаптарын толыққанды меңгерген, ұлттық тіл мен мәдениет концептосферасын құрайтын концептілердің ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік, құндылық сипатын түсінетін тілдік тұлғалар. Элитарлық тілдік тұлғаға ақын-жазушы, филолог, журналистермен қатар тіл білімінің дамуына үлес қосқан ғалымдарды да жатқызуға болады» [151, 258], – деп сипаттайды. О. Жұбайдың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, көп дискурстылықты элитарлық ТТ моделінің тұрақты белгісі ретінде сипаттауға болады. Дискурстық талдау негізінде элитарлық ТТ моделін кешенді әрі тұтас сипаттауға болады. Элитарлық тілдік тұлға – әлеуетті түрде көп дискурсты. Осыған байланысты әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын Шерхан Мұртазаны элитарлық тілдік тұлғаға жатқызамыз.

Тілдік тұлғаны ұлттық мәдениетпен байланыстыра сипаттаған профессор Г. Смағұлова: «Тіл – бір адамның меншігі емес» десек те, сол тілде сөйлейтін жеке

адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысын, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да өз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады» [40, 145]. Профессор Ж. Манкеева қазақ тіл білімінде тілдің қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антрополингвистикалық бағыттың өріс алуы қоғамдық қажеттіліктен туындап отырғанын ескерте келіп: «...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс» [131, 86], – дейді.

Абайдың тілдік тұлғасын арнайы зерттеген ғалым Г. Мұратова: «Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда, тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын ұстаным болуға тиіс... Тілдік тұлға – тілдік дәстүрдің қалыптасуына үлес қоса алатын, өзіндік көзқарасы бар, өз ойын адресатқа жеткізе алатын, өзіне дейінгі тұлғалар қалдырып кеткен байлықты меңгерген, соны иеленіп, өзінше жеке тілдік құбылыстар тудыра білетін тұлға [48, 63], – деп тұжырымдайды. Мұндай тұжырымдарды М.О. Көпбаева [152] мен Л.Т. Мақұлова [153] да өздерінің Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасы мен көркемдік таным, авторлық концепциясын және автор бейнеліс талдаған диссертация жұмыстарында да атап өткен.

Байқап отырғанымыздай, қазақ зерттеушілері тілдік тұлғаны кең ауқымда сипаттап, ТТ мен ДТ ұғымдарын өзара байланысты қарастырған. Ғалымдардың ұстанымдарын қолдай отырып, біз де «тілдік тұлға» термині өзектілігін жойған жоқ» деген пікірдеміз. Себебі ТТ бірнеше қырынан сөз болады. Жұмысымызда тілдік тұлғаны когнитивтік-дискурстық білім парадигмасымен байланыстыра сөз етіп, Шерхан Мұртазаны көп дискурсты ТТ ретінде сипаттаймыз.

ТТ сипаттамасындағы дискурсивті аспект модельді тұтас әрі кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. ТТ моделіндегі вербалды компонентті сипаттаған кезде лексикон, грамматикон, стильдік фон мен коммуникативтік-жанрлық репертуар бірліктері дискурстық байланыста қарастырылады. Тілдік (вербалды) компонент пен экстралингвистикалық факторлар өзара тығыз байланысты. Әлеуметтік жағдаят дискурстың контекстік сипатын көрсетеді. Шерхан Мұртазаның дискурстық болмысы да әлеуметтік жағдаятқа байланысты.

Дискурстық тұлға (ДТ) өз дәуірінің мәдениетімен тығыз байланысты, сол дәуірге тәуелді. Лингвистік тұрғыда ДТ Аристотельдің риторикалық этосы негізінде қарастырылады. Дискурсты талдау арқылы ДТ-ны сипаттауға болады. Яғни дискурсты ДТ-ның репрезентанты ретінде тануға болады. Дискурста ТТ дискурстық бейнемен немесе автор бейнесімен алмастырылады. ДТ-ны зерттеуге мәдени-әлеуметтік, прагматикалық, аксиологиялық, когнитивтік, коммуникативтік параметрлер негізге алынады. ДТ дискурстық қызметтің ғана емес, сонымен қатар танымдық қызметтің де субъектісі болып табылады. Ол сезім мүшелері арқылы ғаламды қабылдайды, концептуалдайды, категориялайды, санада бекітеді, білім құрылымдары арқылы репрезентациялайды, тілдік және мәдени кодтармен жеткізеді, өзін, басқаларды, болмысты бағалайды, ақпаратты бейнелейді, интерпретациялайды, мәтін құрастырады, рефлексия жасайды.

Абай Құнанбайұлы бұл үдерісті «жанның жибили қуаты»; «жанның кәсиби қуаты» деп атай келіп, жибили қуатты: *«Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр»* [8, 122-123], – деп сипаттайды.

Көп дискурсты тілдік тұлғаның қалыптасуына мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар тікелей әсер етеді. Бұл ТТ-ны талдаудағы экстралингвистикалық факторлармен тең дәрежеде қарастырылатын ерекшеліктер. Себебі адамның биологиялық (жынысы мен жасы), психикалық (сөйлеу сәтіндегі және одан бұрынғы эмоциялық күйі), әлеуметтік (ұлт, туған жері, әлеуметтік мәртебе, мамандығы), өзіндік (сөздік қор, негізгі сөздер, ұстанымы, көзқарасы, «өзім-өзге» оппозициясына сәйкес ортамен қарым-қатынасы, риторикалық құралдар жиынтығы, фразеологиялық ерекшеліктер), қоғамы мен әлеуметтік ортасы, ұлттық мәдениет пен дәстүр сипаты, шығармашылық әрекеттерінің барлығы ТТ феноменін анықтауда және оның когнитивтік-прагматикалық сипатын талдауда баса көңіл бөлінетін детальдар болып саналады.

Ш. Мұртазаның әртүрлі әлеуметтік рөліне сай көп дискурсында тілдің аталған факторларға сәйкес ұтымды қолданылуы, сонымен қатар адресаттың тек бір адам емес, күллі бір қоғам, ел болуы назар аударарлық факт.

Тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар қатарында:

- мәдени-әлеуметтік (тілдік тұлғаның аксиологиясы);
- этномәдени (бағдарлар, дәстүр, стереотиптер, презуппозициялар);
- коммуникативтік (коммуникативтік кодекс, сөйлеу ережелері, тіл меңгеру деңгейі);
- когнитивтік (білім құрылымдары, негізгі концептілер, мағына тудырушы когнитивтік механизмдер);

- прагматикалық (стратегиялар, тактикалар, дискурстың модусы, прагматикалық бағдарлар мен презуппозициялар) және т.б. бар [154, 24-45].
Мәдени-әлеуметтік факторлар – жеке тұлғаның немесе ұлттың ерекшеліктерінің, оның тілі мен ділінің, дінінің, мінез-құлқының, қарым-қатынасы мен ойлау сипатына әсер ететін мәдени және қоғамдық үдерістердің жиынтығы.

Көп дискурсты тілдік тұлғаны қалыптастырушы мәдени-әлеуметтік факторлар мазмұны мен әсері тұрғысынан бірнеше түрге жіктеледі (2-кесте).

2-кесте – Көп дискурсты ТТ қалыптастырушы мәдени-әлеуметтік факторлар.

| № | Жіктелісі | Мазмұны мен әсері |
|---|---|---|
| 1 | *Мәдени факторлар* | Ұлттық және этникалық құндылықтар, дәстүрлер, діл, діни көзқарастар, тәрбие жүйесі, көркем мәдениет, әдеби канондар. Ойлау тәсілін, метафоралық ойлауды, лексикалық қорды қалыптастырады. |
| 2 | *Әлеуметтік рөлдер* | Жазушы, журналист, саясаткер, ғалым, депутат және т.б. ретіндегі тұлғаның рөлі. Әр рөл дискурстың белгілі бір түрін, стилистикалық нормаларды, жанрлық модельдерді меңгеруді қамтиды. |
| 3 | *Әлеуметтік-лингвистикалық факторлар* | Жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, білімі, қос тілділігі, әртүрлі тілдерді меңгеру деңгейі т.б. Сөйлеудің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін және кодтарды ауыстыруды (сөйлеудегі екі (немесе одан да көп) тілдердің, диалектілердің немесе тілдік стильдердің жағдаяттық немесе ой ағымына сай ауысуы) анықтайды. |
| 4 | *Институционалдық факторлар* | Кәсіби, академиялық немесе саяси қауымдастыққа мүшелік. Терминологиялық аппаратты, дискурсивті стратегияларды (дәлелдеу, сендіру, сын) қалыптастырады. |
| 5 | *Медиа және цифрлық мәдениет* | Интернет-коммуникацияға, медиа кеңістіктерге, блогтарға, әлеуметтік желілерге қатысу (біздің жағдайымызда, медиадағы сұхбаттар т.б.). Дискурс түрлерін кеңейтеді (сандық, желілік), сөйлеу қарқынына, стиліне, көрнекілігіне әсер етеді. |
| 6 | *Тарихи-әлеуметтік контекст* | Дәуір, әлеуметтік толқулар, саяси өзгерістер, жаһандану. Дискурстың тақырыбы мен құндылық бағытын анықтайды. |
| *Ескерту: Кестеде автордың түсіндірмесі берілген.* | | |

Теориялық пайымдаулардың практикадағы көрінісін анықтау мақсатында Ш. Мұртаза тілдік тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторларды талдасақ, биологиялық фактор ретінде жынысы мен жасын алуға болады. Ш. Мұртазаның көп дискурсы мен ДТ-сының қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-лингвистикалық факторлар қатарында оның қазақ тілімен қатар орыс тілін жетік меңгергендігі, соның негізінде шовинизмнен аулақ болуы, керісінше, шетел әдебиеті мен мәдениетіне қызығып, оларды қазақ тіліне шебер аударуы, ұлттық сананы ояту және халықты өзге ұлт мәдениетімен таныстыру жолындағы

еңбектерінің тууы дәлел болады. Осы тұста назар аударарлық әлеуметтік-лингвистикалық фактордың әсерінен қаламгердің жас ерекшелігіне сай әуелі түрлі жанрдағы аудармалары мен көркем шығармаларының жиі жарыққа шығуы орын алса, кейінгі жылдарда Ш. Мұртазаның публицистикалық сын-мақалалары мен қоғам ісіне араласуындағы саяси дискурсының, философиялық дискурстарының туындауы жиі байқалады.

Шерхан Мұртаза өзінің көркем және публицистикалық мәтіндерінде ұлттық мінез-құлықты, қоғам көрінісін және діл ерекшеліктерін сол кезең шындығы сипатында бүкпелемей, ашық танытуға дағдыланған. Бұл тарих сахнасындағы ұлт ділінің даму, өзгеру, қалыптасу және сақталу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жазушының шығармашылық шеберлігіне, шығармаларының мән-мазмұнына, мақсатына тән мұндай ерекшелік қазақ ұлтының ділін, дүниетанымы мен ұстанымын танытуда байқалады.

Ұлттық ділде көрініс табатын, автор атаған «*құлдық, мәңгүрттік психология», «жүзге бөліну», «науқаншылдық»* қатарлы теріс қасиеттердің нақты бір кезең тарихына сай орын алатыны белгілі. Оны болдырмау тек ұлттың ішкі нық ұстанымына, дүниетаным тереңдігіне бағынады. Сондықтан Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық мәтіндерде көрініс тапқан ұлттық діл – ұлттың өмір сүруіне әсер ететін елеулі фактор екенін анықтайды. Көркем шығармаларда ұлттық тілдің көрінісі көбіне дәстүр мен салт-сана сипатында көрініс тауып отырса, публицистикалық дискурста қоғамдық мінез-құлық әрекеттерін және оның себебін түсіндіру негізінде көрініс тауып отыр. Бұл ұлттық ділді тануда біркелкі көркем дискурсқа немесе публицистикалық дискурсқа ғана жүгінбеу керек деген тұжырымды тудырады. Туындыгердің шығармашылығынан қазақ ділінің қалыптасқан формасын түсінуге мүмкіндік алдық. Демек, ұлттық ділде сақталған қадірлі қасиеттерді дамыта түсу керек, ал теріс жақтарын ысырып тастау қажет, уақыт өзгерісі мен заман ағымына сай жаңа танымға еліктеп кете беруге болмайды деген түсінікті де осыдан түйеміз. Аталмыш зерттеу тақырыбы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Себебі ұлттық діл – ұзақ уақыт бойы этникалық ерекшелікті анықтайтын мәдениеттің терең құрылымдарын танытады.

Ш. Мұртазаның «Бір кем дүниесі» мен «Ақындар мен әкімдер» атты еңбектерін назарға алсақ, философиялық, публицистикалық, саяси дискурстарды қамти отыра ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипатын терең тануға мүмкіндік береді. Аталмыш еңбектердің жазылуында да ТТ-ның жас ерекшелігі әлеуметтік-лингвистикалық фактор саналады.

Шерхан Мұртазаның «Құрылысшы Дәку» атты тұңғыш очерктер жинағы 1958 жылы жарық көргенін ескеруіміз керек. Мұнда бірнеше дискурс арасындағы автордың жас ерекшелігі мен ойлау ерекшелігінің факторы байқалады. Яғни Ш. Мұртазаның 23 жасында журналист атанып, 26 жасында «Құрылысшы Дәку» деген кітабын жазып шығуы, ұлтының қазақ болуы, тіпті қазақ жерінде, яғни

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Талапты ауылында дүниеге келуі де әлеуметтік-лингвистикалық факторды айқындайды.

Ш. Мұртазаның ұлты қазақ болып, қазақ ортасында дүниеге келуі, қазақтың дәстүрі мен ертеден қалыптасқан ұлттық құндылықтарын, ұстанымдарын, көзқарастары мен қағидаларын бойына сіңіруі, ұлттық тілде сөйлеуі, соның негізінде жеке тұлғада көрініс табатын ұлттық-мәдени ерекшеліктер, олардың дискуртардағы көрінісі мәдени факторлардың негізінде жүзеге асқан. Ал Ш. Мұртазаның ТТ ретіндегі әлеуметтік рөлі бірнеше типке жіктеледі. Мәселен, Ш. Мұртазаның қаламгер, қоғам қайраткері, публицист, аудармашы, редактор, депутат т.б. рөлдерді атқаруы оның әртүрлі әлеуметтік рөлдегі стилін ғана емес, әртүрлі дискурстық стильді шебер меңгеруіне де негіз болды. ТТ-ның, жоғарыда атап өткендей, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері т.б. болуы соны дәлелдейді.

Сондай-ақ Ш. Мұртаза 1955-1963 жылдары «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Егемен Қазақстан» (бұрынғы «Социалистік Қазақстан») газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі, 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, 1970-1972 жылдары «Жалын» альманахының; 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы; 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің; 1989-1992 жылдары «Социалистік Қазақстан (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бас редакторы болды. 1975-1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы; 1992-1995 жылдары Мемлекеттік Телерадиокомитетінің төрағасы; 1995-2002 жылдары Республика Парламентінің бірнеше шақырылымының депутаты болып сайланды. Яғни Шерхан Мұртаза – жазушы, драматург, танымал баспагер болуымен қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына айтарлықтай әсер еткен тұлға. Демек қаламгердің көркем, публицистикалық, саяси, философиялық т.б. дискурстарындағы жанрларды меңгеруі де аталмыш әлеуметтік рөлдерді қатар алып жүруімен сипатталады.

Институционалдық факторлар негізінде ТТ-ның саясаттағы, мәдениет пен өнердегі, білім мен қоғамдағы орны, белгілі қоғамға мүшелігі де бірнеше дискурс түрлерін жасауға мүмкіндік берген. Тарихи-әлеуметтік контекстте ТТ-ның өмір сүрген ғасыры мен сол уақыттағы әлеуметтік толқулар және қазақ қоғамындағы саяси өзгерістерге көзқарасының туындауы сыни ой мен саяси дискурсының пайда болуына әсер етті. ТТ дискурсының тақырыбы мен құндылықтары терең ұлттық-мәдени мәні бар мазмұнды қамти түсті. Мысалы, Ш. Мұртазаның елде орын алған түрлі қоғамдық ретсіздіктер мен өзгерістер туралы ойының қалыптасуы: *«Өрмекшінің торына түссе – шыбын-шіркей ғана түседі. Ал, ара, сона дегендер ол торды елең қылмай бұзып кете береді. Сор болғанда, біздің Заңның торынан шыбындар да шығып кете береді»* [9, 568], – деген ойынан байқалады. Автор қоғамында орын алған әлеуметтік және саяси ерекшеліктерден хабар беретін бұл дискурсында тарихи-әлеуметтік фактордың да әсері бар.

Көп дискурстық ТТ қалыптастырушы шығармашылық факторлар белгілі бір дін мен діл, мәдениет, тілдің тоғысында қалыптасқан тұлғаның шығармашылық, рухани және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындайды. Көп дискурстық ТТ-ны қалыптастырушы шығармашылық факторлар да өзінің мазмұны мен әсері тұрғысынан бірнеше түрге бөлінеді (3-кесте).

3-кесте – Көп дискурсты ТТ-ны қалыптастырушы шығармашылық факторлар.

| № | Жіктелісі | Мазмұны мен әсері |
|---|---|---|
| 1 | *Дүниетанымдық синтез* | Жеке адам әлемнің тілдік бейнесін әртүрлі діни, мәдени, ділдік негізге сүйене отырып, бейнелерді, тұжырымдамаларды синтездей отырып қалыптастырады. |
| 2 | *Эстетикалық-көркемдік ойлау* | ТТ діни, ұлттық философияның, символизмнің, мифологияның және т.б. мәтіндердің шығармашылық стильге әсерін түсінеді және өз дискурсында еркін қолдана алады. |
| 3 | *Дискурсаралық шығармашылық (креативтілік)* | ТТ діни, философиялық, көркем, публицистикалық, саяси дискурстар арасында еркін ауысады, стиль мен лексиканы жанрға бейімдей біледі. |
| 4 | *Рухани тәжірибе және өзін-өзі тану* | Дискурстарда лексиканы, құндылықтарды, концептілерді, эмоционалды етістіктерді, ішкі қақтығыстарды т.б. таңдай біледі және оны жеке басы мен ұлттық рухани таным негізінде тіл арқылы жеткізге біледі. |
| 5 | *Мәдениетаралық тілдік интерференция* | ТТ қажет болған жағдайда әртүрлі ұлттар мен тілдерден лексикалық, синтаксистік, риторикалық құрылымдарды алып, белгілі бір ойға тілдік әсер үстеуде қолдана алады. |
| 6 | *Автордың идиостилі* | Бірегей бейнелеу жүйесі мен риториканы жасай алады. |
| 7 | *Жеке дүниетаным* | Тақырыптар мен бағалауларды таңдауды жүзеге асырады. Автордың өмірбаянымен, жеке тәжірибесімен байланысты. |
| *Ескерту: Кестеде автордың түсіндірмесі берілген.* | | |

Мұндай шығармашылық факторлар автордың дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді, эстетикалық бағдары бар ТТ-ның көркемдік-шығармашылық деңгейін танытады. Сонымен қатар тілдің көп деңгейлі бірліктерінің көмегімен жаңа, көркем дискурсты жасай отырып, коммуникативті міндеттерді, сөйлеушінің құндылықтарының шығармашалық өзгеріске ұшырауын сипаттайды. Шындықты жеке санамен бейнелеудің, қабылдау мен түрлендірудің қағидаларын қамтиды және ТТ-ның өзін де шығармашылық құрылым негізгі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

ТТ-ның шығармашылық әлеуеті оның психикалық ерекшелігімен тікелей байланысты. Шығармашылық факторлар тұлға бойындағы шығармашылық қасиеттерді тудырады. Шығармашылық табиғаты адамның «зейінінің қабылдау өрісінің кеңдігімен», оның жеке ерекшелігімен, қоршаған ортамен байланыс ерекшелігімен анықталады. Ол «қабылдау актісіндегі объектінің өзгеруімен»,

субъектінің басқаларға қатысты ұстанымымен (сәйкес келмеу, сәйкестік т.б.) де байланысты [155, 112].

Демек Ш. Мұртазаның ТТ-на әсер ететін шығармашылық факторлар да, ең алдымен, ұлттың діні мен ділі, мәдениетімен байланысты. Қаламгердің шығармашылық ойлау деңгейі мен шығармашылық шеберлігі, ойды жеткізудегі тілді қолдану дәрежесі, адресантқа әсер ету мақсатында тілді түрлі көркем, экспрессивті, эмоционалды реңкке бояуы, ұтқыр лексиканы қолдануы, өзі сөйлейтін тілге тән барлық тілдік бірліктерді түрлі дискурсқа лайықты қолдана білуі – барлығы оған әсер ететін шығармашылық факторларға тәуелді. Мысалы, мұндай ерекшеліктерге Ш. Мұртазаның философиялық дискурсында адам мен оның тіршілік мәні туралы толғамдарын тіл арқылы беруде пайдаланған халық даналығының көрінісі, ұлттық таным, наным, ұстаным элементтерін шебер сипаттау көрінісі дәлел болады. Мұнда ТТ дискурсына қатар әсер еткен мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлардың сипатын байқай аламыз. Қаламгер өзінің философиялық дискурсында адам бойындағы келеңсіз әрекеттер мен жаман әдеттерді сынай қарайды немесе керісінше жақсы іс-әрекеттерді қолдап, ғибраттануды мақсат етеді. «Бір кем дүниеден» мынадай мысалдарды санамалап өтсек болады: *«Кедей – бай, бай – Құдай болсам дейді», «Кедейді бай, азды көп қылған патша данышпан», «Алтын өзі тотықпайды, адамдардың жанын тотықтырады», «Алтын артқан есектің шықпайтын шыңы жоқ», «Адамға бала жастан ең керегі – Ұят деген қасиет», «Жарты әлемді жаулаған Әмір Темір де мейірімге мұқтаж», «Қайран дүние, тіршілікте кім тойған...»* [10]. Сентенциялар арқылы берілген ойдың прагматикалық қызметі – тілдік тұлға ұсынған моральдық сипаттағы қысқа түсіндірме ретінде танылуы. Қаламгер бұл тармақтарда қарапайым ақпаратты жеткізу мақсатын ұстанбайды. Керісінше ұзақ әрі астарлы мәнді артқан шексіз ойдың түйінін өз жанынан өткізіп, санасында бағамдап, бірде түсіндіру, бірде үлгі беру, кейде бағалау, кейде ескерту, сынау мәнінде өз шығармаларында қолданғаны анықталды. ТТ дискурсына өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік күйі мен адамдардың қасиеттері, ұлттық құндылықтардың жойыла бастауы секілді факторлар әсер еткен. Оны автор өзінің дүниетанымдық және өзіне дейінгі әдебиеттермен терең таныс болуы негізінде тіл арқылы шебер суреттейді.

Мысалдардың тағы бір шоғыры ТТ-ның философиялық толғамынан туындаған шешім әрі тұжырым ретінде көрініс табады. Мысалы: *«Атадан алтау тусаң да – бір жалғыздық»* немесе *«Өз көлеңкесі болмаса – өлгені», «Имансыз жауыз заман, залым дүние», «Кейбіреулер туған жерінен жерісе, бұл да бір кем дүние», «Жер – адамзаттың анасы»* [10] тармақтарында ТТ бұған дейін ұлттық танымға таныс ұғымдарды өз көзқарасы тұрғысында зерттеп, адам жаны, қоршаған орта, туған жер, иман, дүние, жалғыздық туралы философиялық толғам тудырған. Мұнда ТТ адресатқа психологиялық және эмоциялық сипатта әсер етеді. Жаңа тұжырымның, ойдың тууына итермелейді. Демек мұндағы прагматикалық қызметтің сипаты да осы.

Ш. Мұртаза эмоционалды тұлға болған. Оған әсер етуші психологиялық фактор сөйлеу рефлексиясы негізінде айқындалады. Бұл сөз зергерінің дискурстарындағы эмотивтер мен экспрессивтерді, пейоративтерді қолдануынан да байқалады. Қаламгердің эмоцилы-экспрессивті реңкі мәтіннен де анық байқалады. Мысалы, қаламгердің: *«TV-дан бір журналист: – Елу жылда – ел жаңа, Қырық жылда – қазан, – деп соқты. Масқара!»* [3, 125], – деуінен ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипатымен қатар, өзінің ішкі ойы мен танымының белгілі бір жағдаяттарға көзқарасының эмотивті реңкін ашық сездіреді.

Шығармашылық факторлар ТТ-ның тілдік қолданысына тікелей әсер етеді. Шерхан Мұртазаның лексикалық қоры тақырыптық тұрғыдан өте ауқымды және әртүрлі. ТТ-ның тақырыптық-құндылықтық доминанттары ретінде *ұлт, тіл, өз үйіндегі өгей тіл, мемлекет, патриотизм, тарих, ел, халық, қазақы мінез, мұсылман, күрес, ел тағдыры, ұлттық рух, намыс, тұлғаны тәрбиелеу, сенім, шындық, мұрат* және т.б. анықталды.

ТТ-ны кең мағынасында басқа да тілдік қабілеттердің тұжырымдамалық, тәжірибелік ерекшеліктерін дамытатын тұлға деп тану орынды. ТТ мәдениет пен сана факторы ретінде ұлттың ұлттық бірегейлігін сақтауды қамтамасыз ететін әмбебап категория. Себебі Ш. Мұртазаның көркем дискурсының бір өзінен-ақ қазақтың дүниетанымы мен ұлттық дәстүрін, ұстанымын сипаттайтын, ұлттық бірегейлікті бейнелейтін бірліктерді көре аламсыз. Өз дискурсында ұлттық тілде ұлттық мәдениетті сақтау арқылы автор қазақтың ұлттық бірегейлігін сақтауға қызмет етті. Мәселен, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы: *«Құдай мал бермеген соң жер еміп қазақ жарыған емес»* [11, 132] яки *«Шөбі шүйгін, суы бал, өрісі мол жер іздепті ғой мал баққан қазаққа»* [11, 159]; *«Бұл өзі Шілмембет руынан шыққан қарапайым қазақ еді»* [11, 15]; *«Қара шаруа болса да, рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ»* [11, 15]; *«Қазақта не көп, арқан көп, әп-сәтте Рысқұлдың аяқ-қолы сіресіп қыл арқанмен байланды да қалды»* [11, 34]; *«Қазақ жылқы алса, ісіне татитындай етіп молынан алады және алыстан алады»* [11, 36]; *«Туған жеріңнің топырағы, туған аспаныңның ай-жұлдызы, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі жебесін сені»* [11, 271], – деген секілді ойлары жәй ғана шығармаға көркемдік мән үстеу немесе кейіпкерін сипаттау емес, шығарманы оқушымен коммуникация орнатуға бағытталған дискурстық мағынаны артқан.

*«Құдай мал бермеген соң жер еміп қазақ жарыған емес»* дегені қазақ қашан да көшпелі салтты ұстанғандықтан отырықшылыққа әуестенбеген халық болғандығын, егіншілікпен айналыспағанын айтып отыр. Мұны *«Шөбі шүйгін, суы бал, өрісі мол жер іздепті ғой мал баққан қазаққа»* деген сөзімен растайды. Қазақтың ата кәсібінің мал бағу екенін, төрт мезгіл көшіп жүріп, шөбі шүйгінді жерді қоныстағанын ескертеді. «*Қазақта не көп, арқан көп, әп-сәтте Рысқұлдың аяқ-қолы сіресіп қыл арқанмен байланды да қалды»* немесе «*Қазақ жылқы алса, ісіне татитындай етіп молынан алады және алыстан алады»* деп қазақтың жылқы малына ерекше мән беріп, қасиет тұтқанын байқатады. «*Бұл өзі Шілмембет руынан*

*шыққан қарапайым қазақ еді»* деп, біріншіден, қазаққа тән рулық қауымның болатынын, екіншіден, қазақтың мінез-құлқына тән қарапайымдылықты сипаттайды. Дегенмен қарапайым қазақтың «*Қара шаруа болса да, рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ»* жүретінін, яғни шаруаға бейім, ат үстінде, қажет кезінде, жаугершілік заманында батырлық пен батылдық танытатынын да суреттеп өтеді. «*Туған жеріңнің топырағы, туған аспаныңның ай-жұлдызы, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі жебесін сені»* деп қазақта туған жерге, туған жердің топырағына, табиғат құбылыстарына, тіпті талы мен тауына дейін аса мейіріммен, сағынышпен, сүйіспеншілікпен қарайтынын байқатады. Мұның барлығы қазақтың сан ғасырлық тарихындағы бастан өткерген әлеуметтік-саяси оқиғаларының астарынан хабар береді. *«Қазақтың қара бесігі»* деп қазақ дүниетанымындағы баланың дүниеге келуі мен оны бесікке бөлеу дәстүрі, бесікті қасиетті деп тануы байқалса, екіншіден, туған мекен Қаратауды қара бесігіне теңеп метафоралық мән үстеп тұр.

Демек көркем мәтінді белгілі бір уақытты ғана қамтитын, аяқталған ой нәтижесі деп танымай, оның көзге көрінбейтін, үздіксіз адресант пен адресат арасындағы коммуникациясын байқай алсақ, көркем дискуртың мазмұнын толық игергендігіміз болар еді. Себебі аталған ұлттық ерекшеліктерді суреттей отырып Ш. Мұртаза ұлттық бірегейлікті қайта жаңғыртып, өз дискурсы арқылы сақтап отыр.

Бұл ТТ-ның көбінесе өзі өмір сүретін мәдениет негізінде қалыптасуын, ал мәдениеттің әлемнің мәдени бейнесі ретінде ТТ-ның сөйлеу әрекетінде көрініс табуын дәлелдейді. Берілген мысал арқылы ТТ-да өзіндік ұлттық мәдениеттің коды мен ділі, білімі мен идеялары жинақталатыны анықталды. ТТ арқылы әр халықтың мәдениетіндегі ерекшеліктерді және бір мәдениетті екіншісінен ажыратуға мүмкіндік пайда болды.

ТТ көп дискурсының қалыптасуына әсер ететін мәдени-әлеуметтік факторлар аталған мәдени кодтардың сақталуына да әсер етеді. Мәдени кодтар бір типтегі құбылыстарға жататын дүниетанымның белгілі бір бөліктерін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, тіл ұлттың өзіндік ерекшелігі, оны ұйымдастыратын элементтердің бірі ретінде көрінсе, ТТ дискурсы сол элементтерді тілдік қолданысқа түсіруші. Тілдің ұйымдастырушылық қабілеті көбінесе арнайы этнолингвистикалық семантикада көрінеді. Бұл ұлттық-мәдени ақпараттың көлеміне, ұлттың тілдік бірліктердің мағынасында тіркелген әлем туралы барлық білімге қатысты жүзеге асады.

Бұл тұжырымдардың барлығы ТТ мен ДТ және көп дискурстылықтың сипатын тануға негіз болмақ. Ал ТТ-ның дискурсындағы ұлттық бірегейлікті қалай түсініп, қалай қабылдайтындығымыз ұлттық тілді қай деңгейде меңгергендігімізге, осы ұлттың өкілі болуымызға, ТТ қолданған ұлттық кодтардың сипатына байланысты. Себебі ТТ-ны және дискурсты тудыруда мәдени-әлеуметтік факторлар қалай әсер етсе, адамның мәдениет әлеміне енуі де тілдік деңгейде жүзеге асып,

адресанттан бағытталған ойды қабылдай алуы мен түсінуіне байланысты жүзеге асады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасы бірнеше деңгейден тұрады:

1. құндылықтық деңгейі – тұлғаны құндылықтық бағдарлар арқылы сипаттайтын ақпараттық-аксиологиялық компонентпен үйлеседі;

2. танымдық деңгейі – тілдік тұлғаның когнитивтік стилімен байланысты;

3. мінез-құлықтық деңгейі – коммуникативтік аспектімен (интенциялар, ниеттер, мақсаттар, стратегиялар, тактикалар, риторикалық механизмдер және т.б.) үйлеседі;

4. бейнелік деңгейі – тілдік тұлғаның образдық компонентімен сәйкестенеді.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты портреті белгілі бір дискурста дискурстық тұлғаны даралайтын қосымша компоненттерді де қамтиды. Сол арқылы Шерхан Мұртаза өзге тілдік тұлғалардан ерекшеленеді. Ал тұрақты компоненттер көп дискурсты тұлғаны біртұтас кеңістікке біріктіреді.

Шерхан Мұртазаның концептуалдық әлемі – моральдық-этикалық мазмұнды (публицистикалық, көркем стильдер), рационалды мазмұнды (публицистикалық, ғылыми-көпшілік стильдер) қамтитын көп құрамды когнитивтік шындық бейнесін қалыптастыратын жеке лингвориторикалық құралдар жүйесі арқылы көрініс табады.

Ш. Мұртазаның ТТ-сын тану және көп дискурсының мазмұнын терең түсіну арқылы қаламгер тіл арқылы жандандырған ұлттық бірегейлікті, руханиятты, шығармашылықты, әлем туралы түсінікті сақтауға және дамытуға мүмкіндік аламыз.

## Бірінші тарау бойынша түйін

Тілдік тұлға феномені – тіл мен тұлға арақатынасының, ұлттық-мәдени құндылықтар мен дүниетанымның күрделі бірлігін бейнелейтін кешенді құбылыс. Ол адамның тілдік, когнитивтік, әлеуметтік және мәдени қабілеттерінің бірлігі арқылы қалыптасып, сөйлеу әрекетінде көрініс табады. Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы көпқырлы, көп дискурсты, интегративті сипатымен ерекшеленеді. Жазушының көркем шығармалары, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарында ұлттық дүниетаным, рухани құндылықтар көрініс тапқан. Осыған байланысты Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы ұлттық-мәдени феномен ретінде ұлттық рух пен ойлау жүйесін көрсетеді. Ш. Мұртазаның ауызша сөйлеу әрекеттерінен туындаған ой-пікірлері және мәтіндеріндегі ұлттық мүдде, ел мен жер, тіл туралы мәселелерді негізді алға тартуы, публицистикалық және саяси дискурсындағы батыл тұжырымдары қоғамды елең еткізгені анық. Сондықтан Ш. Мұртаза ТТ-сы жеке-дара ғана емес, ұлттық тіл мен сана байланысын терең тануға мүмкіндік беретін өзекті мәселеге айналып отыр. Қаламгердің көркем

шығармалары да халықтың рухани танымын арттырып, қоғамда ұлттық сана мен құндылықтарды оятуға зор үлес қосты.

Динамикалық құбылыс ретінде дискурсты статикалық құрылымды мәтінге қарсы қоюшылар көп болғанымен, жұмыста дискурсты талдау әдістері ауызекі (диалогтық) сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар жазбаша мәтіндерге де қатысты қолданылатынын ескере отырып, мәтін сыртқы факторлармен байланысты процессуалды, динамикалық нысан ретінде қарастырылды. Сонымен қатар мәтіннің жазбаша берілуі ТТ мен оқырман арасындағы көзге көрінбейтін коммуникативтік байланысты жоққа шығара алмайтыны анықталды. Адресанттан адресатқа бағытталған ойдың тілдегі көрінісі талданды.

Ш. Мұртазаның мұраларында біртұтас жүйеге біріккен жеке дискурстық өрістер (публицистикалық, саяси-әлеуметтік, философиялық, діни, тәрбиелік, көркем дискурстар) арқылы бірнеше өзектен құралған модель қалыптасады. Бұл модель дискурстардың өзара әрекеттестігін көрсетеді.

Шерхан Мұртазаның дискурсы – XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басына тән мәдени-әлеуметтік ахуалды қабылдау, түсіндіру, сипаттаудың терең когнитивтік үдерістерінің көрінісі. Ол ғаламды концептуалдандырып, категориялаудың нәтижесінде пайда болады. Шерхан Мұртаза дискурсына түсіндіру, насихаттау, үйрету, хабарлау, үгіттеу, ирония, сипаттау тән. XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ лингвомәдениетінің дискурстық стилі демонстративті-эмоционалды сипатқа ие болды. Ұлттық коммуникативтік стиль негізінде этномәдени дискурстық стиль ғана емес, жеке тұлғалардың дискурстық идиостильдері де қалыптасты. Дискурстық өрістің құрылымын жасауда мәтін негізге алынады, өйткені мәтін – сөздің мағыналық әлеуетін көрсететін, энергетикалық параметрлерін белсенді ететін үрдістің нәтижесі. Бұл өрістің феноменологиялық координаттары мен базалық категориялары ретінде мәтін, дискурс, концепт, идиоглосса, доминант және т.б. алынды.

Көп дискурсты тілдік тұлғаның қалыптасуына мәдени-әлеуметтік және шығармашылық факторлар тікелей әсер ететіні анықталып, нақты мысалдар негізінде талданды. Бұл ТТ-ны талдаудағы экстралингвистикалық факторлармен тең дәрежеде қарастырылатын ерекшеліктер. Себебі адамның биологиялық (жынысы мен жасы), психикалық (сөйлеу сәтіндегі және одан бұрынғы эмоциялық күйі), әлеуметтік (ұлт, туған жері, әлеуметтік мәртебе, мамандығы), өзіндік (сөздік қор, негізгі сөздер, ұстанымы, көзқарасы, «өзім-өзге» оппозициясына сәйкес ортамен қарым-қатынасы, риторикалық құралдар жиынтығы, фразеологиялық ерекшеліктер), қоғамы мен әлеуметтік ортасы, ұлттық мәдениет пен дәстүр сипаты, шығармашылық әрекеттерінің барлығы ТТ феноменін анықтауда және оның когнитивтік-прагматикалық сипатын талдауда баса көңіл бөлінетін детальдар болып саналады. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы тіл мен мәдениет тоғысында когнитивтік-прагматикалық әлеуетінің, мәдени-әлеуметтік тәжірибесінің бірлігін

көрсетеді. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы интегративті, көп дискурсты, синкретизм мен ұлттық-мәдени репрезентацияны тоғыстыруымен ерекшеленеді. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасы ұлттық-мәдени феномен ретінде сөз зерегерінің шеберлігін ғана танытып қоймайды, сонымен қатар ұлттық болмысты, қазақы дүниетанымды да көрсетеді.

## 2 Ш. МҰРТАЗА ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ВЕРБАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІСІ

### 2.1 Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі және дискурс қабаттары

Бүгінгі таңда лингвистикада дискурстық практикалардың когнитивтік аспектілеріне арналған Е.А. Баженованың, Н.И. Клушинаның, А.В. Полонскийдің, О.С. Иссерстің және т.б. зерттеулері бар. Ғалымдар когнитивистика тұрғысынан дискурсты түрліше сипаттайды:

1. Дискурс когнитивтік ұйымдасумен байланысты, яғни оны ментальді кеңістік ұғымы арқылы сипаттауға болады. Бұл кеңістік – фреймдермен құрылымдалған концептілер жиынтығы. Концептіні құрылымдау тәсілі сөйлеушінің позициясын білдіретін тілдік құралдарды таңдауға ықпал етеді [156]. Концепт – сөйлеу, ойлау әрекетінің әлеуметтік контекске бағытталған ментальдік бірлігі.

2. Дискурс трансляцияланатын концептілердің табиғатын белгілейді: күнделікті, ғылыми, көркем концептілер және т.б.

3. Дискурс өз концептосферасын қалыптастырады, ол символ, концептуалдық оппозиция, метафоралар арқылы көрінеді [97]. Дискурста тілдік кеңістікпен қатар концептуалдық кеңістік қалыптасады. Ол кеңістік концептілерді ғана емес, білім форматтарының әртүрлі құрылымдарын да қамтиды.

4. Дискурс – когнитивтік-коммуникативтік құбылыстардың ортасы әрі негізгі факторы. Ол дискурстық тәжірибе арқылы тілдік тұлғаның когнитивтік стилінің қосалқы стильдерімен (тезаурустық, ментальді-психологиялық, интеллектуалдық, эпистемологиялық) сипатталады [7].

Тілдік тұлғаның дискурстық кеңістігін сипаттауда дискурс сипаттамалық тұрғыдан талданады. Ол бірнеше бөліктен тұрады:

- конституентті белгілерді талдау (мәдени-әлеуметтік компонент, субъектілік компонент, құрылымдық-оқиғалық компонент);
- дискурстық оқиғаны талдау (жағдаяттық-прагматикалық компонент, мәтіндік компонент, лингвостилистикалық компонент).

Дискурсты сипаттамалық тұрғыдан талдаудың негізгі ұғымдары:

- дискурс құрылымы – дискурстық оқиғалар жиынтығы;
- дискурстық оқиға – «ортақ тақырыбы бар, белгілі бір мәтін түрінде көрінетін, дискурстық әрекетке қатысушылармен біріккен аяқталған фрагмент»;
- дискурс әрекеті – «дискурсқа қатысушының басқаға ықпал етуге бағытталған коммуникативтік қадамы»;
- дискурстық жанр – нақты мәтін түрінде көрінетін дискурстық әрекет;
- дискурстық тоналдылық – дискурстық оқиғаның эмоциялы атмосферасы, ресмилік дәрежесі (жоғары, орта, төмен регистр);
- дискурстық стратегия – «дискурсқа қатысушының адресатқа ықпал ету дәрежесін күшейтіп, азайтуға бағытталған коммуникативтік әрекеті» [157, 16].

Дискурстар экстралингвистикалық факторлармен (сала, жағдаят, қатысушылар, арна және мақсат қоюмен) ғана емес, әрбір дискурстағы ойлану деңгейімен де ерекшеленеді. Сөйлеу тақырыбы не нысаны бір болғанымен, әртүрлі дискурстар арқылы репрезентацияланатын концептуалдық жүйелер сәйкес келмейді. Мысалы: «Көркемдік, ғылыми, философиялық, күнделікті ойлау ортақ концептіні қолданғанмен, құрылым фрагменттерінде түрліше көрініс табады. Концепт таным түрлері мен дискурстық ерекшеліктердің әсерінен өзгеріп, толығып отырады» [81, 12]. Осы дискурстық дәстүрлер адамның санасында белгілі бір ойлау түрін өзектендіреді, шындықты танудың нақты формасына жүгінуді шарттайды. Когнитивтік-дискурстық бағыт бойынша, контекст табиғаты когнитивтік білім ретінде сипатталады. Зерттеушілер контексті тілдік және тілден тыс білім ретінде қарастырып, ол вербалды және бейвербалды деңгейде көрініс табатынын айтады [114]. Когнитивтік контекст дискурстық стильдердің қалыптасуына негіз болады. Өйткені адамның когнитивтік әрекет барысында алған дүниетанымдық түсініктері тілдік құрылымдар мен дискурстық стильдер арқылы бекітіледі. Демек дискурс – когнитивтік құбылыс, өйткені ол білімді таратуға, ерекше білім түрлерімен жұмыс істеуге және жаңа білімді құрастыруға бағытталады [116, 23].

Жұмысымызда контекст тілдің ішкі, ажырамас бөлшегі ретінде сипатталады. Соның негізінде тілдік құралдардың мағынасы айқындалып, дискурстың мазмұны ашылады. Зерттеуде дискурстың когнитивтік контексі білім, дискурстың доминант мәндері, концептуалдық кеңістік, пресуппозиция, дискурс адресантының ұстанымдары, мағына қалыптастыру, интерпретациялау механизмдері және т.б. когнитивтік құрылымдар арқылы сипатталады. Бұл құрылымдар дискурстық тұлғаның жеке әрі әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді. Когнитивтік құрылымдар дискурстық тұлғаның танымдық әрекеті (мәтін құрастыру, қабылдау, интерпретация, түсіну, кодтау т.б.) барысында санасында актуалданады.

Дискурс кеңістігі лингвоменталды болғандықтан, бұлар дискурстық тұлғаны (ДТ) сипаттауда өте маңызды болады. Осыған байланысты дискурстағы мағыналарды репрезентациялаушы тілдік және дискурстық құралдармен қатар когнитивтік құралдарды да айқындау қажет. Тілдік тұлғаның когнитивтік кеңістігі дүниетанымына, қабылдауына, этномәдени доминанттарға, идеологияға, лингвориторикалық идеалға, ойлау-сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты болады. Дискурсты кеңістіктің компоненттеріне ДТ-ның мақсат-міндеттері, пресуппозициялар, құндылық бағдарлар, мотивтер, мәдени және тілдік кодтар, ментальді және тілдік бейнелер, сана стереотиптері, қабылдау модустары, концептілер, рефлексия элементтері, мағыналық доминанттар мен мағыналық құрылымдар жатады.

Шерхан Мұртазаның дискурстық кешені өте ауқымды. Ол тілдік тұлғаның жазушы (кейіпкерлік/персонаждық, сатиралық және көркемдік дискурс), публицист (публицистикалық дискурс), журналист (журналистік дискурс), философ (философиялық дискурс), баспагер (баспагерлік дискурс) сияқты қырларымен

байланысты. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының көп дискурстығы оның қызмет еткен салаларына қатысты екенін атап өткен болатынбыз. Ең алдымен, Шерхан Мұртаза жазушы, драматург, көркем сөз шебері ретінде танымал. Жазушының «Құрылысшы Дәку» (1958), «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), «Интернат наны» (1974), «Мылтықсыз майдан» (1977), «Жүрекке әжім түспейді» (1987) т.с.с. повестері мен әңгімелері, «Қара маржан» (1986) романы, «Ай мен Айша» роман-дилогиясы (1997), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы (1978-1994) көпшіліктің көңілінен шықты. Сонымен қатар драматургия жанрында да қалам тербеп, «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғызүйлік зілзала», «Домалақ ана», «Есек саудасы», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») сияқты пьесаларын жазды, «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002), «Бір кем дүние. Ойтолғау» (2008) секілді ой-толғаулары жарық көрді.

«Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Қоғам ауруын жазады, таниды дегенде қолма-қол емес, адамдардың жүрегіне жігер, көзіне нұр, көкірегіне сәуле қосу арқылы әсер етеді. Сиқырлы сөз – ауруды жазатын сөз. Қоғам дерті осындай сөзбен емделеді» [34, 19], – деген Ш. Мұртаза шығармаларында осы межеден шығуға тарысты. Сондықтан тарихи романдарында да, драмаларында да, ой-толғауларында да осы ұстанымнан айнымады.

*Дискурстың когнитивтік ерекшелігі* дискурс пен когнитивтік әрекет арасындағы байланысты көрсетеді. Мәтінді қабылдау мен мәтін құрастыру үдерістері когнитивтік сипатта. Сана мен ғаламды қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты болғандықтан, дискурс та когнитивтік әрекетке жатады. Н.Н. Болдырев когнитивтік контекст ретінде белгілі бір когнитивтік сала – ментальдік кеңістік, концептуалдық құрылым қарастырыла алатынын айтады. Ол белгілі бір тілдік бірлікпен байланысқан білімді қамтиды [158]. Сондықтан сөздердің мағыналары парадигмалық және синтагмалық контекстермен емес, белгілі бір когнитивтік контекстермен – осы мағыналардың негізінде тұрған білім блоктарымен байланысты болады [159]. Ғалым когнитивтік контексті күнделікті білімнің құрылымы, мәдени түрде қалыптасқан, канондық сипаты бар, сөйлеуші қауым үшін ортақ мәдени білім үлгілері ретінде сипаттайды. А.В. Полонский когнитивтік контексті ескеру арқылы дискурстық тұлғаның және бүкіл қоғамның ментальдік кеңістігін құрау механизмдерін анықтауға болатынын айтады. Зерттеуші дискурсты «адам болмысының өзекті категориясы» ретінде сипаттайды [160]. Контексте коммуникацияға қатысушылардың бірқатар когнитивтік сипаттары (мысалы, пікірлері) қамтылады. Бұл сипаттар олардың әлеуметтік бейнесінің құрамдас бөлігі болып табылады әрі ақпарат жеткізу, сендіру, идеологияны білдіру тәсілдеріне қатысты үдерістерді түсіндіру үшін қажет болады [84, 138].

*Әлеуметтік контекст* – кез келген коммуникациялық актіге ықпал ететін фактор. Соның негізінде нақты дискурстық тәжірибе арқылы әлеуметтік шындық құрастырылады. А.Р. Лэнекер мәдени-әлеуметтік жағдайлардың тілдік не дискурстық құралдарды қабылдауға әсері арқылы пайда болатын біріншілік және екіншілік когнитивтік контекстерді көрсетеді [161]. Мәселен, 1991 жылдан кейін «кеңестік» сөзіне «қажетсіз, ескі» коннотациясы пайда болса, қазіргі кезде «сол дәуірге тән, кәдімгі, үйреншікті» секілді жағымды реңктер қосылды.

Когнитивтік аспектіде тұлғаның дүниетанымы немесе концептосферасы (яғни бейнелі ойлау, схема, ұғым түріндегі концептілер жиынтығы) көрініс табады. Сонымен қатар когнитивтік салаға конструктосфера – құндылық бағдары, дүниетаным, қабылдау ерекшеліктері негізінде қалыптасқан ментальдік құрылымдар да жатады. Бұл терминді алғаш психолог Джордж Келли енгізген. Зерттеуші: «Адам әлемге өзі жасаған үлгі не шаблондар арқылы қарайды, солардың көмегімен әлем болмысын тануға тырысады... Бұл үлгілер «конструкт» деп аталады. Конструкт – әлемді түсіну тәсілдері» [162, 14]. Конструкт тұлғаның жеке тәжірибесі негізінде түзіледі. Конструкт жүйесі адамның дүниетанымын, яғни түрлі оқиғаларды бағалауға, болжауға мүмкіндік беретін ұстанымдардан құралады.

Ю.Н. Караулов мотивациялық деңгейді ең күрделі әрі даралық сипатқа ие деңгей ретінде көрсетеді [17]. Онда әрекеттік-коммуникативтік қажеттіліктер бірліктер ретінде, коммуникативтік желі байланыстырушы ретінде, мәдени прецеденттік мәтіндер стереотиптер ретінде көрінеді.

Бүгінгі таңда Ю.Н. Карауловтың ұстанымдары екі түрлі бағытта дамып отыр: 1) тілдік тұлғаны дерексіз (абстрактілі) модель ретінде сипаттау немесе тілдік тұлғаны нақты жеке тұлға ретінде қарау; 2) «тілдік тұлға» терминін қолдану немесе «коммуникативтік тұлға», «сөйлеу тұлғасы» және т.б. терминдермен толықтыру. Тіл тұлғаның мәдени-әлеуметтік жағдайлармен, прагматикалық мақсаттарымен, дүниетаным ерекшеліктерімен, ниеттерімен және т.б. байланысын көрсетеді [17]. Сондықтан көп дискурстық тұлғаның қалыптасу себептерін көрсетіп, когнитивтік-стилистикалық механизмдерін ашу, әмбебап белгілерін көрсету қажет. Дискурс әрекеті тілдік құзіретке (сөйлеу, коммуникативтік) ғана емес, тілдік білім мен дағдыларды, дискурстық қызмет барысында қолданылатын тілден тыс контекстерді (прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивтік) меңгеруге, оларды дискурс тәжірибесінде қолдану қабілетіне негізделетін тілдік тұлғаның дискурстық құзіретіне де сүйенеді.

Лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгейді зерттеу үшін когнитология және концептология әдістері мен құралдары қолданылады. Имаген, логоген, прототип, схема, пропозиция, сценарий және т.б. тілдік тұлғаның санасында бейнеленеді. Бұл білім құрылымдары мәтінге не сөйлеу әрекетіне әсер етеді. Сөйлеу – адам санасын зерттеудің құралы ретінде лингвокогнитологияның қарқынды дамуына жол ашты. Лингвокогнитологтар мен лингвомәдениеттанушылар концептіні зерттеудің негізгі нысаны, білім құрылымы мен мәдени ақпаратты сақтау тәсілі ретінде сипаттайды.

Ю.Н. Караулов концептілер тілдік тұлғаның тезаурустық деңгейін қалыптастыратынын айтады [17].

Зерттеушілер концептіні түрлі қырынан сипаттайды:

- универсалды, этностық, топтық, даралық [163],
- нақты және абстрактылы [164],
- ұғым, схема, бейне, фрейм, сценарий, гештальт [165],
- тез өзгеретін /өзгермейтін, бейімделетін/бейімделмейтін [166],
- бір деңгейлі, көп деңгейлі, сегменттелген [167],
- лексикалық, фразеологиялық, сөзжасамдық, грамматикалық, синтаксистік.

Н.В. Крючкова [168], Н.А. Красавский [167] концептінің дискурсты ұйымдастыруына, белгілі бір дискурстың түріне қатысына қарай жіктейді. В.И. Карасик концептілерді *базалық* және *локальдық* деп бөледі [169]. Мысалы, саяси дискурста «билік» концептісі жиі қолданылса, педагогикалық дискурста «білім» концептісі жиі қолданылады. Сонымен қатар нақты бір дисркурсқа телуге келмейтін концептілер де бар. Мысалы: «еңбек», «жалғыздық», «махаббат» және т.б. Н.Н. Болдырев тілдік бірліктердің мәдени мағынасын белгілі бір когнитивтік контекст аясында ғана түсіндіруге болатынын айтады. Зерттеуші контекстерді белгілі бір концептуалдық аймақтарға жетуге мүмкіндік беретін біртұтас когнитивтік матрицаның құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды [164, 81].

Жұмыста А.В. Болотновтың ұстанымын басшылыққа ала отырып, идиостильді күрделі, көп қырлы вербалды феномен ретінде қарастырамыз. Ол үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

1. **мәдениетті сөйлеу стилі** – лексикон, семантикон, грамматикон, стилистикалық тәсілдер, ақпаратты ұсыну үлгілері, тілдік мәдениет типі;
2. **коммуникативтік стиль** – сөйлеудің тактикалары мен стратегиялары, реттеуші құралдар мен құрылымдар, коммуникативтік нормалар, адресатқа бағдар, жанрлар;
3. **когнитивтік стиль** – мәтінде әлемнің концептуалды бейнесін, зияткерлік қабілет, эмоция, бағалау, мотивацияны (мақсат, себептер) бейнелеу [145, 23].

Көп дискурсты кеңістікті модельдеу арқылы тілдік тұлғаның дискурстық кеңістігін талдау алгоритмі түзіледі. Онда әртүрлі дискурстар бір жерге тоғысып, өзара әрекеттеседі. Тілдік тұлғаның дискурстық (көп дискурсты) кеңістігі – белгілі бір тұлғаның бір жіктеме арқылы ерекшеленетін дискурстарының жиынтығы. Ол кеңістіктің вербалды когнитивтік және коммуникативтік өлшемдері болады:

- когнитивтік өлшем – кез келген дискурстың негізін құрайтын тілдік сана.
- коммуникативтік шектеулер – субъектінің сөйлеу әрекеті, яғни түрлі коммуникативтік міндеттерді шешуге бағытталған мәтіндер (айтылымдар) корпусы.

Дискурстық қабаттар (4-кесте) – сөйлеу әрекетінің және мәтіннің семантикалық және коммуникативті ұйымдастырылуынан байқалатын деңгейлер. Дискурстың әр қабаты ақпаратты және эмоцияны, құндылықтар мен контекстті

адресатқа жеткізуде атқарылатын нақты қызметтерге жауап береді. Дискурстық қабаттар мағынаны қабылдау деңгейлері секілді: сөзді, мәтінді философиялық сипатында, тілдік сипатынан құндылыққа дейін тереңдете түсінуге мүмкіндік береді. Олардың талдауы дискурстық мәтінді үстірт талдамай, ТТ тарапынан «не айтылғанын» ғана емес, не үшін және қалай айтылғандығын тануға көмектеседі.

4-кесте – Дискурстық қабат түрлері.

| № | Дискурстық қабаттар | Нені анықтайды? | Ерекшелігі, өзге дискурстық қабаттардан айырмашылығы қандай? |
|---|---|---|---|
| 1. | *Формалды-лингвистикалық қабат* | мәтін құрылымын, грамматикасын, лексикасын, синтаксисін анықтайды | дискурсты тілдік «қолтаңбаға» сай ғылыми, публицистикалық, көркем, философиялық, саяси т.б. түрге ажыратады |
| 2. | *Стилистикалық-риторикалық қабат* | ойды білдіру әдістерін, стильді таңдауды, интонацияны, риториканы анықтайды | автордың оқырман мен тыңдаушы назарын басқаруын эмоцияға әсер ету, ирония, сарказм, юмор т.б. негізінде көрсетеді |
| 3. | *Когнитивті-мағыналық қабат* | ментальді құрылымдарды, тұжырымдамаларды, ойлау логикасын анықтайды | автордың әлемнің қандай суреттері мен ойлау үлгілерін ұсынатынын көрсетеді |
| 4. | *Мәдени-семантикалық қабат* | мәдениетке, мифологияға, дәстүрлерге, прецеденттік мәтіндерге сілтемелерін анықтайды | дискурстың мәдени жүйеге қаншалықты енгенін көрсетеді |
| 5. | *Психологиялық-эмоционалдық қабат* | субъективті эмоциялар, көңіл-күй, автордың ішкі күйін анықтайды | мәтіннің эмоционалды фонын, яғни мазасыздық, шабыт, ашу, жанашырлықты көрсетеді |
| 6. | *Идеологиялық-аксиологиялық қабат* | құндылыққа қатысты көзқарастарын, сенімдерін, саяси немесе дүниетанымдық ұстанымдарын анықтайды | қандай идеялардың алға жылжып жатқанын, яғни саналы немесе жасырын мақсаттарын көрсетеді |
| 7. | *Коммуникативтік қабат* | кім айтады, кімге айтады, қайда, қандай мақсатта сөйлейтінін анықтайды | сөйлеушінің әлеуметтік рөлін (мұғалім, сарапшы, үгітші т.б.) көрсетеді |

Аталмыш дискурстық қабаттардың барлығы Ш. Мұртазаның көп дискурсының пайда болуы мен негізгі мақсаттарын айқындайды. Сонымен қатар Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігіне тән дискурстық қабаттары әртүрлі дискурс түрлерінде белсенді көрініс тапқан.

Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі мен көп дискурсы үш өлшемде танылады. Олар (4-сызба):

4-сызба – Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі мен көп дискурсының негізгі өлшемдері.




Мәтіндік материалды талдау барысында тілдік тұлғаның көп дискурсты портретін құру үшін дискурс доминанттары көрсетілді. Доминант – когнитивтік-вербалды өнімнің (сөйлеу, мәтін, дискурс және т.б.) мәндік көрінісі ретінде әртүрлі деңгейде анықталатын компонент. Мәтін деңгейінде доминант – «мәтіннің мәні, мағыналық өзегі» [170, 56], «негізгі мағынаның индикаторы» [89, 14], ол «оқырманның не тарихи жағдайдың әсерінен емес, шығарманың мазмұнынан туындайды» [171, 103], «оқырманның мәтінді қабылдауы арқылы мәтіндегі негізгі ой мен авторлық концепцияны айқындайды» [147, 88].

Шерхан Мұртазаның мәтіндер корпусынан белгілі бір дискурсқа енетін күрделі дискурсемаларын атап өту маңызды. Бұлар ТТ-ның көп дискурстық сипатын дәлелдейтін негізгі материалдар ретінде құнды. Мысалы (5-сызба):

5-сызба – Ш. Мұртазаның мәтіндер корпусындағы дискурсемалар.




Шерхан Мұртазаның көркем дискурсы сан алуан. Тілдік тұлға бастапқыда өлең жазады. Алайда «Лениншіл жас» газетінің бетінде жарияланған Зейнолла Серікқалиевтің сынынан кейін «өлең жазуды үзілді-кесілді қойып кетеді» [12]. Проза саласындағы алғашқы туындылары ретінде «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41-жылғы келіншек», «Ахметжанның анты» т.б. повестері мен «Интернат наны» атты

әңгімелер жинағын атауға болады. Алғашқы көлемді прозалық туындысы – «Табылған теңіз» повесінде Каспий теңізінің жағалауындағы балықшылардың өмірін баяндайды. Жазушы бұл шығармасында еңбек адамының ішкі әлемін танытуға тырысады. «Белгісіз солдаттың баласы» деген повесінде жетім баланың соғыстан кейінгі тағдырын суреттейді. «Мылтықсыз майдан» повесінде тәрбие мен білім беру ісін кәсіби міндет емес, адамгершілік миссия ретінде сипаттайды. Яғни алғашқы шығармаларынан бастап жазушы еңбек адамының бейнесі, соғыстан кейінгі ауыр тұрмыс, бала психологиясы, тәрбиенің мәні, адамгершілік, адалдық туралы сөз етеді. «Интернат наны» әңгімесінде нан өмір үшін күресің, жеке адам мен қоғам арасындағы күрестің символы ретінде көрінеді. Тілдік тұлғаның проза саласындағы алғашқы қадамдары туралы әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаев: «Шерхан Мұртазаев туған әдебиетіміздің киелі табалдырығын 60-жылдары имене де ілтипатпен аттаған, бүгінде айтар ойы қордаланып, қомақтанып қалған тегеурінді буынның тегершігі берік белді бір өкілі. Ол – әлдекімдер сияқты әр жанрдың «есігін» бір ашпай, алғашқы тұсаукесер туындысынан бастап негізінен повесть жанрының соңынан індете қуып, ізденіп келе жатқан жазушы. Оның «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы» сияқты көлемді повестері бүгінгі замандастарымыздың өмірін арқау еткен, идеялық-тақырыптық ерекшелігімен көзге түскен еді. Ал бұлардан кейін жазған «Мылтықсыз майдан» повесі шеберлік шыңына батыл қадам басқан, көркемдік бағыттағы өзіндік ізденісімен көпшілік көңілін аударған болатын» [1, 36], – деп жазды.

Шерхан Мұртазаның шығармалары Ғабит Мүсірепов, Тахауи Ахтанов, Рахманқұл Бердібай, Мұхаметжан Қаратаев, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков сынды сөз зергерлерінің тарапынан жоғары бағаланған.

Тілдік тұлғаның когнитивтік кеңістігі өте ауқымды. Шерхан Мұртазаның шығармаларында адам мен қоғам, рух пен жүйе, тұлға мен ел арасындағы тартыс пен үндестік көркем бейнеленген. Жазушы көркем шығармалары арқылы ұлттық рух пен тарихи жадты бейнелейді, азаматтық ұстаным мен адамгершілік қағидаларды насихаттайды. «Қызыл жебе», «Сталинмен қоштасу», «Жүз жылдық жара» атты тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларында тарихи тұлғалардың, ұлттың тағдыры сөз болса, «Ай мен Айша» атты өмірбаяндық шығармасында отбасылық құндылықтар сөз болады. Роман-дилогияның кіріспесінде жазушы: «...Халық жазушысы» атандым. «Жазғанымның бәрі – алтын», – дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады... Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін. Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза түсіме сирек кіреді, өйткені ол кеткенде, мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана. Егде тартқанда бүгін көргенің ертең естен шығады. Ал енді бала кезде көргенім,

естігенім бүгінгідей әлі есімде. Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын? Ата-бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» – деп қолыма қалам алдым» [13, 4], – дейді.

Романда ашаршылық жайлаған жылдар, әкесінен ерте айырылып, тағдыр тауқыметін тартқан кез, Отан соғысы жылдарындағы ауыл өмірі, бала кезінде анасымен бірге көрген қиындықтар туралы сөз болады. «Қызыл жебе», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Алтын бесік», «41-жылғы келіншек» т.б. шығармаларында қазақ тарихынан сыр шертіп, қазақ зиялыларының өмірі, қайраткерлігі, тарихи оқиғалар туралы баян етеді. «Қара маржан», «Белгісіз солдаттың баласы» атты шығармалары азаматтық борыш, рухани ерлікті сөз етсе, «Табылған теңіз», «Мылтықсыз майдан» атты шығармалары арқылы әділдікті, еңбек адамының шынайы болмысын бейнелейді. Тілдік тұлғаның шығармаларындағы кейіпкерлер галереясы да сонылығымен ерекшеленеді: онда тарихи тұлғалар да (Тұрар Рысқұлов, Ахат қария, Сақан балуан, Омар, Қара Иван, Бронников, Дауылбай, Ленин, Сталин, Свердлов, Фрунзе), психологиялық кейіпкерлер де (Айша, бала, жетімдер), халық өкілдері, еңбек адамдары (жұмысшы, ұстаз, жесір, қария, жас оқушы) бейнеленген.

«Қызыл жебе» романы – сөз зергерінің жиырма жылға жуық жазған (1973-1990) шығармасы. Онда Тұрар Рысқұловтың бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейінгі оқиғалар хронологиялық ретпен бейнеленген: балалық шағы, әкесі – Рысқұлдың түрмеге түсуі, Әулиеата кезеңі, Тұрардың түрмедегі оқуы, интернаттағы өмірі, Мәскеуге кетуі; саяси күрес жолына араласуы, Түркістанда қызмет етуі; кеңестік жүйемен күресі, сталиндік аппаратпен тартысы; сатқындық, әділетсіздік, қайғы, тарихи трагедия. «Қызыл жебе» романы мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін, күрескерлік жолын бейнелейтін тарихи көркем шығарма болғандықтан, жазушының жан-жақты ізденісін, тарихи деректер мен көркемдік шешімді тоғыстыра отырып сипаттауды қажет етті. Сол себепті Шерхан Мұртаза сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды, кейіпкерлердің болмыс-бітімін, мінез-құлқын дәл беруі тиіс болды.

Тілдік тұлғаның шығармашылық зертханасы XX ғасырдың басындағы тарихи кезеңге, айы мен күні, жылы жазылған хаттар, қатынас қағаз, арыздармен толықты. Автордың өзі кітабы туралы: «Меніңше, осы «Қызыл жебе» атты бес кітап таза көркем шығарма да емес, архив материалдарына негізделген құрғақ тарих та емес, зерттеу, публицистика да аралас дүние. Оны мен аттың жалында, түйенің қомында жаздым. Журналист ретінде негізгі қызметтен бос уақытым болған жоқ. Үздіксіз жегілген жұмысым бар. Сол жұмыста ілінген мойынтұрықты сүйретіп жүріп бір қолыммен қызметімді атқардым, екінші қолыммен жазушылықпен айналыстым», – дейді. «Қызыл жебе» – Тұрар Рысқұловтың бейнесі арқылы мемлекет пен тұлғаның қатынасын ашатын идеологиялық дискурс. «Қызыл жебе» романында тарихи және публицистикалық дискурс тоғыстырған, нақты деректер көркемдік шеберлікпен үйлескен [172]. Тұрар Рысқұлов – тарихи тұлға болғанмен, автор оны ұлттық

рухтың, еркіндік үшін күрестің символы ретінде бейнелейді. Ш. Мұртазаның шығармаларында тарихи, публицистикалық, әлеуметтік, философиялық, мемориалдық, психологиялық, сатиралық дискурстар өзара қабысып, көп дискурсты кеңістік құрайды.

«Ай мен Айша» романында ана бейнесі экзистенциалдық және символдық дискурстарды біріктіреді. «Ай мен Айша» – ана мен баланың арасындағы экзистенциалдық қатынас, тарих пен тағдырдың үндестігіне құрылған психологиялық-дискурсивтік кеңістікті құрайды. Ана бейнесі арқылы жазушы ұлттық рухты, тұрмыстық философияны, соғыс жылдарындағы қайғы мен қайсарлықты шебер бейнелейді [173].

«Қызыл жебе» – Тұрар Рысқұловтың бейнесі арқылы мемлекет пен тұлғаның қатынасын ашатын идеологиялық дискурс. «Қызыл жебе» романында тарихи және публицистикалық дискурс тоғыстырған, нақты деректер көркемдік шеберлікпен үйлескен [172]. Тұрар Рысқұлов – тарихи тұлға болғанмен, автор оны ұлттық рухтың, еркіндік үшін күрестің символы ретінде бейнелейді. Ш. Мұртазаның шығармаларында тарихи, публицистикалық, әлеуметтік, философиялық, мемориалдық, психологиялық, сатиралық дискурстар өзара қабысып, көп дискурсты кеңістік құрайды.

Шерхан Мұртаза көркем дискурсы арқылы тарих пен қазіргі заманды байланыстырады; ұлттық сана мен ұлттық рухты көркем бейнеге айналдыру арқылы Тұрар Рысқұловтың қазақ тарихындағы орнын көрсетуді, ақиқатын, әділдігін айтуды көздейді. Жазушының дискурстық стратегиясы – ұлт тағдырын жеке адам арқылы көрсету. Бұл – дискурс пен концепт, автор мен кейіпкер, тарих пен тағдыр арасындағы тұтас риторикалық құрылым. Жазушы тілдік тұлғасының көркем дискурсында тарихи дискурс («Қызыл жебе»), психологиялық дискурс («Ай мен Айша»), әлеуметтік дискурс («Жүз жылдық жара», «Сталинмен қоштасу»), публицистикалық дискурс («Қара маржан», «Табылған теңіз») тоғысқан [174].

Ф. Оңғарсынова Шерхан Мұртазаның кісілігінің үш қайнар көзін, негізін (Жасаған иесі мен туған еліне деген сүйіспеншілік; әділет; ақыл-ой қуаты) атай келіп: «Жалғанның таразысында жақсылықтан жамандық үстем шыққанда, даналықтан надандық асып түскенде, әділеттілікті әділетсіздік басып кеткенде, осы үш негізден өсіп-өнген қасиеттер құрыштай қайнап, тұтасады. Ондайда Шерағаң дара тұлғадан дана тұлғаға айналады: жақсылықтың жағында болады, әділеттіліктің туын көтереді, даналықтың сөзін сөйлейді» [1, 89], – дейді. Осы қайнар көздер тілдік тұлғаның дискурстарына да арқау болған. Елі үшін құрбан болған елдің есімін көпшіліктің білмейтініне қынжылған Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романын жазуды қолға алса, билік басына Г.В. Колбин келіп, көкірегін ұлттық намыс кернеп, ашуға булыққан жандардың көңілдеріне медеу ретінде «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған» драмалары жазылды. Уақыт талабынан туындаған көркем шығармалар жасыған көңілді қайта түлетіп, ұлттық сананың оянуына ықпал етті.

Шерхан Мұртазаның шығармаларынан автордың бейнесі, өрлігі, қайсарлығы сезіліп тұрады. Шерхан Мұртазаның прозасында ұлттық болмыс, тарихи жады, моральдық құндылықтар көркем тілде бейнеленді. Жазушының романдары, повестері мен әңгімелері – ұлттық дүниетаным, тұлғаның жетілуі, рухани этика тоғысқан кең дискурстық кеңістік. Тілдік тұлға шығармаларының концептуалдық жүйесі көп қырлы, кейіпкерлерінің ішкі және әлеуметтік кеңістігі қатар қамтылған, ұлттық код пен моральдық бағдар тоғысқан. Шығармаларында өмірбаяндық, тарихи-реалистік, әлеуметтік-психологиялық, тәрбиелік желі қатар өрілген. Сол арқылы жазушы ұлттық мінез, уақыт көрінісі, заман шындығы сияқты тақырыптарды концептуалды деңгейде баяндайды.

Ұлттық мәдениетті өз бойында жинаушы және тасымалдаушы ретінде Ш. Мұртаза ұлттық концептілерді танып, оны өзінің көркем, публицистикалық шығармаларында т.б. оқырманға, тыңдаушыға түсінікті әрі танымдық мақсатта жеткізген. Мәселен, «Шерхан Мұртаза туындыларындағы *қазақ халқы* концептісінің санада бейнеленуі концептілік құрылымдардың тізбегіне сай түрлі формада кездеседі. *Қазақ халқы* концептісінің мәнін ашатын ұғымдарды да, мазмұнын ашатын тіркестерді де жолықтырамыз. *Қазақ* концептісі дара тұрып макроконцептті құрайтыны белгілі. Сондықтан *қазақ халқы* концептісінің мазмұндық мәні де терең әрі сан-салалы болмақ. Шерхан Мұртаза шығармаларында бұл концепттің когнитивтік моделі ұлттық танымды білдіретін этномаркерлер негізінде сипатталады» [133, 5].

«*Қазақ халқы»* концептісін айқындайтын негізгі этникалық, лексикалық мағынаның кодталған ақпараты ТТ-ның көркем дискурсында әртүрлі үлгіде көрініс тауып отыр. Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» романында қазаққа тән мінез психологиясын, рухани таным-түсінікті, салт-дәстүрді, дәстүрлі дүниетаным мен әдеттерді, көзқарастар мен қағидаларды т.б. кейіпкерлерінің ішкі психологиясын аша отырып, оларға тән мінез-құлық белгілерін сипаттау негізінде әрі деректі заттар мен іс-қимылдар, таңбалар, лексикалық бірліктер, тілдік элементтердің мол қорымен сипаттайды. Сонымен қатар оқырман мен тыңдаушыға бағыттай отырып, коммуникативтік мағынаны үстейді, дискурстық мәнін арттырады.

ТТ ұлттық-мәдени танымы арқылы санада қалыптасқан, ұлтты танытатын ерекшеліктер автор көркем шығармаларының мәтінінде кеңінен кездесіп отырады. Мұндай мысалдарды талдау арқылы ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын терең тани түсеміз. Мәселен, автордың «Қызыл жебе» романындағы: *«Қанша кедей болса да судан балық сүзуді кәсіп қылмаған қазаққа бұл бала-шағаның қылығындай көрінді»* [11, 15], – деген ойы ұлттық санада ертеден, туа бітті қалыптасқан таным көрінісін байқатады. Демек ойды жеткізуші жеке ТТ болғанымен, оның сана түкпіріндегі ұлттық мәдениет пен діл сипаты көрініс тапқан. Себебі *«балық сүзуді кәсіп қылмаған қазақ»* деген тіркестің өзі *«қазақ халқы»* концептісінің мазмұнын ашатын сема мен ассоциативтік таңба негізінде ТТ санасында сипатталып тұр. Фрейм формасында ұсынылған аталмыш концепт түрі

негізінде қаламгер қазақтың өмір сүру салтынан, тарихынан, дүниетанымынан сыр шертіп отыр. Ол қазақтың әуелгі кәсібі болмаған балық сүзу ісін мысалға алу арқылы халықтың географиялық орналасу ерекшелігінен де хабар беріп өткен. ТТ санасында бекіген ұстаным мен тілдің өзара байланысы негізінде сананың тілдегі көрінісін тудырып отыр.

Қаламгер қарапайым фрейм формасында адресатқа танымдық ақпаратты да бағыттайды. *«Мынау қаһарлы қазақ түрмеден екінші рет қашып шығуды армандайды»* [11, 55], – деген тармақтағы *«қаһарлы қазақ»* тіркесін қарапайым суреттеу формасына жатқыза алмаймыз. Өйткені *«қазақ халқының»* туа біткен мінезіндегі қанға сіңген батылдығы мен рухтылығы туған ел мен жер жолында жан беруден тайынбайтын қазақты қалыптастырды. Ұлттың түп санасында сақталған мұндай ерекшелікті қаламгер мінез-құлық сипаты негізінде сипаттайды. Дегенмен мұны көркем шығарма кейіпкерлеріне тән қарапайым суреттеу яки сипаттау деп тар мағынасында қарастыру дұрыс емес. Мысалы: *«Рысқұлдың кім екенін танып қалған, қой қораға қамап қойсаң, абақты осы екен деп, тырп етпей жата беретін аңқау қазақ болмай шыққанына көздері жеткен»* [11, 107], – тармақта қаламгердің *«аңқау қазақ»* деген сипаттауы, ұлтқа тән аңғал әрі аққөңіл, сенгіш, кейде көнбіс мінез сипатымен байланысты. Ал *«...қой қораға қамап қойсаң...»* деу арқылы, ұлттың қысы-жазы төрт түлікті бағумен күн кешкен тұрмысынан сыр шертеді. Сонымен қатар қойдың үнемі момын мінезді сипаттауда қолданылатын зооним екенін назарға алсақ, қазақтың момындығын ашып суреттегені байқалады. Сондай-ақ бұл концептке сай тыныштық және бейбітшілікті танытатын *«қой үстіне бозторғай жұмыртқалау»* сияқты фразеологизмі еске оралады.

Ш. Мұртазаның аталған дискурсындағы оқиғалы үлгі, яғни фрейм төңірегінде түрлі оқиғаларды жүйелеу негізінде берілген *«қазақ халқы»* концептісінің когнитивтік сипатын көрсететін скрипттерді, ойсуреттерді де жиі ұшыратамыз. Концептті аталған мән-мағыналық үлгілерге сай талдау оның құрылымы мен санадағы суретін, алуан үлгіле көрініс табуын байқауға мүмкіндік тудырады.

Ш. Мұртазаның *«Қызыл жебе»* романындағы дискурстық мәтіндердегі суреттеулер қазақтың кез келгенге ілесіп кете бермес мінезін аталмыш кәсіпті игергенімен жатсынған сипатымен беруге тырысады. *«Құдай мал бермеген соң жер еміп қазақ жарыған емес»* [11, 132] немесе *«Шөбі шүйгін, суы бал, өрісі мол жер іздепті ғой мал баққан қазаққа»* [11, 159] – деген тұжырымдар оқырманға қазақтың ұлттық мәдениетінен хабар беру мақсатын артады. Қазақтың кең даласының сипаты ұлттық мінез сипатымен астаса сипатталады.

*«Атқа мінсе есіріп кететін қайран қазақ қиқулап ылдиға шаба жөнелген»* [11, 149] деген тармақтағы *«қайран қазақ»* фреймі ұсынылған концепт түрімен қатар, мәндес жүйелі ұғым, әрі қазақ халқының ат үстінде жүріп өмір сүрген өр халық екенін, ұлттық мінезін сипаттайды. Мұндағы қазақтың *қайран деген сөзбен* қатар келуі ұлттың басынан өткен түрлі тарихи кезеңдерінің көрінісімен, алуан заман сипатымен ассоциацияланады.

Шерхан Мұртаза шығармаларында *қазақ халқы* және *ұлт* концептілері өзара мәндес, өзектес болып келеді: *«Осының бәрі ғасырлар бойы отаршылық хал кешкен ұлттық сананың құлдырауынан шығар. Әйтпесе, араға алпыс жыл салып, ортамызға қайта оралған Міржақып Дулатов осы ғасырдың басында-ақ: «Оян, қазақ!» деп неге жар салған? Қазіргі қайта құру заманында демократияның шылбырына ептеп қана қол жетіп, арамызға Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың қайта оралғанына шүкір. Міржақып Дулатов «Оян,қазақ!» дегенде, Мағжан Жұмабаев былғанған дүниені топан суға алдырып, тазартып, жаңа адам жасамақ болады.*

*Ал Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып Күн болам!» дейді. Осының бәрі неліктен? Ұлтшылдықтан ба? Жоқ, ұлтқа жаны ашығандықтан. Ұлттық нигилистер қаптап кетпес үшін. Ұлттық сана сөніп, құлдық психология қатып қалмас үшін. Туған халқын құлдық психологиядан құтқармақ болған осындай арыстарымыз репрессияның құрбаны болды. Олармен бірге ұлттың ақыл-ойы бірге кеткендей болды да, шолақ белсенділер солардың орнын басып, тұлпар орнына бәйге есек қосар кезең келді. Мағжандарды «байшыл», «ұлтшыл», «пантюркист» деп өлтіре жамандап, Ахаңның еңбектерін үзіп-жұлып, ұрлап, сол «еңбектерімен» ғылыми үлкен дәрежеге жеткендер де болды»* [14, 130].

Сондай-ақ шығармада *ұлт* концептісіне анықтама беретін, қазақ халқына тән мінез-құлық ерекшелігін, әдеттеріне сай қалыптасқан менталитетін сипаттайтын қарапайым фрейм формасында көрінетін когнитивтік модель үлгілерін жиі ұшыратамыз: *«Қара шаруа болса да, **рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ.** Жан-жақтан ағылып келіп жатқан шәкірттердің арасынан ара-тұра **қара домалақ қазақ** балалары да кездесіп қалады»* [11, 15].

Тармақтардағы *рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ* фреймдері, сонымен қатар *қара домалақ қазақ балалары* тіркесі *ұлт* концептісінің мәнін ашатын танымдық детальдар қызметін атқарады. Себебі қазақ дүниетанымында *қара домалақ* ұғымы *қазақ* атауымен ассоциативтік таңба ретінде қатар аталады.

*Ұлт* концептісі ұлттық мінез бен ұлттық танымнан хабар береді. Қазақ ұлтының дүниетанымындағы бірлік, ынтымақты тілеу, жеке кейіпкер мінезіне телінген ұлттық образ жиынтығын танытады.

Қаламгер *ұлт* ұғымының когнитивтік моделін беруде нақты тіркестер мен фреймдер тізбегін қолданады:

***ер мінезді** тіктігі;*
***табиғи** қазақ;*
***аруақты сыйлаған** қазақ;*
***момын** қазақ;*
***қиялы жүйрік** қазақ;*
***ірі тұлғалы** қазақ* [15, 233].

Бұл сипаттаулар *ұлт* концептісінің когнитивтік моделін беруде негізгі қызметті атқарып тұр. Атаулардың мәні ұлттың дүниетанымы мен ұстанымы тұрғысында танылады. Сондықтан қаламгер ұлтқа тән басты мінездерді алға арту үшін *табиғи қазақ* тіркесін береді. *Табиғи* дегені ұлттық рухани танымын сақтаған, ұттық дүниетаным келбетін жоғалтпаған қазақ адамының портреті. Қазақ ұлтының ділі мен мәдениетін сипаттайтын *ұлт* концептісінің когнитивтік моделі ұлттың тарихымен, оның санасында сақталған суретімен берілген.

Шерхан Мұртазаның дискурсын талдаған кезде *«намыс», «қазақ тілі», «ұлттық рух», «адамгершілік»* және т.б. когнитивтік контекстерге ерекше назар аудару қажет: *«Мектеп жабылған соң тіл кетті. Ал ана тілінен айырылған халық – о да опат болған халық. Ана тіліңсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айырылған ұлт. Тілімізді ұлт деуге де келмейді. Тілінен айырылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен туған анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгүрт деп атайды.*

*Қазақтарды ұлттығынан айыратын бір-ақ жол бар, депті Сперанский, қазақтар арасында жаппай орыс мектептерін ашу керек, сонда қазақтар өз тілін ұмытады, ал тілін ұмытқан халық оп-оңай орыстанады.*

*Күндердің күнінде: республикада қазақтар 40-ақ процент, сондықтан қазақ тілі жеке-дара мемлекеттік тіл болуға правосы жоқ, деп сайрайтын «сандуғаштар» шығатынын қайдан білсін. Олардың көбі өзге де емес өзіміздің, өзіміздің ұлттық нигилистерден шығатынын, сол ұлттық нигилистердің көш басында өмір бойы ана тілінің арқасында күн көріп, биік-биік дәрежеге жетіп, академик атанған адамның да болатынын қайдан білсін?*

*Ұлттық нигилизм. Бұл тұмсық көтерген шовинизмнен де қауіптірек. Сенің ұлтыңа өзге біреулердің менсінбей шекесінен қарайтынына жүздеген жылдар бойы үйренген. Ал, енді өз ұлтын өзі менсінбейтіндерден сақтасын деңіз. Дүниеден Орал Таңсықбаев атты аса талантты суретші өтті. Ұлты қазақ еді. Елім, астанам деп Алматыға келгенде үйсіз-жайсыз қалып, Ташкентке қайтып кетті. Өзбектер оған барлық жағдайды жасады. Қазір Орал Таңсықбаев – өзбектердің ұлттық мақтанышы»* [14, 135].

Шерхан Мұртаза дискурсында «Намыс» концептісі адам тақырыбымен тығыз байланысты әрі лексикалық өріс арқылы беріледі: *намыстану, намыскер, намысқойлық, намысына тию, ұлттық намыс, тұла бойы тұнған намыстан жаралған, кеудесін намыс кернейтіндер, ұлттық намыс кернеген, намыс семіп қалған, ел намысын, ұлт намысын ойламағандар, Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді, Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел, Рух сынбаған екен, намыс сөнбеген екен, еліңнің намысын қорға, мемлекеттік, ұлттық намыс деген оянбаған* т.с.с. Тілдік тұлғаның дискурстарында *намыс* сөзінің қатысуымен *намыстану, намыскер, намысқойлық* сияқты туынды сөздер, *ұлттық намыс, намысына тию, еліңнің намысын қорға* сияқты тіркестер молынан кездеседі. Тілдік тұлға *намыс* сөзін қолданып, жаңа тіркестер түзген: тұла бойы тұнған намыстан жаралған,

кеудесін намыс кернейтіндер, ұлттық намыс кернеген, намыстан жарылу, намыс семіп қалған, ел намысын, ұлт намысын ойламағандар, еліңнің намысын қорға, мемлекеттік, ұлттық намыс деген оянбаған, рух сынбаған екен, намыс сөнбеген екен т.с.с. Шерхан Мұртаза намысқа қатысты тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелді (*Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді*) сөз ауанына қарай шебер қолданумен қатар өз тарапынан жаңа афоризмдер қалыптастырған *(Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел).*

Тілдік тұлға *намыс* сөзімен қатар *рух, сана-сезім* сөздерін атап, екеуін синонимі ретінде қолданады: Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел; Рух сынбаған екен, намыс сөнбеген екен. Ұлттық рух сыздаған шақ. Ұлттық намыс кернеген шақ. Ұлттық сана-сезім өліп, намыс семіп қалған ғой.

Шерхан Мұртаза «намыс» концептісі мен «рух» концептісін бір өрісте сипаттайды: «Рухани әлем жетімсіреп қалған заман болды. Рухани әлем кең, *рухы биік ел – қайсар ел*. Ондай елді ешкім де жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңе салу оп-оңай. Замандар бойына отаршыл озбырлар қазақтың елін, жерін ғана тонамады, рухани әлемінде тонады: тілін, дінін, әдебиетін, өнерін ұмыттырды. Енді мына азат заманда сол жоғалғанды, ұмытылғанды түгендейік, қалыбына келтірейік десең... Неге қазақтың ғана жоғын жоқтайсың; радио, теледидарда қазақшаң көбейіп кетті, неге? – деп зіркілдейді. Ау, айналайындар-ау, қазақ ешкімнен асып кетпейді, тек жоғалтқанын тауып, жұрт қатарлы болғысы келеді, сол да айып па?!» [14, 137].

Бұл өрісте ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық өнер мен әдебиет, салт-дәстүр, дініміз де қамтылған. Тілдік тұлға: «*Рухы биік ел – қайсар ел*. Ондай елді ешкім де жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңе салу оп-оңай» деп тұжырымдай отырып, отаршылдар қазақтың елін, жерін тонаумен қатар рухани әлемін де тонағанын, тілін, дінін, әдебиетін, өнерін ұмыттырғанын айтады.

Тілдік тұлғаның дискурстарында *рух, намыс* сөздері ұлтқа қатысты қолданылған. Сол себепті де көбінесе *ұлт, халық, ұрпақ, ұлттық* сөздерімен тіркестіреді: *Ұлт тарихының, **ұлт рухының**, ұлт тілінің, ұлт санасының, ұлт сауатының, **ұлт ар-намысының**, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің қамы... Ұлттық спорт қаперіне кіріп-шықпайтын, **ұлттық намыс** дегенді сезбейтін, ұлттық гимн ойнап, жалауын көкте желбіреуін көксемейтін адамды алмастыратын ақылды бір азамат еліміздің табылмаған-ау, сірә!.. Демек, Бауыржан өсиеті қамын, болашақ қамын ойлаймын десе, **ұлт намысын** қорғаймын десе, адамдарды аздырмай, тоздырмай, асылдандыруға аса зер салғаны керек-ақ қой... Ол **халықтың, ұрпақтың рухы** сынбауын армандайды... Өсетін елдің, өркен жаятын елдің ұрпағы Бауыржан өсиетінен ғибрат алар, **ұлттық рухы** биік жақсылар мен жайсаңдар көбейер*.

Тілдік тұлға ұлттық намыс, ұлттық рух, ұлттық бірегейліктің негізгі өлшемі тіл деп түсінеді: «Ұлт болудың алғы шарты – тіл. Тілді құрметтемейінше, ілгері бастырмайынша біздің ұлттық санамыз кібіртіктей береді, «мен қазақпын» деп

айтуға арланыңқырап тұратын кез болады. Себебі неде? Ешкімге кеудесін бастырмайтын намысқойлықта, ұлттық ұйымшылдықта, азаттық аңсарында.

Біз де Көк Бөрінің ұрпағы едік...

Намыс. Бірлік. Азаттық, Еңбек.

Бізде әсіресе, соңғысы кемшін. Намыс та керек, бірлік те керек.

Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да – сол, соры да – сол» [14, 140].

Сондықтан ұлт болып ұйысып, ел намысын қорғауға, өз елінің патриоты болуға үндейді: «Шет елге барып: Мен – Шерхан Мұртазамын! – деп айқайласам, мынау жынды екен дейді. Шет елде сені әуелі ешкім де білмейді. Шет ел үшін сен ең алдымен ҚАЗАҚСТАН-сың! Қолыңдағы көк төлқұжат сені ең алдымен ҚАЗАҚСТАН деп таныстырады. Содан кейін барып Сексенбай, Тоқсанбайсың. Алдымен еліңнің намысын қорға.

Құдай сыйлағанда, кейбір азаматтарымыз осыны ойлап жатпайды. Оларда мемлекеттік, ұлттық намыс деген оянбаған. «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-қа оқуға келген кейбір жастарымыз қазақ, Қазақстан деген есімдерді ұятқа қалдырды. Бірақ бәрі емес! Бізден барған шәкірттердің ұстазы профессор Дэвидсон солай дейді. АҚШ-та оқып жүрген Қазақстан жастарының ішінде талантты студенттер көп дейді. Олар оқу бітіргенде мұндағы ұстаздары олармен жылап қоштасады дейді. Міне, бұлар Қазақстан деген атқа лайық... Қазақтардың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Осындай Отан берген құдіретке мың да бір тәуба! Ендеше осындай қасиетті Отанда нағыз отансүйер, адал азаматтар көбейе бергей. Қазақстан сияқты еліңнің барына, дүниеге қазақ болып жаралғаныңа масаттан, азамат!.. Тату-тәтті болайық. Бірақ ол үшін қазақ өз үйінде ұдайы босаға жақта отыруы міндетті емес қой. Қазақтың тілі – мемлекеттік тіл деп қоқырайтып қойып, ресми түрде ол тілде сөйлемей неге қорлаймыз? Жаңа Жылда бодандықтың, құлдықтың қарғыс таңбасындай, символындай болған мойынға оралған бұғалықтай, бағыныштылықтың айнасындай болған «ов», «ев», «ин»-дерден құтылайық. Азат Қазақстанның Үкіметі оған кедергі жасамасын» [16].

Қазақ тілінде Президент, Парламент, Үкімет таза сөйлемейінше Ана тілінің алға баспағаны баспаған. Министрлер, әкімдер, бүкіл қауым солардың аузына қарайды. Солар не көрсетсе, соны істейді.

Тілдік тұлғаның көркем дискурсында «Адам», «Тағдыр», «Әділет», «Сенім», «Жауапкершілік» т.с.с. философиялық концептілер көрініс тапқан. Тарихи романдарында бас кейіпкер – тұлға, адам ар-ождан тазалығымен, қайсарлық, ерлігімен ерекшеленеді, ұлтына қамқор болып, еліне қызмет етуді мақсат етеді. «Қызыл жебе» романындағы Рысқұл – әділет іздеудің символы, Тұрар бейнесі – ұлт алдындағы тарихи жауапкершілігін сезінген, елі үшін құрбан болған тұлға. Тілдік тұлғаның шығармаларындағы еңбек адамдары – адалдықтан аттамаған, қиыншылықтарға қарамастан, сенімін жоғалтпаған, үмітін үзбеген, рухани күші мықты жандар.

*«Әділдік»* концептісі Шерхан Мұртаза концептосферасының негізгі өзегіне енеді әрі дискурсында шындықты түсінудің адамгершілік бағдарын көрсетеді. Тағы бір жазбаша монологтық дискурсынан мысал келтіруге болады: *«Қазақша кітап шығару қасқалдақтың қанындай қымбат, сондықтан да оқырман көркем әдебиет кітабын оқуды қойып барады. Қазақ тілінде шығатын газет-журналдар тиражы құлдырап азайды. Қарызға белшесінен батқан ауыл жарықсыз отыр, радио тыңдап, теледидар көруден қалған. Тән аштығынан жан аштығы басым түсіп барады. Конституңия бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Іс жүзінде: Парламент қазақша сөйлемейді. Үкіметтік арна қазақша сөйлемейді. Дипломаттық арна қазақша сөйлемейді. Армия қазақша сөйлемейді. Түрлі конгрестер, ассамблея, жиындар қазақша сөйлемейді. Жоғары оқу орындары қазақша сирек сөйлейді* [17].

Мәтіннің тақырыбы атауынан-ақ айқын көрініп тұр (намыс туралы). Өзек сөздер: *мемлекеттік тіл, кітап, қазақша, газет-журнал.* Функционалды сөйлеу түрі – пайымдау, эксплицитті бағалауыштық (*қасқалдақтың қанындай қымбат, тиражы құлдырап азайды, қарызға белшесінен батқан ауыл, тән аштығынан жан аштығы басым түсіп барады*), концептуалдық және тақырыптық маңызды сөздер (*мемлекеттік тіл, қазақша сөйлемейді*), қоғамдық гиперонимдер (*дипломаттық арна, үкіметтік арна*), экономикалық тақырып, кітаби лексика (*көркем әдебиет кітабы, қасқалдақтың қанындай қымбат* және т.б.) мәтінді публицистикалық дискурсқа жатқызуға мүмкіндік береді. Дискурстың негізгі мақсаты – қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып бара жатқаны туралы ақпарат беру, яғни ақпараттық бағыт.

Сонымен, бірнеше өрісті қамтыған «Қазақ халқы» макроконцептісі Шерхан Мұртаза дискурсындағы негізгі концептілердің бірі болып табылады. Тілдік тұлғаның дискурстарында ол бірнеше когнитивтік модельде көрінеді:

- рухы күшті халық;
- қайраты мол халық;
- қажырлы халық;
- текті халық;
- тапқыр халық;
- ақылды халық;
- қиялы жүйрік қазақ;
- аруақты сыйлаған қазақ;
- жоралғыны сақтаған халық;
- ер мінезді халық;
- тік халық;
- мал бағып күн көрген халық;
- демократияның шылбырына ептеп қана қолы жеткен халық;
- аждаһа келе жатса қорықпайтын халық;
- тұла бойы тұнған намыстан жаралған қазақ;
- намысы мол, айласы аз қазақ;

- секунд, минут, сағат тұрмақ, күнге де, айға да, жылға да мән бере бермеген, кеңістік пен еркіндікті серік еткен халық;
- зіркілдеген зеңбірекке садақтан жебе тартқан қайран қазақ;
- рухани-мәдени ұстыны мықты халық;
- дәстүрін сақтаған халық;
- ұрпағына дұрыс тәрбие бере білген халық;
- ұрпағын қазақы танымды, ұлттық рухты сіңіре білген халық;
- тарихы терең халық;
- ынтымағы жарасқан халық;
- өзге ұлттарға қамқор болған халық;
- құмырсқадай өлермен, қайсар халық;
- үлкенін сыйлап, қадірлей білген халық;
- шүкіршілік ете білетін халық;
- аманатқа адал халық;
- шариғат жолымен жүруге тырысатын халық;
- сабырлы халық;
- ұлттық жады мықты халық;
- сыртқы жаудан қорғана білген халық;
- қарға тамырлы халық;
- шешен халық;
- балық сүзуді кәсіп қылмаған халық;
- жер еміп, жарымаған халық;
- жастайынан жылқы баласының иісі өн бойына сіңіп өскен халық;
- адал досты адамнан гөрі жылқы баласынан көп тапқан халық;
- шөбі шүйгін, суы бал, өрісі мол жер іздеген халық;
- мал баққан халық.

Тілдік тұлға қазаққа тән қасиеттерді көрсетумен қатар елге жасалған озбырлық, жәбір-жапа, репрессия, геноцид сияқты түрлі себептерге байланысты қазақтың ұлттық болмысынан айырылып бара жатқанын да көрсетеді. Осыған байланысты:

- мың өліп, мың тірілген халық;
- сары уайым мен ащы запыраны мол халық;
- патшаның айтқанына көніп, айдауында жүрген момын халық;
- отаршылықтың салдарынан ұлттық санасы құлдыраған халық;
- Голощекин деген жендет қойдай қырып, сергелдеңге салған халық;
- арыстары репрессия құрбаны болған халық;
- тау асып, тас басып, елінен еріксіз кеткен қазақ;
- ұлттық жадынан айырылып қалған халық;
- салт-дәстүрінен айырылып қалған халық;
- тілінен айырылып қалған халық;

- түр-түсі, ныспысы қазақ болғанмен, көргені – орыс, жүргені – орыс, ойлауы орыс, тілі орыс болып кеткен қазақ;
- қазақ болуды қорлық санаған қазақ сияқты модельдер де қалыптасқан.

**2.2 Ұлттық-мәдени концептосфера және ментальді құрылымдар**

Жалпы адамзатқа тән концептілердің ішінде ұлттық-мәдени концептілердің орны ерекше. Сондықтан қазақ тіліне тән Ш. Мұртаза дискурстарындағы концептілерді іріктеу және олардың когнитивтік моделін, ментальді құрылымдарының сипатын ашу маңызды рөл атқарады. Тілді адам санасының бейнелік көрсеткіші ретінде танысақ, қазақ тіліндегі концептілердің когнитивтік моделі, жалпы ТТ дискурстарындағы ұлттық-мәдени концептосфера қазаққа тән ұлттық мәдениетінің тілдік бірліктермен берілуін айқындайды. Жалпы ұлттық-мәдени концептросфера бірнеше компоненттер негізінде қалыптасады. Ұлттық-мәдени концептосфера компоненттері:

- рухани-мәдени құндылықтар;
- танымдық элементтер;
- тұрмыстық-концептуал жүйе;
- тілдік репрезентация.

Аталған компоненттерге сай Ш. Мұртазаның ұлттық-мәдени концептосферасындағы концептілер анықталды. Берілген концептілер қаламгердің дискурстарындағы қолданылу белсенділігіне сай айқындалды. Мысалы (6-сызба):

6-сызба – Ш. Мұртаза дискурстарындағы концептілер жүйесі.



Шерхан Мұртазаның дискурс кеңістігі өте ауқымды. Тілдік тұлғаның көп дискурсты кеңістігін сипаттау үшін негізгі категория ретінде концептосфера алынды. Концептосферада ұлттық тілдің деңгейі, адамгершілік, салт-дәстүр, діні мен ділі, басқа халықтарға көзқарасы, ақиқат пен әділдікке қатынасы және рухани сұраныстары көрінеді. ТТ-ның когнитивтік-прагматикалық сипатындағы тілдің сол адам тиесілі ұлт мәдениеті мен ойын жеткізудегі ерекшеліктерін осындай концептілер негізінде анықтауға болады. Ш. Мұртазаның аталған концептісін сипаттауындағы тілді қолдану ерекшелігіне сай оның қазақы бірегейлікті қалыптастырған ТТ феномені ретінде танығанымыз жөн.

*«Қазақ халқы»* концептісі ұлттық дүниетаным тамырында күллі болмысы мен мәдениетін сақтап тұрған, бұрыннан көшпелі халықтың бейнесін ашатын, өзінің діні мен ділі, салт-дәстүрі мен ғасырлық тарихы бар, әлем өркениетінен өз орнын ойып алған қазақтың сипатын танытанын феномен ретінде де құнды. Аталмыш концепт қазақ мәдениетінің дамуын, шындық дүниедегі орнын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ұғыммен қатар аталатын түрлі этномәдени концепттерді бақылағанымызбен, оның бәрі де аталмыш үлкен бір макроконцепт құрамында қарастырылады. Өйткені бізге таныс *«шаңырақ»* яки *«батыр», «отбасы»*, *«қонақжайлылық», «қазақ әйелі»* секілді концептілер де аталған макроконцепт жүйесінің құрамында. Сондықтан Ш. Мұртаза дискурсындағы *«қазақ халқы»* концептісінің когнитивтік мәнінің шеңбері кең, ұлт бойында бар күллі қасиет пен оның тұрмыстағы дәстүрі, тарих сахнасында санаға сіңген айшықтары мол.

ТТ көркем шығарма мәтіндерінде *ұлт* концептісінің ашық лексикалық бірлігі берілмегенімен, *қобыз, дуана, түндік, кереге, етектегі ел* ұғымдары арқылы және ұлтқа тән дәстүр сипатын беру негізінде ұлттық-мәдени концептінің когнитивтік моделін құрайды. Қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени концептілердің бірі ретінде *дала* ұғымын назарға аламыз. Қазақ ұлты үшін кең дала еркіндікті, кеңдікті және туған жер суретімен ассоциативтік мәнді тудыратын ұлттық ұғым саналады. Дала ұғымының когнитивтік модельдерін де қаламгер шығармасынан таба аламыз:

*«Байтақ қазақ **даласының** топырағында туғандардан аштықтың дәмін менен артық татқан адам бар ма екен?*

*Шөбі шүйгін, суы бал, **өрісі мол жер** іздепті ғой мал баққан қазаққа.*

*Қазақ **даласының** тау-тасын кезіп кетеді.*

***Далаға,** кең дүниеге шығуға деген құштарлық қыстаған бір мақұлық.*

*Өмір бойы **далада**, тау-тастың, табиғаттың жөргегінде өскеннен бе, әйтеуір әлгі солған қарасора, өзгенің назарын аудармаса да, бұған бір түрлі ыстық көрінеді»* [18, 39].

*«Қазақ»* атауымен қатар үнемі оның кең жазирасы мен кең байтақ даласы қатар елестейтіні анық. Автор *«қазақ халқы»* концептісімен қатар қазақтың кең, байтақ даласы, жазирасы ассоциацияланатынын шебер суреттейді: *Байтақ қазақ даласының топырағында туғандардан аштықтың дәмін менен артық татқан*

*адам бар ма екен?»* [18, 39] Автордың *«байтақ қазақ даласы»* дегені ұлтқа тән қасиет пен деректі заттың дерексізденуінен туған ойсуреттерін білдіреді, әрі ұлт тарихынан да хабар беріп тұр. Мұны ТТ когнитивтік-прагматикалық сипатындағы ойша түсірілген сурет арқылы нақты ұғымды бейнелеу, ТТ танымындағы әлем бейнесін тіл арқылы жеткізу деп түсінеміз. Қазақ тіліндегі *дала* концептісінің ұлттық сипат алуы халықтың қоршаған орта туралы танымы, ұлт болып қалыптасқаннан бастап санада бейнеленген сурет көріністері, салт-дәстүр, дүниетаным, сақталған әдеттер негізінде жүзеге асқан. Себебі әуелден мал бағып, тұрмысын дала тіршілігімен байланыстырған халыққа сол даладан асқан қасиетті мекен жоқ. Шығармада *дала* ұғымымен қатар аталған *топырақ, байтақ дала, шөбі шүйгін, өрісі мол жер, кең дүние, тау-тас, табиғат жөргегі* секілді лексикалық бірліктер аталған ұлттық-мәдени концептінің когнитивтік моделін жасауда және оның мазмұнын ашуда қызмет атқарып тұрған детальдар.

*«Әсіресе мал бағып күн көрген халық қатты қаусап тұр»* [15, 43], мұнда қазақ атауы берілмесе де *«халық»* дегені қазақты айтқаны екенін ойсуретінен ұғамыз. Себебі қаламгердің қосымша *«мал бағып күн көрген»* деген анықтамасы сөзсіз біздің танымымызға таныс суретті ақпаратты беріп тұр. *«Түндіктің түстік жақ қиығынан қиялап, сол жақ керегеге сәуле түсіп тұр. Құлан жаққа қараған үйдің есігінен етектегі ел алақандағыдай түгел көрінеді»* [15, 206], тармақтағы *«түндік», «кереге», «құлан жаққа қараған үй» «қазақ халқы»* концептісінің деректі әрі суретті тарихи санадағы бейнесін көрсетеді. Олай дейтініміз мұнда аталған заттық деректер қазақ халқының киіз үйінің детальдары, яғни осы ұғымдар негізінде автордың кімді және қай халықты сипаттап отырғанын түсінеміз. Ал *«етектегі елдің алақандағыдай көрінуі»* халықтың жайлап жатқан мекенін, ондағы қоғамын көрсетеді. Көркем шығармадан концептті және оның типтік формаларын анықтау, халық туралы түсінікті қалыптастыруға септік болатын бірден-бір қағида екені осы тұста дәлелденді.

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан келесідей ұлттық-мәдени концептілер жиынтығын кеңінен ұшыратамыз (5-кесте).

5-кесте – Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романында ұлттық-мәдени концептілердің кездесу жиілігі.

| ***Қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени концептілердің Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» туындысында кездесу жиілігі*** |
|---|
| ***Ұлт*** *– 55 рет* |
| ***Дала*** *– 92 рет* |
| ***Отбасы*** *– 15 рет* |

5-кестенің жалғасы.

| |
|---|
| ***Шаңырақ*** *– 7 рет* |
| ***Жылқы*** *– 73 рет* |
| ***Туған жер*** *– 14 рет* |
| ***Қазақ*** *– 206 рет* |
| ***Домбыра –*** *11 рет* |

Мұнда да ұғымдардың когнитивтік моделі фреймдер, ойсуреттер, лексикалық бірліктер, сипаттамалар негізінде беріледі.

Қазақ тіліндегі *отбасы* концептісі де кең мазмұнға ие. Мұнда да отбасын құрмет тұту, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-бабадан қалған тұрмыстық, отбасылық салттарды ұстану, дәріптеу секілді құбылыстар алға шығады. Шығарма мәтінінен бұл ұғымның мынадай когнитивтік модельдерін анықтадық: *«Егер жер аударылғандарға **отбасын** бірге алып жүруге мүмкін болса, бала-шағамды мен де алдырар едім-ау»; «Оқыған, текті **отбасыдан** екені көрер көз кісі таныр талант болса, көрініп-ақ тұр»; «Мен өкіметтен жұмыс емес, бір басыма, **отбасыма** тыныштық тілеймін»* [11, 167].

Үш түрлі мәтін мазмұнында берілген *отбасы* концептісінің бірі – ұлттық мінез-құлық ерекшілігін таныту мақсатында берілген күрделі сипаттау формасында берілсе, екіншісі – *текті отбасы* фреймі арқылы танылады. Оны кейінгі тіркестерде толықтырып, мәнін түсіндіреді. Үшіншісі – ұлт адамының рухани танымы мен этникалық мәдениеті негізінде санада қалыптасқан суреттің іс-әрекет, тілек арқылы сыртқы көрінісін сипаттайды.

Қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени концептінің бірі – *үй* немесе *шаңырақ*. Бұл ұғым да отбасы, ошақ қасының қасиетті мекені, үлкен отанның кішкентай бастамасы, тұғыр, түтіні шығып тұруы тиіс қастерлі жер. Қаламгердің көркем дискурсында көрініс тапқан аталмыш ұғымның когнитивтік моделін мына мысалдар негізінде айқындаймыз: *«Арыған көзді анда-санда алдандырып, бір қапталдан араттың жатаған жалпақ киіз **үйі** көрінеді, **үй** маңайындағы шұратта, сол жатаған киіз **үйлерге** ұқсас, жатаған жылқы үйірлері кездеседі»; «Қара қазан – қара **шаңырақтың** қазығы ғой. Қазан босаса – **шаңырақ** шайқалмақ»; «**Үй** ішің, мал-жан аман ба?»* [11, 129].

*Үй* және *шаңырақ* концептілерінің когнитивтік моделі бірінші тармақта *киіз үй* фреймімен беріліп, сонымен қатар киіз үйлі жердің тіршілігіне сай құбылыстарды параллель сипаттайды. Екінші тармақта *үй* ұғымы қазақ танымындағы *шаңырақ* ұғымымен толығады. Ұлт дүниетанымында *шаңырақ* – үйдің қазығы. Берілген мысалда *қара қазан* тіркесінің шаңырақпен қатар аталуы –

қазақ мәдениетіндегі қастерлі дүниелердің өзара мазмұндық байланысы, түпкі семантикалық реңкінің ашылуына мүмкіндік береді. Келесі тармақта *үй* концептісінің когнитивтік моделінің формасы қазақ халқының амандық сұрасу салтына байланысты анықталады. Демек *үй* концептісі тек таңбалық немесе заттық сипатты ғана емес, тіршілік пен әрекеттің де мазмұнын білдіретін ұлттық ұғым.

Қазақ танымында одан басқа да *қара қазан, қара бала, қара домбыра* секілді ұлттық символ мазмұнын беретін ұлттық-мәдени ұғымдар тізбегі бар екенін ескергеніміз жөн. Мәселен шығармада автор былай суреттейді: *«Ақыры Медеу ақын* ***домбырасын*** *керегеге сүйеп, өзі алдындағы сұйық шайға қол соза бергенде, табалдырықтан ішке қарай Шыны аттады»* [15, 211].

Қаламгер аталмыш шығармада: *«Қатшагүл ұшып барып ескі кебеженің артында тұрған қалақша қара домбыраны алып берді»* [11, 132], – деп, қазақпен қатар аталатын *қара домбыраның* ТТ санасындағы көрінісі арқылы *«қазақ халқы»* концептісінің мәнінін түсіндіруге тырысады. Бұл қазақтың өнер мен көркемдікке, мәдениетке ертеден-ақ ие болған халық екендігін, қара домбыра арқылы сыры мен жырын, мұңын да шығарып, күймен суреттегенін танытады. Домбыра – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы ғана емес, ол ұлттың тарихы мен мәдениетінің, әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарған ұлттық рухани мұра саналады. Сондықтан шығармада домбыраны кереге немесе кебеже секілді ұлттық мұра ретінде қазақы үй ішіндегі элементтермен қатар сипаттап, дәстүрлі мәдениет сипатын көрсетуге ұмтылады. Сондай-ақ шығарма сюжетінде домбыраның кейіпкерлер кірген әр үй төрінен орын алуы ұлттық мәдени танымдағы салттың бейнесін ашады. Қазақы танымда әр үйдің төрінде домбыраның ілініп тұруы маңызды рөл атқарады. Ол халықтың өнерін, рухы мен арман-қиялын көрсететін нақты таңбалық сипатқа ие құрал.

Шығармадағы: *«Әне, ана жерде қобыз тартқан соқыр дуана отыр. Қобыз үні қайғылы, қабырғаңды сөгіп, соның арасынан жүрегіңді суырып әкетердей зарлы әуен»* [18, 35], – деген тармақтарындағы *«қобыз тартқан соқыр дуана»* немесе *«қайғылы, қабағыңды сөгетін, зарлы үні»* күрделі формада санада бейнеленетін ұлттың табиғатына тән *«қобыз»*, *«дуана»* ұғымдары арқылы *«қазақ халқы»* концептісінің мәнін ашады. Себебі бұл ұғымдарды да *қазақтан* бөліп қарастыру мүмкін емес. Мұндай деректі заттардың санада бейнеленуі қазақ халқына тән ұлттық түсініктерден сыр шертеді.

Ашық лексикалық бірліктер мысалына шығармадағы қазақ халқының мал шаруашылығы мен жылқыны өсіріп баптау дәстүрін суреттеу тіркестерін жатқызамыз. Мысалы көркем туындыда мынадай тармақтар кездеседі:

***«Қазақта не көп, арқан көп,*** *әп-сәтте Рысқұлдың аяқ-қолы сіресіп қыл арқанмен байланды да қалды.*

***Қазақ жылқы алса****, ісіне татитындай етіп молынан алады және алыстан алады.*

***Қазақ*** *қиқулап ылдиға шаба жөнелген.*

*Қақтаған күміспен қапталған **қазақы ер тоқымның** үстінде көрпеше жоқ, құйрыққа қатқыл тиеді екен.*

*Ноғай айна-тарақ сатады: сарт қауын сатады; қазақ жоғалған **жылқысын** іздеп хан базарда жар салады»* [11, 34].

Ұлттық-мәдени концептілердің ашық лексикалық бірліктерінен бөлек, шығарма мәтінінде астарлы мән-мағынаны білдіретін тіркестер мен когнитивті модель тізбектерін де байқаймыз: ***«Жастайынан жылқы баласының иісі өн бойына сіңіп өскен**, адал досты адамнан гөрі **жылқы баласынан** көп тапқан Рысқұлды Қызыл Жебе де танығандай, тосырқамай, жай ғана жеңіл иіскеп, ішін тартып қойып, мойын ұсынып тұрды»* [11, 30].

Қаламгер ұлттық-мәдени концептілердің когнитивтік моделін беруде оқиғалы форманы, яғни фреймдер төңірегінде жинақталған іс-әрекеттер мен оқиғаларды бейнелеуді жиі қолданады. Мұндай мазмұндық формалар негізінде сипатталған ұғымдар құрылымдық санада бейнеленіп, түрлі формада көрініс табады. Қазақ ұлтының жылқыны асырауы мен баптауына қатысты жоғарыда берілген тармақтардың әрқайсысында әртүрлі форма берілгенін байқаймыз. Бірінші тармақта *қазақта не көп, арқан көп* деген мазмұнды тіркес арқылы ұлттық тұрмыс жайынан хабар береді. Екінші тармақтағы *жылқы алса, ісіне татитындай етіп алуы* ұлттың осы кәсіппен терең мәнде айналысқанын білдіреді. Үшінші тармақтағы *атқа мінсе есіріп кететін қайран қазақ* анықтамасынан *ат* пен *қазақ* ұғымдарының өзара байланысты екенін және ұлттық дүниетанымда *еркіндік* пен *батылдықты* білдіретін жылқы жануарының *ұлт* концептісінің мазмұнында жатқан когнитивтік моделінің көрінісін ашуға мүмкіндік берген этникалық элемент екенін түсіндік. Сонымен қатар *қазақы ер тоқым* тіркесінде ұлттық ат-әбзелдерінің лексикалық мәнінің тереңдігін, оның ұлт психологиясымен, мінезімен параллель суреттелгеніне назар аударсақ болады. Мысалы автор шығармадағы мысалында былай дейді:

*«Бұл **ердің үсті ұлы істер туралы жар салатын, сан мың қолды аузына қарататын дуалы сөздердің қасиетті мінбері** іспетті»* [18, 34].

Мұнда *ұлт* концептісінің когнитивтік моделі қазақ тіліндегі *ер* концептісінің мәнімен шектесіп жатыр. Ер-тоқым, ердің үсті ұлт танымында қасиетті орын, елін және жерін қорғауда ат үстінде күн кешкен қазақ қоғамының тарихынан сыр шертетін символдық мазмұны басым элемент саналады. Қазақ тарихы мен ұлтының ерік-жігерін бейнелейтін қасиетті мұра, сонымен қатар қастерлі мінбер есебінде сипатталады. Қаламгер шығармасында ұлттың этномәдени ерекшелігін көрсетуде осындай танымдық элементтерді жиі қолданады.

Туындыгердің ұлттың этномәдени ерекшелігін көрсетуде қолданған мұндай танымдық элементтерін *«қазақ халқы»* концептісінен бөліп қарастыруға болмайды. Тармақтан *«ер»* концептісін жеке бөліп қарасақ та, ол *«қазақ халқы»* концептісінің мәнін толықтыратын тілдік бірлік қызметін атқарып тұр. *«Міне, бұл біздің қазақтың кәсібі, – деді Аққөз Тұрардың иығынан сипалап тұрып. – Ноғай айна-*

*тарақ сатады: сарт қауын сатады; қазақ жоғалған жылқысын ізден хан базарда жар салады»* [18, 41] деген сөйлемде автордың *«қазақ жоғалған жылқысын ізден хан базарда жар салады»* дегені алдыңғы тармақтағы өзге ұлттың кәсібінен қазақтың кәсібінің өзгешелігін танытқаны.

*«Қазақ халқы»* концептісінің мәні шығарма сюжетінде ашылып отырады. Мәселен, *«Мұрты салбырап, езуінен төмен түскен, шоң мұрын, қыртыс маңдай, ірі тұлғалы егде қазақ екен, ләм деместен қайтадан бойын түзеп, ұзын қамшыны асықпай жоғары көтеріп, мылтық атқандай шарт еткізді»* [18, 94], – деген тармақтағы қазаққа тән түр сипатындағы *«шоң мұрын», «ірі тұлғалы қазақ»* немесе *«ұзын қамшы» «қазақ халқы»* концептісі негізінде ойша бейнеленген қасиеттердің және ұлтқа тән символдық таңбаның айрықша көрінісі. Себебі қамшы «*қазақ халқы»* концептісінің когнитивтік мәнін ашатын таңба ретінде де, дара тұрып, концепт ретінде де қызмет атқара алады. Бірінші қазақ адамына тән портреттік суретті беріп, оның мінезін сипаттауда *қамшы* символын береді. Қамшы қазақ танымында ер-тұрман секілді дәстүрлі, белгілі бір мінез-құлық көрінісін білдіретін, тұрмысы мен салтын байқататын деталь қызметін атқарып тұр.

Шығармадағы осындай таңбалық элементтерді келесі тармақтан да анық аңғарамыз: ***Құндыз бөрік***, ***шибарқыт камзол***, ***шоқайма көк етік*** *киген бір қазақ қонышын қамшылай шығып...* [15, 350]. Ұлттың ассоциативтік таңбасын білдіретін *шибарқыт қамзол, құндыз бөрік, шоқайма етік* секілді ұлттық киім атауларын қазақ атымен қатар сипаттау негізінде ұлттық мәдениет мәнін аша түседі.

*«Туған жеріңнің топырағы, туған аспаныңның ай-жұлдызы, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі жебесін сені»* [15, 271], – мұнда *«туған жер», «туған аспан», «қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі»* ұғымдары *«қазақ халқы»* концептісінің когнитивтік моделіндегі лексикалық мағынаның, яғни этникалық мәдениетті танытудағы қызметінің тереңдігін көрсетеді. Мұндай мысалды *«...құндыз бөрік, шибарқыт камзол, шоқайма көк етік киген бір қазақ қонышын қамшылай шығып...»* [15, 350], – деген тармақтан нақты көреміз. *«Қазақ»* немесе *«қазақ халқы»* концептісін сол күйінде бермей, қазақ халқының ассоциативтік таңбасын білдіретін *«шибарқыт қамзол», «құндыз бөрік», «шоқайма етік»* секілді ұлттық киім атауларын сипаттау негізінде де анықтайды. Берілген тармақтағы *«туған жер топырағы»* тіркесі де қазақ халқының когнитивтік моделін құрайтын мазмұн жігін қамтиды. Себебі бұл ұғым тек Шерхан Мұртаза емес, өзге де қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі кездесіп отырады. Бұл ұғым қазақ халқының туған жер туралы суретті танымынан, сағынышынан, махаббатынан хабар береді. Шығарманың үш бөлімінде де мұндай семантикалық таңбалар жүйесін жиі кездестіруге болады.

*«Халықтың сары уайым мен ащы запыраны шығар»* [15, 9], – деп берілген автор сипаттауында *«сары уайым»* ұғымы қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық танымының бір сипаты іспетті. Қазақ халқына тән *«сары уайым», «сары қайғы»* ұғымдары халықтың бастан өткерген әр кезеңіндегі ауыртпалықтан сыр шертіп тұр.

*«Қазақ халқы»* концептісінің мазмұнында бұл модель халықтың көңіл-күйін білдіретін таңба ретінде қызмет атқарады.

Шерхан Мұртазаның шығармаларынан алынған мысалдар *«қазақ халқы»* концептісінің семантикалық астарын әрі когнитивтік моделін құрайтыны анық. Сол арқылы бұл концепттің ең жақын семаларын және стереотиптік таңбаларын танимыз. Мысалы, *«Қазақ той дегенде қу бас домалар деп шақырылмаса да бара береді»* [18, 62], – дейді автор. Қу басы той десе домалайтын қазақтың мінезі, әдеті ерте кезеңнен-ақ қалыптасқан. Сондай-ақ ол бүгін де халық менталитетінде сақталып келеді. Туындыгер осылайша қазақ халқының этномәдени танымы мен тынысын шығармада өз оқырманына паш етеді. Қазақтың қуанышты бөлісуге асығатыны, тіпті онда айтатын өлең-жырының формасы мен мазмұнын да қазықтай қалыптастырғаны ұлттық фольклорымыздан да белгілі.

«*Қиялы жүйрік қазақтың шыны екені, өтірігі екені беймәлім»* [18, 96], бұл тармақтан *«қиялы жүйрік қазақ»* фреймінің төңірегінде жағдаят жүйесі сценарий формасына ауысып, *«қазақ халқы»* концептісінің мазмұнын аша түскен. Осындай үлгіні *«Патшаның айтқанына көніп, айдауында жүре беретін момын қазақ бұл жолы өзгеше мінез танытып, атырылып атқа қонытпы»* [18, 108], – деп берілген тармақтағы *«момын қазақ»* фреймінің айналасында топтасқан оқиға арқылы дамып, *«атырылып атқа қонатын»* батыр қазақтың келбетін қоса танытып тұрғандай.

Романның үшінші бөлімінде: *«Аруақты сыйлаған қазақ, Қорабек бабаларды ауызға алғанда кәдімгідей босаңсыды»* [18, 79], – деген тармағындағы *«аруақты сыйлаған қазақ»* дегенінен қазақ халқының салт-санасы мен нанымын білдіретін мазмұнды көреміз. Қазақ халқы қашан да аруағына құран бағыштап, оларды пір тұтып отыратын болған. Мұндай мазмұнды келесі тармақтан да байқаймыз: *«Сондықтан ол қазақ дәстүрі бойынша аттан түсіп амандаспай, кіріптар болмаса, ат үстінде тұрып қол ұсынатын»* [15, 81]. Қазақ халқының дәстүрлі танымындағы іс-әрекеттердің ұлттық әдетке айналуындағы көрінісін байқаймыз. Аттан түсіп амандасу, қазақ халқының өз ішіндегі және өзге де халыққа сыйластығы мен құрметінен хабар береді. Қазақ халқымен қатар аталатын ілтипат пен өзіне тән биязы мінезін қаламгер былай да сипаттайды: *«Табиғи қазақ ондай озбырлыққа бармайды»* [15, 168]. *«Қазақ халқы»* концептісіндегі *«табиғи қазақ»* атауының мәні оның дүниетанымы мен рухани ұстанымы тұрғысында танылады. Сондықтан автор ұлтқа тән емес кері мінезден ада қазақтың келбетін көрсету мақсатында осы ұғымды пайдаланады.

«*Ескі ауылдың қазақбайшылығы, топ құрып, жік жасақтап жүретіні жаман. Ер мінезді тіктігі, шіркін, ауыл жақтықтан арылса ғой»* [15, 233], – дейді шығарма кейіпкері Рысқұлов. Мұндағы *«қазақбайшылық»* дегені қазақ халқына тән жақсы-жаман әдеттерін еске алуы. Автор оны осы фрейм аясындағы *«ер мінезді», «тіктігі», «тор құратын»* асау мінезі тұрғысында түсіндіреді. Қазақ халқы өзінің қалыптасу тарихында ат үстінде күн кешкен батылдығымен, жерін қорғап, жауға шапқан ер мінезді батырлығымен де ерекшеленген. Ал мұндағы *«ауыл жақтықтан*

*арылуы»* әуелде қазақ қоғамының ауылды мекенде қалыптасып, дамығанынан, киіз үйлі, қора-қора қойлы, үйірлі жылқылы тіршілігінен, дәстүрінен арылмаған қарапайым қоғам санасы туралы айтқаны.

*Домбыра* – қазақтың ұлттық музыкалық аспабы ғана емес, ол ұлттың тарихы мен мәдениетінің, әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарған ұлттық рухани мұра саналады. Сондықтан шығармада домбыраны кереге немесе кебеже секілді ұлттық мұра ретінде қазақы үй ішіндегі элементтермен қатар сипаттап, дәстүрлі мәдениет сипатын көрсетуге ұмтылады. Сондай-ақ шығарма сюжетінде домбыраның кейіпкерлер кірген әр үй төрінен орын алуы ұлттық мәдени танымдағы салттың бейнесін ашады. Қазақы танымда әр үйдің төрінде домбыраның ілініп тұруы маңызды рөл атқарады. Ол халықтың өнерін, рухы мен арман-қиялын көрсететін нақты таңбалық сипатқа ие құрал.

Шығарма мәтінінен ұлттық-мәдени концептілердің когнитивтік моделін анықтауда ұлт танымында түстердің өзіндік мәні барын және олардың ұлт санасында сақталған тарихқа және мақсатына, сеніміне сай түрлі сипаттағы мазмұнға ие екенін байқаймыз. Қазақ халқында *қоңыр* түсінің яки ұғымының да семантикалық мәні барын аңғарамыз: «*Оның астындағы* ***қоңыр көздері*** *қылаусыз, ызғар із жоқ»; «Тек қым-қуыт қызу істің арасында миыңның бір қатпарынан жарқ етіп, әкең елес беріп қалғандай, әкесінің қатқыл* ***қоңыр үні*** *естіліп қалғандай сезілген де, кенет селк етіп, терезе жаққа қараған»;* «*Ахат атасының даусы жұмсақ, майда* ***қоңыр*** *еді»* [15, 38].

Тармақтардағы *қоңыр* ұғымының *қоңыр көздері, қоңыр үні* тіркестерінде келуі оның когнитивтік моделін анықтауға мүмкіндік береді. Демек ұлт дүниетанымында *қоңыр* ұғымы тыныштық пен жайлылық, мамыражай бейбіт өмірді, жағымды құбылысты елестетеді. *Қоңыр көз* лексикалық бірлігінің *қылаусыз* және *ызғар ізі жоқ* анықтамаларымен қатар келуі осының дәлелі болады. Сонымен қатар *даусы майда қоңыр еді* тіркесінде үннің жағымдылығы мен құлаққа жайлылығы білінсе, *қатқыл қоңыр үні* деген тіркесте *қоңыр* ұғымы салмақтылық пен батылдықты сездіреді. Дегенмен бұл тұста да *қоңыр* ұғымының семантикалық анықтамасы сабырлылықты білдіріп тұрғанын аңғарамыз. Ұлттың мәдениеті мен дүниетанымында әр деталь, таңба, дыбыс, атау – барлығы нақты лексикалық мазмұнға ие құбылысты білдіріп, халықтың психологиясы мен мінезін танытатын қасиетке ие.

Ұлттың мәдениеті мен дүниетанымында әр деталь, таңба, дыбыс, атау – барлығы нақты лексикалық мазмұнға ие құбылысты білдіріп, халықтың психологиясы мен мінезін танытатын қасиетке ие. ***Халық*** *қаласа, оны қастерлеп өңдеп, әрлеп, әрі қарай алып кете береді* [15, 209]. Берілген тармақта ұлттық-мәдени концептінің когнитивтік моделін ойсурет типі арқылы анықтаймыз. Қаламгер мұнда өз кейіпкері арқылы айтылған ойды, қазақ тарихы мен әдебиетінде, күнделікті өмірде белгілі бір ақпараттың, арман-тілектің, өнердің, мәдениеттің сақталу, халықтық сенімнің дәстүр жалғастығы болуы түріндегі формасын

жеткізеді. Ұлт мәдениеті мен танымындағы бұл қасиет ұлттық руханиятымызда сақталып келе жатқан әр мұраның, ертеде пайда болған шығармашылық жетістіктердің сақталу негізін көрсетеді. Мазмұнды ойлардың жиынтығынан құралған ұлттық ұғымның когнитивтік моделі ұлттық мәдениет пен дәстүрдің тамырлы мазмұнын, бейнелі суретін қалыптастырып тұр.

Шерхан Мұртаза қазақ халқына тән ішкі психологиялық характерді, келбет сипаттарын, тарихын, мәдениетін таныту мақсатында алуан сюжет арасында концепттің санадағы суретін айқындайтын таңбаларды тармақтарда қолданып отырған. Ол бірде арнайы сол мақсатта қолданылса, бірде бейсаналы түрде қаламгердің ұлттық сана танымынан туған құбылыс деп түсінгеніміз оң. Мысалы кейіпкердің мына сөзінен де осы құбылысты көреміз: *«Қазақ жоралғысы бойынша, мен баруым керек! Өйткені оның әкесі Молдабек қайтыс болған. Мен көңіл айтқан жоқпын»* [15, 168]. Қазақ халқының дәстүріндегі көңіл айту жоралғысының маңызын автор осылай суреттейді. Мұндай салт-дәстүрлер легі *«қазақ халқы»* концептісіндегі тілдік бірлік мазмұнын когнитивтік сипатта бейнелейді.

Оқырманға әсер ету, билік басындағыларға жеткізу мақсатымен тілдік тұлға ұстаным-тұжырымдарын прецеденттік мәтінге негіздей отырып та құрады. Бүгінгі таңда ұлттық идеологияның дұрыс насихатталмай жатқанын, шет елдерден келетін ақпараттың көптігін, сырттан келген ақпараттардың ұлттық ділді, салт-дәстүрді бұзып жатқанын, тілімізге, дінімізге шабуылдап жатқанын ескерте келіп: *«Ұлттық руханияттан ұрық қалмаған ұрпақ 2020-шы жылы қандай болмақ? Оларда Отан деген, ұлт деген ұғым бола ма? Бұрын кеңестік патриотизм деген идеология бар еді. Енді Отан сүйер деген идеология жоқ. Қазіргі біздің идеологиямыздың арқа сүйері орташа тап (класс). Яғни саудагерлер, бизнесмендер, коммерсанттар. Ал оларда Отан деген, ұлт деген ұғым, сезім тапшы»* [19], – дейді.

Сөз зергері шет елден келіп жатқан нөпірді, ұлттық сана-сезімді тұншықтырып жатқан кері тартпа әрекеттерді Қорқыттың көріне, руханиятты қобыздың үніне теңейді: *«Қайда барсаң – Қорқыттың көрі. Көрге түсіп кетпес үшін не істеу керек? Қорқыттың қобызы бір тынбастан күндіз-түні сарнап тұруы керек. Қобызы сарнап тұрғанда Қорқытқа ажал жолай алмаған. Қанша қаумаласа да құдіретті әуез, құдіретті өнер тамылжығанда одан ажал да тайсалған, оған ажал да елжіреген... Жан-жақтан торыған Ажалды жолатпай Қорқыт ата қобызын күндіз-түні тебірентіп-ақ келіп еді... Әттең-ай, бір сәтке қалғып кетіп, қобыздың үні өшіп қалғанда, қасиетті бабаны жылан шағып өлтірді. Сол қобыздың шын аты – Руханият»* [19].

Тілдік тұлғаның көркем дискурсында «Адам», «Тағдыр», «Әділет», «Сенім», «Жауапкершілік» т.с.с. философиялық концептілер көрініс тапқан. Тарихи романдарында бас кейіпкер – тұлға, адам ар-ождан тазалығымен, қайсарлық, ерлігімен ерекшеленеді, ұлтына қамқор болып, еліне қызмет етуді мақсат етеді. «Қызыл жебе» романындағы Рысқұл – әділет іздеудің символы, Тұрар бейнесі – ұлт алдындағы тарихи жауапкершілігін сезінген, елі үшін құрбан болған тұлға. Тілдік

тұлғаның шығармаларындағы еңбек адамдары – адалдықтан аттамаған, қиыншылықтарға қарамастан, сенімін жоғалтпаған, үмітін үзбеген, рухани күші мықты жандар.

Жазушы тарихи романдарында ұлт азаттығы жолындағы күресті бейнелей отырып, өткен тарихтан сабақ алуға шақырады. Болған оқиғаны баяндап қана қоймайды, қазақ халқының тарихы мен болашағы туралы толғана отырып, тағылым алуға үндейді. Мәселен, «Қызыл жебе» романында Рысқұл мен Тұрардың бейнелері арқылы адам тағдыры, өмір мен өлім, таңдау еркі, әділдік туралы толғайды. «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдарында ар-ождан, әділет, жауапкершілік, борыш, т.с.с. философиялық категориялар сөз болады. Мысалы: «*Дүниеде үміттің үзілгені жаман. Бірақ мына Қуаныштың: «Бұйырса» дегені – уайым. Қартамыс болған қарт адамның сөзіндей. Дені сау адам ажалды ойлай бермейді, өмірі өлместей көрінеді. Ал ауру адамға, ұзақ кесел қысқан адамға, ажалдың апаны елестеп тұратын болар. Ұзақ кеселдің адамын тек үміт қана сақтайды. «Бұйырса» деген сөзде үміт те бар, күдік те бар. Қайсысы жеңеді, сонысы алады*» [13, 204].

*«Әлдеқашан өліп қалар едім, үміт өлтірмейді екен»* [13, 298].

*«Тұтқынның тұтқасы – үміт. Үміт үзілген күні тұтқын – шын тұтқын. Ал Рысқұлдың бүткіл өмірі жақсылықты алдан күтумен өтулі»* [11, 46].

*«Кейін, кейін күштінің әлсізді қалай қорлайтынын талай көрдім. Көрген сайын қарашұбар жылан менен көккасқа бақа көз алдыма келе қалды. Ұмыта алмаймын»* [13, 25].

*«Дүние әлі солай. Өзгерген жоқ. Тек күс-күс жарылып кеткен, жарасына топырақ тығылып қалған өкшесімен әділетсіздікті теуіп кеп жіберетін адам табылмайды. Баяғыдай батырлық менде де жоқ»* [11, 12, 25].

*Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп. Дүние о басында түп-түзу, дұрыс жаратылса керек. Бірақ кейін-кейін күштілер шыққан, әлсіздер шыққан. Әділетсіздік содан туған. Шын әділет – тепе-тендік. Адамдардың бәрі тең болуы керек. Ал адамдарда ондай теңдік бар ма? Біреу семіз, біреу арық. Әлемнің терезесі тең емес. Біреудікі биік, біреудікі аласа, ал біреудің терезесі шынысыз, қозы қарын ғана қампаяды. Ендеше, шын әділет еш уақытта, еш заманда да болмақ емес. Қазіргі әділет, әділет деп жүргеніміз – соның жұрнағы ғана. Сол жұқаның да жұлыны жұлынған* [11, 12, 43].

*Әділеттіктен аттап өтетін, беттің арынан таспа тіліп, түйіндеп тастайтын саясат дейтін сайқал бар. Саясат – көбінесе тақ үшін талас. Тақ дегеніміз – күш. Күшті болу үшін таққа таласқандар туған әке-шеше, құрсақтас бауырын да аямайтынын тарих талмай көрсетті, көрсетіп те жатыр, көрсете де береді. Таққа таластың ар жағында аран жатыр. Аран ашылады. Қазақтың: «кедей бай болсам дейді, бай Құдай болсам дейді» дегені содан қалған. Араны ашылған патша әлемді алсам дейді. Әлемді Құдайдан басқа ешкім ала алмайды. Содан барып соғыс шығады. Ал соғыс дегеніңіз қып-қызыл қан, қаптаған түпсіз-түмен қасірет. Патшалар жауласады, халық қырылады* [11, 12, 43].

Кейіпкерлерін сөйлете отырып, Шерхан Мұртаза өз толғаныстарын жеткізеді, қоғамға үн қатады, ұлттық мүдденің қорғаушысы ретінде көрінеді. Қоғамдағы әділетсіздікпен күрес – Шерхан Мұртазаның көркем дискурсының өзегіне айналған философиялық концепт. Сөз зергерінің шығармаларынан автордың азаматтық позициясы, ұстанымы айқын көрінеді. *«Жаным – арымның садағасы»* деген сөз кейіпкердің ғана емес, авторлық ұстанымның көрінісі. Философиялық толғанымдарын жеткізу үшін сөз зергері риторикалық сұрақтарды, метафора, антитеза сияқты көркемдік айшықтарды шебер қолданады: *Алдымда не күтіп тұрғаны тағы беймәлім. Екі аяғым – ат, екі қолым – қамшы, жетекшім – үміт* [20].

*« – Ой, Аха, сіз де айта бересіз, – деп күлді Рысқұл. – Бұл Шолақ оннан асып қалды. Енді мен оралғанша он жыл өтсе, бұл байғұстың басы қурап қалмай ма?! Бірақ, кім біледі, кімнің басы бұрын қурарын. Менің* ***жаураған жанымды*** *қазір тек* ***үзілмес үміт оты*** *ғана жылытады. Адам сорлы қызық екен ғой. Айдалатыныңды, құлақ естімеген, көз көрмеген, қиянға кететініңді біліп отырып, әлденеден* ***үміт етесің****. Не екенін өзің де білмейсің. Бірақ әйтеуір дәметесің»* [11, 190].

Жазушы философиялық толғаныстарын күшті мен әлсіздің күресін, мейірімділік пен қатыгездікті, опасыздық пен адалдықты шендестіре отырып жеткізеді. Сондай-ақ кейіпкер тілінде де, өз баяндауларында да тұрақты тіркес, мақал-мәтелдерді молынан пайдаланады:

*« –* ***Үмітсіз шайтан*** *ғана болсын, шырағым. Үмітіңді үзбе, адамның үміті үзілгені – үні өшкені. Сен тұрмақ, мына жетпістен асып, басы жерге жеткен менің де жарық дүниеден үмітім бар»* [11, 12, 43].

*«Қапаланба, Қарақас! Бар жамандықтың бір жақсылығы бар.* ***Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді****. Кебенек киіп кетіп еді ғой балаларың, үмітсіз шайтан деген, Қарақас!»* [13, 73-74].

*«Жермай шырағданның сәулесі – миллион жылдық жол жүрген алыстағы жұлдыздың сәулесіндей әрі нәзік, әрі аяулы. Сол сәуле барда тіршілік бар, үміт бар. Дүниенің бір қуысында, бір Алланың уысында тығылып жатқан ауылдың да алдан, жақсылықтан үміті бар. Иә, Алла, жар бола гөр!»* [13, 301].

***«Қарны тоқ, қайғысы жоқ, киімі бүтін*** *бес жасар ойын баласына қыстың кешкі аязы қызық та болуы мүмкін. Бес жасар баланың миы әлі* ***нүкте түспеген ақ қағаздай****. Әсерлі оқиға, сұлу сурет сол аппақ қағазға өшпестей жазылып қалар»* [13, 11].

*«Е, шырағым, үмітсіз шайтан ғана болсын. Әлі кім білген.* ***Дәм-тұз таусылмаса,*** *Шолағыңа да мінерсің, – деп сезімтал қарт інісін жұбатқан болды»* [11, 190].

Тілдік тұлға ұлттық рух пен ұлттық намыстың бірден-бір көрсеткіші ретінде ұлттық тіл мен ділді атайды. Шерхан Мұртазаның публицистикалық дискурсында «рух», «намыс» идиоглоссалары негізінде «өзім-өзге» оппозициясы қалыптасқан. Ана тілін, мемлекеттік тілді менсінбейтін, ділі, тілі бөлек жандарда ұлттық рух,

ұлттық намыс болмайтынын айта келіп, Қазақстанның тұтқасын ұстаған жоғары лауазымдардың көбі дерлік осы пошымды шекпеннен шыққандар екенін, олар ұлттық рухқа, ұлттық намысқа, ұлттың тілі мен діліне қарсы күресіп жатқандарын ашына жазады. Бауыржан Момышұлының тіл үшін күресін ерлікке балайды: «Осыдан 56 жыл бұрын жазғандары айна-қатесіз дәл қазіргі 2000 жылдағыдай. Дәл қазір Тіл-Тіл! – деп айқайламаған патриот жоқ. Тіл туралы күнде дерлік бас қосқан үлкенді-кішілі жиналыс болады. Тіл мыңқ етпейді. Айырмашылығы сол: қазір «Тіл, Тіл!» – деп айқайласаң, ешкім сені сөкпейді. Ал Бауыржан Момышұлы алғаш зор даусымен, өр даусымен айқайлағанда ол жалғыз еді. Өкіметтің қылышынан қан тамып тұрған кез еді.

Қоғам, қоғамның тізгін ұстарлары Бауыржан Момышұлының снарядтың өтінде, бомбалардың бетінде тұрып: «Ұлттың ділін, тілін, салт-санасын бұздырмаңдар, жас ұрпақты жасқаншақ етпеңдер, батырлыққа, батылдыққа, адалдыққа тәрбиеленңдер!» деген өтінішін, аманатын ескермегендіктен, енді соның зардабын тартып отырғанын ашына жазады.

Ұлттық рухты, ұлттық намысты ту еткені үшін Халық Батыры болса да, Бауыржан Момышұлының 50 жылдық, 60 жылдық, 70 жылдық, 80 жылдық мерейтойлары өз деңгейінде аталмай қалғанын күйіне жазады. Алайда тілдік тұлға үмітін үзбейді. Сондықтан мақаласын: «Өсетін елдің, өркен жаятын елдің ұрпағы Бауыржан өсиетінен ғибрат алар, ұлттық рухы биік жақсылар мен жайсаңдар көбейер. Сонда Момышұлы әруағы еміренер де тебіренер, ұрпақтарын желеп-жебеп жүрер. Әумин!» [21] – деп аяқтайды.

«Егемен Қазақстан» газетінің 1993 жылдың 12 қарашасында жарияланған «Намысы бар бауырға» атты мақаласында автор: «Қазақша кітап шығару қасқалдақтың қанындай қымбат, сондықтан да оқырман көркем әдебиет кітабын оқуды қойып барады. Қазақ тілінде шығатын газет-журналдар тиражы құлдырап азайды. Қарызға белшесінен батқан ауыл жарықсыз отыр, радио тыңдап, теледидар көруден қалған. Тән аштығынан жан аштығы басым түсіп барады. Конституция бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Іс жүзінде:  Парламент қазақша сөйлемейді. Үкіметтік арна қазақша сөйлемейді. Дипломаттық арна қазақша сөйлемейді. Армия қазақша сөйлемейді. Түрлі конгрестер, ассамблея, жиындар қазақша сөйлемейді. Жоғары оқу орындары қазақша сирек сөйлейді.

Қазақ тілінің жеке-дара мемлекеттік тіл болуына қарсылар, яғни ара-тұра шовинистер, ұлттық нигилистер жоғарыда айтылған жағдайлардан кейін:

- Қане, сенің мемлекеттік тіліңнің ұшпаққа шыққаны?!

- Қазақ тілі алдымен қазақтардың өзіне қажетсіз. Әйтпесе қазақша газет-журналыңның тиражы неге оңбай құлады? – деп табалайды.

- Осыны естігенде бетіңнен отың шығады. Шынынан біздің қазақтар қазақ тілін қастерлей алмағаны ма? Ұлттық рухтың бел омыртқасы тіл болса, сол тілде сөйлейтін газет-журнал ғана қалды емес пе? Оның өзі тиражы өспей жатса, қазақ тіліне қарсылардың масайрағаны ғой.

Сенгің келмейді. Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді. Ал елді ше? Тілден айырылсақ елдігіміз қайсы?

Ел басшылары, ауыл, аудан ағалары, зиялы қауым! Әлгіндей табаға қалмас үшін де, тәуелсіздік туын құлатып алмас үшін де қазақша басылымдарды қолдайық. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «Егемен Қазақстан» сенімдеріңізді ақтайды [1].

«Ұлттық рухтың бел омыртқасы – тіл», – деп тұжырымдаған тілдік тұлға тіл мәселесін көркем дискурстарында да, публицистік дискурстарында да, философиялық дискурстарында да тынбай сөз етті: «Қазақстан ұлты» болса, оның тілі қандай болады? Бір-ақ ұлт болған соң оның тілі де біреу-ақ болмай ма? Сонда ол қандай тіл? Сонда сенің қазақ тілің қайғы ғана емес, қан жұтып қалады... Басқа-басқа, Астанада қазір 3-ақ қазақ мектебі бар!!! Намыстан жарылып кете жаздаймын...

Тілдік тұлға тарихи жадты оятып, сақ заманындағы, көк түріктер заманындағы қайсарлықты еске сала отырып, 1986 жылғы көтеріліске лайық бағасын береді: «Сонау сақтар, көк түріктер дәуірінің жұрнағы асау да тарпаң Қазақстанның басына тұңғыш рет бұғалық түскеннен бері үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісі болған екен: Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Кенесары... 1916 жыл...

Мына алаңдағы толқын-толқын тулаған теңіз сол көтерілістердің көп жылғы талмаусыраған үнсіздігінен кейінгі бұлқыныс.

Ұлттық рух сыздаған шақ. Ұлттық намыс кернеген шақ. Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел. Тәңірге тәуба! Рух сынбаған екен, намыс сөнбеген екен... Ата тегін ұмытқан имансыз мәңгүрттер қайдан шығады? Атадан қалған мұраны қастерлемеуден шығады. Бірақ біздің заман, біздің мектеп, біздің университет бізге білім беруден гөрі сол ата-бабаны мүлдем ұмыттырып жіберуге тырысып-ақ бақты ғой.

Бірақ намыс қайда? Адасып қалған ба? Қазақ деген ежелгі ұлт бар емес пе? Қазіргі Қазақстан мемлекетінің байырғы төл халқы қазақ емес пе? Конституциямыз: қазақ тілі – мемлекеттік тіл демей ме?

Айтып-айтпай не керек, осыны ойлағанда өзегіңе өрт түскендей күйінесің, күрсінерсің, көпке қалай топырақ шашарсың?» [22].

Сөз зергері 1986 жылғы көтерілісті қазақтың рухы сынбағанының, намысы сөнбегенінінің көрсеткіші ретінде сипаттайды: «1986 жылы Қазақстанға жаңа басшы болып Колбин келді. Тегі жоқ, Қазақстан сияқты зор республиканы басқаруға ебі жоқ; басқарайын деп келген елдің не тарихын білмейді, не тілін білмейді, әдеп-ғұрып, салт-санасын, психологиясын, тұрмыс-тіршілігін білмейді. Аспаннан салбырап түскендей біреу... Қазақта да, Құдайға шүкір, намыс бар. Оны бірінші хатшы етіп лезде сайлаған Пленумда: «Ау, бұл қалай?» – деп бір жан жақ ашпады-ау. Мәскеу не айтты, болды, бітті. Бірақ халық үнсіз қала алмады. Алаңға жастар шықты. Бейбіт ниетпен шықты. Оны аранадатушылар өздері ушықтырды.

Қазақ жастарының қаны төгілді. Әне, сонда қырғыз бауырлардың қабырғасы сөгілді. Көмекке келмекке, қазақ бауырларына қол ұшын бермекке Алматыға асықты» [23].

Тілдік тұлға ұлттық намыс, ұлттық рух, ел бірлігі туралы толғанысын аллегория түрінде де шебер бейнелейді: «Алдына арқарлардың Құлжасы түсіп кеткеніне намыстанып, шытынап тұрған Таутеке шыдай алмай, алдыңғы аяғының тұяғымен текше тасты шекіп-шекіп жіберіп, ай мүйізді басын шайқап-шайқап қойып:

– Барыс мырза, кешіріңіз, менен де бір ауыз сөз тыңдаңыз, – деп бақылады. – Осы өкімет біз сияқтыларды қорғайтын мекеме құрды деп еді, бірақ алдымен бізді аңдып ататындар – сол мекеменің адамдары ма деген күдігім бар, бақ-бақ-бақ... Ал бишара сарала қаздың Құдай иманын берсін, бақ-бақ-бақ...

Теңбіл барыс: – Тағы да кімге қандай пікір бар? – Жан-жағына паңдана қарап қойды.

Қоңыр аю қорбаң-қорбаң етіп алға шықты:

– Егер сарала қаз шыннан өлген болса, өлігі су бетіне қалқып шығар еді. Мына мен көл бетіне тесіле қарап-ақ тұрмын, ешқандай белгі жоқ. Демек, ол өлген жоқ. Оның жаны аспанға ұшып кетті. Құдай бар болса, сарала қаздың тұқымы үзілмеуі тиіс. Мен солай ойлаймын, – деп қорбаңдап барып орнына отырды.

Теңбіл барыс жартастан төменге үңіліп, текше тастардың үстінде шоқиып-шоқиып отырған көк қасқырларды көрді.

– Сендер мұнда қайдан жүрсіңдер? Мұндай биікке көтерілмеуші едіңдер ғой, – деп қасқырларды жақтырмағандай сыңай танытты Теңбіл барыс.

Қасқырлардың көкжал арланы:

– Ол рас, Теңбіл барыс, біздің мекеніміз төмен, ылди жақта. Бірақ мылтық асынған адамдардан көбінесе қорлық көрген біз, қасқырлар әулеті боламыз. Биікте осындай аң-құстардың құрылтайы болып жатыр дегенді алақанат сауысқаннан есітіп, біз де барып тыңдайық деп келіп едік. Ешкімге зиянымыз жоқ. Бейбіт мақсатпен келдік, – деді алпауыт Арлан.

Бұл жиын биік шыңның маңайын мекендейтін аң-құстардың марқұм сарала қаздың жаназасына арналған қаралы жиыны, – деп Теңбіл барыс жартастың текшесінде тұрып қасқырларға ескерту жасап қойды. – Осындай қиын-қыстау сәтте Көк бөрі атаның балалары қорқаулығыңды істеп жүрмесең болғаны әйтеуір... » [20].

«Ал күні ертең Тіл тағдыры таразыға тартылып, сессияның күн тәртібіне қойыла қалса, осылар Ана тілін жақтап шығарына да сене бермейсің... Бетін аулақ қылсын. Ләйім де мен қателескен болайын.

Әкімдікке екі қазақ таласса, таққа кім ие бола кететінін талай көрдік қой. Қалай тез ұмытамыз?! Намыс қайда, Құдайым, сырттағы жау көрініп тұрады. Сақтасаң, қазаққа жау болған қазақтан сақта!

Ал ұлы әруақтарымыздың жүзін төмен етпес үшін ұлттық мемлекеттік ұлы қазанға суық қолдарды сұмаңдатпай, сақалы омырауына түскен қарияларымыздан

бастап бесіктен белі жаңа шығып, есі кірген балаға дейін отансүйер отан үшін намыскер, алақаны адал, ары таза болуымыз керек, арамзалар аласталсын» [24], – деп, ауызбіршілікке, ұлт болып ұйысуға шақырады.

Жазушы тарихи романдарында ұлт азаттығы жолындағы күресті бейнелей отырып, өткен тарихтан сабақ алуға шақырады. Болған оқиғаны баяндап қана қоймайды, қазақ халқының тарихы мен болашағы туралы толғана отырып, тағылым алуға үндейді. Мәселен, «Қызыл жебе» романында Рысқұл мен Тұрардың бейнелері арқылы адам тағдыры, өмір мен өлім, таңдау еркі, әділдік туралы толғайды. «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдарында ар-ождан, әділет, жауапкершілік, борыш, т.с.с. философиялық категориялар сөз болады. Мысалы: *«Дүниеде үміттің үзілгені жаман»* [13, 204].

Тілдік тұлға философиялық тұжырымдарын тереңдете түсу үшін фразеологизмдерді тиімді қолдана білген.

Шерхан Мұртазаның дүниетанымын көрсететін құрылымдар сөз зергерінің концептосферасының негізін құрайды. Яғни ол – түрлі оқиға, құбылыстарды, адамдарды т.б. бағалауға бағыт-бағдар болатын ұғымдар мен идеялар жиынтығы, аталған мәдени-әлеуметтік факторлардың әсерінен туындайтын күрделі құбылыс.

### 2.3 Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының идиостилі

Идиолект пен идиостиль – автор категориясын айқындайтын негізгі сипаттар. «Тілдік тұлға – сөйлеуші – коммуникативтік тұлға» қатарында идиостиль «коммуникативтік тұлғамен», идиолект «тілдік тұлғамен» байланысты болады. Бұл жерде «коммуникативтік тұлға» ұғымы «дискурстық тұлға» ұғымымен тепе-тең, себебі екеуі де өзара әрекеттестік категориясын негізге алады. Идиостиль – идиолектінің дискурстық факторлар ықпалында мәтіндік қызметте когнитивтік, коммуникативтік және сөйлеуі бойынша көрінісі. Ол дискурспен тікелей байланысты, себебі дискурс – тілдік тұлғаның өнімі ретінде идиостиль жүзеге асатын орта.

Идиостиль – тілдік тұлға идиолектісінің когнитивтік, коммуникативтік және сөйлеу тұрғысынан мәтіндік қызметте көрінуі. Идиостиль мен идиолект – адамның дискурстық қызметінде саналы не бейсаналы түрде пайдаланатын жүйелер. Жеке дискурс (идиодискурс) – тілдік тұлғаның ауызша, жазбаша, ішкі дискурстарының жиынтығы, идиолект пен идиостильді жүзеге асыратын орта. Идиостиль – тілдік тұлға идиолектісінің мәтіндік қызметтегі когнитивтік, коммуникативтік және сөйлеу өрісі. Идеостиль бірнеше аспектіден құралады:

1) ***тілдік аспект*** – тілдік бірліктерді таңдау, олардың үйлесімі мен семантикалық және синтагматикалық деңгейде неологизмдер жасау, нормадан тыс тілдік ауытқуларға жол беру;

2) ***стильдік аспект*** – стильдік тәсілдерді таңдау (формасы, құрылымы, қызметі, семантикасы, мәтіндегі тығыздығы, конвергенциясы);

3) ***коммуникативтік аспект*** – коммуникативтік стратегия, тактика, әдіс-

тәсілді жанр деңгейінде таңдау (қызметі, өрістеу сипаты, үйлесуі, ауысуы, әртүрлілігі);

4) ***когнитивтік аспект*** – ғалам бейнесін репрезентациялау үшін тілдік құралдарды таңдау (концепт атаулары, негізгі сөздер, прецеденттік мәтіндер, интермәтін, семантикалық-ассоциативтік желі және т.б.), сондай-ақ тілдік құралдар арқылы ойды астарлап жеткізу, интерпретациялау когнитивтік механизмдері.

ТТ феномені ретінде Ш. Мұртаза шығармаларының мәтінінде көрініс тапқан немесе сөйлеу әрекеттерінде байқалатын концептілердің когнитивтік моделі негізінде когнитивтік-прагматикалық сипатын байқатады. Ш. Мұртаза ТТ зерттеуде атап өткен когнитивтік-прагматикалық сипатын:

- лексикалық;
- синтаксистік;
- концептілік;
- мәдени ерекшеліктеріне сай қарастырамыз.

Ш. Мұртаза өзінің көп дискурсында көбінесе қандай сөздерді қолданатыны (кітап тілі, қарапайым ауызекі тілдегі, диалектілік сөздер т.б.) немесе ТТ сөйлеу әрекетінде және мәтіндерінде сөйлемдердің көлемі, яғни жай сөйлемдер мен күрделі сөйлемдерді қолдану жиілігі, сұрау немесе риторикалық құрылымда келуі назар аудартады. Сонымен қатар ТТ көбінесе қандай идеяларды ұсынады немесе оның мәтіндерінде қандай құндылықтарға жиі көңіл бөлінеді (ұлт, дін, діл, еркіндік т.б.) деген мәселелерді ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатын ашуда пайдаланамыз. Аталған прагматикалық ерекшелігін талдауда ТТ сөйлеу әрекетіндегі немесе мәтіндеріндегі ойдың мақсаты қандай, ол тыңдаушы мен оқырманға қалай әсер етеді, қандай эмоциялар тудырады және қандай әрекетке шақырады – барлығы ТТ феноменінің өзіне тән құндылықтарын түсінуге жол ашады. ТТ феноменінің сөйлеу мәдениеті мен мәтіндердегі ұлттық, дәстүрлі мәдениеттің көрінісі қалай берілгендігін бақылау да Ш. Мұртазаның ТТ ретіндегі ерекшелігін тануда басты бағыттардың бірі болды.

Әр адамның сөз саптауы бөлек, әрқайсысының коммуникативтік және когнитивтік ерекшеліктері болады. Ол ерекшеліктер әрдайым айқын көріне бермейді. Адамның идиостилі белгілі бір шекке жеткенде ғана сөйлеу мәнері ерекше әрі дара тұлға ретінде танылады. Мұндай ерекшелікті анықтау үшін интроспекция әдісі қолданылады. Қазіргі кезде идиостильді талдауда корпустық лингвистика бағытындағы зерттеулер, сандық, статистикалық әдістер қолданылады. Сол арқылы жекелеген авторлардың стильдері сипатталып, салыстырмалы зерттеулер жүргізіледі. Мысалы, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің идиостильдері сандық, статистикалық әдістер арқылы зерттелді. Ерекше идиостилі бар тұлғаны сандық өлшемдер арқылы анықтау болашақ зерттеулердің міндеті болмақ. Қазіргі кезде нақтылайтын өлшемдер болмағандықтан, идиостилі ерекше тұлға ретінде көбінесе көпшілікке танымал жазушылар алынып жүр. Жазушының идиостилін зерттеуде семантикалық-стилистикалық,

лингвопоэтикалық, жүйелі-құрылымдық, коммуникативтік, когнитивтік тәсілдер қолданылады [175].

Идиостиль автордың өзін өзі таныту мәнеріне, мәтіндегі автор бейнесіне байланысты. Көркем шығарма авторының бейнесі әдебиеттану, поэтикалық стилистика, көркем әдебиет стилистикасында жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Ол – шығарманың архитектоникасын біріктіретін күрделі категория [176]. Мәтін авторының бейнесі де көп деңгейлі құрылымға ие.

Когнитивтік тұрғыдан келгенде идиостиль «автордың концептуалды жүйесіндегі доминант мағыналарды көрсету үшін қолданылатын логика-семантикалық тәсілдер ретінде қарастырылады. Бұл жүйе эстетикалық қызмет арқылы объективтеніп, автордың тілдік формаларды трансформациялауы арқылы іске асады» [177, 62]. Тілдік тұлға (оның коммуникативтік тұлға ретіндегі көрінісі) ғаламның тілдік бейнесі арқылы анықталады. Идиостильді когнитивтік зерттеу тілдік құбылыстардың ментальді жағына басымдық беретін тәсіл ретінде А.А. Потебня, Л.В. Щерба, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, Б.А. Ларин еңбектерінде зерттелді [175, 4]. Сонымен қатар бұл тәсіл когнитивтік поэтика мен когнитивтік әдебиет теориясында да қолданылады. Филологиялық зерттеулердің когнитивтік парадигмасын қолдайтындар «қазіргі идиостильді зерттеу тілдік көріністен когнитивтік құбылыстарға емес, керісінше, когнитивтік құрылымдардан тілдік репрезентацияға қарай бағытталуы тиіс» деп есептейді [175, 9]. Лингвист сөйлеу материалына сүйене отырып, когнитивтік құрылымдарды қайта қалпына келтіреді. Идиостиль бір концептінің мәтіндегі көрінісі арқылы не концептосфераның ұйымдасуы, мәтінде бейнеленуі арқылы байқалуы мүмкін. Жеке концептосфера – жеке поэтикалық стильдің ментальдік негізі [175, 6]. Концептінің мәтіндегі көрінісі синонимдік қатардан, семантикалық немесе ассоциативтік өрістен, сөзжасамдық ұядан, прецедентті феномендер мен интертекстуалдық құрылымдардан алынған білім негізінде қарастырылады [175, 32].

Мәтіннің семантикалық құрылымы мен тілдік сананы сипаттайтын когнитивтік және семантикалық категориялар идиостиль моделін жасап, талдайтын құралдар ретінде (концептілер, сценарийлер, фреймдер, ассоциативті-мағыналық өрістер, поэтикалық интегратор және т.б.) қолданылады. Мәселен, Шерхан Мұртазаның «Нахал торғайлар» атты дискурс-мәтінін когнитивтік тұрғыда талдасақ, ол жалпы құрылымы бар фреймдерден тұратын дискурсқа жатады. Дискурс-мәтіннің атауы метафораға құрылған әрі орыс тіліндегі «нахал» сөзі қазақ тіліне аударылмастан, сол күйінше берілген. Бұлайша берілуінің мәні бар. Себебі тілдік тұлға кейіпкер бейнесін аша түсу үшін әрі оқырманға әсерін күшейту үшін қазақша баламасын бермеген. Сондықтан «Нахал торғайлар» деген атаудың өзінен пресуппозиция айқын көрінеді.

Шығармада құс атаулары метафора ретінде қолданылған: *қарлығаш, шымшық, наурызкөк, Көк Кептер, қызыл айдарлы Қораз, Үкі бәйбіше, Қырғи, Қаршыға, Тұрымтай, Жағалтай.* Сөз зергері персонификация тәсілін пайдаланып,

оларды адамша ойлатып, адамша сөйлетеді, сипаттағанда да адамға тән сөз қолданыстарын пайдаланады (*Үкі бәйбіше ақылман*), олар адамша әрекет етеді (қашып-пысып, қуғын көрген құс баласы құла далада бас қосып: *Бұл зауалға не амал?– деп ақылдасты; Ұясынан айырылған Үкі бәйбіше ақылман ғой, сол айтты; Үкі күндіз көзі көрмейтін болған соң жан-жағына сығырая қарап; Көк Кептер суырылып алға шықты; шырылдады Қарлығаш; деп қоқиланды қызыл айдарлы Қораз* т.с.с.). Дискурстық мәтінде тілдік тұлға туған жердің құдіреті, тіл тазалығы, ұлттық намыс туралы астарлап жеткізеді. Оған*: «Жыл құстары... Шіркін, солардың туған жерге, атамекенге деген ынтызарлығын жаратқан құдірет адамдарға да бұйыртса ғой. «Ит тойған жеріне, ер-азамат туған жеріне» тартып тұратын қасиет қайда?..* [13, 328].

*Сонымен, көктем сайын жыл құстары туған жеріне қайтып оралады. Құстардың бәрі ұя салып, жұмыртқалай бастаған кезде...»* [13, 328], – деген абзацтағы ой дәйек бола алады. Алайда жарасымды тіршілікті сары тұмсық, ақ төс, қара торғайлар бұзады. Автордың «нахал торғайлар» деп отырғаны – осы торғайлар. Бұл торғайларды да Ш. Мұртаза метафоралық қолданыста берген. Ол торғайларды сипаттағанда автор *самсаған сары тұмсық, ақ төс, қара торғай, толып кеткен бейтаныс торғай, Атаңа нәлет, мынау бір жауыз торғайлар, бейтаныс сұмырайлар, бөгде торғайлар, бір топ «жын-пері», жауыз торғайлар, келімсек торғайлар, жауыздар, жауыз торғайлардың басқыншылығынан* т.б. сөздерді қолданады. Олардың іс-әрекеттері де тым оғаш: «*Енді бір топ «жын-пері» оның басынан ары-бері ұшып өтіп, басына саңғып-саңғып кетті; жыпырлап отырған шақырылмаған бейтаныс қонақтарға лақтырып еді, шақ-шақ етіп, екі-үш торғай ұшқансыды. Басқалары тырп еткен жоқ. «Бізге тас лақтыратын мынау кім?» дегендей шетінен шақылдап, шуылдап қоя берді; Итті көрген бейтаныс торғайлар шетінен шақылдап, шуылдап ала жөнелді. Тіпті иттің үйшігіне шығып алып, тепсініп-тепсініп, саңғып кеткендері де болды; Мұны өз көзімен көрген үй иесі жерден тас алып лақтырып, алақандарын шапаттап, «кіш-кіш» деп айқайлап көрді. Оған айылын жиған торғайлар көрінбеді. Көк түйнек болған өрік пен алманы жабыла шоқи бастады* [13, 329].

Дискурс-мәтінде құстар да, мысық (Қабылан атты қара мысық) пен ит (кәрі төбет) те аллегория ретінде берілген. Мәтіндегі аллегориялар мен метафоралар ойды тұспалдап жеткізу үшін мақсатты түрде қолданылған. Тілдік тұлға металогиялық денотация арқылы бейнелі образ тудырған.

Айқындаушы есім (Қабылан) – экземплификация әдісімен берілген есімнің ішкі мәні кейіпкердің болмысын танытады. *Үйшігінде бүктетіліп, тұмсығын аяқтарының арасына тығып жатқан кәрі төбет, Қабылан атты қара мысық, батыр мысық* сияқты сипаттаулары арқылы автор эвокативтік механизмнің көмегімен жекелеген адам емес, әлеуметтік топты меңзейді.

Тілдік тұлғаның сатиралық мәтінін когнитивтік-фреймдік тұрғыдан талдағанда әрбір оқиға, кейіпкер мен көрініс белгілі бір фреймнің мазмұнын құрайды. «Нахал торғайлар» мәтінін бірнеше фреймге жіктеуге болады:

- **«Көктем, жыл құстары» фреймі.** Концептілік мазмұны: көктем мезгілі, жыл құстарының туған жерге оралуы, табиғаттың оянуы, ұлттық құндылық – атамекенге адалдық.

Мәтіндегі көрінісі: «*Жыл құстары... Шіркін, солардың туған жерге, атамекенге деген ынтызарлығын жаратқан құдірет адамдарға да бұйыртса ғой. «Ит тойған жеріне, ер-азамат туған жеріне» тартып тұратын қасиет қайда?..»* [13, 328].

- **«Басқыншылық фреймі»** (нахал торғайлардың келуі). Концептілік мазмұны: бөгде күштің басып кіруі, тұрмыстың бұзылуы, қауіп, үрей, қарсылық, мәдениет пен тілге шабуыл.

Мәтіндегі көрінісі: *«Дүниенің бәрі: үйдің төбесі, есік алдындағы сарайдың төбесі, өрік пен алма ағаштың бұтағы, көшедегі электр сымы – бәрі-бәрі самсаған сары тұмсық, ақтөс, қараторғайдан көрінбейді...»* [13, 328].

- **«Қарсыласу» фреймі.** Концептілік мазмұны: үй иесі Райым ақсақалдың қорғанбақ болған әрекеті, кәрі төбеттің көнбістігі, мысықтың қарсылығы, қорғансыздығы, белсенді қарсыласудың жоқтығы, әлсіздігі.

Мәтіндегі көрінісі: *«Мылтықтың оғы жоқ», «тас лақтырды», жауыздар лезде көтеріліп қара мысықтың төбесіне аспаннан жауған жаңғақ-бұршақтай тасырлап тиіп, біздей өткір тұмсықтарымен төбесін тесіп жібере жаздап, шоқыды-ай келіп...»* [13, 330].

Автор адамдардың бойындағы кемшіліктерді, тілге деген немқұрайдылықты сынап, рухани дерт, азғындық ретінде сипаттайды. Мемлекеттік тілдің қолданысы, тіл тазалығы туралы көп жазып, мінберлерден ашына сөйлеп жүрген Шерхан Мұртаза адамнан басқалардың бәрі өз тілінде сөйлеп жүргенін, адам ғана өз тілінен безгенін күйіне жазады: *«Құдайдың құдіреті, сиырлар бұрынғыша мөңірейді. Қойлар бұрынғыша маңырайды. Есектер бұрынғыша ақырады. Қораздар баяғыдай шақырады. Иттер бұрынғыша үреді. Жылқы кісінейді. Темір ұста Иванның шошқасы қорсылдайды... Құдайдың құдіреті шығар, сиырлар баяғысынша мөңіреп, қойлар маңырап, есектер ақырып, тауықтар шақырып жатқанда, адам байғұстың тілі лезде өзгеріп шыға келді. Өзгермеске лаж болмай қалды»* [13, 332].

Когнитивтік-эмотивтік-мотивтік өріс идиолект сүзгісінен өтеді. Идиостильдің екінші «сүзгісі» – синергетикалық мәтін түзу жүйесі – мәтіннің автордың еркінен тыс өзін өзі ұйымдастыру заңдары. Алғашқыда синергетикалық заңдар идиостиль үшін онша маңызды болып көрінбеуі мүмкін. Алайда бұл – жеке мен жалпы арасындағы контраст арқылы көрінетін ерекшелік. Осы екі сүзгіден өткеннен кейін (идиолект және синергетикалық мәтін түзу жүйесі), когнитивтік-эмотивтік-мотивтік өріс мәтінде жүзеге асады. Бұл – идиостильдің көрінісі.

Модельдер әртүрлі болғанымен, зерттеуші мәтінмен – сөйлеу материясымен жұмыс істейді. Сол себепті идиостильді сипаттауда бірқатар ерекшеліктерді ескеру керек:

1. лексикон – сөздік тұрақтылығы, сөздердің синтагматикалық ұйымдасуы;

2. грамматикон – грамматикалық құрылымдардың ерекшелігі;

3. стилистикалық және риторикалық өрнек – мәтіннің экспрессия, композиция тәсілдері.

Лексиконды, грамматиконды, стильдік және риторикалық өрнекті әртүрлі әдістермен, соның ішінде математикалық тәсілдермен талдау арқылы идиостильдің құрамдас бөліктерін түгел қамтуға болады:

- *тілдік деңгей* – тілдік бірліктерді таңдау, оларды біріктіріп, семантикалық немесе синтагматикалық деңгейде неологизм жасау, тілдік нормадан ауытқуларға жол беру;
- *стильдік деңгей* – стильдік тәсілдерді таңдау (түрі, құрылымы, қызметі, семантикасы, мәтіндегі тығыздығы, конвергенциясы);
- *коммуникативтік деңгей* – коммуникативтік стратегия, тактика, амал-тәсілдер, жанрлық ерекшелігі;
- *когнитивтік деңгей* – дүниетанымды бейнелейтін тілдік құралдарды таңдау (концепт атаулары, кілт сөздер, прецеденттік мәтіндер, интертекст, семантикалық-ассоциативтік желілер және т.б.), сондай-ақ мағыналарды қалыптастыру мен интерпретациялаудың когнитивтік механизмдері.

Ш. Мұртаза көркем шығарма мәтінінде, публицистикалық, философиялық мәтіндерде, саяси дискурста т.б. көбінесе қазақ тіліндегі ұлттық рух пен патриотизмді оятуға бағытталған лексиканы жиі қолданған. Мысалы: *қазақ, ұлт, рух, құдай, құдайдың құдіреті, халық, ауыл, туыс, кең дала, сары дала, байтақ дала, ұят, қанағат* т.б. сөздерді әр дискурсында жиі және мәтін немесе сөйлеу стиліне сай қолдануы ТТ өзінің ой-пікірінің ұлт мүддесін артатынын дәлелдей түседі. Екіншіден, санадағы ойды тіл арқылы жеткізуде оның нақты кімге бағытталғанын және мақсатын да аталмыш лексикалық бірліктерден аңғара аламыз.

ҚР ҰҒА академигі Рабиға Сыздық әдеби тіл коммуникативтік қызмет атқарып, адамдардың күнделікті қарым-қатынас жасауының құралы болғанмен, көркем шығарма құрылымына түскенде ол басқаша қырынан көрінетінін, өзінің бейнелі құралдары арқылы оқырманның сезіміне әсер ете отырып, эстетикалық, көркемдік қызметте жұмсалатынын, соған сәйкес әдеби тіл нормасы мен көркем әдебиет тілі нормасы арасында да ерекшелік болатынын, әдеби тілде нормаға жатпайтын тілдік факті өнер туындысында жазушының алдына қойған мақсатына сай келіп, эстетикалық қызмет атқаруы мүмкін екенін айтады. Ғалым Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан «Рысқұл қазір тауфихсыз жорыққа шығып бара жатып артына қарап, Ай нұрына малынып манаураған Талғарды көріп, былтырғы оқымысты орыспен соның шыңына шыққаны есіне түсті» деген үзіндіні мысал ретінде келтіре отырып, «тауфих» сөзінің мағынасы сөздікте «ынсап,

қанағат» сөздерінің баламасы ретінде берілгенін, оның ескі сөз екені, алғашқы мәні діни ұғымға байланысты шыққанын айта келіп, «Енді осы сөзді көркем контексте қолданудың реті қалай, орынды ма?» деген сұрақ қояды да: «Әдеби тілді пайдалану үлгісі жағынан орынсыз, ал көркемдік қызметте, эстетикалық мақсатта жұмсалуы жағынан әбден орынды. Тіпті осы сөзді «дұрыстап», яғни әдеби қалыпқа түсіріп, «қанағатсыз жорық» деп жұмсағанда, мәтіннің көркемдігіне нұқсан келген болар еді. Оның бірнеше себептері бар. Алдымен, Рысқұлдың бұл жорығы – жай жорық емес, Саймасай болыстың айдауымен атақты Қызыл жебені қолға түсіру жорығы. Рысқұл бұл жорыққа амалсыздан аттанып барады, арты не болары белгісіз, бірақ бір ішкі сезімнің күшімен жақсылыққа тірелмесін түйсінеді. Егер осының аяғы өзінің жалған жаламен абақтыға қамалып, Қызыл жебенің мерт болуымен тынатынын білсе, ол осы «абырой әпермес» (көне сөз осы мағынаның жағымсыз жағын үстемелеп тұр) жорыққа аттанар ма еді?.. Екіншіден, Рысқұл қаншама үлкен қайрат-қажырлылықтың, өжеттіліктің, адалдықтың иесі болғанмен, оқығаны ескіше ғана. Автор бұл жорықты сол Рысқұлдың жан дүниесінен өткізіп беріп отырғандықтан, оның дүние түсінігіне сәйкес сөзді қолдануы да заңды.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: тілдік құралдардың көркем әдебиетте қолданылуының дұрыс-бұрыстығы олардың әдеби тілге жататын жатпайтындығымен емес, көркемділіктің заңдылықтарына сай келу, келмеуімен анықталады» [174, 9-11], – деп, Шерхан Мұртазаның идиостиліндегі ерекшелікті көрсетеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, сөз зергерінің шығармаларында метафора жиі кездеседі. Мысалы: «***Арыстан*** *мен* ***жолбарысты*** *бір торға қамап қойсаң, бірін бірі талап, ақыры екеуі де талмаусырап, өзінен өзі жүнжіп құриды»* [11, 2].

*«Көкесін күтумен өткен күндер – баланың кішкентай жүрегіне сағыныш тамыр байлаған күндер еді. Бұл* ***тамыр*** *өмір-бақи қиылмас, оны ешкім Тұрардың жүрегінен жұлып тастай алмас»* [18, 10].

*«Әсерлі оқиға, сұлу сурет сол* ***аппақ қағазға*** *өшпестей жазылып қалар»* [13,11].

*Үшінші күні* ***бұлт үйіріліп, найзағай шартылдап берсін*** [25, 97].

*«Қоңырбай онсыз да дүмбілсіз болып тұр еді, бұл стаканнан кейін өзі де ішімдікке жоқ оқта-текте ұрттап-тататын сорлының* ***үсті-үстіне көмейінен өткен ақ пері*** *аш өзегіне түсіп кетіп, жиюлы жүктің алдына аяқ-қолы былқылдап, аузы қисайды да қалды»* [26].

Шығармада бір камераға отырғызылған қазақ пен орысты (Рысқұл мен Бронников) арыстан мен жолбарысқа ұқсатса, көкесін сағынған баланың сезімін тамырға балайды. Жас баланың миын аппақ қағазға ұқсатса, көңіл күйінің бұзылуын ауа райының бұзылуына ұқсату арқылы метафора түзеді. Бұйрыққа қарсы келе алмаған Қоңырбайдың қайта-қайта ішкен ақ арағын үсті-үстіне көмейінен өткен ақ періге балайды. «Қызыл жебе» романының өзі де метафораға құрылған. Романның басында ол «өңірдің маңдайдағы жарқыраған жалғыз

жұлдызындай аты шулы жүйрік ат» ретінде суреттелгенмен, эпиграфында жазушы: «Дәуірдің Қызыл жебесі – Тұрар Рысқұловқа ескерткіш», – деп таңбалайды. Яғни романның атауына да метафора арқау болған.

Жазушы метафораны көркем шығармаларында ғана емес, публицистикалық, философиялық дискурстарында да шебер қолданған: «*Әзірше **акулалар** ұстатпай жүр. Кейбір **шортандар, шабақсымақтар** ғана бірен-саран түсіп тұр **торға**... **Сол шегірткелер** адам санасын да бүлдіріп жатыр... Сол мұнайды **шет елдіктердің саулы сиырына айналдырдық**... Сол Тәуелсіздігімізді Құдай **бұзықтардың балтасынан** сақтасын... Тәуелсіздік біреу. Ол – біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен **Алланың ақ нұры**... Тәуелсіздік – **жаңа шығып келе жатқан Күн**. Әне, сол сансыраған түрік милләтін Ататүрік **ысырат көпірінен** алып шықты...*» [13].

Ш. Мұртаза көркем шығармаларында синекдохаларды қолдана отырып, тың бейнелер түзеді:

***«Кәрі көкірек** соның бәрін айтпай-ақ түсініп қойды»* [28].

*«Шетте тұрған **қамыс қалпақты, шеңбірек қарын**:*

*– Не болды? – деп зәрлене айқай салды»* [28].

*«Ей, ақымақ, ана соқаны қара, мүмкін тасқа тіреліп қалған шығар, жаңа от жарқылдады ғой, – деді **шеңбірек қарын»*** [28].

*«Шеңбірек қарын бұл көрініске аса мән бере қоймай, жалтыраған жап-жаңа қара туфлидің үшкір тұмсығымен әлгі сүйекті теуіп кеп жіберді.*

*– Иә, қайда бара жатырсыңдар? – деді **Бадырақ көз»*** [28].

*«Сондай жанжалдың себебі болған көк тайқарға енді **мына шалғы мұрттың** көзі түсті, құдайым өзі сақтасын. Есектен айрылсам, шешемнің күні не болады? Бетіне өмірі тіктеп қарамаған қайнағасының тілі тисе – қорлыққа ол қайтіп шыдайды?*

Шерхан Мұртаза теңеулерді де шебер қолдана білген. Мысалы: *«Ал экспресс тоқтамақ тұрмақ, екпін бәсеңдетпей, **жұлдызша** ағып өтеді»* [28].

*«Әлтайдың пәнер тақтайдан шағын чемоданы бар, аузында **жұдырықтай** құлып тұрады»* [28].

*«Мұның жасына қарағанда бір адамның ғұмыры **тозаң сияқты»*** [28].

Байқап отырғанымыздай, теңеулердің жасалу жолдары да әртүрлі.

Қазақы танымға негізделген теңеулер көбінесе жан-жануарға ұқсатудан туған:

*«Қожайын **бөтен ит көрген ешкідей** ежірейе қалып:*

*– Қайтқаны қалай? Не оттап тұрсың өзің? Оттама! Отыр! – деп бұйырды»* [28].

*«Абайсызда үйге кіріп кетіп, қайтадан далаға шыға алмай, **терезені тепкілеген ара сияқты** ызыңдайды»* [28].

*«Құбаталдың шыбықтары осы қазір бүршік жарайын деп, **буаз сиырдың желініндей** сыздап тұр»* [28].

*«Шалабай **көмейіне тас тығылған қасқырдай** болды да қалды»* [28]. «Жазушының қолданысындағы теңеулер көбінесе жалаң бір сөзбен берілмей, анықтауыштарымен келіп, сол бейнені шынайы елестетеді: *Жартылай жыртылып кеткен көне зираттың үстіндегі қалың қамыстың сыңсыған ызыңы естіледі. Таудан соққан самалдан тербетілген қамыс сыбызғылар **мыңжылдық дәуірдің тарихын тартып тұрған көне қобыз секілді»*** [28].

*«Өзгелер **дауыл жапырған қоғадай** жығылып, бір иіліп, бір тұрып, тынымсыз шоқынып жатқанда, міз бақпай сіресіп қалған Тұрар ғана»* [11, 5].

*«Бес жасар баланың миы **әлі нүкте түспеген ақ қағаздай»*** [13, 11].

Қаламгер бірнеше теңеуді үсті-үстіне контекстік синоним ретінде қолданып, әсерін күшейте түседі:

*«Табалдырықтан қақпаға дейін желі байлам жер Тұрарға **қыл көпірдің үстіндей, тозақ отының арасындай** сезілген»* [11, 6].

*«Үкілі қамыс, көк құрақ, жасыл жыныс – **жақсылықтың ордасындай, армандардың үміттердің аралындай** тербеліп, сыңсып, сызылып тұр»* [18, 9].

***«Тастай батқан, судай сіңген**, сілесі қатқан қалың ұйқыға кеткен екен...»* [11, 88].

Байқап отырғанымыздай, тілімізде тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан теңеулерді де жиі пайдаланған. Теңеулер әрдайым мәндес бола бермейді. Сонымен қатар оларды өзара қарсы қою арқылы көркем бейне түзеді: *«Жанында ғана отырған Мәрзияның кескіні **алыстағы жұлдыздардың шағырмақ жылтылындай емес, ызғарлы көкөзек көктемдегі құралай суығынан кейінгі күншуақтың жылуындай** майда»* [25, 36].

Жазушы теңеулерді күрделендіре отырып, кейіптеу де түзеді. Мысалы: «*Ақпанның ақ бура бораны **болдырып, жынынан айырылған бақсыдай** басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден Ай сәулесі себезгілеп тұратын болды»* [13, 35].

*«Қазір тарғыл тастың тасасынан **тауешкі аңдыған мергендей**, тәуіп атаның қас-қабағынан көз алмай отыр»* [11, 10].

Жазушы теңеулерді көркем шығармаларында ғана емес, публицистикалық дискурстарында, ой толғауларында да жиі қолданады: «*Армансыз адам – **мелшиген есек сияқты**... Алланың таразысы, космос компьютер **қылаудай** қате жібермей, бәрін шотқа салып отырады... Ол заң **көкектің балапаны сияқты** бағусыз қалады... Ұлттық сана-сезім **торқадай** тозған жерде ұлттық патриотизм де жетімсірейді... Бәрі де – **алтындай** жалтыраған жақсы сөз»* [13, 297-298].

Сонымен қатар жазушының эпитеттері де сонылығымен көз тартады: «*Босағада **қотыр** қабырғаға арқасын сүйеп, жүресінен отырған алпамса кісі мазасыз көк шыбын жаққа атырыла бір қарап қалды»* [11, 8].

*«Жасына жетпей **көзіне ой тұңғиығы ұялаған** жәдігерді қу Құдай көп көрмесе екен, маңдайымды тайқитып, сорымды сорадай ағызып кетпесе екен деп, Рысқұл іштей шырылдады»* [11, 11].

Тілдік тұлға эпитеттерді де теңеу, метафоралармен қабаттастыра қолданады: *«Егер шыбын орнында адам болса мына бір* ***алмас қылыштай жарқ ете қалған қаһарлы*** *көзден зәресі зәр түбіне кетер еді»* [11, 8].

*«Көкесін күтумен өткен күндер –* ***баланың кішкентай жүрегіне сағыныш тамыр байлаған*** *күндер еді»* [18, 10].

*«1937-жыл* ***жалмауыз*** *жыл еді.* ***Қанатына қырау қатқан жас*** *балапан мен едім»* [13, 13].

Эпитеттерді де публицистикалық дискурстарында шебер пайдалана білген: *«Қазақ тілі қайғы жұтып қала ма?» деген сұрағың* ***кеудесінде жаны бар, тамырында бір тамшы қазақы қаны бар, намысы бар*** *адамның* ***қабырғасын қайыстыратын*** *сұрақ... Ал байыбына барсақ, Ататүрік өз халқын рухтандырып, әлденіп алғаннан кейін* ***асау*** *мінез көрсеткен жоқ* [29].

Жазушы көркем айшықтарды (троптарды) көркем шығармаларында ғана емес, функционалдық стильдің ерекшеліктерін ескере отырып, публицистикалық дискурсында да ұтымды қолдана білген. Бауыржан Момышұлына арналған «Рух пен намыстың төресі» атты мақаласында да жазушы метафораларды *(Адам – ат. Ал заман, қоғам – сол аттың иесі. Тізгінді қалай тартады – ат солай бұрылады, солай жүреді... Заң дегеніміз – ноқта; ажал араны; Қазақстанның тұтқасын ұстаған басшылар, қоғамның тізгін ұстарлары, халық даналығының алтын қазынасы; достардың алыптары, дұшпандардың бақа-шаяны; Бауыржанның нық шегесі; Бауыржан шыңының басы; осы пошымды шекпеннен шыққандар; 1937 жылдар қасапханасы; Мәскеудің Қазақстандағы қолшоқпарлары; ноқтаға басы сыймаған; соның жемісі; дерт; күйік; мерез; рухани көрсоқырлар; жаудың шіріктері; шым-шытырық шұршіттену);* теңеулерді (*аждаһадай, Хан Тәңірідей, Бұланайдай; піріндей; лақтайын бақыртқан; атағың таудай);* эпитеттерді (*зор даусымен, өр даусымен; өр кеуде; биік білімділік; қорлау сөз; сор маңдай балалар; тағдыршеш саласы; жеңіл ойлы; асыл сүйек дарабоздар; қызыл диктатура; құлақ кесті құлдары; рухани көрсоқырлар; шым-шытырық шұршіттену; ұлттық рухы биік жақсылар мен жайсаңдар; аузы түкті дұшпандар).*

Ойын көркем де анық жеткізуді мақсат еткен сөз зергері мақалада шынайы және контекстік синонимдерді (*ақылды, парасатты, барынша әділ, турашыл болса; өктемшіл, өр кеуде, зұлым; таң қалып, таңдай қағар еді; асқан шешендігіне, ой жүйесінің, логикасының жампоздығына, биік білімділігіне; ақыл-парасатына, адамгершілігіне; өз халқын, өз қазағын; өткенін, қазіргісін, болашағын ойлап, қайрат қылды, күресті; майдан даласында, снаряд пен бомбалардың аждаһадай ысқырығының астында; снарядтың өтінде, бомбалардың бетінде; халық қамы. Ұлттың мүддесі. Ұлт тарихының, ұлт рухының, ұлт тілінің, ұлт санасының, ұлт сауатының, ұлт ар-намысының, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің қамы; белуардан қан кешіп жүріп, соғыста майдан басқарып жүріп т.с.с.);* антонимдерді (*бүкіл советтік идеология, күллі үгіт-насихат бір жақ. Бауыржан Момышұлы бір жақ; достардың алыптарың, дұшпандардың бақа-шаянын бұйыртты)* шебер

пайдаланған. Мұндай қолданыстар көркем шығармаларында тіпті көп: *«**Оянса – ойында, ұйықтаса – түсінде*** [18, 10]. *«Содан сол Мақсұт еңлік гүлін ізден кете барсын. **Бір күн өтсін, екі күн өтсін... Бір жыл өтсін, екі жыл өтсін... Алты жыл өтсін, алпыс жыл өтсін**...»* [28, 274]. *«Бірақ **күндер, айлар, жылдар** өткен сайын сол арман асқындай түскенмен, мен сенен алыстап барамын, алыстап барамын...»* [18, 3].

Жазушы контекстік синонимдерді бірыңғай мүше ретінде қолданады: *«**Аяқты кісен, көкіректі шөл қысқанда** адам бей-жай, айналаға көз салмай меңіреу болып қалады екен»* [18, 5].

*«Нариманға «бақытсыз» деу керек пе, жоқ па, оны мына бір секунд, яки жарым секунд айтар. Айтуы **қатал, жалтармас, бұлтармас, көлгірсімес, аярланбас, алдамас.** Бәрін бадырайтып көзіңе айтар»* [25, 181].

*«Сайдың қабағында **қарындары шеңбірек атып, желіндері жер сызып**, сиырлар жайылып жүр екен»* [28, 278].

*«Көкесін сағыну Тұрар үшін **мүддені, мақсатты, жақсылықты** сағыну қасиетіне айналды»* [18, 10].

Бірыңғай мүшенің басын қосатын жалпылауыш мүше жазушы қолданысында әрдайым бір сөзбен беріле бермейді. Жазушы жалпылауыш сөздің орнына тұтас сөйлем түрінде беріп, кейіпкердің іс-әрекетін, ойын бірыңғай мүше ретінде қолдану арқылы контекстік синоним жасайды: *«Бұл **үнсіз, тұншықққан** жылауда **толып жатқан шағым бар еді**: әкейдің жоқтығы, қайрақбай қарауылдың сиырын колхоздың жоңышқасына түсіп кетті деп, шешемді былапыт сөзбен балағаттағаны, қыстың ұзақ боранды түндерінде үрпек бас үш бала Айшаның бауырына тығылып, бір көрпенің астында боранның ұлыма даусын тыңдап қорқып жататынымыз; Жуанқұл бастықтың жұмыртқаны ұрлап жейді деп Ақжол дейтін күшігімізді атып өлтіргені. Салмай дейтін шалдың мені көрсе дереу: о жетімек, о жетімек! – деп бас шайқай беретіні; августың айсыз түнінде Борандының элеваторынан қайтып келе жатқанда, есегі жүйріктер озып кетіп, мен елдің ең соңында жалғыз қалып, жол-жөнекей терең-терең сайлардан өткенде үрейден тынысым тарылған кезде, Евгеньевканың бұзық балалары жалғыз өзімді ортаға алып сабағаны; сонда менің жүзін көрмей, сыртынан медеу тұтып жүретін Медет деген бауырымды іздегенім, – бәрі-бәрі мына шалдың алдына ақтарылған арыз еді. Үнсіз, тілсіз арыз»* [28, 31].

*«Әлде кім біледі, ол да маған сонда **арыз айтып шағынды** ма? «Сенің табаныңа кірген тікен менің маңдайыма батады, балам. Сен бесіктен белің шықпай жатып көрген қиыншылықтың бәрін мен кәрің білемін. Түнде түсіме кіресің, күндіз ойымнан шықпайсың. Итті құдай месімен қинасын. Әкең жоқ болған соң, менің алыста жүріп уайымдағанымнан не пайда. Қол ұшын бере алмадым, балам. Қапа болма. Бала да болсаң әкеңнің орнын басқан азаматсың. Жақсы әкенің аруағы жаман балаға қырық жыл азық, әкең жақсы еді. Сенің әкең менің балдызым болатын. Өзім қырғыз, қазақтан қыз алып, содан бала сүйдім,*

*Нұралы деген атым қырғыз-қазаққа ортақ еді. Бүгінде қартайдым, балам. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ». Тірі аруақ боп қалқайып отырмын. Әбдібек жиенің әскерде. Көптен бері сендерге ат ізін салмай кеттім. Кәріліктің зауалы, соғыстың зардабы балам...»* [28, 31].

Автор публицистикалық дискурсында да бірыңғай мүшелі құрылымдарды контекстік синоним ретінде қолданады: «*Отанының патриоты тек* ***өз қарақан басының қамын ғана, қу құлқынның қамын ғана ойламай, халық қамын мүдделесе*** *– сол ел бақытты. Сорлатқанда бізде* ***қу құлқын қамын, тойымсыз, қарын қамын ойлаушылар*** *көп... Адамның* ***адамгершілігін, пиғылын*** *бұзатын аса қатерлі қару – сол.* ***Ұрлық пен қарлықты да, жауыздық пен жалмауыздықты да, арсыз, имансыз жәлептікті, адам өлтірудің нешеме түрлерін*** *бесікте жатқан баладан бастап, бәрімізге үйретіп, санамызды улап жатыр, улап жатыр... Аяныштың жоқтығынан* ***дүние бұзылмақ. Адамдар азбақ. Табиғат тозбақ...*** *Ал* ***жаныңның қай халде боларын, о дүниенің қай қиырында қаларыңды*** *бір Алла өзі біледі... [29].*

Тілдік тұлға синонимдерді бірыңғай мүше ретінде үстемелете қолдану арқылы градация түзеді: *«Боранның үдегенін* ***азынаған, боздаған үнінен, терезеге лекілдете соққан екпінінен*** *сезеді»* [28, 277].

*«Жаңбыр* ***енді екпін алып, тасырлата, нөсерлете, селдете жөнелгенде*** *Алақайдың үстіне жайылған қос қанат жаралының денесіне тамшы тамызбай, күркеше үй сияқты болды да қалды»* [28, 341].

*«Өзінше еркелегені ғой. Тым назданып кеткен ғой. Тәлпіш деуге келмейді. Назды. Адам байғұс қол жетпеске* ***құмар.*** *Құмар да емес,* ***құштар»*** [28, 42].

*«Қара есек* ***сорлы басы кегжиіп, көзі аларып, тұмсығы аспанға қарап төрт аяғымен жер тіреп, сүйретіліп барып*** *суға түсті»* [28, 42].

Тілдік тұлға бірыңғай мүшелі құрылымдарды өзара синоним ретінде қолдана бермей, қарама-қарсы мәнде жұмсап, дискурстың әсерін күшейтеді: «*Оны қадағалап отырған* ***Үкімет те, Парламент те, Прокуратура да*** *жоқ.* ***Парламент заң шығарады****. Ол заң көкектің балапаны сияқты бағусыз қалады. Парламент, бәлкім, өз балапанын бағар еді. Бірақ конституция тыйым салған.* ***Заңның орындалуын іске асырушы, атқарушы өкіметтің*** *уақыты жоқ. Басқа шаруалармен басы қатып жатыр. Ал заңның орындалуын бақылаушы* ***прокуратура*** *дәрменсіз»* [29].

Жазушы бүтіннің бөлшектерін, бір нысанның әрекеттерін өзара қарсы қояды: *«****Сенің*** *сирағыңды сындырған ана «Үш қасқа» да – менің ұрпақтарым. Бір кездегі* ***бір атаның балалары*** *енді арада жылдар өткенде* ***бір-біріне жат, бір-біріне жау*** *болған. «Үш қасқаны»* ***сен*** *жаман қорладың.* ***Олардың*** *үлесіне тиген жерді* ***сен*** *«ортақ боламыз» деп өзіңе қаратып алдың. Ал астық бөлісер кезде* ***олардың*** *үлесін бермей қойдың. Амалы таусылған* ***«Үш қасқа» сенен*** *өшін алған түрі – мынау. Сирағыңды сындырды.* ***Сенікі*** *де – иттік.* ***Олардікі*** *де – озбырлық»* [28, 341]. Бұл контексте тілдік тұлға Алақай мен «Үш қасқаның» іс-әрекетін қарсы қояды да

кейінгі сөйлемдерде қайталамау үшін субституция тәсілін пайдалана отырып, II (сен) және III жақ (олар) жіктеу есімдіктерін қолданған.

Бүтіннің бөлшектерін, іс-әрекетін, ауқымын өзара қарсы қою публицистикалық дискурсында да жиі кездеседі: «*Обалы не керек, бұл мекеме* ***мемлекеттік тілді өз аясында қадірлеп, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізіп, қазақ тілін өз қызметкерлерін үйрету жолында көп жұмыс жүргізіп жатыр****. Бұл тек* ***өз кеңсесінің аясында****. Ал* ***жалпы республикадағы*** *тіл, мәдениет, руханият саясатын бұл комитет* ***«біздің міндетіміз емес» деп есептейтін сияқты****...»* [7, 70].

*«Баязиттің түбіне өзіміздің Ақсақ Темір жетті.* ***Екеуі де – сайыпқыран қолбасшы. Екеуі де дәуірлеп тұр. Бірін бірі шауып не жетпеді екен? Бірі Еуропаны түгел алмақшы еді. Бірі бүкіл Шығысты еңсеріп қалып еді»*** *[7, 36].*

Жазушы қарама-қарсы мәнді сөздерді қатар қоя отырып, шендестіру түзеді: «*Сен бүгін* ***күшті болып, өзіңнен әлсізді қорлап, әділетсіз өмір сүргеніңмен****, ертең қара жердің қойнына кірген соң* ***сол әлсізбен*** *бірдей боласың. Тіпті молаңа алтыннан күмбез тұрғызған күннің өзінде де* ***әлгі әлсізбен*** *бірдей боласың. Алтын күмбез сені құрт-құмырсқадан сақтай алмайды. Құрт* ***сені де, әлсізді де*** *жейді...* ***Басшы ақылсыз болса – елге азап. Бастық әрі ақымақ әрі арақкұмар болса – нағыз тозақ... Адалдардың қолында болса – ізгілік. Арамдардың қолында болса – зұлымдық****... Ақылды дихан* ***егінге қаптаған арам шөпті ғана құртып қоймайды. Қара шегірткені де қырады.*** *Ал бізде* ***арамшөппен алысып жатқан-сымақ. Қара шегіртке андыздап тұр...»*** [7, 43].

Жазушы контекстік антонимдерді пайдалана отырып, өзім-өзге оппозициясын түзеді. Алайда «өзге» сыңарын кінәлап, «өзім» сыңарына жақтаса бермейді. Сол арқылы дұшпанның айдауына көніп, қолшоқпарына айналмауға, қай істі де ойланып істеуге шақырады: *«Кейде* ***Хадиша өзін өзі кінәлайды****. Иә, бәленің бәрі* ***Хадишаның өзінен*** *болды. Бұған кінәлі* ***неміс те емес, соғыс та емес, дәл өзі****. Мақсұтқа қатты еркелеуші еді, наздана беруші еді»* [28, 274].

***«Өзі жаулап жатқан еуропалықтардың*** *қолынан өлсе, бір сәрі. Құдай қырсық қылғанда,* ***өз қандасына тұтқын қылған тағдырды*** *айтсаңшы»* [28, 277].

Тілдік тұлға контекстік синонимдер жасау үшін қайталауды да ұтымды қолдана білген: *«Қазір* ***сен жүрген жерге*** *қар жауса, соны менің аппақ сәлемім* ***деп білгейсің. Өйткені*** *қардың* ***анасы мен жүрген жақта****. Егер* ***сен жүрген жерге*** *терістіктен жел соқса, менің үнім* ***деп білгейсің. Өйткені*** *желдің* ***анасы мен жүрген жақта»*** [18, 3].

***«Осы ма, осы жер*** *емес пе?* ***Осындай*** *көлбеңдеген тау* ***ма еді,*** *сағым* ***ба еді?»*** [28, 280].

Кейде қайталанатын сөзді өзара ұйқасатын сөздермен тіркестіру арқылы поэзияға тән ұйқас түзеді: *«Ал* ***тауы түскір сөйлемейді****,* ***тасы түскір сөйлемейді»*** [28, 279].

*«Түрменің жалғыз **есігі бар екен.** Есіктің түйе көзіндей **тесігі бар екен»*** [13, 14].

Сонымен қатар қайталатын сөзді өзара қарсы мәнді сөздермен тіркестіру арқылы контекстік антонимдер түзеді: *«**Мың көз** жиналып, сол **жалғыз көзге** қадалады. Жалғыз **көздің** ар жағында үйме-жүйме тіршілік барын сезгендейсің»* [13, 14].

Жазушы сөзді тіркестірмей, бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге акцент береді, оқырман назарын аударады: *«Сыртта боран екілене түскендей. Сыртқы дүние тұп-тұтас **түнек**. **Түнек** Хадишаға таңсық емес. Ол **түнекке** үйренген»* [28, 277].

Шерхан Мұртаза адамдардың жан дүниесін, тебіренісін табиғатпен астастыра сипаттап, психологиялық параллелизм түзеді: *«Ақторғын жамылып, сызылып тұрған ағаштар қайтадан қарайып, сидиған қолдарын аспанға қайта созып, құдайдан жақсылық тілегендей үнсіз, телміріп тұр. Бастарына қара шапан жамылып, беттерінен қан аралас жас сорғалаған қатындар да қазір жапырақсыз сидиған сиықсыз ағаштар тәрізді; отын орып, тезек теріп күстенген өмірі әтір, сабын көрмеген, өмірі таза сақина салынбаған саусақтарын көкке жайып, тәңірден, бір ғана тәңірден медет тілеп, мына өз жерінен мекен таппаған, қайда барса да, құғын көрген, әлденендей қарғысқа ұшыраған ауылға келін болып түскендеріне, талайсыз тағдырына налығандай, құйқаңды шымырлатып, толассыз боздады»* [11, 84].

*«Қасқырдың адамнан өзгешелігі – адам бәрін жей береді. Шөп-шаламды да азық қылады. Тіпті бақа-шаян жейтін ел де бар. Ал қасқыр шөп жей алмайды. Тек емдік үшін өте сирек дәру шөптерді қажағаны болмаса, шөп атаулыны аузына алмайды. Ал әлдеқалай ауырса – тек асыл тамырды ғана татады. Өзін-өзі емдемесе, қасқырды кім емдейді?! Табиғат солай жаратқан. Қасқыр тек етпен ғана қоректенеді. Су ішеді. Арақ ішпейді. Ол Құдайдан шекер мен бал сұрап жатқан жоқ. Ананас пен банан талап етпейді. Оның бәрі адамдардың ермегі. Қасқыр адамдар сияқты тойымсыз, тәуфихсыз емес. Бөрі баласын жұрт: «қорқау, қомағай» деп ғайбаттайды. Бәрі бекер. Қомағайлық, қорқаулық алдымен адамға тән. Құдай солай жаратты»* [26, 55].

*«Аспан қараңғы. Сірә, күздің соңы шығар, аспанды аждаһадай аунақшыған қара бұлттар қаптайды да тұрады. Жауыны көп. Жаңбыр терезені тырсылдатады. Терезе жылап тұрады. Терезеден тарам-тарам жас сора-сора болып ағады. Хадишаның да іші уілдеп жылайды. Бірақ, көзінен жас шықпайды. Жылай-жылай көзінің жасы сарқылып, кеуіп қалған»* [28, 273].

Тілдік тұлғаның сөз қолданысы қазақы нақышта, шынайы. Кейіпкерлерді сөйлеткен тұста да сол қалпынан айнымайды. Мысалы: ***«Ойбу, жиен қыз-ау**, осындай заманда адам меймандықта жүріп алар ма? Мына Барсханның ертең оқуы бар. Менің шалым жұмыста, өзімді бригадир бір күнге босатып еді. Қайтпасақ тегі болмайды»* [28, 37].

*« – **Аққұш жәрекім-Алла!** – деді Хадиша. – **Қоржын дауай,** сен шаршаған, **қызымкә»*** [28, 12].

***«О, сорлы қар, мені аруақ атсын деп жүрсің ғой. Аруақтарды қайда қоясың?** Сенің әкең бар емес пе еді, бабаларың бар емес пе еді? Олардың **аруағы түтін шықпаған үйден безбей ме екен? Күйзелмей ме екен? О дүниеге барғанда мен оларға не бетімді айтам? О несі-ей! –** деген шешесі»* [28, 8].

*« – **Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді-ей,** – деді Хадиша пойызға ұрсып. – Тоқтай тұр-әй... **Пастой!***

*– **Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді, сонша әкесі өлгендей асыққаны несі... Әй**, Жанат, Жекен-ай, аман бол, айналайын, айналайын, **қарақтарым әшейін, садағаң болайын, шырақтарым әшейін...»*** [28, 8].

Баяншы кейіпкердің суреттеуі де шынайы: «*Әлтай нанға тоймаушы еді. **Басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз қара бала** болатын. Болбырақ, оқуға олақ, есіл-дерті ауқатқа ауып кеткен сияқты еді»* [28, 136].

***«Түрме дегені – жан-жағын милиция қоршап тұрған ат қора сияқты, кірпішек, шатырлы үй екен**. Одан бұрын Борандыда арнайы түрме болмаса керек, өйткені айналасына қорған соғып, темір тікенмен қоршап үлгермепті.*

***Милиция деген – ұзын сұр шинель, төбесі сиырдың емшегіндей шошақ баскиімді, жүздері мұздай суық, мылтықтары үшкір найзалы адамдар болады екен.** Неге екені белгісіз, бәрінің көздері іріндеген, беттері көгеріп, көлкілдеп тұрған сияқты. Мүмкін, «халық жауларын» қырағы қарауылдап, күндіз-түні ұйқы көрмейтін шығар»* [13, 13].

Тілдік тұлға болмысқа лирикалық кейіпкердің көзімен қарап, дүниетанымын, аялық білімін шынайы жеткізеді. Алғаш рет көріп тұрған түрмені, милицияны сипаттау үшін *деген, екен, сияқты* т.б. лексемаларды ұтымды пайдалана білген.

Кейіпкердің естелігін сипаттау үшін жазушы атаулы сөйлемдерді үсті-үстіне қолдану арқылы тұтас картина түзеді: «*Соноу бір көрген түстей өте шыққан жұмбақ жаз... Шоқ талдың бойында жыра қазып, Әділмен екеуі тас тізген жер. Голенит, калькофирит, фероит... Жоғарыда алқара көк аспан, төменде құлама күз, сәмбі тал тоғайы, шырғанақ жыңғылы, пар-пар етіп ұшып-қонған қырғауыл. Қырғауылдың қоразы ұшқанда әсіресе әуеде лапылдап от жанып бара жатқандай. Кекіліктің мазасыз, таусылмас қақылықтауы. Сарқырама судың толассыз үні. Айсыз қараңғы түндегі жәудір жұлдыздар. Жез қоңыраулы ақтайлақ. Біресе жақындап келіп, біресе алыстап кететін арман сияқты ақтайлақ. Тоқымдай ғана теңге гүлді алаңқай. Қалың шөптің арасында ағарып жатқан толағай қу бас. Көзінен найзағай отын жарқ еткізіп, қарақұрт шаққан сәт...»* [25, 62].

Сонымен қатар кейіпкердің болмысын, қалпын суреттеу үшін осы шақ тұлғаларын орынды пайдаланады: «*Құлағы сақ. Көз орнына Құдай құлақ берген. Ақ дауылдың үілінен Хадиша ғарыш күйін тыңдайды. Ондай күйді Қорқыт Ата да, Ықылас баба да шығара алмаған-ау. Арқаның ақ дауыл күйі басқаша, ғалами күй.*

*Аспандағы мың-миллион әруақтардың қосылып айтқан хорындай, әрі таңғажайып, әрі қорқынышты»* [28, 277].

Жазушы кейіпкер бейнесін аша түсу үшін ішкі монологты пайдалана отырып, психологиялық қалпын, тебіреніс-толғанысын, арпалысын шебер бейнелеген: *«Қош, болыстың қаны шашылды делік. Сонан соң ше? Сонан кейінгі күн не болмақ? Үкіметтің құрығы ұзын. Тау паналап, таста түнеп, қашанғы күн көре аламын? Тау-Шілмембет ауылының тоз-тозы шығады? Ізбайшаны көкпар қылады... Тұрардың халі не болмақ? Осы итті өлтірмей-ақ қойсам ше? Өлтірмей-ақ қойсам... Мені бәрібір ұстап береді. Түрмеден қашқан адамды аяу жоқ, не Сібірге жібереді, не кардцерде шірітеді. Сонда не ұғым? Күштісі-ай бұл иттердің. Атасына нәлет!»* [11, 74].

*«Жоқ! – ол пішендегі шашыратқының қураған көк гүліне қол соза беріп». – «Біреуге шұқыр қазсаң – алдыңнан ор шығады» деген қайда? Болыс маған деген шұқырды терең қазып, аямастан итеріп жіберді. Жазығым не? Бауыздарда лақ та бақырады. Лақ құрлы болмай, тұяқ серіппей кете беру керек пе? Жоқ! Саймасай алшаң басып, аранын ашқан дүниеде маған орын жоқ. Атасына нәлет!»* [11, 76].

*«Біраздан бері қазақтардың қырқысын қызықтап тұрған приставтың бір таң қалғаны он жасар шамасындағы қаршадай баланың қайсарлығы еді. Ажал аранында, арыстанның аузында тұрып, бала болып бір қыңқ демеді-ау. Безерген күйі бедірейіп, бетінен ет кесіп алса да бүлк етпестей, сазара тістеніп, көзі кірпік қақпастан тесірейіп, мына қауқылдасқан, қан тілеп, қарқылдасқан қарға-құзғын сияқты үлкендерді иттің етінен бетер жек көретінін жасырмай және жанталаспай, соншалықты салмақ сақтап қалған»* [11, 79].

Не істерін білмей, дағдарған, алас ұрып, арпалысқан Рысқұлдың бейнесін ашу үшін жазушы үзік-үзік, қысқа сөйлемдерді ұтымды пайдаланған. Кейіпкер өз-өзімен сөйлесіп, өзі сұрақ қойып, өзі жауап береді. Сол арқылы кейіпкердің жан дүниесі, ішкі әлемі нақты көрініс тапқан. Ал Тұрардың қайсарлығына таң қалған приставтың ішкі ойын суреттеу үшін синонимдерді, көсемше тұлғалы етістіктерді, бірыңғай мүшелерді, тұрақты тіркестерді орынды пайдалана білген. Сол арқылы кейіпкердің таңданысын нақты суреттеген.

Кейіпкердің ішкі монологы мен үнсіз реакциясы психологиялық күйінен хабар береді: «*Фрунзе қос қолымен шүйделі басын қысып ұстап, тұнжырап отырып қалды. Бұл кім, алдында отырған адам? Шыннан ниеті бұзық адам ба? Шыннан қауіпті ме? Олай болса, революцияның, таптың қас жауы ретінде неге көзін жоймасқа? Теңіз толқынына былқ етпей қасқайып тұра беретін қара жартас сияқты неткен дүлей күш, неткен шыдамы берік, жігері шарболат қайсар жан? Ақылсыз, құр дүлей деп айта алмайсың. Қайта ақылы асқақ. Бұл шыннан жау болса, өте қиын-ақ. Ал революция пәруанасы болса, ондай революция бақытты. «Түркістанда туып-өскен сіз түсінбегенде...» – деді-ау. Ол рас. Мен мұны түсінуге тиіспін. Қалай, қай жағынан?* [15, 333].

*«Ташпулат ай қараңғы болса екен деп тіледі. Дүниенің түкпір-түкпірін жарық қылуға жарайтын қазынаны алып қайтуға аттанып бара жатқан Ташпулат Құдайдан осы түнге қараңғылық қалап еді. Іштей жылап айтқан мінәжаты Құдайдың құлағына шалынғандай, шарбы бұлт бірте-бірте түнеріп, түйдектеле бастады. Кетік ай дүлей түйдектен көрінбей қалды. Кетік ай сонда жер астында, қараңғыда жатқан алтынды тағы да еске салды. Бұлттың қоюланғанын Ташпулат жақсылыққа жорығ*ан...» [15, 167].

Кейіпкер болмысын аша түсу үшін мінез-болмысына, аялық біліміне сай сөйлетіп, тілі келмейтін сөздерін кейіпкердің тіліне бейімдеп берген: *«Сенің жалғыз қызыңнан туған немерең Арман мені бір күні* ***театр дегенге*** *алып барды. Сонда көрдім: әртістердің бәрі ән салып сөйлеседі екен.* ***Опыра дей ме, опера дей*** *ме...»* [28, 283].

*«Қыз бұл сұраққа жауап бергісі келмегендей, қасын көтеріп, сызданыңқырап қалды да, үлкен кісінің сауалын жауапсыз қалдырмастан:*

*– Валя, – деді.*

*–* ***Тек, «Бәлесі» несі?!***

*– «Бәле» емес, Валя, – деп күлді қыз»* [28, 10].

*«Қадалып қарай берген соң Хадишаға әлгі жалаңаш ескерткіш қимылдағандай боп сезілді.*

*– Әй,* ***Өлгә****, – деді көршісіне.*

*– Что тебе, старая?*

*– Қарашы, ана* ***пәмитнігің*** *тірі адам сияқты қимылдайды»* [28, 281].

Өзге ұлт өкілдерін сөйлеткенде жазушы орыс тіліндегі сөйлемдерді сол күйінше береді, оларды қазақша сөйлеткен кезде сөйлемдерді орыс тіліндегі жүйеге сәйкес береді:

*« –* ***Ой, извини, пожалуйста****, – үйелмендей семіз кемпір өртене жаздап қызарып кетті. Ұятқан беті қызарған адамда иман бар. –* ***Сеники ұйықтап жатып сөйлеген, қатты жылаған. Содан мен оятқан»*** [28, 279].

*« – А-а, ол қалай енди...* ***памятник. Памятник неизвестному солдату.***

*– Солдат дейді? Қандай солдат? Тірі ме?*

*–* ***Нет же. Памятник... Ну, казахша билмейд. Темир солдат. Улген. Билди? Улген солдат»*** [28, 280].

*«Есіктің алдынан былайырақ кетейік, – деді Қара Иван мал қора жақты көздеп. –* ***Сен қашқын, қылмысты адам.*** *Менің үйіме келгеніңді білсе, оңдырмайды.* ***Түсінеді?***

*– Түсінемін, Иван. Саған сеніп келдім. Мені қазір іздеп те жатқан шығар. Қар жауып тұр. Саған келген ізді басып қалады, қорықпа.*

*–* ***Сен түрмеден бекер қашқан****, Рысқұл. Сені осы станицадағы Софронның атын ұрлады деп айыптады ғой, рас па?* ***Так вот,*** *сол Софронның аты таяуда табылған. Цығандар ұрлаған.* ***Базарда ұстаған.*** *Сені әкімдер түрмеден былай да*

*босататын еді ғой.* ***Болысты бекер өлтірген.*** *Бекер, бекер, – деп Қара Иван дудар басын шайқады, өкінішпен таңдайын тақылдатты»* [11, 86].

Сондай-ақ қырғыздарды суреттегенде де сол тілге тән лексикалық бірліктерді ұтымды пайдаланған:

*«Сонда кәрі қырғыз жездесі айтты:*

*– Әлгі соқа сындырған жілікті тауып ал да бұрынғы орнына апарып көміп таста. Мүмкін болса, Құран білетін біреуді ертіп апарып, дұға оқытқыз. Құдай сәтін салса, жазылып кетесің. Е,* ***қағылайын, ошентіп арвақтарға құран оқытып эле ғой енді,*** *– деді»* [28, 337].

*«Сусар апам жалма-жан абыржып:*

*–* ***Қағылайын, тайекем, қағылайын, тайекем****, – деп орнынан атып тұрып, шай қамына кірісті»* [28, 33].

Кейіпкердің дауысы құбылғанын, дыбыстарды созып жеткізгенін көрсету үшін автор графикалық құралдарды да ұтымды пайдаланған: *«Баяғыда,* ***баяғыда-а-а****... – деп әндетіп, созалаңдатып бастайды әңгімесін Айша. – Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...»* [13, 48].

*«Жақсы құлын білінер* ***жорғасына-а-ан,***
*Ғашық болдым мен саған он* ***жасымна-а-ан.***
*Мақсұт-ау, қарақ-ай,*
*Өмір* ***өті-і-іп барады-ай»*** [28, 274].

Оқиғаны шынайы бейнелеп, экспрессиясын күшейте түсу үшін тілдік тұлға бұл тәсілді автордың баяндауында да шебер қолданады: «*Қашан,* ***бағана-а-а*** *Батырханды арқама көтеріп келіп, сайдың (яғни көлдің) жағасындағы көгалға отырғызып: Қимылдама, – деп кеткенмін»* [13, 20].

*«Жіңішке кітапшаның соңғы бетін жауып болып, Хадиша неге үндемей қалды деп, бетіне қарасам: бетінен тарам-тарам болып жас ағып,* ***жыла-а-ап отыр»*** [28, 62].

*«Алақайдың құлындай шыңғырған ащы даусынан селт етіп,* ***дүр-р*** *сілкінген Самұрық құс кере-құлаш қанаттарын жайып жіберіп, баяу қалықтап, жаралы жанның дәл қасына барып қонды»* [28, 341].

Сондай-ақ тілдік тұлға публицистикалық дискурсында да айрықша назар аударуды қажет ететін сөздерін түрлі графикалық құралдармен ерекшелеп берген: «*Осының бәрі халықтың несібесі емес пе еді? Жекешелендіру дегенді ойлап таптық та, әлі жеткен ту-талапай тонап алды да қойды, әлсіз халық құралақан қалды да қойды. Осы да реформа ма?! Бұл әлі арты ашылатын* ***үлке-е-ен*** *қылмыс... Бірақ өтпелі кезең бізді өкіндіргелі* ***қаша-а-ан****? Сен қойыңды алдырып, қораңды енді-енді жабатын сияқтысың... Адамға бала жастан ең керегі –* ***Ұят*** *деген қасиет. Ол туа бітеді. Бірақ кейбіреуі өсе келе, үлкейе келе ұяттан жұрдай болады»* [1].

Шерхан Мұртазаның көркем дискурсы **сюжеттік баяндаумен ғана шектелмейді**. Автор кейіпкер бейнесін жасаумен қатар оқырманмен диалогқа түсіп

отырады. Ол автор ретінде кейіпкерлерімен сөйлеседі, тарихи шындыққа үн қосады, ішкі позициясын нақты білдіреді. Мысалы: *«Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да – сол, соры да – сол... Қайран қазекем, сұрапыл сойқаннан сансырап шықса да, жесірін ерден кетсе, елден кетірмеуге тырысқан... Бейшара бүкір еді. Омыртқасы жарақаттанып, тумай жатып мүгедек болып қалды. Жанары ботаның көзіндей жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілегендей жаутаң-жаутаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай боласың... Сонау алыста бұлдырап қалған сойқан сәтте, Аққыз Айшаны дәрімен емес, қандауыр пышақпен де емес, сөзбен, жүрекпен емдеген екен. Жаның жаннатта болсын, қайран Аққыз апам... Қайран, Көк айғыр, Тарлан ғой. Қазанат қой. Үстіне бір мінсем деп армандаушы едім. Көк айғырға Жуанқұлдан басқа ешкімнің тақымы тиіп көрген емес. Өтірік айтыппын-ау, тек былтыр қыста Бауыржан көкем елге келгенде сол мінген. Ай, сонда Көк айғырдың ордан қарғығаны-ай!.. О басында оқ-дәріні ойлап тапқан адам, о дүниеде тозақ отына түсті ме екен, не болды екен?.. Ойлап отырсаң, бәрі күкірттің кесірінен. Жоқ. Ойлай түссең, күкіртте жазық жоқ. Күкіртті ажал құралына айналдырған адам ақымақ, әрі жауыз...* [13, 155].

Автор оқырманның көз алдына шынайы картинаны елестету үшін кейіпкерлердің іс-әрекетін көсемше тұлғалы етістіктермен береді: *«Бейтаныс сұмырайлардың шақылдаған у-шуына қарамай, қой қораның бұғатындағы шымшықтың ұясына жақындап еді, келімсек торғайлар дүр-р етіп көтеріліп барып, кенеттен қара Қабыланға оқтай атылып шүйліккенде батыр мысық қос құлағын жымыйтып, аш күзендей бүгіліп, тістерін ақситып, ырылдап тұрып, «пысс» деп пысқырып жіберіп, торғайларға атылғанда жауыздар лезде көтеріліп қара мысықтың төбесіне аспаннан жауған жаңғақ-бұршақтай тасырлап тиіп, біздей өткір тұмсықтарымен төбесін тесіп жібере жаздап, шоқыды-ай келіп; шетінен шақылдап, шуылдап ала жөнелді. Тіпті иттің үйшігіне шығып алып, тепсініп-тепсініп, саңғып кеткендері де болды* [28, 330].

Академик Р. Сыздық **-ып/-іп** жұрнақты көсемшемен берілген етістіктер динамиканы: тынымсыз қозғалысты, үздіксіз іс-әрекетті, қарқынды қимылды білдіруге бейім екенін ескерткен болатын [34]. Көсемше тұлғалы етістіктерді былайша қолдану ауыз әдебиет үлгілерінде, Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде де («Ереуіл атқа ер салмай») кездеседі [36].

Қатар болып жатқан, алма-кезек болып жатқан іс-әрекетті бейнелеу үшін автор бірыңғай мүшелерді де тиімді қолданған: *«Содан жауыз торғайлар Тайшықты ортаға алып, төбесіне де, иығына да қонып алып, ал кеп шұрқырасты, ал кеп шырылдасты... Мұндай сұмдықты күтпеген тәуіп кемпір: Айқой, Алас! Айқой, Қалас! – деп екі қолын ербеңдетіп, зікір салып, ойнақтап, би билеп көріп еді, торғайлар сәл тосылып, таңқалғандай болып, бірақ лезде қайта лап қойып, кәрі кемпірді есінен тандырып тастады»* [28, 333].

Мәтінде автор еліктеу сөздер мен одағайларды да мақсатқа сай пайдаланған: *«Бөгде торғайлар **шақ-шақ** етіп тағы да шулай жөнелді; **дүр-р** етіп көтеріліп барып; **Шақ-шақ** етіп, солармен сөйлесетінді шығарды; Райым оған: **Шақ-шақ, шыр-р-р,** – деп үн қатып еді, Сәрсен көрші шошып кетіп: Астапыралла! – деп бір адым кейін шегініп кетті; Сол кезде Зифа терек басында, телеграф сымының үстінде тізіліп отырған басқыншы торғайлар **пыр-р** етіп көтеріліп, сәл биіктеп барып, Сәрсен көршінің төбесіне шүйіле құлап, шоқып-шоқып өткенде Сәрсен көрші кірерге тесік таппай Райым құрдасының құшағына құлай берді. Райым Сәрсенді жерге құлатпай құшақтап тұрып: **Шақ! Шақ! Шыр-р-р!** – деді. Сонда есеңгіреп қалған Сәрсен көрші де: **Шақ! Шақ! Шыр-р-р!** – деп лезде қайталады* [28, 332].

Шерхан Мұртазаның прозасы – рухты оятатын, ұлттық сананы тәрбиелейтін, рухани құндылықтарды жандандыратын көркем дискурс. Тілдік тұлғаның прозаларында автордың бағалауы, философиялық пайымы, тарихи жадыны жаңғырту арқылы жазушының риторикалық ұстанымы айқын көрінеді.

Дискурстың когнитивтік сипаты когнитивтік контекспен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар мағына когнитивтік механизмдермен, тілдік және лингвориторикалық тәсілдермен де айқындалады. Себебі оқиға – тілден бұрын пайда болатын онтологиялық құрылым ретінде дискурстың сипатын, пафосын, форматын белгілейді; ал бұл сипаттар кейін дискурста өзектенеді.

## Екінші тарау бойынша түйін

Жұмыста дискурстық доминанттар тілдік тұлғаның дискурстық тәжірибесінің негізгі индикаторлары ретінде сипатталады. Бұл доминанттар мәтіндерді тақырыптық топтарына қарай жіктеу және жиілік критерий бойынша анықталады. Шерхан Мұртазаның дискурстық доминанттарына көркем дискурстар, журналистік, философиялық, саяси-әлеуметтік, сатиралық және полемикалық дискурстар жатады. Аталған дискурстардың доминант ретінде бөлінуі Шерхан Мұртазаның дискурстық тәжірибесіне, жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне байланысты. Тілдік тұлғаның көркем дискурсы, публицистикалық, философиялық дискурстары Шерхан Мұртазаның жиі сөз еткен, маңызды тақырыптары болуына негізделді. Бұлар – тілдік тұлғаның дискурстық өрісінің өзегі. Олар өзге дискурстар мен тақырыптарды бойына сіңіріп, Шерхан Мұртазаның (көп) дискурстық тұлғасын жан-жақты сипаттайды. Тілдік тұлға көпшілікке көркем сөз шебері (жазушы, драматург), публицист, қоғам қайраткері ретінде танымал. Дискурстық тұлғаны тілдік тұлғаның құрамдас бөлігі, дискурс түзетін, дискурстық қызметті жүзеге асыратын тұлға ретінде қарастырамыз, сондықтан Ш. Мұртазаны «көп дискурсты тұлға» деп атауға болады.

Ш. Мұртазаның тілдік кеңістігі – біртұтас әдеби әлемді қалыптастырған, сондай-ақ лексика, синтаксис, стиль, бейнелі жүйе мен ырғақты, интонация мен

дискурстық ерекшеліктерді қамтитын сөйлеу мен мәтіндік коммуникациядағы белсенділіктің дара, авторлық өрісі. Сондықтан ТТ көп дискурсты және дискурстық қабаттарды қамтып, тілдік кеңістігі негізінде жан-жақты сипатқа ие болып отыр. ТТ-ның *әдеби (көркем), публицистикалық, саяси, философиялық дискурстарды* қатар әрі когнитивтік-прагматикалық сипатта белсенді қолданған.

Бүгінгі таңда идиостильді зерттеу үшін коммуникативтік және когнитивтік модельдер қарастырылады. Мәтіннен білім құрылымдарына («мәтін → білім») немесе интенциялар мен коммуникативтік әсерлерге («мәтін → интенциялар мен әсерлер») қарай бағытталған когнитивтік және коммуникативтік тәсілдер дискурстық факторларды ескеруді қажет етеді әрі жеке дискурсты бөліп қарастыруға негіз болады. Институционалдық және эстетикалық дискурстар – идиостиль жүзеге асатын орта, жеке дискурс – идиостильдің нәтижесі. Көп дискурсты тілдік тұлғаның дискурстарының өзара байланысы оның идиостилі мен идиолектісі арқылы жүзеге асады.

Идиостиль – тілдік тұлға әрекетінің өнімі ретінде дискурспен тығыз байланысты. Белгілі бір дискурс идиостильді жүзеге асыру кеңістігіне айналады. Бұл кеңістік тек көркем мәтінде ғана емес, публицистикалық дискурста да, ғылыми дискурста да байқалады. Идиостиль – тілдік тұлға идиолектінің мәтіндік әрекеттегі дискурстық факторлармен ықпалдасқан когнитивтік, коммуникативтік және сөйлеу түрі. Жеке стиль моделін құруда коммуникативтік-стилистикалық / прагматикалық параметр айрықша мәнге ие болады.

Шерхан Мұртазаның көркем дискурсын талдау нәтижесінде төмендегідей ерекшеліктер айқындалды:

- тілдік ерекшеліктері – тікелей және астарлап жеткізу амалдарының араласуы: экземплификация (мысал келтіру), эвокация (еске салу), метафора;
- жанрлық ерекшеліктері – ұсыныс беру, бейнелеу, ирония және басқа да жанрлар.
- прагматикалық ерекшеліктері – қоғамның рухани дерті туралы ұстаным; автор кемшіліктерді көрсетіп, сынайды;
- когнитивтік ерекшеліктері – мәдени-әлеуметтік және прагматикалық пресуппозициялар, «Тіл – ұлттық болмыс», «колонизаторлық, тоталитарлық биліктің бейнесі», «бейбіт халыққа қысым көрсету» концептуалдық салалары; мағыналық доминант – тіл – идеологиялық құрал;
- риторикалық ерекшеліктері – этос, логос, пафос категорияларының өзектенуі;
- аксиологиялық ерекшеліктері – авторлық иронияға негізделген құндылық жүйесі.

Лингвориторикалық механизмдер:

- диспозиция – фрейм компоненттерінің сабақтастығы;
- инвенция – себеп-салдарлық байланыстардың объективтелуі, белгілерді даралау;

- элокуция – тілдік құралдарды таңдау (метафора, аллегория, «сөйлейтін» есімдер және т.б.).

# 3 Ш. МҰРТАЗА ДИСКУРСЫНЫҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

## 3.1 Ш. Мұртазаның публицистикалық дискурсындағы лингвопрагмемалар мен тілдік стратегиялар

Публицистикалық дискурс – мерзімді баспасөздегі публицистикалық мәтіндер шеңберіндегі мәтінтудырушы (дискурстық) тәжірибенің ерекше кеңістігі. Публицистикалық дискурс – бір коммуникативтік әрекет саласына жататын мәтіндер жиынтығы. Онда коммуникативтік жағдаятпен байланысы, мәтіндердің пайда болуын айқындайтын барлық экстралингвистикалық, прагмалингвистикалық факторлар ескеріледі [178, 185].

Г. Ерсұлтанова публицистикалық дискурстың негізгі ерекшеліктерін былайша көрсетеді:

- көпшілікті қоғамдағы жаңалықтармен, болып жатқан оқиғалармен тез арада хабардар ететіндіктен, публицистикалық дискурсқа тездік тән. Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір жаңалықты бірінші боп жеткізуді мақсат етеді;
- публицистикалық дискурс көпшілікке арналғандықтан, тілі жеңіл де түсінікті болуына мән беріледі;
- публицистикалық дискурста автордың өзіндік ұстанымы, көзқарасы көрінеді. Көбінесе автордың көзқарасы мен БАҚ-тың (газет-журнал, теледидар арнасы т.с.с.) ұстанымы тоғысып жатады.
- публицистикалық дискурстың қызық болуы, соны, жаңа болуы, танымдық сипаты арқылы оқырманын баурап әкетуді көздейді;
- публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға баяндап отырған оқиғаға қатысты өз сезімін, өз көзқарасын білдіріп, өз тарапынан баға береді;
- публицистикалық дискурс қоғамдық пікірді қалыптастырады;
- публицистикалық дискурста қоғам мүшелерін қандай да бір іске жұмылдыру көзделеді [15, 9].

Шерхан Мұртазаның публицистикалық дискурсында тілдік тұлғаның ұстанымдары анық көрініс тапқан. Тілдік тұлғаның мәтіндерінен армандағы мемлекеттің белгілерін былайша сипаттауға болатын сияқты: *ұлттық рухты ояту; тәуелсіздікті тұғырлы ету; мемлекеттік тілге, ғылымға, өнерге қамқорлық жасау; халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру; заң талаптарына бағыну; жемқорлықты жою; тыныштықты, бейбітшілікті сақтау.* Шерхан Мұртазаның ұстанымдары көркем әдебиетте (проза, драматургия), публицистикалық, ғылыми, философиялық, діни т.б. дискурстарында көрініс тапқан. Шерхан Мұртазаның басылым беттеріндегі әр мақаласы белгілі бір интенцияға ие болды және оқырманға әсері де күшті болды. Мәселен, 1996-1997 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жарияланған Шерхан Мұртаза және Камал Смайылдың хаттарымен (эпистолярлық дискурс) әсерленген көпшілік еліміздің түрлі аймақтарынан хат жолдап, өздерінің ойларын,

лебіздерін білдірген. Бұл хаттар «Шерхан Мұртазаның публицистикасы» атты жинақтың 5-томына «Жұрттың сөзін сөйлеген» деген айдармен енді [30].

Шерхан Мұртазаның журналистік дискурсы – институционалдық дискурс, көп дискурсты кеңістіктің кәсіби өлшемін көрсетіп, экстралингвистикалық мәдени-тарихи факторлармен байланысты болады. Шерхан Мұртазаның журналистік дискурсы қазақ журналистикасының дамуындағы жаңа кезең болды. Қазақстанның Халық жазушысы Ә. Кекілбайұлы Шерхан Мұртазаның журналистік қыры туралы: «Шерхан қабырғасы қатып, буыны бекігелі халықтан бір елі ірге ажырамай келеді. Қолына қалам алғалы халықтың сөзін сөйлеп келеді. Қатардағы тілші кезінде халық бітіріп жатқан ерен істермен қоса, халық көріп отырған ересен тауқыметтерді де жасырмай жаза білді. Қаламымен бірге қанаты да қатайып, ақпарат төріне шыққанда да сол ұстанымынан бір сәт айнып көрген емес. Айналасына халық сусап отырған әңгімені айта алатындар мен олардың ауызына қақпақ болмайтындарды жинады. Алпысыншы жылдарғы азғантай жылымықтың тұсында сіреskен тоң жібіп, астынан қаулай көтерілген әлсіз көкті қайтадан аяз жалап, суық үріп кетпеуіне қолынан келгеннің бәрін жасады. Ұлтсыздық пен ұятсыздық бірдей меңдеп «қазақы мал мал емес, қазақы бала бала емес» дейтін қағида мемлекеттік саясатқа айналған тұста ұлттың тілі кесілмеуі, халықтың рухы өшпеуі, арттағы ұрпақтың алжасып кетпеуі жолында арыстандай арпалысып, жолбарыстай жағаласа алған жалғыз редактор Шерхан Мұртаза болғандығын өз көзімізбен көргенбіз» [1, 13-14], – деп жазған еді.

Автор бейнесін қалыптастыратын дискурстық механизмдер:

- авторлық дискурс метамәтіндік компоненттер арқылы ұйымдастырылады (яғни, өзінің вербалды әрекетіне қатысты рефлексия арқылы). Бұл ретте сөйлеу етістіктері; дискурстағы жазушы/сөйлеушінің орнына баға беру; сөйлеу мақсатына қатысты пайым; жанрлық интерпретация; коммуникативтік регистрді белгілеу т.б. қолданылады: «*Осыдан кейін Мәскеу, Мәскеудің Қазақстандағы қолшоқпарлары Бауыржан Момышұлын қайдан жақсы көре қойсын? Бүкіл советтік идеология, күллі үгіт-насихат бір жақ. Бауыржан Момышұлы бір жақ. Ноқтаға басы сыймаған деген осы болады»* [7, 53].

- Автор дискурсында *хабарлау, жауап беру, еске салу, сендіру* т.с.с. жанрлық үлгілерді вербалды түрде атайды: *«Ондай романтикадан кезінде Қазақстан да кенде болған емес, – дедім мен... Құрметті баяндамашы, баяндаманы орысша жасадыңыз. Мейлі дедік. Ал, енді қазақ тілінде берілген сұраққа орысша жауабыңыздың жолы болсын. Мұныңыз қалай? – дедім»* [31, 272].

Шерхан Мұртаза түрлі дискурстарында әртүрлі рөлді иеленеді, кейіпкер ретінде әртүрлі позицияда әрекет етеді. Мысалы: *«Ойда жоқта соның сәті түсе кетіп, кешегі қыркүйек айының он сегізінші жұлдызында Москваның Шереметьев аэропортынан самолетке отырып Америка Құрама Штаттарына аттандық... Біз, совет журналистері, Даллас қаласында Техас штатының губернаторымен әңгімелесіп отырмыз... Клементс жалпы жаман губернатор емес көрінеді. Совет*

*елімен қарым-қатынасқа да қарсы емес. Өзі кеше мұнай кәсіпшілігін билеп содан өскен. Аңқылдап сөйлейді, жарқылдап күледі. Тамаша адам. Ал, бірақ әлгі «ақ әжелерінің» ерлігін айтқанда: «Осы жерде бір кезде үндіс дейтін халық болып еді-ау, мал бағып, аң аулап, бейбіт жатқан ел еді-ау, соларды біздің бабаларымыз тып-типыл жер бетінен жойып жібергені обал болды-ау», дегендей бір белгі болмады бетінде. Садақ ұстаған үндісті бабалары зеңбірекпен жеңгеніне мақтанады. Отаршыл өктем психология – жаман ауру...* [7, 53].

Шерхан Мұртаза шет елде, түрлі жағдаятта болғанмен, мызғымайтын бір ғана ұстанымы бар: ол елін, ұлтын, қазағын шексіз сүйеді, ұлтының болашағын ойлайды, елінің қамын жейді. Сондықтан бұл рөлі барлық жағдаятта, барлық позицияда, барлық дискурсында қайталанады.

Шерхан Мұртаза дискурсына диалогтық сипат тән. Бұл орайда риторикалық сұрақтарды автордың өз-өзімен диалог құруы ретінде алуға болады: *«Қазақ кімге жақсылық қылмады, қазақ жері кімге пана болмады?.. Неге Абылай? Абылай өзінен бұрын өткен әз Тәукенің ісін жалғастырып, қазақтың басын қосып, біртұтас мызғымас мемлекетке айналдыру үшін арпалысты... Ал қазақтардың қорғаны болар кім бар?.. Кез келген көлденең көк атты республикамыздың азаматы атана берсе, ертең өзіміз қайда барып сыямыз? Ондай зілмауыр салмақ иығымызға қазірдің өзінде түсіп тұрған жоқ па?»* [7,14].

Автор мен оқырман арасындағы дискурстық өзара әрекетте автор ұстаз, ақылгөй, рухани жетекші ретінде көрінеді. Ол барлық шындықты оқырманға ашық айта бермейді, бірақ оқырман интеллектісін жоғары бағалап, оның автор әрекетін түсініп, қабылдай алатынына сенеді. Мысалы: *«Табиғатты тонап болдық. Отанын сүйген сол отанның табиғатын туған анасындай сүйеді. Ал, бізде жаулампаз, өктем психология басым. Отанға отан емес, уақытша мекен деген көзқарас басым. Уақытша болған соң, тырдай жалаңаш етіп тонай беруге болады... Бір күндік құлқынның, яки бір жылдық жоспарды асыра орындап орден алып, жұлдыз тағудың құлы болғандар – дүниедегі ең қауіпті адамдар. Олар жаудан да жаман. Солардың кесірінен өзендер қылқынды, көлдер тартылды. Жер аяусыз қопарылып, «көйлегі жыртылып» абыройсыз халге жетті. Табиғаттың тоналып тозуы – түбі тегін кетпес. Оның обалы, оның зауалы соқпай тұрмас. Бірақ пенде байғұс, бір күндік күнкөрістің қамымен жүріп, алдын болжай алмайды. Болжап, біліп отырса да, заманның темір жүгенінің құрсауынан шыға алмай, күнәға белшесінен батып шырмала береді. Бәйтеректің басына шығып алып, өзі отырған бұтақты шапқаны сияқты, ақыл-есі бүтін адамзаттың осылай бір адасқан шағы. Бұл сойқаннан әсіресе Қазақстан жері жапа шегіп жатқаны әлемге аян...»* [14,67].

Автор әртүрлі оқырмандар тобының интеллектуалдық және моральдық сипаттарын ескере отырып, олардың әрекетін болжай алады әрі мәтінді соған сәйкестендіріп құрады. Автор оқырманның когнитивтік және эмоционалдық реакциясын да болжай алады. Ұстаз бен рухани тәлімгер ретінде автор ақыл-

кеңесін айтады: *«Тіл туралы заң қабылданған екен, қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусы берілген екен, ендеше, өзгелер үйреніп жатса құба-құп, өзіміздің тіл білмейтін қазақтардың бетін бері қаратайық та»* [14,68].

- дискурста автор бейнесі 1-жақтағы есімдіктер арқылы және соған сәйкес келетін грамматикалық формалар арқылы көрінеді: «*Қазақстанды аралап көрдік, бәрі жақсы-ау, бірақ Алматының қазақтары қазақша сөйлемейді екен, – деді Түркиядан келген туысқан. Біз ұялып қалдық. Ұялғанымыздың өзіне Құдайға шүкір... Қазақтағы бұл жайбасарлықпен біз іскерміз, тындырымдымыз, тиянақтымыз деп айта алмаймыз»* [14, 67].

Публицистикалық дискурста Шерхан Мұртаза есімдіктің жекеше, сыпайы түрін (біз) қолданған. Бұдан тілдік тұлғаның қазақ тілінің сөйлеу әдебін, анайы, сыпайы формалардың қолданысын, функционалдық стильдердегі сөз қолданыстарын терең білгенін аңғарамыз.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты портретіндегі автор бейнесі әртүрлі сөйлеу үлгілерінде, кейіпкерді сипаттауда көрініс тапқан. Олар «автор-адресат» коммуникативтік шеңберінде тұрақты түрде позицияларын алмастырып отырады. Бұл позициялар нақты да, шартты да бола алады.

Қазақтың ұлттық баспасөзінің негізін қалаған көсемсөзші А. Байтұрсынұлы: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды... Екіншіден, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшіншіден, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртіншіден, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады» [126], – деген болатын.

Шерхан Мұртаза ұлт ұстазының осы ұстанымдарын басшылыққа алған. Көп дискурсты тілдік тұлғаның журналистік тірлігі туралы Н. Жүсіп былай еске алады: «Журналистік қызмет күн сайын қауырт қарбаласқа толы. Жүйкені, жанды жейді. Соған қарамастан Шерхан аға публицистикадан, жазушылықтан қол үзген жоқ. Лездемеде: «Менің қолымдағы қаламым – қаруым, оны ешкім тартып ала алмайды», – деп отыратын. «Газет жұмысы – бір жағынан жазушының досы. Ел көресің, жер көресің, сан түрлі адамдармен кездесесің. Шығармаға жем табылады. Газет – бір жағынан жазушының жауы. Ойыңда жүрген, көкірегіңді кернеген дүниені алаңсыз отырып жаза алмайсың, ұдайы оттың үстінде жүресің, түнде де тыным жоқ», – дейтін еді» [1, 188].

Шерхан Мұртаза ел ішінде жүрген дарындарды бірден танып, Алматыға шақырған. Ұстазының ақыл-кеңесін тыңдаған, үлгі-өнегесін алған жастар баспа ісінің көрігін қыздырып, мазмұнын байытқан. Кейін сол жастар елімізге танымал ақын, жазушы, драматург т.с.с. болып қалыптасты. Оларды көпшілік «Шерханның шекпенінен шыққандар» деп атайды екен [1, 57]. Дарынды жастардың өткір сынын, жаңашылдығын елі қуана қабылдап, басылымның тиражы көбейген. Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» газетіне бас редактор болған кезде 30 мың тиражбен шығып жүрген басылымның тиражы 130 мыңға жеткен екен [1, 186]. Ол бекерден бекер емес. Себебі газеттің сапасы артып, оқырманның сүйіспеншілігіне бөленген екен. Ғабит Мүсірепов жазған «Қыз Жібек» фильмінің сценарийі «Лениншіл жас» газетінде жарияланыпты. Басылым бетінде Дулат, Шортанбай, Бұқар сынды ақын-жыраудың өлеңдері басылып тұрыпты, Наурыз мейрамы туралы мәлімет беріліпті. Жастар газеті өткірлігімен ерекшеленіпті [1, 309]. Алайда партия комитетінің жиылыстарында Шерхан Мұртазаның бастамасына қарсы шығып, тоқтатқысы келгендер де көп болған екен. Тілдік тұлға терең білімі, мықты ұстанымы, қайсар мінезінің арқасында кедергілерге қарсы тұрып, жұмысын жалғастыра берген.

Шерхан Мұртаза редактор болған кезде бұрын «Социалистік Қазақстан» деген атаумен шығып жүрген газеттің атауы «Егеменді Қазақстан» болып өзгерді. Тілдік тұлға «Азат Қазақстан» деген атауды ұсынған екен. Шерхан Мұртаза редакторлық еткен кезде сол уақытқа дейін орыс тіліндегі нұсқасы беріліп келген ай аттары қазақша берілетін болған, журналистердің фамилияларынан «ов», «ев» қосымшалары алынып тасталған.

Публицистикалық дискурстың бірнеше қызметін атауға болады:

1. публицистикалық дискурс ақпарат таратады, хабарлайды;
2. коммуникация орнатады;
3. болған оқиғаға баға беріп, экспрессивті қызмет атқарады;
4. оқырманын сендіріп, пікір қалыптастырады, яғни ықпал етеді [15, 11].

Шерхан Мұртазаның журналистік дискурсында осы қызметтер толық сақталған. Мәселен, «Рух пен намыстың төресі» атты мақаласын талдасақ:

- *ақпарат жеткізуші, хабарлаушы қызметі: «*Бауыржан Момышұлы да әліппені орысша бастаған. Бүкіл қызметі орыс тілінде өтті. Бірақ ол нағыз қазақ болып қалды. Ол орысша сөйлегенде оның асқан шешендігіне, ой жүйесінің, логикасының жампоздығына, биік білімділігіне ең зиялымын деген орыстардың өзі таң қалып, таңдай қағар еді. Бірақ ол орысша оқыған басқа көптеген қазақтар сияқты қазақ тілінен безінген жоқ. Оның орыс достары өте көп еді. Ол орыстың ұлы классик ақын-жазушыларын піріндей сыйлады. Ол соғыс кезінде, одан кейін де Илья Эренбург, Константин Симонов, Александр Фадеев сияқты ірі тұлғалармен дос болды. Ол туралы орыс жазушысы Александр Бек «Арпалыс» атты роман жазып, әлемге әйгілі болды...

Ол адамның ұлтына емес, ақыл-парасатына, адамгершілігіне қарай

бағалайтын. Сондықтан оны «Ұлтшыл, тек қазақты ғана сүйген» десек, жала жапқан боламыз. Ол Кубаға барды. Фидель Кастро, Рауль Кастромен туыстасты. Ол алыстағы чех жазушысы Шадеймен ағайынша хат алысып тұрды. Ал өз халқын, өз қазағын ағынан жарыла, жанындай жақсы көрді. Оның өткенін, қазіргісін, болашағын ойлап, қайрат қылды, күресті...

Тағдыр оған алда әлі қанша өмір беретініне көзі жетпегендіктен де халқының мүшкіл халін ойлап, 1943 жылы 8 наурызда Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің төрағасы Нұртас Оңдасыновқа майданнан хат жазды. Сонда ол мен жауды жайратып жатырмын, мен атақты батырмын демейді. Республика басшысына халық тағдырына араша түсуді аманат қылады...

1944 жылы ақпанда, Бауыржанның өз тілімен айтқанда, Алматыда шамалы күн кеселханада жатып, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі хатшысы Әбдіхалықовқа қазақ тілі туралы хат жазыпты...» [7, 51].

*коммуникативтік мақсат көзделеді, оқырманмен байланыс орнатады, оқырманымен сөйлесіп отырғандай болады: «...Мұның бәрін тәптіштеп айтып керегі не» Айтайын дегенім:* Бауыржан Момышұлы да әліппені орысша бастаған. Бүкіл қызметі орыс тілінде өтті. Бірақ ол нағыз қазақ болып қалды... *Сонда не жазды?* Өз басының қамын ойлап, арызданған бір сөз жоқ. Бәрі де – халық қамы. Ұлттың мүддесі. Ұлт тарихының, ұлт рухының, ұлт тілінің, ұлт санасының, ұлт сауатының, ұлт ар-намысының, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің қамы... «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген даналық сөз – қазақтың рух туралы, жауынгерлік болмыс туралы биік философиясы. Оны басқалардан кездестіре бермейсіңдер», – дейді Бауыржан Момышұлы. «Рух туралы осындай озық философиясы бар халық туралы «кейбір шешенсымақтар»: «Біз мал едік, қараңғы едік», – дегенде менің ашу-ызам келеді», – дейді Бауыржан Момышұлы. Мұны ол сонау соғыс жылдары айтты. Ал өз халқы туралы мұндай қорлау сөзді дәл қазір айтып жүргендерді *қара жер қалай ғана көтеріп жүр десеңізші!..* Бауыржан Момышұлының ұлт, ұрпақ тағдырына байланысты осы хатына Нұртас Оңдасынов жауап берді ме, бермеді ме – *оны біз білмейміз.* Бірақ ақиқат айтады: бұл хат тек Оңдасыновқа ғана арналмаған. Мемлекет, Үкімет, тізгінін ұстайтын келешек басшыларға да арналған... Ал Бауыржан Момышұлы сол соғыс жылдарының өзінде: «Кенесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды», – деп айдай әлемге жар салды. Осыдан кейін Мәскеу, Мәскеудің Қазақстандағы қолшоқпарлары Бауыржан Момышұлын *қайдан жақсы көре қойсын»* Бүкіл советтік идеология, күллі үгіт-насихат бір жақ. Бауыржан Момышұлы бір жақ. *«Ноқтаға басы сыймаған» деген осы болады»* [7, 53].

- *болған оқиғаға баға беріп, экспрессивті қызмет атқарады:* «Белуардан қан кешіп жүріп, соғыста майдан басқарып жүріп, ол қол астындағы солдаттардың бір де біреуінің шығын болмауын ойлады. Солдаттарды аямай, ажал аранына атакалап айдап салып, майдан алаңын қасапханаға айналдырған командирлерді аяусыз сынап, ақымақ деді. «Кез келген шығынның орнын толтыруға болғанымен,

бірақ адам шығынының орны толмайды», – дейді Бауыржан Момышұлы.

Шынында да, жұтаң мал қырылса орны толады. Үй құласа, қала қираса қайтадан соғылады. Ал, адам орны толмақ емес. Бұған оның көзі жеткен. Осы соғыстың алдында ғана, 1932-33 жылдар қырғыны, 1937 жылдар қасапханасы болып өткен Оны жас Бауыржан көзі көрген. Ет бауыры езілген. Өзегі өртенген. Сол сойқаннан тірі қалған әрбір қазақтың аман болуы Момышұлы үшін басты арман. Снарядтың өтінде, бомбалардың бетінде тұрып, Бауыржан Момышұлы Қазақстанның тұтқасын ұстаған басшыларға ұлтын аманат етіп тапсырады. Ұлттың ділін, тілін, салт-санасын бұздырмаңдар, жас ұрпақты жасқаншақ етпеңдер, батырлыққа, батылдыққа, адалдыққа тәрбиелеңдер деп өтінеді. «Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады, – дейді Бауыржан Момышұлы. Ол халықтың, ұрпақтың рухы сынбауын армандайды» [7, 53].

- *оқырманын сендіріп, пікір қалыптастырады, яғни ықпал етеді:* «Ертеректе бір кітаптан оқығаным бар: «Адам – ат. Ал заман, қоғам сол аттың иесі. Тізгінді қалай тартады – ат солай бұрылады, солай жүреді». Негізінде дұрыс айтылған ой. *Адам бағынуы керек. Қоғамның заңымен жүру керек.* Қоғамның заңымен жүрмей, әркім ойына келгенін істесе – ол анархия. Дүние содан бүлінеді. Бәрі дұрыс. Заң дегеніміз – ноқта. *Заңды орындау керек.* Ал енді қоғамды да билеушілер бар ғой. Сол билеуші ақылды, парасатты, барынша әділ, турашыл болса, қоғам бақытты. Топтасу болса ше? Өктемшіл, өркеуде зұлым болса ше? Онда қоғам, оның ішінде адам, яғни «ат» бақытсыз»... Олар қиялдан жасалған ертегілердің кейіпкерлері емес; олардың көзін көргендер бірен-саран болса да әлі де бар ғой. Осындай асылсүйек дарабоздарды туғызған қазақ халқы орнында, өз Отанында отыр ғой. Халық асылдарды туғызбауы мүмкін емес. Тек оларды іздеп тауып, баулу үшін басшыларда иман, ықылас, ыждаһат, намыс болуы керек» [7, 52].

Байқап отырғанымыздай, тілдік тұлға публицистік дискурсында ақпарат жеткізу үшін нақты деректерге сүйеніп, Бауыржан Момышұлының орысша сауат ашқанын, бүкіл қызметі орыс тілінде өткенін, орыс тілінде өте шешен сөйлегенін, Илья Эренбург, Константин Симонов, Александр Фадеев сияқты орыс достары болғанын, орыстың классик ақын-жазушыларын сүйсіне оқығанын орыс жазушысы – Александр Бек Бауыржан Момышұлы туралы «Арпалыс» деген роман жазғанын, т.с.с. айтады. Кубаға барғаны, Фидель Кастро, Рауль Кастромен жақсы араласқанын, чех жазушысы Шадеймен хат алысып тұрғаны т.б. дерек келтіреді. Яғни шағын мақалада көпшілік біле бермейтін көп ақпаратты жеткізеді. Нақты деректер мен дәйектерге сүйене отырып, 1943 жылы 8 наурызда Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің төрағасы Нұртас Оңдасыновқа майданнан хат жазғаны, 1944 жылы ақпанда Алматыда шамалы күн кеселханада жатып, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі хатшысы Әбдіхалықовқа қазақ тілі туралы хат жазғанын айтады.

Бауыржан Момышұлының сөздерін дәйек ретінде келтіреді: «Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып,

кейбір, кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жортып қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазамын деп отырғаным тіл мәселелері туралы», «Үлкенді сыйлау, парыз бен ар-ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойын ұсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй ішіне, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді» [7, 58].

Яғни Шерхан Мұртазаның мақала жазуға тыңғылықты дайындалған, батыр туралы жан-жақты ақпарат жинағанын көреміз. Тілдік тұлға Бауыржан Момышұлы сөз еткен мәселелердің бүгінгі таңда да өте өзекті болып отырғанын ашына жазады: «Ол енді соғыс кезі дедік. Ал дәл қазір ше? Бауыржан Момышұлының осы өсиеті осы күнгі, 2000-жылғы Үкіметке де өте-мөте қатысты. Осы кезде әскерге шақырылған жастардың сексен-тоқсаны солдат болуға жарамсыз екен. Әсіресе ауылдық мектептерде спорт, денешынықтыру сабақтары жоқтың қасы. Соның «жемісі» әлгі. Әскер қатарына жарамайды. Ғасырлар бойы ат үстінде өскен халық, Тайбурыл, Байшұбар, Қарақасқа, Құлагер, Абсент сынды тұлпарлар өсірген халық биыл Сиднейдегі олимпиадалық ойындарға бір ат қоса алмай пұшайман болды. Спорттың бокс, күрес сияқты бірен-сараны болмаса, басқа түрлерінен жарытып, жарамды ұл-қыздарымызды да қоса алмадық. Немене, сонда қазақтың ұл-қыздары, футбол, волейбол, баскетбол ойнай алмай ма; коньки, шаңғы тебе алмай ма, мылтық ата алмай ма, суда жүзе алмай ма, жүгіре алмай ма – неткен қорлық! Спорттың ең тағдыршеш саласын қарт комсомол басқарып келе жатқанына қырық жыл болды. Ұлттық спорт қаперіне кіріп-шықпайтын, ұлттық намыс дегенді сезбейтін, ұлттық гимн ойнап, жалауын көкте желбіреуін көксемейтін адамды алмастыратын ақылды бір азамат еліміздің табылмаған-ау, сірә!».. [7, 55].

«Бауыржан Момышұлы бұл қасіретті жазғалы бері жарты ғасырдан әлдеқашан асып кетті. Осы дерт асқындамаса, азайған жоқ. Демек, Бауыржан өсиеті қамын, болашақ қамын ойлаймын десе, ұлт намысын қорғаймын десе, адамдарды аздырмай, тоздырмай, асылдандыруға аса зер салғаны керек-ақ қой. Дәл қазір мал тұқымын асылдандырайық деген сөз жиі айтыла бастады. Ал адам тұқымын, ұлт нәсілін асылдандырайық деп ешкім жақ ашпайды. Жәрмеңке жарысында 51 пұт кірдің тасын көтерген Балуан Шолақ қайда»! Күресте әлем чемпионы атанған Қажымұқан қайда»! «Аузы түкті» дұшпандарын лақтайын бақыртқан Иман Жүсіп қайда?» [7, 56].

Шерхан Мұртаза мақалада сұрақтарды өте шебер пайдаланған. Мәселен, «Жәрмеңке жарысында 51 пұт кірдің тасын көтерген Балуан Шолақ қайда?», Күресте әлем чемпионы атанған Қажымұқан қайда?», «Аузы түкті» дұшпандарын лақтайын бақыртқан Иман Жүсіп қайда?» деген сөйлемдерде риторикалық

сұрақтарды үсті-үстіне қою арқылы ойын шегелей түсуді, нықтай түсуді мақсат еткен.

Сонымен қатар Шерхан Мұртаза сұрақ қою арқылы журналистер оқырманның назарын осы мәселеге аударады да жауабын өзі айтады: *«Сол билеуші ақылды, парасатты, барынша әділ, турашыл болса, қоғам бақытты. Топтасу болса ше» Өктемшіл, өр кеуде зұлым болса ше? Онда қоғам, оның ішінде адам, яғни «ат» бақытсыз... Осының бәрі халықтың несібесі емес пе еді? Жекешелендіру дегенді ойлап таптық та әлі жеткен ту-талапай тонап алды да қойды, әлсіз халық құралақан қалды да қойды. Осы да реформа ма? Бұл – әлі арты ашылатын үлке-е-ен қылмыс... Бірақ өтпелі кезең бізді өкіндіргелі қаша-а-ан?* [7, 57].

Риторикалық сұрақтар қарама-қарсы мәнді білдіру үшін де қолданылады. Шерхан Мұртаза бұл тәсілді де шебер пайдаланған. Мақаласында ондай сұрақты Бауыржан Момышұлының сөзімен береді: *«Бауыржан Момышұлы сол кезде айтты: «Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ, – деп қуалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен?»* [7, 53] – дейді.

Бауыржан батырдың көтеріп отырған мәселесінің сол кезде де, кейін де өзекті болғанын ескерте келіп, батырдың сөзіне мән бермегеннің, ескермегеннің салдарын көрсетеді: *«Өткенді жермен жексен ету болашақ ұрпақты мәңгүрттікке алып баратынын Бауыржан Момышұлы бұдан алпыс жылдай бұрын айтып қатаң ескертті. Қоғам, қоғамның тізгін ұстарлары мұны ескермеді. Енді соның зардабын өлердей бастан кешіріп, тіпті мына тәуелсіз деген заманның өзінде мемлекеттік тіл мәселесімен әуре-сарсаңбыз»* [7, 53]. Батырдың сөзі қазіргі кезде де өзекті екенін көрсету үшін автор оқырманға сұрақ қоя отырып, ой салады да жауабын өзі береді: *«Ол енді соғыс кезі дедік. Ал дәл қазір ше? Бауыржан Момышұлының осы өсиеті осы күнгі, 2000-жылғы Үкіметке де өте-мөте қатысты»* [7, 54].

Шерхан Мұртаза әрдайым сұрақтың жауабын бере бермейді. Кейде риторикалық сұрақ қоя отырып, жауапсыз қалдырады: *«Бауыржан Момышұлы – берік тәртіптің адамы. Тәртіп бұзған жайы жоқ. Ол заңға мойын ұсынған жоқ. Бірақ заңның өзі өтірікші болса – не шара?»* [7,57]. Сол арқылы оқырманына ой сала отырып, бұл мәселенің бүгін де өзекті болып отырғанын меңзейді.

Тілдік тұлға риторикалық сұрақтарды көркем шығармаларында да шебер пайдаланған: «*Суға кеткен пенде соңғы рет судан қолын шошайтады емес пе? Бұлар да сол сияқты шығар»* [13, 14].

*«Қол жетпеске құштарлықты Құдайдың өзі де қаламайды ғой. Анау Икар деген бір тауфихсыз Күннің өзіне жетемін деп, аспанға ұшып, Күнге жақындай бергенде күйіп кеткен жоқ па?»* [28, 274].

Келтірілген мысалдардағы сұраулы сөйлемдер жауап беруді қажет етпейді. Ол жазушының ой-тұжырымын нықтап, шегелей түсу үшін қолданылған (*қолын*

*шошайтады емес пе? – қолын шошайтады ғой; күйіп кеткен жоқ па? – күйіп кетті ғой).*

Сонымен қатар тілдік тұлға риторикалық сұрақтарды ойды терістеу, болымсыз мәнді жеткізу үшін де қолданған: *«Арманына түгел жеткен кім бар дейсің?»* [13, 21].

*«Жетім қарттар үйінде бас-басына бір-бір бөлме қайда?»* [28, 272].

*«Түні бойы қорылдап шығатын кемпірді кім жақсы көрсін?»* [28, 272].

*«Жезді, мысты, қалайыны, сым темірді қынадай қиып, сыпырып-сиырып алып кететін заман шықты ғой. Сатады екен. Сирағыңды сындырып сатқырлар! Ақша төлесе, сирағын сындырып сатар-ау.* ***Сатылмаған не қалды?»*** [28, 281].

Бұл репликалардағы сұраулы сөйлемдер сұрау мәнінде емес, арманына түгел жететін адам болмайтынын, қарттар үйінде бас-басына бөлменің жоқтығын, қорылдап шығатын кемпірді ешкім жақтыра қоймайтынын, ақшаға құныққандар бәрін сатып жатқанын жеткізу үшін қолданылған.

Жазушы *нең бар, несі бар* сияқты құрылымдармен келген сұраулы сөйлемдердің көмегімен іс-әрекеттің зая, бекер екенін білдіреді: *«Ақшай да кесірлі еді-ау, марқұм.* ***Несі бар*** *Хадишаның жүрегіндегі жараны тырнап?»* [28, 272].

*«Аспанға ұшсаң – ұш. Бірақ Күнге жақындап* ***нең бар?»*** [28, 272].

*«Хадиша да қызық қой: таулардың баурайында дүниеде сирек кездесетін Керік қызғалдағы тұрғанда, шыңның басындағы еңлік гүлінде* ***несі бар?»*** [28, 274].

Бұл мәнді сұраулы сөйлемдер арқылы беру сөйлемнің экспрессиясын арттырып, әсерін күшейтеді. Сол себепті автор сұраулы сөйлемдерді мақсатты түрде қолданған.

Шерхан Мұртаза кейіпкердің жан дүниесін, тебіреніс-толғанысын жеткізу үшін сұрақтарды үсті-үстіне қойып, жауабын береді: *«Бір түсінбегенім: Мұртаза мені Құдайдан тілеп алады.* ***Сөйте тұра, мені неге орыстардың ортасында тастап кетті?*** *Іздеген көрінеді.* ***Бірақ таппай, менсіз неге ауылға қайтып бара жатты?*** *Әлде менің көп ұзамай әкесіз қалатынымды сезді ме екен? «Әкесіз қалғанда бос болмасын, болбырақ болмасын, өз бетінше жол тауып көрсін, ащының дәмін осы бастан татып, мына мейірімі аз, қаталдығы мол дүниеге осы бастан көндіге берсін» деді ме екен? Егер осылай ойласа, ол ойын мен жүз есе орындадым. Мұртазаның қонышын шыбықпен сабалап, шыңғырып жылаған шолжаң еркелігім – көктемде гүлден гүлге қонып, тайраңдап, сайраңдаған көбелектің лезде көз жұмғанындай, ерте солды»* [13, 10].

*«Сөйтіп, бұл Мыңбұлақта ханның жазғы «резиденциясы» болған. Ақ Орда тігілген.* ***Қай жерге тікті екен? А... бәлкім, осы біздің үй тұрған жер хан ордасының орны шығар, а?*** *Өйткені біздің үй – Тәңіртауға қараған ең шеткі үй. Өзі өрлеуіт жерде тұр»* [13, 52].

Сол арқылы кейіпкердің күдік-күмәнін жеткізеді. Кейде белгілі бір нысанға көңіл аударту үшін, экспрессиясын арттыру үшін де сұрақ қоя отырып, өзі жауап береді: ***«Орха мен Ноха қандай еді?*** *Сайдың тасындай, екеуі де еңсегей, нұрлы*

*жүзді, ай маңдай азаматтар еді»* [28, 23]. Бұл сөйлемде сұраулы сөйлем тамсану, сүйсіну мәнін жеткізу үшін қолданылған.

Шерхан Мұртазаның философиялық толғамдарын бірнеше тақырыптық топқа біріктіруге де болады:

- тарихи тұлғалар;
- қазақ тілінің қолданыс өрісін арттыру, тілді сақтау;
- ұлттық намыс, ұлттық рух;
- Қазақстан жерлері;
- іссапардағы ойлар;
- дін мен діл;
- көне аңыздар, мифтік сарын;
- жемқорлық, жалақорлық т.с.с.

Синтаксистік тұрғыдан алғанда, тақырыптар қысқа құрылымдардан бастап күрделі синтагмаларға дейінгі ауқымда қолданылады. Толыққанды тақырыптар мақаланың мазмұнына қатысты нақты мәлімет береді. Тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында тақырыпаттарын мақсатты түрде танық мәнде құрады: «Дәрігердің үшінші қаруы», «Көкемарал гүлдегенде», «Тұз кесел», «Тілсіз қоңырау», «Ұзақ командировка», «Шағалалар мен қаңғыбастар», «Шақалақ», «Шыршаның жыры» т.б. Сол арқылы оқырманның қызығушылығын тудыруды көздейді. Сондай-ақ кейде мақаларының тақырыпаттарын да сұраулы конструкциямен береді («Шағалалар қайда ұйықтайды?», «Тәуелсіздік біреу. Бәріміз соған тіреу болуға жараймыз ба?»).

Шерхан Мұртаза публицистикалық стильдің ақпарат жеткізу, әсер ету қызметіне сәйкес дискурсемаларындағы тілдік ерекшеліктерді құбылтып отырған. Тілдік тұлғаның «Ататүрік. Ұлттық рух. Мәрмәр теңізінде туған ойлар» атты мақаласы бірнеше ақпарат береді:

- *Тақырыптар жүйесі.* Мақалада Ататүріктің тұлғасы, түрік ұлтына сіңірген еңбегі, ұлттық идея мәселесін көтеруі тарих пен замана сабақтастығы негізінде қазақ қоғамындағы тіл, мәдениет, саясат, парақорлық мәселелерімен байланыстырылып сөз болады.

- *Композициялық талдау.* Тақырыптың құрылымы: *Ататүрік* – тарихи тұлғаға бағытталған негізгі идеялық өзек; *Ұлттық рух* – бүкіл мақалаға берілген концептуалдық лейтмотив;

- *Фактологиялық талдау.* Нақты деректер мен фактілер: Ататүріктің реформалары, Стамбул мен Анкара арасындағы шешімнің себебі; Босфор бұғазының маңызы; Түрік жазушыларының пікірі; Тұрар Рысқұлов пен Ататүрік арасындағы тарихи байланыстың деректері; Қазақстандағы тіл саясаты, жемқорлықпен күрес туралы мәліметтер. Деректер эмоциялық және дәлелдемелік әсерді күшейтуге қызмет етеді.

- *Модальдық талдау.* Авторлық позиция: Белсенді, азаматтық ұстанымы айқын. Модальділік түрлері: бағалауыштық – сын, мақтау, күйіну, үміт;

риторикалық – сұрақтар, үндеулер, мысқылдар; экспрессивті – «Қара шегіртке», «Ана тілімізді өлтіріп алмайық», «Сонда қалай?!» сияқты көркемдік те, публицистикалық та мәні бар сөздер. Тілдік белгілері: Астарлы ирония, публицистикалық пафос, афористік сөйлемдер.

Тілдік тұлғаның толыққанды моделін құру үшін сөз зергерінің туындыларын, мәтіндерін жан-жақты талдау қажет. Бұл орайда М.А. Канчер стилистикалық, коммуникативтік-прагматикалық және лингвориторикалық аспектілерді ескеру қажет екенін айтады [179, 314]. Стильдік фонда стильдік тәсілдер, конвергенциялар, мәтіннің тональділігі, идиостиль көрініс табады. Коммуникативтік-жанрлық репертуарда сөйлеу стратегиялары мен тактикалары, сөйлеудің әдіс-тәсілдері, дәйек пен дерек қамтылады. Сол арқылы тілдік тұлға өз діттемін жүзеге асырып, коммуникативтік міндеттерін шешеді.

Тілдік дискурстағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін лингвистикадағы «когеренттік» ұғымын толық тану маңызды. Тілдік тұлға дискурсындағы когеренттік – дискурстың бөлімдерін оқырманға автор ойы тұрғысынан барынша түсінікті ету үшін қызмет атқарады, яғни прагматикалық тұрғыда жүзеге асырылады. Мұнда тілдік тұлға дискурсының ішкі, құрылымдық, сондай-ақ сыртқы, прагматикалық байланысы маңызды рөл атқарады. Когезия – әдеби-көркем мәтіннің немесе кез келген мәтіндік және ауызша туындының бүтіндігін, мәтін ішіндегі байланысты білдіреді. Ағылшын тіліндегі когезияны зерттеуге арнаған жұмысында М.А.К. Хэллидей мен Р. Хасан мынадай тұжырымға келген: «Когезия – мәтін аясында жүзеге асатын және оны мәтін ретінде анықтайтын мән элементтері» [180, 109]. Демек тілдік тұлға дискурсындағы когезияның қатынасы екі немесе одан да көп мәтін элементтерінің құрылымнан тыс өзара байланыста көрінеді.

Тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің көрінісін анықтау үшін туындыгер Шерхан Мұртазаның көркем және публицистикалық мәтіндеріндегі нақты мысалдарға назар аударсақ. Қаламгер шығармаларынан лексикалық когезияның екі түрін де жиі кездестіреміз. Тілдік тұлға дискурсында көрініс табатын лексикалық когезия тілдің лексикалық жүйесін қолданады. Яғни лексикалық деңгейде біз мәтіннің құрылуын және мазмұндылығын лексикалық деңгейде бақылай аламыз. Тілдік тұлға дискурсында, әсіресе, лексикалық, морфологиялық қайталаулар жиі кездеседі. Сондай-ақ мәтіннің лексикалық ұйымдастырылуында қыстырма, қаратпа сөздердің, одағайдың, жалғаспалы байланыс, сұрау шылауларының, сілтеу, сұрау есімдіктерінің т.б. орын алуы, екі сөйлем арасындағы байланыста, екіншісінің бірінші сөйлем мазмұнына икемделуі секілді түрлі когезиялық тәсілге тән көріністерді аңғарамыз. Демек когезия тәсілі арқылы құрылған тілдік тұлға дискурсының формалды-грамматикалық, логикалық байланысын, мәтін элементтерінің грамматикалық байланысын анықтаймыз.

Шерхан Мұртазаның «Айқайлап айтқан сөз» шығармасындағы: «*О*, айтатын ой мол», «*Е*, неге?», «*Ей*, бейкүнә ұрпағым!», «...*о*, *шіркін*, қанша қаржы үнемделер

еді, *ә*!» [9, 46-47] деген тармақтардағы одағайлардың қолданылуы мәтін ішіндегі логикалық байланысты білдіріп тұр. Тілдік тұлға дискурсында мұндай когезия тәсілінің жүзеге асуы байланыстың логикалық сипатын ашуымен қатар, автор ойының эмотивті мәнін де ашық аңғартады. «Қаңтарулы қазанат» атты естелік-эссесіндегі: «*...біздің пайымдауда*, жазушы бұл белгілі мақалдарды блокнотқа бекер түсірмеген», «*...менің байқауымша*, сұлу әйелді ит қаппайды» [9, 64-67] тармақтардағы қыстырма сөздер мәтін аясында жүзеге асатын оқиғалар мен автордың пікірінің байланысын білдіреді және қозғалған түпкі идеяны алға тарту, оған автор тұрғысынан, мәтін ішілік кейіпкер ойы тұрғысынан әрекет жасауды көрсетеді.

Мұндай құрылымдар мәтін ішіндегі грамматикалық байланысты ғана емес, сөйлемдер арасындағы логикалық тізбекті байланысты да сақтап тұрады: «*Аш қалуға бейіл, бірақ «Қобыландыны», «Қыз Жібекті» көруге құштарлар,* ***құдайға шүкір,*** *бар»* [28, 137].

*«Интернаттың іргесін жалап ағатын өзеннен асханаға құбыр тартуға ол кезде шама келмеді ме, әлде құнт болмады ма,* ***біз қайдан білейік****, әйтеуір, ауыр-ауыр екі шелек буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жеткіншектердің екі иінінен зілдей басып, онсыз да тапал бойды төмен тартар еді*» [*28*, 136].

*Ал,* ***шындығында****, Хадиша Ақшайдан көрген қорлығын арыз етіп айтқанда, сол түсте Мақсұт сай-сүйегі сырқырап егіліп еді. Қаншама жұбату сөздер айтып еді Хадишаға* [28, 277].

Когезия тәсілінің белсенді қолданысын қаламгердің көркем шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Мысалы когезия тәсілінде қолданылатын мәтін ішіндегі элементтердің, логикалық байланыстың негізін құрайтын, байланыстың формалды-логикалық түрі ретінде қарастырылатын қаратпа элементтер жиынтығын көп кездестіреміз. Ол, әсіресе, кейіпкерлер диалогында белсенді көрініс табады. Шерхан Мұртазаның «Сол бір күз» әңгімесіндегі: «Иә, *жігіт*, – деді судай қазақша...», «*Ағатай*, қамытты қайтып бер», «Арба тоқтап қалады, *ағатай*!» [32, 5-7], «Айырбас» әңгімесіндегі: «*Айша-ау*, мен келгенше Майлыаяққа жуынды беріп тұр», «Постой, *киргизенок*!», «*Бала*, кітапқа айырбастайсың ба?», «Е, *шырақ*, Боранды базарды көшіріп келе жатқандай ентігесің ғой...», «Сабының екеу-ақ қой-ей, *Барсхан*?», «Не болды, *байғұс-ау*?» [32, 9-15] деген тармақтардағы қаратпа сөздер мәтін ішіндегі оқиға мазмұнын ғана емес, тілдік тұлға дискурсындағы логикалық байланысты грамматикалық форма негізінде құрып тұрғаны байқалады. Автор кейіпкерлер диалогын тілдік қарым-қатынастың дискурстық формасы ретінде ұсынып тұр. Демек ондағы логикалық байланыс, әрине, кейіпкерлер арасындағы диалог мазмұнының өзара формалық және грамматикалық байланысына, мәтін элементтерінің біртұтастығына сай жүзеге асқан.

«Ұзақ командировка» әңгімесінде автордың тілдік қолданысындағы сұраулық шылаулары мен сұрау және сілтеу есімдіктері, жалғаспалы байланыс

шылаулары сөйлемдер арасындағы коллокацияны, мәтін ішілік байланысты біріздендіріп тұр. Мәтін элементтерінің грамматикалық байланысы аталмыш элементтер негізінде анықталады. Мысалы: «*Соны* растағандай...», «...*әлгі* басты әрең көтеріп», «...ықыластана күледі *де*, ...», «...соны да түсінбейсің *бе*?», «...отырған баладан айналып кетпейсің *бе*», «...салмақтап көрді *де*, өзіме қайтарып берді», «...қарыса *ма* жағың сенің?», «Нұрлан, сен білмеуші *ме* едің...», «Солай *ма*, мама?», «Қытығың келе *ме* сенің?» [32, 33-35] секілді мәтін ішіндегі автор ойының мазмұндық байланысын бір жүйеге топтастырып, оның грамматикалық жігін құрап тұр. Мұндай бірліктер мәтін ішіндегі сөйлемдердің өзара байланысын, бір ойдың екінші оймен жалғасуын, автордың дискурсындағы эмоциясы мен ішкі ойын анықтайды. Когезияға тән аталмыш грамматикалық бірізділік пен аталған тәсілдерсіз тілдік тұлға дискурсының біртұтас мазмұны құралмайтынын да ескергеніміз дұрыс. Яғни тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің атқаратын қызметі орасан зор. Мәтінде қолданылатын түрлі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің реттілігі, автор ойын ашудағы, тұтас мазмұнды жеткізудегі қызметі, әуелгі компонент пен кейінгі компоненттердің логикалық байланысын сақтап тұруы – когезиялық тәсілдің басты қағидасы.

Когезия тәсілінде орын алатын аталмыш элементтік бірліктер қолданысымен қатар тілдік тұлға дискурсындағы лексикалық когезияның орны да ерекше екені анық. Себебі көркем шығармадағы логикалық қайталаулар мен мәтін бірліктерінің өзара мән-мазмұндық байланысы осы лексикалық когезия тәсілінің еншісінде.

Шерхан Мұртазаның «Айға шағылған найза» шығармасындағы мына тармақтарға назар аударсақ: «...бақытқа орай аман-есен елге *қайтты*. ...көкірегі жырға толып *қайтты*» [9, 24] немесе «...айрықша *мән беріп*, *ден қойғандығында*» [9, 24] деген жолдардағы когезияға тән сөзді және сөздің лексикалық баламасын қайталау амал қолданылып тұрғанын байқаймыз. Демек тілдік тұлға дискурсында берілген ойдың растығын дәлелдеу мақсатында және оқырманның да ол фактіге сенуі үшін автор бірінші сөйлемдегі пікірді кейінгі сөйлемде растай отырып, айтылған ойдың байланысын көрсетіп тұр. Ал екінші мысалдағы *мән беріп*, *ден қойғандығында* деген лексикалық бірліктердің баламаларының қайталануы лексикалық когезиядағы коллокация формасын білдіріп тұр. Себебі мұндағы сөз тіркестерінің синтаксистік және семантикалық бірлігі бірінші компоненттегі мазмұнның екінші компонентке әсерін көрсетеді. Яғни автор қолданған екінші сөз тіркесі біріншісінің мәніне сай таңдалып тұр. Бұл әдіс ойды бекіту мақсатын жүзеге асырып тұр.

Қаламгердің «Нөсер» шығармасындағы: «*Самолет* таңғы бесте *ұшады*. *Аэропортқа самолет ұшардан* бір сағат бұрын жету *керек*... Бұл үшін *түнгі үште* ұйқыдан тұрып, жолға шықпаса болмайды. *Түнгі үште аэропортқа экспресстен* басқа көлік жүрмейді. *Экспресстен* қалып қоймау *керек*» немесе «...жол жүретіні есіне сап ете қалып, *сағатқа* қарады. ...кішкентай қоңыраулы *сағаттың* фосфорлы жасыл тілі...», «Бұл жылдың *бір күнінен бір күні* жақсы еді. Ал енді осылардың

бәрінен ерекше *бір күннің* жақындап қалғанын сезді...», сондай-ақ «...*көшелер* жап-жарық. ...*Көшенің* ұзына бойына тізілген *светофорлар... Көше* бойы біресе *жап-жасыл моншақ* тағынады...», «*светофорлар* қалғып кетпей, қалтқысыз жұмыс істеп тұр. ...арықты қуалай аққан салқын су *светофорға* бағынбайды» [32, 36-42], – деп берілген мәтін ішіндегі логикалық байланыс бірінші сөйлем компонентіндегі лексикалық бірліктің екіншісінде сол қалпында қайталануы арқылы бір ойдың толық мәтін барысында жалғасып жатқанын, автор ойының тізбегін білдіріп, бірінші сөйлемнің екіншісіне мағыналық әсерін анықтап тұр. Әр мысалдағы екінші және үшінші компонентте қайталанған бірліктер бірінші сөйлем мәніне тәуелді және оны толықтыру, дискурсты дамыту мақсатында қолданылған. Алғашқы компоненттегі лексикалық бірлік кейінгілерінде қосымша мазмұндық реңкке ие болып, мәтін сюжетін бағыттауға қатысып тұр. Демек берілген мысал негізінде тілдік тұлға дискурсындағы когезия тәсілінің мәтін ішіндегі элементтердің логикалық байланысын жүзеге асыру қызметіне нақты дәлел болатынын тұжырымдай аламыз. Бұл тілдік тұлға дискурсының құрылымдық және логикалық байланысын, семантикалық ұйымдастырылуын қамтамасыз етуімен қатар, көркем шығарма мәтінінің көркем-эстетикалық мәнін де арттыруға үлес қосатынын түсіндіреді.

Тілдік тұлға дискурсында лексикалық когезияның екінші түрі – коллокацияның да орын алатынын атап өттік. Коллокация – семантикалық және синтаксистік  тұрғыда біртұтас бірлікті құрайтын тұрақты сөз тіркесі. Яғни мәтінде аталмыш бірліктердің қолданылуы когезия тәсілінің тағы бір сипатынан көрініс береді. Шерхан Мұртаза шығармаларының мәтінінде коллокацияның ауыстырылмайтын және өзгермейтін түрлері, метафоралар мен тұрақты тіркеске тән элементтер жиі қолданылады. Бұл мәтін ішіндегі сөйлемдердің семантикалық байланысын сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы қаламгердің «Шыршаның жыры» шығармасындағы: *«балапан шыршақай», «моншақ тамшылар», «інжу-маржан тамшылар», «кішкентай әнші», «теңбіл барыс»*, *«ақ жамылған қарақшылар», «жансыз қояндар», «ыстық үй», «сұр бетон»* [32, 67-75] т.б. сөз тіркестеріндегі лексикалық когезия тәсілі нақты мәтін ішіндегі автор берген семантикалық және синтаксистік мән-мағына негізінде қолданылып тұр. Мұндай коллокациялардың компоненттерін ауыстыруға немесе өзгертуге болмайды. Себебі олар нақты берілген мәтін семантикасына сай жасалған. Мысалы аталған мысалдағы сөз тіркестері шығарманың мазмұнын қамтитын семантикалық бірліктер ретінде мәтіннің тұтас логикалық мәнін ашуда қызмет атқарып тұр.

Тілдік тұлға дискурсында когезиямен қатар ретроспекция тәсілі де қолданылады. Ретроспекцияның когезиядан ерекшелігі – оның оқырманды нақты ақпаратпен байланыстыратын өрнек формаларын біріктіретінінде. Бұл тәсіл, әсіресе, көркем шығарма мәтіндерінде жиі қолданылады. Себебі ретроспекция тәсілі объективті және субъективті тұрғыда мақсатты түрде екі негізде жүзеге асады. Бірі – тілдік тұлға дискурста оқырманды арнайы әуелі оқылып қойған

мәтінге немесе оқиғаға қайтарады, яғни қазіргі сәтте орын алып жатқан немесе мәтін ішінде жүзеге асып жатқан ақпаратты, сюжетті, автор ойын толық қабылдау үшін оқырманды өткенге қайтару тәсілі. Бұл көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларын тануға да мүмкіндік береді. Негізгі авторлық іс-әрекет те сол уақыт пен кеңістік категориялары арқылы жүзеге асады. Екіншісі – оқырман мәтіндегі әрекеттер мен сипаттауларға, санасында сақталып қалған, оқылып қойған мәтін бөліктеріне ерікті түрде қайта оралады. Бұл да тілдік тұлға дискурсын терең түсінуге бағыттайтын тәсіл. Әрі оқырман осы тәсіл негізінде кейіпкерлердің әрекеттері мен мәтін ішіндегі мінез-құлықтарының мотивтерін, осы сәтте баяндалып жатқан іс-қимылдардың мотивтерін түсінуге мүмкіндік алады.

Шерхан Мұртазаның «Бабаның оралуы» атты шығармасында ретроспекция тәсілінің көрінісі айқын байқалады. Автор осы уақытта орын алып жатқан іс-әрекеттерді баяндай отырып, оқиғаның неден басталғанына, кейіпкерлердің өткен өміріне, кейбір әрекеттердің жүзеге асуына түрткі болған мотивтеріне қайта оралып, оқырманға мәтін идеясын толық түсіндіруге тырысады. Мұндай ретроспекциялық тәсіл шегіністерін мына мысалдардан көреміз: *«...қаладан келген байекесі бір колхозды асырайтындай сыбаға алып, сықиып жүрген кезі еді», «Ата-бабаларымыз баяғы-баяғы, бағзы заманда айтып кеткен...», «Адам баласы, жан-жануар, түрлі тіршілік иесі о басында топырақтан жаралған»* [32, 113-115] немесе «Қияметтен оралған» атты публицистикалық дискурсындағы: *«Содан бері де жиырма жылға жуықтап қалыпты. 1978 жылы делегация құрамында Монғолстанға бардым. Ұлан-батордан ұшаққа мініп Хобда аймағына жеттік», «Содан әйтеуір түрмеден қашып шығып, Алтай тауынан асады ғой»* [9, 113-206]. Берілген мысалдардағы ретроспекция тәсілі екі түрлі сипатта қолданылып тұр. Бірінші – көркем мәтін мазмұнында автор осы сәттегі оқиғаны баяндай отырып, оның ішіндегі әрекеттердің логикалық байланысын өткен шақ оқиғаларымен байланыстырып, оқырманды еріксіз өткен жылдарға, ғасырларға, дүниенің пайда болу кезеңіне дейін ойша қайтарады. Бұл тәсіл арқылы мәтіндегі түпкі автор ойын түсіндіру мақсаты жүзеге асып тұр. Ал екінші публицистикалық мәтін мазмұнында баяндалып отырған ақпарат осы сәтте жүзеге асқанымен, негізгі мотив өткен шақта орын алған нақты оқиғаға байланысты туындағанын түсіндіреді. Мұндағы автор оқырманды мәтін арқылы мақсатты түрде өткен оқиғаларға қайтармайды, керісінше оқырман шығарма мәтінінің бастапқы мазмұнынан бастап ерікті түрде шегініс жасайды. Себебі тілдік тұлға дискурсын түсінуде оқырманға оңтайлы әдіс – осы.

Тілдік тұлға дискурсындағы ретроспекция тәсілі алуан түрлі сипатта жүзеге асады. Мысалы автордың мәтін ішіндегі баяндау желісін тежеуі, жоғарыда атап өткен ой қайталаулары, баяндау кезіндегі үзілістер. Демек автор бұл тәсіл арқылы оқырманды қызықтырады, өткен шақтағы оқиғаға бүгінгі көзқарас тұрғысында баға беруге мүмкіндік береді. Ретроспекция тәсілінің когезиямен тұспа-тұс келетін ұқсастығы – мәтіндегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қайталануы. Бірақ

мұндағы қайталаудың баяндау уақытына және оның өзгеруіне қатысты жүзеге асатынын ескергеніміз дұрыс. Мысалы автордың «Бұлтсыз күнгі найзағай» шығармасындағы: «Есік сарт-сұрт *ашылып, жабылады*. Әрбір *ашып-жапқан* сайын кішігірім бомба жарылғандай ақ бу бұрқ-бұрқ ете *қалады*», «Біздің ауыл таудың *шатқалында еді*... Күн кеш шығып, ерте *батушы еді*» [32, 202-205], – деген тармақтарындағы нақты қайталаулар мен баламалы қайталаулар оқырманды оқиға іске асып жатқан өткен шаққа және сол есікке, үйге, ауылға, тауға ойша жетелейді. Мұндағы қайталаулардың мақсаты – өткен шақ туралы айтылған ойға оралту үшін баяндауды уақытша үзу, бір ойды оқырманға түрлі сипатта бірнеше рет ұсыну.

Сонымен қатар ретроспекциядағы өткенге оралу амалы нақты авторлық ой тізбектерімен емес (шығарма ішіндегі бұрын, өткен заманда, баяғыда, осындай жылдың мына айында деген нақты сөйлемдерсіз), жеке сөз, сөз тіркестері арқылы да өткен шаққа сілтеме жасай алады. Мысалы қаламгердің «Белгісіз солдаттың баласы» шығармасындағы: *«...осы* бір ойнаған сағым шалынбай да қалмайды*», «...бұрын* ақ соры шығып жататын шұқырлар*», «балалық шақты, бойжеткен қыздың дәуірін* бастан кешкен өзі емес...», *«...*енді *оның* бәрі *баяғыда көрген түс сияқты», «сонау бір* ақсүйек ойнаған айлы түн», *«жиырма жыл бойы* жылжымай бір қалыпта бейқам тоқшылықпен *өткен өміріне...»,* «...өмірі дәрігер атаулы шығып көр*ген* емес», «тұлпарды құрметте*ген* ел» [32, 259-275], – деген тармақтардағы жеке сөз, сөз тіркестері мен *-ген-* формалы өткен шақ есімшесінің өзі өткеннен хабар беріп тұр. Демек автор мәтін ішіндегі ойды тереңдету мақсатында немесе оқиғаның өткенмен байланысын түсіндіру мақсатында өз баяндауын осындай тілдік бірліктермен бәсеңдетіп, уақытша үзіп, оқырманның өткенге көз жүгіртуіне тиімді форма ұсынады. Бұл ретроспекция тәсілінің тілдік тұлға дискурсындағы атқаратын маңызды қызметі.

Сонымен қатар жазушы **субституция тәсілін** де шебер қолданады: ***«Тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыздың»*** *алақандарына анда-санда қарғаның саңғырығындай бір-бір түйір май салады. Ол кез біз үшін мереке»* [28, 60].

*«Ондайда Айша отыра қалып, бетін басып солқылдап жылайды. «**Тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз»** состиып, үн-түнсіз қаламыз...»* [28, 60].

***«Тумай жатып әкесін жалмаған жүгірмек**, енді өз басыңды жалмайын демесең таста қолыңдағыңды! – деп екі қолын ербеңдетіп шыр-шыр етеді»* [28, 62]. *«Е, **шырақ**, Боранды базарды көшіріп келе Жатқандай ентігесің ғой, тегі, – деп күлді Хадиша жеңешем қалжыңдап»* [28, 59].

*«Шаршап та кеттім, қарап қалғыр-ай? Отыр-ей, **шырақ. Кішкене жан шақырайық!**»* [28, 60].

***«Жарықтық, жатқан жерің жаннат болғыр,** әуеліде жат жұртқа үйрене алмай қиналса керек»* [28, 61].

*«Сөйткен **жарықтық**, о да өтті дүниеден, шалы болса әлі...»* [28, 41]. *«Баяғыда осы жолмен сенің **ұлы апаң** ұзатылған, – деді бір кезде Арзы үндемеуден жалыққан адамдай, сөз бастап»* [28, 41].

*«Алда айналайын мырзаға-ай, жатқан жерің жанатта болғыр-ай!»* [28, 43].

Келтірілген мәнмәтіндерде автор субституция тәсілін пайдалана отырып, әкесі қайтыс болған балаларды т*умай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз/жүгірмек,* қазақтың салты бойынша, ат тергеп, қайнысының, қайын ағасы мен қайынбикесінің аттарын атамай, «Шырақ», «ұлы апаң», «мырза аға» деп атайды; қайтыс болған кісіге қатысты *жарықтық, марқұм*, *жатқан жерің жанатта болғыр* дұға-сөздерін қолданады. Оны шығармада кейіпкерді сөйлете отырып, былайша баяндайды: *«Ауылдың салты бойынша, ол менің атымды атамайды. Кішкентай да болсам, қайнысымын.* ***Шырақ*** *дейді. Қандай жақсы.* ***Шырақ*** *дегені шырағдан деп естілгендей болады. Шырағдан – не жетілік, не ондық шишасы бар шам ғой. Мені жарық сәулеге теңегеніне іші-бауырым елжіреп-ақ тұрады»* [28,61]. Яғни сөз зергерінің субституциялары қазақы танымға, қазақы ділге негізделген.

Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері өзара ұқсас және айрықша формада көрініс табады. Лингвистикадағы аталмыш екі тәсіл мәтіннің логикалық, формалық-грамматикалық, лексикалық байланысын автор баяндауына сай біртұтастықта сақтап, мәтінді толық түсінуге жағдай жасайтынын түсіндік. Когезия мен ретроспекция көркем мәтінді тілдік тұрғыда талдау кезінде нақты байқалатын белсенді тәсілдер. Қаламгердің көркем және публицистикалық дискурстарындағы когезия мен ретроспекция тәсілдерін зерттеу барысында автордың тілдік ерекшелігімен танысып қана қоймай, мәтіндердің грамматикалық, лексикалық, синатаксистік байланысын, ішкі бірліктерінің тұтастығын және мәтін мазмұнын, идеясын оқырманға жеткізуде атқарылатын тілдік әрекеттердің маңызы айқын көрінеді.

### 3.2 Дискурстағы аксиологиялық жүйе және ұлттық құндылықтар

Көп дискурсты портреттің ақпараттық-аксиологиялық ерекшелігі тақырыптық доминанттардан (автордың тілдік санасы қоршаған әлемде бөліп көрсететін және тақырып ретінде таңдайтын маңызды нәрселер), автор дүниетанымының құндылық негізін анықтайтын аксиологиялық векторлардан тұрады. Тілдік тұлға «тілдік және аксиологиялық құзыретке ие» [181, 57]. Оны сипаттауда әртүрлі деңгейлер – құндылық, таным, болмысы негізге алынады [61]. Ғалымдар коммуникативтік тұлғаның құндылық деңгейін сөйлеу идеалы туралы түсінік, оған ұмтылу; тұлға ұстанатын идеялар ретінде түсінеді.

Әртүрлі дискурста құндылықтар әртүрлі кодтау түрінде көрініс табады [169]. Бірқатар дискурстарда негізгі құндылықтар мақсатты түрде ашық көрсетілмей, жасырын берілуі мүмкін (мысалы, саяси дискурста). Енді бірқатар дискурстарда (мысалы, діни дискурста, педагогикалық қатынаста) құндылықтар ашық түрде берілуі мүмкін [169, 321]. Тілдік тұлғаның көп дискурсты портретінің аксиологиялық сипаты экстралингвистикалық факторларға байланысты болады. «Тілдік тұлғаның сөйлеу мінез-құлқы ұлттық белгілермен ерекшеленеді, белгілі бір

мәдениетте қабылданған мораль мен этика нормаларымен, осы қоғамда қалыптасқан тәрбие жүйесінің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты болады.... Тілдік тұлғаның сипаттамалық ерекшеліктері осы ортада қалыптасқан моральдық-этикалық құндылықтарға байланысты» [182, 177]. Аксиологиялық сипат ұлттық мәдениетпен байланысты [183]. Сонымен қатар аксиологиялық сипат сөйлеу мәдениетімен де байланысты. Зерттеушілер О.Б. Сиротинина мен В.Е. Гольдин жеті деңгейлі (түрлі) сөйлеу мәдениетін (элитарлық, орташа әдеби, әдеби-ауызекі, фамильярлы-ауызекі, қарапайым, халықтық-ауызекі, кәсіби-шекаралы) атап көрсетеді [110, 10].

Шерхан Мұртазаның философиялық дискурсы көбінесе адамның қоғамдағы орнына қатысты. Тілдік тұлғаның философиялық толғамдары «Адамнан алып не бар?», «Ерлер қияға өрлейді», «Мәңгілікпен дидарласу», «Сколько в человеке доброты?», «На пульсе времени», «Капелька твоего солнца», «Балықшының бақыты», «Мыңжылдық соңындағы сөз», «Түркі тілдес, түгел бол», «Рух пен намыс егіз», «Келешек туралы әңгіме», «Мазасыз түн», «Бүгінгінің Қарынбайы», «Күн сипатты жандар», «Әкеге тартып ұл туса игі», «Бір нәзік сәуле», «Уақыт. Замандас. Әдебиет» т.б. мақалаларында көрініс тапқан. Алайда осы еңбектермен ғана шектелмейді. Шерхан Мұртазаның әр шығармасы – әрбір әңгімесі, повесі, романы, драмалық шығармасы т.с.с. философиялық мәнге толы. Себебі ол шығармалардың бәрінде өмірдің мәні, адам болмысы, адамзаттық құндылықтар, уақыттың мәні, адам мен қоғам, уақыт пен тарих, ұлттық сана, тарихи жад, ар-ождан, ерік, әділет, тағдыр жауапкершілік туралы терең пайымдары өрнектелген.

Құндылық аспектісіне тұлғаның құндылықтары, құндылық бағдарлары, өмірлік бағдарлары мен құндылық оппозициялары жатады. Ол тілде аксиологемалар, бағалауыш лексика, пайым, мәтіннің аксиологиялық құрылымы түрінде көрінеді [182]. Мысалы, құндылықтық бағдар тілде мақал-мәтелдер түрінде көрініс табады, олардың көпшілігі моральдық және утилитарлық нормаларды білдіреді.

Шерхан Мұртазаның мәтіндерін концептуалдық тұрғыда талдау арқылы тілдік тұлғаның публицистикалық мәтіндеріндегі құндылықтар мазмұнын, экспрессивтік қырын анықтауға болады. Құндылық аспектісіне тұлғаның құндылықтары, құндылық бағдарлары, өмірлік бағдарлары мен құндылық оппозициялары жатады. Ол тілде аксиологемалар, бағалауыш лексика, пайым, мәтіннің аксиологиялық құрылымы түрінде көрінеді [182]. Мысалы, құндылықтық бағдар тілде мақал-мәтелдер түрінде көрініс табады, олардың көпшілігі моральдық және утилитарлық нормаларды білдіреді. Аксиологиялық әлем бейнесінің репрезентанттары – деректі және дерексіз ұғымдарды білдіретін өзек сөздер (*ел тағдыры, ұлттық рух, намыс, халық қазынасы, шындық шырайы, күн сипатты жандар, лайықты еңбек, абыройлы міндет, тұлпардың тұяғы, тау басындағы тасжарған, Жұмағүлдің жұлдызы, қарапайым да қайсар тұлға, ақсұңқар тектес азамат, аңысын аңдыған Америка*). Ондай репрезентанттардың құндылықтық

маңызы автор тарапынан түрлі графикалық құралдармен де ерекшеленіп беріліп отырады. Құндылықтық компоненттің экспликациясы идеологемалар арқылы да көрінеді. Олар семантикалық тұрғыдан күрделі әрі кең ұғымдар болып келеді. Мысалы, *«Бір кем дүние», «Ақылды, білімді, іскерлікті шекараның ар жағынан емес, туған топырағымыздан іздегеніміз дұрыс», «Заң болмай, сең қозғалмайды», «Өмір жолы – бірде қия, бірде өр», «Ер жігіт қиынды іздейді», «Көктем қоңырауы», «Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде», «Бүгінгінің Қарынбайы», «Аяғыңның астына қара», «Дүние кеңейе береді», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Адамнан алып не бар? Қазақ азаматы. Сен қазақ боп туғаныңа мақтан!»* т.с.с. осының мысалы.

Авторлық пайымдаулар негізінде келесі мағыналық доминантты тұжырымдауға болады: *Ерлер қияға өрлейді; Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті; Тәуелсіздік біреу. Ол біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен Алланың ақ нұры; Әкеге тартып ұл туса игі; Жаңаның тамыры көне; Өткен замандар қасіретін, арман-ынтызарын білмей қазіргіні түсіну қиын; Ұлттық рухты ұлықтау – парыз; Жұмысшы – жасампаз еңбектің жаршысы* т.б.

Ш. Мұртазаның аталған көп дискурсына тән дискурсемаларының қатарындағы ТТ тілдік кеңістігі мен қаламгердің мәдени феноменін айқын аңғартатыны – *«Бір кем дүние»* философиялық дискурсы.

Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» ой толғамының және «Ай мен Айша» романының мәтінінде кездесетін философиялық дискурсы мен ондағы тілдік бірліктер, репрезентациясы мен анықталуы, лексикалық және бейнелі элементтердің семантикасы, қаламгердің астарлы ойы мен идеясының өзара байланысы – барлығы ұлттық дүниетаным мен мәдениет, мінез-құлық, ұлт психологиясын танытып қана қоймай, адресатқа бағытталып, нақты мақсаттарды қамтиды. Автордың философиялық дискурсынан адам мен өмір туралы философияның терең астарын бақылаймыз. Мұндай философиялық дискурс үлгілері ТТ-тың тілдік кеңістігін ғана емес, қазақ дүниетанымы мен ұлттық тілімізде алғаш пайда болған түсініктер мен тұжырымдарды тануға, олардың ұлттық концептіге айналуына, алмасу жолын саралауға, қазақ санасындағы әлем туралы түсінік пен білім көрінісінің ерекшелігін талдауға мүмкіндік алдық. Тілдік бірліктер негізінде санадағы ақпараттар, суреттер мен лексикалық мағыналар, автор ойының түпнұсқасы танымдық және функционалдық сипатта айқындалып, дискурстың коммуникациядағы терең қызметі анықталды.

Прагматикалық сипатында ТТ мәтіндерде оқырманға ой тастау, белсенді эмоция мен ұлттық рухты көтеру мақсатындағы ой-пікірлер жиі кездеседі. ТТ өзінің көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарында түпкі мақсат – қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғыртудың, қазақ тілінің құдіретін сақтаудың, ұрпаққа жеткізудің, тіл арқылы ұлт бойында тұнып жатқан діл мен мәдени ерекшеліктердің, ұлттың пайда болуынан бастап санада жатталған, қанға сіңген

адамгершілік құндылықтар мен көзқарастардың, танымдық қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуді қолға алған. Жеке тұлға көзқарасы мен танымы астарында қазақ ұлтының танымы мен ұлттық сана жатқаны айқын. Мысалы: *«**Нан**» деген сөзді естігенде, ұйқы шайдай ашылады. Жеті түн ішінде таң атып, күн шығып, он жетімнің тар бөлмесіне нұр шашырағандай болады. «**Нан**» деген сөз алыстағы ауылдан апаң келіп тұр дегенмен бірдей»* [28, 138].

*«Әй-бу, **Қорғанбайдың апасы-ау**, ұмытып кетіппін ғой. Қырғыз атаға айта бар: Барсханға Медетханды көрсетсін. **Өткенде не болмады. Балалардың жазығы не. Бірін-бірі біліп жүрсін,** – деп Айша көзіне жас алды.*

*– Қой әрі, **балаң жол жүріп бара жатқанда, жылап жаман ырым қылма**. Қой, Айша!*

*– Қойдым, қойдым, **Қорғанбайдың апасы**, қойдым»* [28, 21].

ТТ сөйлеу әрекетіндегі немесе мәтіндеріндегі ойдың мақсаты, оның тыңдаушы мен оқырманға әсер етуі, түрлі эмоция тудыруы және әрекетке шақыруы – барлығы ТТ феноменіне тән құндылықтарын түсінуге жол ашатын прагматикалық сипаты. Мұндай ерекшелікті қаламгердің сын-мақалалары мен публицистикалық еңбектерінен ұшаратамыз. Мысалы, Ш. Мұртаза ТТ-сының белсенді прагматикалық сипаты мына мысалдарда белсенді көрініс тапқан: *«Парламент жұмысы бастан-аяқ тек орыс тілінде жүреді. Қазақшаға тыйым салған ешкім жоқ. Бірақ көп қазақтар орысшаға орыстардан да жүйрік. Бағыныштылық психология сүйекке сіңіп қалған. Бастандап кірген дерт мысқалдап қана шығуы мүмкін»* [9] немесе 1998 жылы президентке жолдаған, газет бетінде жарияланған ашық хатындағы: *«Жер – Алланың адамзатқа бұйыртқан баға жетпес байлығы. Жерді сату деген идея тек отансыздардың ғана ойына келеді»* [33], – деген ой-пікірлері тіл арқылы іштегі таным мен сана түкпіріндегі ұлттық мүдденің сипаты екені байқалады. Берілген мысалдарға назар аударсақ, ТТ сөйлеу әрекетінің және мәтіндегі ой көрінісінің сипаты қазақ ұлты үшін дүниетанымы мен ұлттық ұстанымында қалыптасқан тіл мен жер туралы қағидаларын ұлттық тіл арқылы жеткізу екенін аңғарамыз. Мұндағы ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипаты қандай да бір пафос формасына немесе әдістеріне жол бермейді.

Қаламгердің көп дискурсын мысалға алу арқылы ТТ феноменін зерттеуде ТТ мәтін ішінде немесе сөйлеу әрекетінде тура қалпында көрініс табады деп айта алмаймыз. Бұл мәселеде де ТТ сипатын когнитивтік-прагматикалық мәнінде талдау арқылы тіл мен тұлға арасындағы қатысымды анықтаймыз. Сондықтан Ш. Мұртазаның ТТ зерттеуде назарға алынған көркем, публицистикалық, философиялық, саяси дискурстарын (ауызша және жазбаша мәтіндер) талдауда ТТ феноменінің көркемдік тұлғасы мен сыртқы тұлғасы ой мен тілдік бірліктердің өзара үндесімінде анықталады.

Ш. Мұртазаның ТТ-сын тануда негізгі дереккөз ретінде баса мән берілген көп дискурсы ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипатының түрлі мақсаты мен бағытын, автордың когнитивтік бағдарын, алуан сөйлеу әрекеті мен мәтініндегі

стильдік ерекшеліктер және қаламгер тілінің, сөйлеу мен сөйлем құрылымының қырлары назарға алынуы маңызды. Мысалы, Ш. Мұртаза ТТ-сының когнитивтік-прагматикалық сипатын анықтауда төмендегідей ерекшеліктер ескеріледі (6-кесте):

6-кесте – Дискурс түрлері және ТТ феноменінің когнитивтік-прагматикалық сипаттарының ерекшеліктері.

| **Дискурс түрі** | **ТТ феноменінің когнитивтік сипатының ерекшеліктері** | **ТТ феноменінің прагматикалық сипаттарының ерекшеліктері** |
|---|---|---|
| *Көркем* | Бейнелі ойлау, метафоралар, мәдени ұғымдар т.б. | Эстетикалық тәжірибе арқылы әсер ету, құндылықтарды сипаттау, катарсис т.б. |
| *Философиялық* | Абстрактілі категориялар, логикалық-дедуктивті құрылымдар, ақылға жүгіну т.б. | Таным, әлемді интерперациялау, сұрақ қою т.б. |
| *Публицистикалық* | Әлеуметтік ұғымдар, дихотомиялар («біз-олар», «шындық-өтірік» т.б.) т.с.с. | Пікір қалыптастыру, үгіт мақсаты, эмоциялық әсер ету т.б. |
| *Саяси* | Билік ұғымдары, «ұлт», «тұрақтылық», «тіл», «реформалар» т.б. | Сендіру, жұмылдыру, ақтау, өзін-өзі көрсету т.б. |

А. Байтұрсынұлының: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанымен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады» [25, 369], – деген пікіріне сүйенсек, Ш. Мұртазаның көп дискурсындағы сөз қолдану ерекшелігі мен тілді пайдалану әдіс-тәсілдерінің барлығы қаламгердің ТТ ретіндегі дара сипатын айқындай түседі.

Ш. Мұртаза ТТ-сының когнитивтік-прагматикалық сипатын анықтайтын дискурстар қатарындағы саяси дискурсында да мұндай тілдік қолданыстағы ерекшеліктер байқалады. Мысалы, 1994 жылы Парламент Мәжілістіндегі сөзінде: *«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді дейді». Біздің жас мемлекетіміздің қақпағы ашылған көрінеді. Сондықтан ұяты кеткендер талан-таражға салып жатқаны ашылып жатыр...»* [34], – дейді. Саяси дискурста қаламгердің тілдік қолданысы қарапайым лексикамен ұсынылса да тікелей тыңдаушы эмоциясына әсер етуге бағытталғаны байқалып тұр. Сонымен қатар мұнда өзге дискурстардағы секілді астарлы ойдың оралып берілген күрделі құрылымы емес, ойдың когнитивтік-прагматикалық мәнінің белгілі бір уақытта, белгілі бір ортада, нақты адамдарға мақсатты бағытталғандық деңгейі көрінеді.

Жазушы «Ай мен Айша» кітабы шыққан кезде қуанғанын, қуана тұрып, қатты қамыққанын Камал досына жазған хатында былайша жеткізіпті: *«Жақында*

*«Жалын» баспасы менің «Ай мен Айша» атты романымның бірінші кітабын басып шығарды. Рахмет. Бірақ, қаламақы төлейтін сыңайы жоқ. Өйткені қарызға батып, қаржысыз отыр. Таралымының біраз бөлігін өзім сатып ақша табуым керек көрінеді. Бар шығарғаны 200-ақ дана. Камал! Егер енді Көк базарда «самопал» арақ сатып, бөтелкесіен өткенге де, кеткенге де ұсынып, зарлап тұрған кемпірлердің қатарынан мені көрсең – таң қалма. Әрине, күлерсің. Күле бер. Кітабымды сатып тұрамын, атасына нәлет! Бірақ менікі «самопал» емес. Арым таза. Тек бір қаупім бар: сатып алушылар менің кітабымның мұқабасын сипалап көріп тұрып, қасымдағы «самопал» сатқан көршіме бұрылып кете ме деп қорқамын. Солай, бауырым. Кітап дүкендері толған «Мәскеу» баспаларының неше алуан «өнімдері». Ішіндегі бірен-саран құндылары да бар. Ал негізінен «секс» туралы бейәдеп кітаптар».*

*«Жетімдіктің неше түрлі дәмін татқанбыз. Ащы дәмі және де. Ащы болғанда, улы. Сондай зәрлі. Жетімдікті ешкімге көрсетпесін».*

*«Намыс – адамның жан серігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса, көзге көрінетін көлеңке де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам қасиетсіз, әлсіз».*

*«Ұрпақсыздар ұмытылады. Өмірдің заңы солай. Жалғыз ұл елу жасқа келді, баласы жоқ. Сонымен, тұқымның үзілгені ме!? Кітаптар қалар, ал олар ұрпақты жалғастыра ала ма!? Бір кем дүние деген осы да…».*

*«Темірді тат шіріткеді. Тат темірдің өзінен шығады. Адамды аздыратын жаман қылықтары да өзінен шығады. Ол да тат. Сабындап жуып кетіре алмайсың. Адам жанын тат басса, оны тек кітап кетіре алады. Әрине, асыл кітап, адал кітап. Ең бірінші – Құран! Екінші – хадистер! Ұлы классиктер. Қазақтың ұлы жазушылары. Кітап жем, су сұрамайды. Кітап – ғажайып қазына. Кітап – өмірсерік. Бір кем дүние…»* [35, 27].

Бағалау прецеденттік бірліктер, мақал-мәтелдер түрінде де беріледі. Автор бағалауды ашық білдіруді жөн көреді: лексикалық мағынасының денотатына бір мәнді бағалау семасы енген заттар мен белгілердің номинациясы, бағалауыш мәнді баяндауыштар, сондай-ақ мәдени пресуппозицияларға негізделген бағалауыштық құрылымдар т.б.

Ашық бағалаушылық – публицистикалық дискурстың негізгі белгісі. Алайда кейбір мәтіндерде авторлық бағалар жасырын беріледі. Баяндаушы бейнесі қолданылған мәтіндерде Шерхан Мұртаза «аксиологиялық айна» жасайды: *«Армансыз адам – мелшиген есек сияқты. Біреулер бай болғанды армандайды. Біреулер бастық болсам деп армандайды. Көп қой. Біреу бар: бір үзім нанды армандайды. Басшы ақылсыз болса – елге азап. Бастық әрі ақымақ әрі араққұмар болса – нағыз тозақ»* [13, 297].

Мәтіндерде құндылықтық оппозициялар жиі кездеседі. Мысалы: *Енжарлық опасыз достан да, қатыгез жаудан да қатерлі; Мен досымнан қорықпаймын: көп болса сатып кетер. Мен жауымнан қорықпаймын: көп болса өлтірер. Мен*

*енжарлықтан қорқамын; Арқан үзіліп кетіп, аман қалған халықпыз; Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қиын; Абайды көп қазақ оқыды, түсініп оқитындар да аз емес болар. Ал түсінгенін бойына, мінезіне, адамгершілігіне дарытып жүргендер көп пе? Міне, бұл ойланатын мәселе. Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; кез нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе; жан дүниесін, рухани әлемін рахымдандыра берсе – шіркін, онда арамдық, арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалақорлық, тағы не бар – барлық жағымсыз қылық арамыздан әрқашан аласталар еді; Шыңыраудан шыңға; Алтын тікен т.б.* Мұндай оппозициялар ой толғауларында жиі кездеседі: *«Өлтіру оңай, тірілту қиын. Патшаға тым жақындама, тым алыстап та кетпе. Ол да от сияқты: тым жақындасаң – күйіп өлесің, тым алыстасаң – үсіп өлесің. Бір кем дүние»* [3, 10].

*«Заң дегеніміз – өрмекшінің торы: әлсіздер тұтылып, әлділер құтылып кете береді. Бір кем дүние.*

*Құдайға сыйынған құстай ұшады,*
*Адамға сыйынған мұрттай ұшады»* [3, 104].

*«Елу жылда – ел жаңа. Жүз жылда элеватор өлген. Соны көрген мен әзірше тірі жүрмін»* [3, 131].

Шерхан Мұртаза толғауларын топтастырып, ойын «Бір кем дүние» деген тұжырыммен аяқтайды:

*«Бидайын алып, сабанын қойған Құдай.*
*Жақсысын алып, жаманын қойған Құдай…*
*Бір кем дүние.*

*Кедейді бай, азды көп қылған патша данышпан.*
*Бір кем дүние»* [3, 160].

Шерхан Мұртаза философиялық дискурсында риторикалық құралдарды жиі қолданады:

- **риторикалық сұрақтар** *(«Жетімдерді сататын фирмалар бар көрінеді. Сол жетімдер ертең кім болады? Бұл – бақ па, сор ма?», «Басқа – басқа, Сталинге не жетпеді десеңші?», «Бір кем ғана дүние ме екен?», «Соттар қателесіп, кінәсіздерді өлімге бұйырады. Кінәсіз екені анықталғанда қайтадан тірілте алмайды. Не істеу керек?», «Обалы кімге?», «Қайран дүние, тіршілікте кім тойған?», «Көкекке не көрінді?», «Тауық байғұс өзінің аңқаулығы ма әлде санасыздығы ма – бөтен жұмыртқаны ығыстырып, ұядан шығарып тастамай, өз тұқымдарына қысып, бауырына басып, шайқап-шайқап, балапан қылып шығарады-ау... және жем, құрт-құмырсқа тауып беріп, асырайтынын қайтерсің?», «Сөйткен көкек балапан өз анасын таба ала ма? Әлде панасыз*

*жетім қала ма, – белгісіз», «Мұндай көкектер адамдар арасында жоқ деп айта аламыз ба?», «Сендерге осы бірауыз сөзден басқа не бұйырады?», «Болашағымыз қандай?»);*

- **эксклямациялар** *(«Күндердің күні болғанда қанаты қатып, қалықтауға жарағанда, көкектігіне тартып, биікке көтеріліп, ұша бастаған балапанына күрке тауықтың қақылықтап, зар жылағанын көрсең! Не деген надандық!?», «Бұл – не деген тасыраңдаған бейбастық?!», «Жетімдерін шет жұрттықтарға сатқызып қойған мемлекет – қандай мемлекет?!»; «Менің жетпістен асқан ағамның еңіреп-еңіреп жылағаны-ай. Орха, Ноха деген екі бірдей ағасы Ұлы Отан соғысында шейіт болып, орыс жерінде қалып еді. Енді мынау не сұмдық?!»; «Немене, сонда қазақтың ұл-қыздары, футбол, волейбол, баскетбол ойнай алмай ма; коньки, шаңғы тебе алмай ма, мылтық ата алмай ма, суда жүзе алмай ма, жүгіре алмай ма – неткен қорлық!»);*

- **жалпылама немесе риторикалық қаратпалар** *(«Ел басшылары, ауыл, аудан ағалары, зиялы қауым! Әлгіндей табаға қалмас үшін де, тәуелсіздік туын құлатып алмас үшін де қазақша басылымдарды қолдайық», «Түркі тілдес, түгел бол», «Қазақстан сияқты еліңнің барына, дүниеге қазақ болып жаралғаныңа масаттан, азамат!», «Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламаңдар!»);*

- **нұсқау,** *үндеу («Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан Күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламаңдар!», «Дана Төле би айтпағанды оған жапсыра берме. Обал болады. Зауалы – басыңа», «Дәл кәзір бейбітшілік, бір шама түзік заманда, дана халық болсаң көбеюге тырыс. Кім біледі, алдымызда әлдеқандай заман бар? Алладан рахым тіле!», «Жетім көрсең – жебей жүр», «Жалының барда жарқылда»);*

- **пайымдаулар** *(«Кейбір бастар ішінде дәнегі жоқ жаңғаққа ұқсайды», «Алтын артқан есектің шықпайтын шыңы жоқ. Кейбір әкімдер, байлар сондай», «Жарты әлемді жаулаған Әмір Темір де мейірімге мұқтаж», «Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды», «Араны ашылған, ашқарақ тойымсыздар – адалдықтың қазығынан ажырап қалғандар. Адалдықтың қазығы – қанағат», «Журналшылар да түйе сияқты: арқалағаны – алтын, жегені – тікен», «Сөйлеген адам – асыл тұқым сепкен адам. Тыңдаған адам – жемісті жинаған адам», «Тіршілік деген – Абыл мен Қабылдың арпалысы», «Қылмысты қанша жасырғанмен, шындық шірімейді. Әйтеуір бір ашылады», «Темірді тат шіріткеді. Тат темірдің өзінен шығады. Адамды аздыратын жаманшылықтар да адамның өзінен шығады. Ол да – тат. Оны сабындап жуып кетіре алмайсың», «Тіл мәселесі – қандауырмен бір сәтте сылып тастайтын жара емес. Мәңгүртке бір табан*

*жақын қалған ауруды емдеу оңай болмас»);*

- **бағалаушылық лексика** *(«қарны жуан, салпаң құлақ, жүндес мәш», «Бірақ «мен ақынмын» деп кеуде қағып жүргендердің көбі – жүн-жұрқы. Каусар өлеңдер жазатындар – туған жердің құрсағынан ғана шығатын інжу-маржан, бірлəндар – миллионнан біреу», «Қазақта ақын көп. Фариза жалғыз. Жаңа туған айдың жанында жалғыз жұлдыз ерекше жарқырап тұрады. Періште жұлдыз сияқты. Ақындығы да, жаратылысы да ешкімге ұқсамайды. Ақын жалғыз. Перзенттері сансыз. Олар миллиондардың жүрегін жылытады, жандарын жадыратады. Перзенттері сонысымен құдыретті. Жұлдыздарың сөнбесін!» және т.б.);*

- **фразеологиялық тіркестер – мақал-мәтелдердің қолданылуы** *(«Тумай жатып, жарық дүниеге келмей жатып, ажал аранына түсетінін Жаратқанның берген түйсігі арқылы сезетін балақайлар сол сезім жетектеп, дереу теңізге жетуге асығады. Теңізге жеткені – жетті, жетпегені желкесі үзіліп, қорқаулардың құлқынына түседі», «Күндіз бар да түнде жоқ» күн де орнында. «Түнде бар да күндіз жоқ» ай да баяғыдай», «Елу жылда – ел жаңа. Жүз жылда элеватор өлген. Соны көрген мен əзірше тірі жүрмін», «Ақыл азбайды, Білім тозбайды!» – бүкіл көше бойына ұзыннан ұзақ жазулы тұр. Шын ақыл болса игі. Ал мас адамның ақылы ше? Алжыған адамның ақылы ше?»)* [9, 12].

Шерхан Мұртаза ұлттың тарихи жадын, адамгершілік бағдарын үйлестіре отырып, көркем әдебиет арқылы философиялық тұжырым жасай білген. «Ай мен Айша» романында әлемге баланың көзімен қарап, философиялық ой түйеді: *Құдірет шетсіз-шексіз әлемді әділ сағат тетіктеріндей мінсіз жаратты. «Галактика, – дейді бізге астрономиядан сабақ беретін Хабибат Әбубакировна. – Галактикада бірнеше Күн системалары бар, – дейді. – Бірақ Галактика біреу-ақ емес. Көп. Сонда мен ойлаймын: көп болғанда – қанша? Көптің де шегі бар ғой? Осылай деп сұрайын десем – қорқамын. Апай ашуланшақ. Дереу «Құрлық бала» дейді. «Құрығыр» дегені ғой. Мен құрығаннан не пайда? Менің орнына сарымсақ еге ме? Демек галактикалар көп. Ендеше, күндер олардан да көп. Сол көптер қайда барып тоқтайды? Жарайды, әйтеуір бір араға барып тоқтайды. Ал енді сол «бір аранының» арғы жағында не бар? Оны мұғалім айтпайды. Мен білмеймін. Білейін деп ары-бері ойлансам, миым айнала бастайды* [36, 386].

Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстан» газетінде бас редактор боп жүргенде «Бір ауыз сөз» деген жаңа айдар ашып, ой-толғамын жариялап тұрған. Кейін ол «Бір кем дүние» деген атпен жинақ болып шықты. Бастан аяқ тілдік тұлғаның философиялық толғамдарына құрылған жинақта әр ой «Бір кем дүние» деген сөйлеммен аяқталады. Сол арқылы өмірдің мәнін, құндылықтарды түсіндіреді, өз ұстанымын, көзқарасын білдіреді:

*« ...Біреулерге Құдай бәрін береді. Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай. Бірақ Иман жоқ. Ең сорлы адам – сол. Бір кем дүние*

*...1937 жылы «халық жауы» деп ұсталып, атылған, айдалған, асылғандардың бәрі кейін ақталды. Бірақ жазықсыз жапа шеккендер қайта тірілген жоқ. Бір кем ғана дүние ме екен? Орны толмас орасан обал дүние.*

*...Ертеректе мен «Шындық шірімейді», – деп жазған екенмін. Алтынбектің өлімі туралы. Шындық шірімейтін де шығар. Бірақ қараңғыда қалған, топыраққа көмілген алтын сияқты жасырынып жататын шығар. Шындық асықпайтын болар. Сонда да асыл кездік қап түбінде шірімес. Сонымен бұрын айтқаным – айтқан: Шындық шірімейді. Қанішерлер қан толтырған торсыққа батып өледі. Баяғы Тұмар ханым апамыздың әдісі әділ. Бір кем дүние* [35, 23].

Шерхан Мұртаза публицисткалық дискурсындағы философиялық толғамдарында адамгершілік, жауапкершілі, әділет, азаматтық ұстаным, ұлттық сана, ерік, тарихи жады, еркіндік т.с.с. философиялық категорияларды сөз ету, қазақ қоғамының рухани-мәдени болмысын философиялық тұрғыдан талдау арқылы ұлттық философияның дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Шерхан Мұртазаның мұрасын талдау нәтижесінде сөз зергерінің тілдік тұлғасы көп дискурсты екені айқын көрінеді. Шерхан Мұртазаны діни дискурстың субъектісі ретінде де қарастыруға болады. Шерхан Мұртаза діни сауаты бар екенін жазбаларында да баян етеді: *«Ал обал-сауап деген болады. Бұл – көпе-көрнеу қиянат. Адам өлтіріп күн көру – өте қиын. Кейін оның сұрауы болады. Қорлығын көреді! Ол тегін қалмайды. Мен соңғы кездері ептеп мешітке баратын адаммын. Бұ дүниеде құтылып кеткенмен, ондайлардың соры о дүниеде қайнайды. Азабын тартады»* [30, 169].

Тілдік тұлға «Азия жазушылары Америкада» деген мақаласында Арабияға, қажылыққа барып, қажылыққа барғандар жайында очерк жазбақ болғанын, алайда денсаулығына (жүрек сырқатына) байланысты бара алмай қалғанын айтады: *«Алдында Арабстанға бармақшы едім. Бір жақсы інім қажылыққа барғандар туралы очерк жазып қайтыңыз деп кеңес берген. Дін, мұсылман әлемін біле түскен өзіме пайдалы, көргенімді-білгенімді жақсылап жазып, газетке бастырсам, көпке пайдалы деп шамалағанмын»* [30, 168].

Тілдік тұлға дискурстарынан шариғат талаптарын терең білетіні, Алланың бірлігі, құдыреті туралы көп білетіні байқалады. *«Адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады»* деген тұжырым Шерхан Мұртазаның бірнеше мақаласында қайталанады: «Қазығұрттың інжу-маржандары. Жазушы Нұрғали Ораз және оның әңгімелері», «Адамның айтқаны болмайды...», «Айқайлап айтқан сөз» т.б. Тіпті «Азия жазушылары Америкада» атты очеркінің бір бөлімін «Адамның айтқаны болмайды...» деп атаған. Кейде ол сөйлемді «Адамның айтқаны келмейді, Алланың дегені болады» түрінде де жұмсайды.

Көсемсөзші К. Смайылға жазған хаттарында да Шерхан Мұртаза ағынан жарылып: *«Адам жанын тат басса, оны тек кітап кетіре алады. Әрине, асыл кітап, адал кітап. Ең бірінші – Құран! Екінші – хадистер!»* [35, 27], – дейді.

Тілдік тұлғаның жазба мәтіндерінде де, аудио-, бейнематериалдарда да діни дискурсқа тән сөздер өте жиі қолданылады:

*«Құдай сақтансаң – сақтаймын», – деген.*

*Құдай біреу. Құдірет біреу.*

*Иншалла, айтқаны келсін».*

*«Ал біздің олардан озып тұрғанымыз, ол – Құдайдың құдыреті. Алланың бізге берген ризығы. Жердің байлығы».*

*«Әйтеуір бір Құдірет әдейі қиянкескі қиыншылық кездестіретін көрінеді ғой. Баяғы Аюб пайғамбарды сынағаны сияқты. Ақыры Аюб барлық сынға шыдап, Құдайдың мейіріне бөленген дейді* [37].

*Көркем дискурстарында кейіпкерлері калима айтып, шариғат талаптарына сай Алладан дұға тілейді, жалынып, жалбарынады: «Кенет Кенжегүл көзін ашып алып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:*

*– Сұбыхан Алла, Сұбыхан Алла! Ләйләһа илилла, Ләйләһа илилла! – деп, орнынан атып тұрып, ал қара көк аспанға қос қолын жайып жіберіп, алыстағы Аллаға жалбарына бастады»* [28, 334].

Шерхан Мұртазаның діни-философиялық дискурсы, ең алдымен, идиоглоссарий – концептілердің лексикалық экспликациясы тұрғысынан ерекшеленеді. Себебі концептілердің жиілік сипаты, тіркесімі мен өзара байланысы дискурстың негізін құрап, дискурстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді [184, 40].

Тілдік тұлғаның дискурстарында Алланың (Құдайдың) бірнеше қасиеті сипатталады:

- «**Алла (Құдай) бәрін білуші, көруші, естуші:** Бұл айла-амалым, *бір Алла көріп тұр ғой.*

- **Алла ризық-несібе беруші, жаратушы:** Ақыры *Құдай оның наласына назар салып*, аяса керек, кейін қосылған әйелінен бір ұл, бір қыз сүйеді: Айхан, Айжан Алла аман қойса, олар да өсіп қалды... Әлемдегі тіршілік иесі тек Жер екен деп қалма. Алла құдіретімен жаралған осы Жерден де басқа тіршілік иелері мекендейтін жұлдыздар көп... Құдайдан патшаны адалынан, әділінен, ақылдысынан бер деп тілейміз... Адамдар көбінесе тұқшиып жерге қарап жүреді. Бір мезгіл басын көтеріп, мынандай таңғажайып суретті көрсе, аспан музыкасын тыңдаса, кім біледі, *Алланың игі шарасын* сезіп, пейілдене, мейірлене түсер ме еді...» [38].

- «**Жақсылық та, жамандық та бір Алладан:** *Құдай қырсық қылғанда* өз қандасына тұтқын қылған тағдырды айтсаңшы... Бір-ақ ұлт. *Құдайдың қаламағанын* біз жасаймыз!.. Жарты құдайдай көрінген Сталиннің өзіне өлген соң қаншалықты қара таңба басылды. Соның көбі – шындық. Әділетті заман болсын, әділетті басшылар болса деп тілейміз... Ой, *Құдай басқа салмасын*, сонда Ана байғұстың зарлағаны-ай, әскер басшыларын қарғағаны-ай... Халық тынық жатқан мұхит сияқты. Ал, бір буырқанса... *Құдай оны көрсетпей-ақ қойсын...*» [27].

- **«Алла кешіруші:** Қазақ халқын қырғынға ұшыратқан Филипп Голощекин

өлкелік комитеттің бірінші хатшысы болған жылдарда Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров болған-ды. *Құдай өзі кешірсін,* еліміздің басшысы Елекем Голощекиннің соңынан ғана еріп жүретін. Бүгінгі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі басында құндыз бөркі бар сол Елекемнің Президиумдағы отырысы сияқты» [7, 216].

- **«Алла – құдырет иесі:** Біз – дарға асайын деп жатқан кезде *Құдайдың құдіретімен* арқан үзіліп кетіп, аман қалған халықпыз... Қызғылтым қанат көгілдір періштелер аспан аясында бейбіт қалықтап, жердегі пенделердің тілеуін тілеп, қаңсыған жүректердің өзін елжірете жібіткендей, сыңсып, сыбызғы тартып, ғарыш әнін салып, *Құдіреттің* игі сәлемін жеткізіп тұрғандай... [26].

- **«Алла адамзатты мейіріммен жаратқан, тура жолдағы адамды жақсы көреді:** Космос сәулесін ерекше тартатын киелі жерлер болады. Оны «аура» дейді. Ол қасиет *Құдай сүйген адамдарда* да кездеседі [26].

- **«Адам баласы бұл дүниеде істеген істері үшін о дүниеде Алланың алдында жауап береді:** Жалған дүниеде мыңды, миллионды, күллі халықты алдай алатын айлаң болғанмен, о дүниеде *Алланың таразысын*, космостың компьютерін алдай алмайсың. Жалған дүниеде істеген жақсылығың да, жамандығың да алдыңнан шығады. Әсіресе жетім мен жесірді қорлап, зорлағанның кінәсі батпан-батпан ауыр дейді [7, 298].

- **«Алла адамның жүрегінде:** *Бірақ Алла неге алыста? Алла әркімнің жүрегінде. Шын тілесең – өзіңнің кеудеңде ғой* [7, 212].

- Сөз зергері көңілі толып, марқайған сәттерінде, қанағат еткен кездерінде *Құдайға шүкір! О, Құдай, осыны бергеніңе де тәубе*!» сияқты бірліктерді мақсатты түрде қолданады: «*Құдайға шүкір!* Тіпті, бүгінгі күнімізге де жете алмай: «О, Құдай, осыны бергеніңе де тәубе!» деген сөйлемдерді қолданады: «Тәуелсіз ел болдық, *Құдайға шүкір...* Жап-жас, балаң мемлекеттің тәуелсіздігіне сырттан зеңбірекпен төніп тұрған қауіп, *Құдайға шүкір,* дәл қазір жоқ... Тіпті, бүгінгі күнімізге де жете алмай: «*О, Құдай, осыны бергеніңе де тәубе*!» – деуіміз әбден мүмкін [7, 212].

Сонымен қатар *Құдайға шүкір! Аллаға шүкір!* тіркестерін қысқартып, *Шүкір!* түрінде де қолданады: «*Шүкір, Құдай берген* қалам қолымнан түскен жоқ. Қаламгер болған соң құдай берген азын-аулақ талант отын өшірмей, жазуды жалғастырып келе жатқан жайымыз бар... *Шүкір*, бұл күнге мен Тұрар Рысқұлов сияқты мұхитқа түсіп кетіп, ширек ғасыр бойы малтығып жағаға зорға шықтым.

Жазушы халық тілінде тұрақты тіркес ретінде әбден орныққан тіркестерді, яғни діни фразеологизмдерді (*Құдай біледі, Құдай бұйыртса*, *Құдайдың өзі біледі, Құдай сақтасын, Құдай басқа салмасын, Алла бетін аулақ қылсын*) молынан пайдаланады: «Мойныңа қарыз қарғыбауын тағып алғаннан ауыр нәрсе жоқ. Ал, біздің мойнымыздағы қарыз-несиенің есебін *бір Құдайдың өзі біледі.*

Кім жеңеді, қай бағыттың адамдары келеді? Олар халыққа, мемлекетке пайдалы ма, оны бір *Құдай біледі*.

Қазақтың, тіпті иісі түркі жұртының, одан да әрі айтқанда, адамзаттың тарихындағы ұлы тұлға Тұрар Рысқұлов туралы бес кітаптың, ескі ата-бабаларымызша айтқанда хамсаның соңғы кітабы «Тамұқты» *Құдай бұйыртса*, біткен сияқтымын.

Мұны айтқаным: бүгін Тәуелсіздік күні, Камал. Сол Тәуелсіздігімізді *Құдай* бұзықтардың балтасынан *сақтасын*!

Асыңды ішіп, табағыңа түкіретіндерден *сақта, Құдай*...

Ой, *Құдай басқа салмасын*, сонда Ана байғұстың зарлағаны-ай, әскер басшыларын қарғағаны-ай.

Неше түрлі жағдайлар өтті ғой бастан. Әлгіндегідей айыптаулардан кейін қандай қал болсын. Жүнжіп кетсек керек еді. Қайта аман шықтық қой *Құдай қуат беріп*» [37].

Өз мәтіндерінде клишелік құрылымдарды қолдана отырып, Шерхан Мұртаза белгілі бір институционалдық топтың өкілінің бейнесін жасайды. Сондықтан діни дискурс сөз зергерінің қолданысында негізгі дискурстық доминант емес. Ол лингвопрагматикалық мақсаттарға жету үшін мақсатты түрде қолданылған.

Тілдік тұлғаның дискурстарында шариғат талаптары, діни ұстанымдар, мифологиялық бейнелер, аңыздар орынды қолданылған: ««Алла жар» – фильмнің аты. «Алла жар болсын» дегені ғой... Әйтеуір *Алла, Жаратқан құдырет жар болсын*! Ұшақ жерге қонарда ирандықтар болса бәрі қосылып: «Алла! Алла!» деп айқайлар еді. Біз болсақ, Аллаға ішімізден сыйынамыз... Адамдар өзі қолдан жасап асқындырған радиациядан сақтанамыз деп арақ іше бергенше, сөйтіп, екінші кесел тауып алғанша, сол дерттен жылқының етін жеп, сүтін ішіп жазылу немесе аурудың алдын алу – Алланың өзі айтып тұрған амал ғой. Бірақ адамдар көбінесе түсіне бермейді. Зерделей ойламайды... Солардың бәрі осылайша *тауфих білдіріп, алғыс жаудырып* жатса ғой... Ә дегенде мойыны ырғайдай, биті торғайдай болып, дорбасын асынып келеді де, қазақ жерінде лезде мойны жуандап, биті төгіліп, есіктен кіріп төр менікі деп басынатындарын қайтесің?..» [39].

«Сонда Бабыр баба мойнына ала бұршақ салып, *Алладан: Уа, Құдай, Құмайынды алғанша мені ала гөр, деп жалбарынды* дейді» [30, 85].

Шерхан Мұртаза діни дискурс құндылықтар негізінде адресатты идеалға ұмтылуға бағыттайды: «Биліктегілердің «Мен» дегені дұрыс та шығар, алайда «мен, мен» деп басқаларды көзге ілмей, өзін зор санау – *астамшылық*. Халықтан үлкен емессің. Халықтың басынан секіріп қайда барасың? Қалай секірсең де, бәрібір топ етіп жерге түсесің. *Құдайға жазсаң* – жаз, көпке жазба... Сен бүгін күшті болып, өзіңнен әлсізді қорлап, әділетсіз өмір сүргеніңмен, ертең қара жердің қойнына кірген соң, сол әлсізбен бірдей боласың. Тіпті молаңа алтыннан күмбез тұрғызған күннің өзінде де әлгі әлсізбен бірдей боласың. Алтын күмбез сені құрт-құмырсқадан сақтай алмайды. Құрт сені де, әлсізді де жейді. Екеуің де жемсің. Бұл – тәнің. Ал жаныңның қай халде боларын, о дүниенің қай қиырында қаларыңды бір Алла өзі біледі. Бірақ жалған дүниедегі ізгілігің болса – ізгілігің, залымдығың болса –

залымдығың ұмытылмайды. Алланың таразысы, космос компьютер қылаудай қате жібермей, бәрін шотқа салып отырады... Қазақстанның байлығы *Құдайдың осы жұрттағы елдің ырыздығы болсын деп бергені*. Соны жарлы-жақыбайдың, кембағыл мүгедектің, көп балалының, зейнеткердің аузынан жырып алып жеп жатқандарға *зауал бір келеді ақыры*. *Зауал* жібермейді. Өздеріне де, ұрпағына да жақсылық болмайды ондайлардың...» [13, 297-298].

Тілдік тұлғаның сөзінде діни лексемалар кейіпкерді сипаттаған кезде болмысын, мінезін аша түсу үшін де қолданылады: «ЦК-ның бірінші хатшысы Ө. Жәнібеков *Құдайға сенген, аруақты құрметтеген азамат* еді. Сонысымен де ол үлкен ЦК-ға жақпады... Журналистік қабілеті алғыр, принципі мықты, ақпейіл, адал азамат болатын. Бірақ денсаулығы дімкәс. Құдай оған таудай талант беріп, денсаулық бұйыртпапты. «Правда» газетінің тілшісі болып, сол заманның қатал бұрқағынан қорықпай, «Медео» емес, «Медеу» деп әділет туын көтеріп еді...» [40].

Сонымен қатар кейіпкер бейнесін аша түсу үшін кейіпкер тілін де мақсатты түрде қолданады: *«Үміт пен қиял ғой. Әйтпесе, бұлттар менің тұсыма тоқтаған да жоқ, сәлем де айтқан жоқ. Баяу қалқып, керуендей көшіп барады. Ала бұлттың ар жағынан ойдым-ойдым болып, көкшіл аспан көрінді. Айнымайтын сол ғана. Мені көрсе, сол аспан ғана көреді. Шексіз аспан – Шексіз Құдіреттің көзі. Осыншама орасан көз болмаса, Жаратқан Алла жердің бетіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікті қалт жібермей қалай қамтиды? Сірә, Жасаған Иемнің оң көзінің бір қиығы маған да түсті-ау деймін...»* [13, 214].

Тілдік тұлға *иман* сөзін бағалауыш лексема ретінде қолданады: *«Иманды адамның ақыры жаман болмас*. Сол Жәнібековтің басына Арыстан бабта өзіндей таза, өзіндей көркем күмбез орнатылды. Бұл да болса – ЦК-сыз, Тәуелсіз заманның арқасы... Баяғы совет дәуіріндегі: табиғаттың бермегенін тартып аламыз!» деген *имансыз ұраннан* несі кем?!. Ал *иманы бар-ау* деген бірлі-жарым теледидар каналдары қазақшаны әйтеуір көзбояу үшін ғана там-тұм көрсетеді. «Қазақстан-1» каналы ғана ұлтына бүйрегі бұрады... Мұндағылардың, кейбір *имандылары* болмаса, көбі қазақша газет-журнал, көркем әдебиет оқымайды» [7, 51].

Шерхан Мұртазаның публицистикалық дискурстары діни ілімге, уағызға арналмағанмен, ел арасында әбден орныққан діни бірліктер (сөздер, тіркестер, сөйлемдер) жиі қолданылады: *«Обалы не керек*, бұл мекеме мемлекеттік тілді өз аясында қадірлеп, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізіп, қазақ тілін өз қызметкерлерін үйрету жолында көп жұмыс жүргізіп жатыр... Айлық алатын күн ақ түйенің қарны жарылатын, *Алланың ақ нұры ерекше мол жауатын қасиетті күндей* күтілді...» [41].

Сонымен қатар тілдік тұлға діни, мифологиялық бірліктерді ауыспалы мәнде де қолданады: «Ата заң қабылданарда *«бісімілләсінен»* бастап дауластық... Ауыл шаруашылығының *«пірі»* вице-премьер мен министр мұны ойламаса, ойламай-ақ қойсын... Бірақ диханнан бір миллион тонна астық сатып алу туралы Президенттің

тапсырмасын орындамаған ауылшаруашылық *«киелерінен»* жақында жақсылық күту де қиын» [42].

Жазушы «Қызыл жебе» романының төртінші кітабын «Қыл көпір», бесінші кітабын «Тамұқ» деп атап, діни сөздерді ауыспалы мәнде қолданған: «Енді көңілді бір демдеп романымды бітірген соң алғашқы кітап – «Рысқұл», екінші кітап – «Тұрар», үшінші кітап – «Жұлдызды көпір», төртінші кітап – *«Қыл көпір»,* бесінші кітап – *«Тамұқ»* деген атқа ие болды... Қазақтың, тіпті исі түркі жұртының, одан да әрі айтқанда, адамзаттың тарихындағы ұлы тұлға Тұрар Рысқұлов туралы бес кітаптың, ескі ата-бабаларымызша айтқанда хамсаның соңғы кітабы *«Тамұқты»* Құдай бұйыртса, біткен сияқтымын» [43, 134].

Тілдік тұлғаның шығармаларындағы лексемаларды талдау нәтижесінде мәдени концептілерді, діни дискурстың лексикалық өрісін айқындауға болады: *«Алла/Құдай», «Адам», «Жан», «Иман», «Ақиқат»* т.с.с. Бұл концептілер Шерхан Мұртазаның философиялық дискурсын да, діни дискурсын да танытады.

Тілдік тұлғаның көркем дискурсынан да, публицистикалық дискурсынан да терең білімі, діни ұстанымдарды білетіні аңғарылады. «Бүгінгінің Қарынбайы» деген мақаласының тақырыбына діни мазмұндағы прецедентті мәтіндер негіз болған. Аталған мақаласында жазушы Қарынбай туралы діни мәтін мен бүгінгінің тоғышарларын салыстыра отырып, өткір сынға алады: «*Қапар Хасенов бірнеше жылдан бері Қорғалжын ауданындағы бұрынғы Жамбыл атындағы колхозда, қазіргі «Талдысай» совхозында мал дәрігері болып жұмыс істеді. Кисе киімі бүтін, жесе тамағы тоқ еді. Бірақ Хасенов еңбекпен тапқан табысты місе тұтпады. Ол қалай да байып, мал жиюды аңсады. Ә дегенде біреуім – екеу, егізім – сегіз болса екен деп тіледі. Оның жеке меншігіндегі малдың қарасы көбейе берді. Ал тұяқ саны молайған сайын тойымсыздың араны ашыла түсті. Сонау бір озбырлар мен қорқаулар заманында «Қарынбай малға тоймай өтіп кетсе», енді Қапар бай деген шықты. Ақыры жұрт оны Қапар емес, Қапар бай деп әжуалай атайтын болды.*

*Ниеті жаман адамның басына түрлі арам ой қайта-қайта орала береді ғой. Совхоздың отар-отар қойын көргенде, сол қоғам малына Қапар ашқарақтанып обыр көзбен қарайтынды шығарды. Ол ебін тауып, бұл қойдың біреуін жеді, екеуін жеді, ал қолдан келсе тұтас бір отарларды түгел жеп жіберудің де амалын қарастырды*» [43, 72].

Сонымен қатар «үміт» концептісін сипаттауынан Шайтанның үмітсіз болуының себебі баяндалатын мәтінмен таныстығы байқалады. Терең білімінің арқасында тілдік тұлға ол сөйлемді кейіпкерлерінің тіліне салып, шендестіре білген: *«Қапаланба, Қарақас! Бар жамандықтың бір жақсылығы бар. Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді. Кебенек киіп кетіп еді ғой балаларың,* ***үмітсіз шайтан*** *деген, Қарақас!»* [13, 73-74].

Тілдік тұлға ой-толғамдарында прецедентті мәтіндерді ұтымды пайдалана білген. Ататүріктің еліне сіңірген еңбегін көрсету үшін мұсылмандардың ұғымындағы Мағдимен салыстырады. Мұсылмандармен қатар христиандардың

діни сеніміндегі атрибуттарды сипаттайды: *«Тіпті діндар түріктер Ататүрікті Мәди деп атады. Мәди (Мағди) мұсылман ұғымында христиандардың Иисус Христосы сияқты. Күллі христиан әлемі осы уақытқа дейін: Иса пайғамбар аспаннан түсіп, Жер бетінде Ұлы сот жүргізіп, азып-тозған адамзатты жөнге салады, – деп үміттеніп келеді. Мұсылман әлемі де Мәдиді зарыға күтулі. Ол жерден шығатын көрінеді. Ал түріктер болса Ататүрікті сол Мәдиге балады. Ататүрік Мәди болып, күллі әлемді құлдықтан құтқармағанымен, Түркияны құтқарды»* [27].

Тілдік тұлға дискурсында оқырман автордың ішкі әлем суреттерін, дүниетанымын танып қана қоймай, оның түрлі тілдік бірліктер, мәселен, мақал-мәтелдер мен сентенциялар арқылы жүзеге асырылатын коммуникация түзеді: *«Осы жатқан жыланның құйрығын қатты бастық қой деймін. Құдай әйтеуір, артын қайырлы қылсын. Ол жатқан жылан емес, шаққан жылан еді ғой».*

*«Қайрат – қыран: қайғы – жылан».*

*«Жалақор адамның жамандығы бықсыған көмір секілді: күйдірмесе де күйе жұқтырады».*

*«Екі адам төбелесіп жатса, қандай себебі болса да, сол екеудің ақылдысы көбірек кінәлі»* [18, 26].

Тілдік тұлға өз танымындағы іс-әрекеттер мен ұлттық мәдениетке тән түрлі көріністерді, ұғымдарды, дүниеге көзқарас әрекеттерін тыңдаушысына яки оқырманға мақал-мәтелдер мен сентенциялардың прагматикалық қызметі арқылы жеткізуге тырысады. Мұндай ерекшеліктер ТТ-ның идиостилін айқындайды.

Мақал-мәтелдерді тілдік тұлғаның қолдану мақсатына сай іріктеп қарайтын болсақ, олардың ғибраттық, ақиқаттық, танымдық әрі автордың ойымен астасқан тұжырымдық идеясын, тіпті белгілі бір жағдайды түсіндіру немесе жұбату мақсатында прагматикалық қызмет атқарып тұрғанын көруге болады. Тілдік тұлға қолданған мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі, сондай-ақ, қазақ халқының тұрмыстық коммуникативтік жағдайына байланысты анықталады. Мысалы «Өз ақылым – ақыл, кісі ақылы – шоқырақ», «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» деген мақал-мәтелдер прагматикалық жағынан хабарлама немесе мәлімет беру ғана емес, баяндауды, сұраққа жауап беруді, оқырманды белгілі бір белсенді әрекетке шақыру мақсаттарын қамтып тұр. Мақал-мәтелдер бұл тұрғыда біртекті болмайды. Олардың мақсатты дискурсивті әрі прагматикалық қызметтері шығарма ішінде, мәтін арасында ерекшеленіп тұрады. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романында іріктеліп алынған мақал-мәтелдер қазақ халқының күнделікті тіршілігі мен дүниетанымындағы мінез-құлқының аксиоматикалық сипатын көрсетеді. Сондай дүниетанымда орын алған алуан жағдаяттар мен оқиғаларға, ұлттың өзіне тән қасиетін ескере отырып, белгілі бір оқиғаны сипаттауда немесе ойын жеткізуде тілдік тұлға мақал-мәтелдерді оқырманға нұсқаулық, мазмұн, кеңес, ескерту, адамгершілік қасиетті дамытуға бағыттайтын тұсбағдар есебінде қолданып отыр. Оқырман мәтінді оқып отырғанда

өзіне таныс мақал-мәтелді байқағанда санасында жүретін үдеріс сол тілдік қолданыстың прагматикалық қызметін айқындайды. Себебі мақал-мәтелдердің әуелде жасалуының өзі бір нәрсенің үнемі қайталануынан, халықтың бойындағы әдетінен, жалпы дұрыс немесе бұрысты білдіретін қабылданған тұжырым қызметінде көрініс табады. Мысалы, *«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ»* немесе *«Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра»* мақал-мәтелдері ұлттық танымда қабылданған күнделікті этикалық ережелерден, өмірдің түрлі жағдаяттарына арналған нормалардан хабар береді.

Мақал-мәтелдер сентенциямен салыстырмалы түрде оқырманға көбірек ой салу, астарлау, сол арқылы онымен коммуникацияға түсу, тілдік тұлғаның мәтініндегі бастапқы мәнді жеткізу қызметін атқарып тұр. Әрі олардың мәтін ішінде нақты бір орында тұратынын, келесі мәтінмен мағыналық байланысқа түсетінін және оны кез келген сөйлем арасында қолдануға болмайтынын түсінуіміз керек. Қаламгер романында осындай мақал-мәтелдердің оқиға арасында, кейіпкерлер арасындағы диалогтарда, автордың өз пікірін білдіруінде жиі қолданылғанын анықтадық. Мақал-мәтелдер тіл бірлігі ретінде ойды жанамалап жеткізетіндіктен берілген меншікті мағынасы прагматикалық мағынадан алшақтайды, яғни, сөзбе-сөз мағынасы тілдік тұлға ұсынған мәннен өзгеше болуы да мүмкін. Мұнда астарлау басым болады. Жанама өрнектер семантикалық транспозицияның нәтижесін білдіреді. Шерхан Мұртаза шығармаларындағы мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі оқырман назарын аудару, коммуникативтік элемент ретінде көрініс беру, ақпаратты жинақы әрі тұшымды жеткізуді мақсат тұтады. Бұл, жалпы, тілдегі прагматикалық әрекеттің қамтитын тармақтары.

Мақал-мәтелдер ұлттық дүниетанымды айқын көрсетеді, сонымен қатар тілдік тұлға өзіндік ментальді құрылымдар негізінде мәтін мазмұнындағы түпкі ой-мағынаны түсіндіруге тырысады. Мұндай ментальді құрылымдар автордың шығармашылық танымын айқындайтыны анық. Мақал-мәтелдермен қатар тілдік тұлға дискурсындағы сондай ментальді формулаға сентенцияны жатқыза аламыз. Ол – жасырын ынталандырушы ниеті бар психикалық формула ретінде есептеледі. Сондай-ақ сентенция – тәрбиелік, ағартушылық, дидактикалық сипатқа ие. Сентенцияда көбінесе өмірлік жағдайларда адам баласы өзін қалай ұстауы керектігі турасында ескерту, ұсыныс, мысал, түсініктеме, әрекет ету үлгісі бар кеңес сипаты байқалады.

Мұндай мақал-мәтелдер мен сентенциялардың оқырман ақыл-ойына әсер етуі прагматикалық қызметімен қатар, мәтінде материалдануы, оқырманның көзқарасын қалыптастыруға әсері арқылы да маңызды рөл атқарады. Себебі мұндай құрылымдар оң немесе теріс ой-пікір қалыптастырып, ынталандыру үдерісін, қызығушылық немесе күмән тудыру үдерістерін жүзеге асырады. Әрі тілдік тұлға дискурстарында аталмыш құрылымдардың орын алуы оқырманға автор мәтінін дұрыс ұғынуға және мәтінге сенуіне ықпал етеді. Мақал-мәтелдер мен сентенциялардың мұндай нақты тізбегін талдау тілдік тұлға мәтінінің негізгі

дискурсивті рөлінен хабар береді. Ал олардың прагматикалық қызметі мұндай тілдік бірліктерді сұхбаттасу, оқырман немесе аудиториямен қарым-қатынасқа түсу мақсатында қолдануды. Мәселен, тілдік тұлға дискурсында оқырманды белгілі бір істің немесе нәрсенің маңыздылығына сендіру үшін атап өткен мысалдардағыдай шығарма барысында мақал-мәтелдерді немесе сентенцияларды қолдану ұтымды, әрі тілдік тұлғаның өзіне көмек ретінде де қызмет атқарады. Тілдік тұлға дискурсында мақал-мәтел нақты ойды немесе оқиғаны адресатқа жеткізу үдерісінде пайда болады және тұжырымды нақтылайтын дәлел қызметін де атқарады.

Автор Бауыржан Момышұлының сөздерін афоризм ретінде қолданады: Бауыржан Момышұлы сол соғыс жылдарының өзінде: *«Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады», – дейді Бауыржан Момышұлы. Ол халықтың, ұрпақтың рухы сынбауын армандайды.*

*«Кез келген шығынның орнын толтыруға болғанымен, бірақ адам шығынының орны толмайды», – дейді Бауыржан Момышұлы. Шынында да, жұтаң мал қырылса орны толады. Үй құласа, қала қираса қайтадан соғылады. Ал адам орны толмақ емес.*

*«Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген даналық сөз – қазақтың рух туралы, жауынгерлік болмыс туралы биік философиясы. Оны басқалардан кездестіре бермейсіңдер», – дейді Бауыржан Момышұлы.*

*Бауыржан Момышұлы сол кезде айтты: «Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ», – деп қуалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен?» – дейді* [7, 53].

Тілдік тұлғаның сентенциялары бүгінде афоризмге айналған:

*«Намыс – адамның жан серігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса, көзге көрінетін көлеңкеде де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам қасиетсіз, әлсіз.»*

*«Самайға ақ кіріп еді, сақал-мұрт та ағара бастады. Ұялған ұрыдай болып қастың бір талы да ағарыпты. Сөйте-сөйте…сүйек те ағарады-ау… Несіне тырбаңдаймыз? Бәрі де өтеді. Өтпейтін тек уақыт қана. Адамдар: «Уақыт өтіп барады», – деп өкінеді. Шынында өтіп бара жатқан уақыт емес, өмір өтіп барады».*

*«Қос тілді ұлт болмайды. Қос тілді жылан ғана болады»* [7, 88].

Шерхан Мұртазаның философиялық дискурстағы тілдік тұлғасы – ұлт тағдыры, адам болмысы туралы терең толғанысты, тарихи жады мен болашаққа жауапкершілікті, моральдық биіктікті өзек еткен когнитивтік құбылыс. Сөз зергерінің философиялық дискурсы ұлттық дүниетанымды, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бейнелеуімен ерекшеленеді. Жазушы жеке адамның тағдырын, өмірге деген құлшынысын бейнелеу арқылы ұлттың тарихын, арман-мақсатын, әділеттілік, адамгершілік ұстанымдарын, ар мен борыш туралы таным-түсінігін жеткізеді.

### 3.3 Ш. Мұртаза идиологемалары: азаматтық ұстаным және дүниетанымдық бағдар

Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын күрделі, көп қырлы, көп құрамды құбылыс ретінде екі негізгі аспектіде – когнитивтік және лингвориторикалық аспектіде қарастыруға болады.

**Когнитивтік аспект.** Дискурс білімді жеткізу, өңдеу, құруға байланысты әрекет болғандықтан, когнитивтік құбылысқа жатады [116, 23]. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасы – адам мен дүние жайлы ақпаратты қабылдап, өңдеп, өндіретін ойлау және сөйлеу әрекетінің субъектісі. Бұл әрекет дискурстар – мәтіндер арқылы жүзеге асады. Мұнда тіл мәтін, дискурс түзуші, стильді қалыптастырушы негізгі құрал ретінде қызмет етеді. Тіл – субъект үшін дүниені танудың, түсіндірудің, дискурс тудырудың, концептуалдап, категоризациялау құралы. Дискурстық тәжірибе тілдік тұлғаның когнитивтік белсенділігін көрсетеді: санасындағы ойлау үдерістері тіл арқылы жарыққа шығады. Осыған сәйкес, көп дискурсты тұлға дискурс әрекетінің субъектісі ғана емес, ол – танымның да субъектісі болып табылады.

Таным субъектісі ретінде тілдік тұлға ақпаратты қабылдайды, оны концептуалдап, категориялайды, интерпретациялайды, санасында бекітеді, білім құрылымдары арқылы репрезентациялайды, басқа субъектілерге жеткізеді, тіл арқылы объективтендіреді, Құдайға, адамдарға, болып жатқан оқиғаларға қатысын, ұстанымын білдіреді, ақпаратты бағалайды, түсінеді, бейнелейді, модельдейді, әсерін білдіреді. Сондықтан когнитивтік аспектіні талдауда ақпаратты қабылдау, концептуалдап, категориялау; білім құрылымдарын тілдік және мәдени кодтар арқылы жарыққа шығару; қабылданған ақпаратты санада білім құрылымы ретінде бекіту; ойды ұйымдастыру тәсілдері мен концептуалдық кеңістік құрылымдары; когнитивтік интерпретация механизмдері және т.б. ескеріледі.

Когнитивтік аспект Шерхан Мұртаза стилінің когнитивтік параметрлерін көрсететін, көп дискурсты кеңістігін біріктіретін фактор болып табылады. Когнитивтік операциялар жиынтығы тілдік тұлғаның *когнитивтік стилі* деп аталады.

Тілдік тұлғаның когнитивтік аспектісі – сөз зергерінің дискурс әрекеті аясындағы ойлау операцияларының жиынтығы. Бұл – ақпаратты қабылдау, кодтау, бағалау, репрезентациялап, интерпретациялау тәсілдерінің жүйесі. Ақпаратты қабылдауда әсер күшті болған жағдайда екі негізгі танымдық бағдар (рационалды және бейнелі-бағалауыштық) түзіледі. Когнитивтік стильдің компоненттері Шерхан Мұртаза дискурстық тұлғасының ерекшеліктерін көрсететін индикаторлар ретінде сөз зергерінің тілдік санасымен сабақтастырыла сипатталады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының портретін кешенді сипаттауда Т.А. Сидорова [185] анықтаған когнитивтік параметрлер – көп

дискурсты тұлғаның әлемді қабылдау тәсілдері, ақпараттың тілдік тұлғаның санасындағы көрінісі, ақпаратты жеткізу тетіктері және т.б. негізге алынды.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының көп дискурсты портретіндегі когнитивтік аспект когнитивтік үдерістер мен когнитивтік механизмдерден тұрады. Тілдік тұлғаның когнитивтік параметрлері:

1. Ғаламды қабылдау параметрлері:
- қабылдау тәсілдері: *рефлексивтік, рационалды, бейнелі-бағалаушы*;
- әлемді концептуалдау мен категориялау ерекшелігі;
- қабылдау ерекшелігі.

Интерпретациялау барысында әртүрлі концептуалдық салалар (КС) теңестіріледі (мысалы: адам – жануар); концептуалдық сала басқаға ауысады, концептуалдық тұрғыда интеграцияланады.

Шерхан Мұртазаның дискурсында трансформация жиі көрініс табады, ал концептуалдық интеграция ғаламды интерпретациялаудың негізгі тәсілі ретінде қолданылады. Бұл – тілдік тұлға дүниетанымының өзіндік ерекшелігі.

2. Концептуалдық кеңістікті ұйымдастыру тәсіліне сананың стереотиптері, фреймдер, концептілер, идиоглоссалар, рефлексия, мағыналық құрылымдар жатады.

Шерхан Мұртазаның концептуалдық кеңістігіне көп дискурсты тұлғасының когнитивтік доминанттар жүйесі де кіреді: қоғамға, билікке қатысты ұстанымдары, билік өкілдерінің халықпен қатынасы; билік басындағылардың, жемқорлардың, бизнес өкілдерінің тілге деген ұстанымы, жастардың сырттан келген ақпарат ағынына көзқарасы, ата-аналардың балаларына қатынасы және т.б. Шерхан Мұртазаның көркем дискурсында оқырманмен өзара әрекеттестікте автор интенциялары маңызды рөл атқарады. Бұл интенциялар эксплицитті түрде сентенциялар арқылы, имплицитті түрде пресуппозициялар мен мағыналық доминантттар арқылы беріледі.

3. Білім құрылымдарын санада бекіту және репрезентациялау параметрінің бірліктері:
- мағыналық құрылымдар (мағыналық доминанттар, пресуппозициялар);
- концептілер (концептуалдық белгілер, ассоциативтік өрістер);
- идиоглоссалар (идеялар, мотивтер, тақырыптар).

Білім құрылымдарын тілдік және мәдени кодтар арқылы жеткізу параметрі: жарыққа шығару механизмдері (морфемалар мен семаларды қайталау, семантикалық аппликация, ауыспалы мән, мәтіндік коннотация, окказионализмдер, авторлық дефиниция, теңеу, перифраза, ішкі форманы өзектендіру, «сөйлейтін есімдер», экспрессивтік құралдар).

Когнитивтік интерпретация механизмдері (салаға жіктеу, ерекшелеу, типтендіру, аллегория, тура мағынасында қолдану, метафора, метонимия және т.б).

Шерхан Мұртазаның дискурсында концептуалдық метафоралар, ұғымдарды алмастыру, бағалауыш мәнді сөздер, өз ұстанымын көрсету, бағалау арқылы

концептуалдап, категориялау, рефлексия, авторефлексия, құндылық бағдарлар. Ойды ұйымдастыру тәсілі дискурс түрі мен жанрлық ерекшелікке байланысты: философиялық дискурста тура баяндау басым; көркем және публицистикалық дискурста астарлап жеткізу басым. Ойды ұйымдастыру тәсілдері дискурс түріне және жанрлық ерекшелігіне байланысты.

Шерхан Мұртаза дискурсының ерекшеліктері:

- ақпарат жеткізуде автор бейнесі айқын көрінеді;
- болмыс эстетикалық тұрғыдан көркем мәнде жеткізіледі;
- аз сөзге көп мағына сыйдырады;
- автор мен оқырман бейнесі өзектендіріледі: автор нақты тұлға ретінде көрінгенмен, түрлі бейнеде көрініс табады;
- дискурсы интертекстуалды сипатта келеді (мақал-мәтел, тұрақты тіркестер);
- көркем дискурстарында қиял басым, басқа дискурстарында шынайылық басым;
- кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін жинақтап береді;
- тілдік санасында прагматикалық және аксиологиялық аспектілер өзектенген;
- бір дискурста әртүрлі форматтарды қатар қолданады (көп жанрлық, дискурстардың диффуздығы), бұл ойлаудың креативтілігін білдіреді;

Басты стратегия: оқырманға ой салу, түрткі болу мақсатында ықпал ету стратегиясы; сендіру, салыстыру, стереотиптерге жүгіну, бағалау, прецеденттік феномендер мен құндылықтық дүниетанымға жүгіну тактикалары.

Осылайша, когнитивтік аспект тілдік тұлғаның дискурстық әрекетіндегі когнитивтік болмыстың сипаттарын біріктіріп, көп дискурсты портретінің когнитивтік параметрлер жүйесін сипаттайды.

**Лингвориторикалық аспект.** Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасын сипаттаудағы маңызды аспектілердің бірі – лингвориторикалық аспект. Бұл аспект тілдік құралдар арқылы көрінетін білім құрылымдары ретіндегі лингвориторикалық категорияларды ғана емес, сонымен қатар олардың объективтену механизмдерін де анықтауға мүмкіндік береді. Лингвориторикалық парадигманың дамуына Сочи ғылыми мектебінің үлесі зор. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының лингвориторикалық параметрлері А.А. Ворожбитованың [150] тұжырымдамасы негізінде нақтыланды.

Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасының көп дискурсты портретіндегі лингвориторикалық аспект үш құрамдастан тұрады: лингвориторикалық параметрлер, лингвориторикалық категориялар және дискурстық қызметтің лингвориторикалық механизмдері.

Дискурстық қызметтегі лингвориторикалық механизмдері кезең-кезеңімен өтетін ой-сөйлеу әрекетінің кезеңдік циклін құрайды: инвенция (идеяны табу);

диспозиция (табылған идеяны «орналастыру»); элокуция (идеяны тілдік тұрғыда рәсімдеу).

Лингвориторикалық категориялар – сөйлеудің мазмұндық құрылымдары. Ол ойлау және сөйлеу нәтижесінде дискурстық парадигмаға сәйкес басқа дискурстармен ұштасады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты портретінің лингвориторикалық аспектісінің параметрлері:

- этос-мотивациялық параметр,
- логос-тезаурустық параметр,
- пафос-вербалды параметр.

Бұл параметрлерді нақтылай отырып, Шерхан Мұртаза идиодискурсына тән келесі стратегияларды бөліп көрсетуге болады: диспозитивтік стратегия (коммуникация барысында сөйлесушілердің қарым-қатынасын ұйымдастыратын, белгілі бір мақсатқа бағытталған реттеу, басқару, ықпал ету тәсілі); инвентивтік стратегия (дискурста жаңа мазмұнды құру, идея тудыру, дәлелдер мен тұжырымдар жасау мақсатында қолданылатын коммуникативтік-шығармашылық стратегия); элокутивтік стратегия (дискурста көркемдегіш құралдарды, экспрессивтілік пен стилистикалық тәсілдерді қолданып, тыңдаушыға әсер ету, ойды көркем әрі дәл жеткізу мақсатындағы коммуникативтік стратегия).

Публицистикалық дискурс түрлі жанрларда көрінеді. Бұл кезеңде хат жанры жақсы дамыған еді. 1996-97 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде Шерхан Мұртаза мен көсемсөзші Камал Смайылдың хаттары жарияланды. Сонымен қатар ақын Ұлықбек Есдәулетпен, қаламдас досы Сапарғалимен де баспасөз бетінде хат жазысып, пікір алысқан [186, 285-289]. Тілдік тұлға хаттарында да өзінің басты ұстанымын – еліне пайда келтіру ниетін анық білдірген. Көсемсөзші Камал Смайылға жазған хатында: «Қазақстанның Көк Тәңірі сыйлаған бай қазынасы қайда? – деген сұрақ көкейден кетпейді-ақ. Сол қазына халықтың мұқтажына не беріп жатыр? Неге халық жаутаң көз? Бұл енді қасіретті сұрақ. Бұл сұрақтың жауабын жоғарыдан төменге дейін жайлаған, тасыраңдаған жемқорлық пен парақорлықтан, ұрлық-қарлықтан ізденген жөн...

Мемлекетімізге, зарығып жеткен тәуелсіздігімізге төніп тұрған орасан қауіп – *жемқорлық, парақорлық, ұрлық-қарлық!* Мемлекет қазынасын, қалың халықтың несібесін солқылдата сорып жатқан – осылар...

Ештен кеш жақсы. «Өтпелі кезең өкіндірмесін» дейсің. Өкіндірді. Әлі де өкіндіре берсе, өкініш түбі өртке айналады. Өкініш – ашу-ызаның алғы шарты. Теңізде дауыл тұрса, кемеге отырмас болар. Ашуға басу болсын. Ол үшін жемқорларға, парақорларға, ұрыларға қарсы қаһарлы күресті Президенттен бастап, әрбір адал ниетті азамат аяусыз жүргізуі керек. Қазақстан тәуелсіздігі сонда сақталады. Қазақстан сонда өркен жаяды. Ал қазіргідей жемқорлық, парақорлық, ұрлық-қарлық жайлаған елдің болашағы бұлыңғыр. Ол елдің, мемлекеттің жарқын бетіне түскен таңба. Ондай елден басқалар сескене бастайды. Халықта шарасыздық

психологиясы пайда болады. Мұның ең жаманы-жас толқын осы дертпен уланады, имансыз болады. Ал, үлкен үміт жас буында емес пе? Жастар, балауса ұрпақ уланса, онда мына біз арам қатып қаламыз. Кәрі түйе ботасының соңында жүреді. Ал, екеуміз қайта жасарып келе жатқан жоқпыз ғой» [7, 88], – дейді.

Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылдың хаттарының маңызы туралы сөз ете келіп, жазушы Несіпбек Дәутайұлы: «Ақиқатты айту жазушы, жалпы адамдар үшін ерлік пе, парыз ба? Екеуі де. Екеуі қатар тұрған кезде қайраткерлік тұрады. Шерағаңның Камал Смайыловпен хат жазысу арқылы толғанысы – сол қайраткерлік әрекет. Көзге тік қарап, бетке тура айту. Сондықтан да публистикалық әуенге барған. Публистикада астар, тұспалдың қажеті жоқ, қоғамның ащы шындығы шыңыраудан шығып шыңғырып тұрады... Шерхан мен Қамал ағаларымыз өз хат алысуларында осы жайларды байыптап бағалап, бақайшығына дейін шаққан. Сондықтан оны жұрт жабыла жастанып оқып, жағалай сөз етті. Шерхан, Қамал сияқты ұлтжанды қайраткер азаматтардың ащы шындықты ашына айту мақсаты – білгенге Елбасына, Елбасының сенімді серіктеріне себіміз тисін, жанайғайымызбен оларды бәле – жаладан сақтандырып отырайық деген адал ниет» [1, 110], – деп жазады. Расында, ол хаттар кейін «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда» деген атпен кітап болып шықты.

Шындықты айтып, елдің мұң-мұқтажын жеткізу ұстанымы Шерхан Мұртазаның ақын Ұлықбек Есдәулетпен, қаламдас досы Сапарғалимен жазысқан хаттарынан да анық байқалады. Үзінді келтірсек: «Ұлықбек! Ұлттық сана-сезім торқадай тозған жерде ұлттық патриотизм де жетімсірейді. Отанының патриоты тек өз қарақан басының қамын ғана, қу құлқынның қамын ғана ойламай, халық қамын мүдделесе – сол ел бақытты. Сорлатқанда, бізде қу құлқын қамын, тойымсыз, қарын қамын ойлаушылар көп. Әйтпесе осыншама бай Қазақстанда халық жүдеп-жадай ма? Жастар әлеуметтік қасірет салдарынан әлжуаз, қауқарсыз өсіп жатса, ол әскерге жарай ма? Одан патриот шыға ма?.. Біздің атқамінерлер тым болмаса Құдайдың өзі Қазақстанға бұйыртқан байлығын талан-таражға салмай, көлденеңнен келген көк аттыға жем қылмай, көзін тауып, ұқсата біліп, халқының игілігіне жарата алса ғой. Біз мұнайға бай он мемлекеттің қатарында екенбіз. Сол мұнайды шет елдіктердің саулы сиырына айналдырдық. Олардан алатын салық көлемін азайттық. Не деген мырзалық! Кәдімгі дарақы кедейдің мырзалығы» [44].

Қоғам өмірінде ерекше әлеуметтік мәні бар, жиі көрініс табатын келесі дискурс түрі – ***саяси дискурс***. Саяси дискурс түрі лингвистикамен қатар саясаттану және әлеуметтік психология формаларымен тікелей байланысты. Сондықтан ТТ дискурсында да белгілі бір ұлттық, қоғамдық мәселелерге назар аудартатын, қандай да бір әлеуметтік, саяси өзекті мәселені шешуге, үндеуге, адресаттың эмоциясы мен әрекетіне әсер ету мақсатын қамтитын құрылымды байқаймыз.

Сондай-ақ саяси дискурста жеке қарым-қатынас емес, институционалды қарым-қатынас орын алатынын да қаламгер дискурсы арқылы анықтадық. Себебі мысалға алған дискурс құрылымында да жүйелі кәсіби-бағдарлы таңбалармен

қатар, әлеуметтік-саяси мәнмәтін, лексика мен фразеологиялар, паремиялар кеңінен қолданыс тапқан.

Саяси дискурсты өзге дискурс түрлерінен ажырататын белгілерінің қатарындағы арнайы лексика мен терминділік, арнайы дискурстық құрылым, арнайы дыбыстау сипаты секілді ерекшеліктердің барлығын Ш. Мұртазаның дискурсынан кездестіреміз. Саяси дискурста белсенді қолданылатын тілдің әсер ету қызметі мен сөйлеу стратегияларын қолдану тәсілдері секілді коммуникативті әрекеттер мен тілдік құралдар [7, 10-227]. Ш. Мұртазаның саяси дискурсының адресант пен адресат арасындағы коммуникативтік мәнін ұлғайтқанын байқаймыз. Мысалы, саяси дискурстың ауызша формасын сөйлеушінің практикалық және коммуникативтік мақсаты негізінде қарастырсақ, адресант саяси коммуникацияға жету үшін түрлі стратегияларды қолданады. Саяси дискурсты жүзеге асыруда сөйлеушінің басты мақсаттары:

- адресатқа белгілі бір мәселе туралы ақпарат бере отырып, өзінің ойымен келісуге, пікірге құлақ салуға, оның көзқарасын қабылдауға шақырады;
- белгілі бір эмоционалды көңіл-күй тудыру арқылы адресаттың эмоциясына әсер етуді көздейді;
- адресатқа айтылып жатқан мәселенің мәні мен объектісі жөнінде тың білім мен ақпарат беруді көздейді және сол арқылы қандай да бір әлеуметтік немесе саяси мазмұнды мәселе жөніндегі өз ұстанымын көрсетеді т.б.

Сондықтан Ш. Мұртазаның ауызша формадағы саяси дискурсын берілген стратегиялар негізінде талдауды жөн көреміз. Себебі Ш. Мұртазаның қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға белсене атсалысқан, Парламент Мәжілісінің депутаты болған кезеңдерінен аталмыш дискурс көрінісін айқын аңғарамыз. Қаламгер дискурсын талдауда саяси дискурс стратегиялары мен аталмыш дискурсқа тән тілдік әдіс-тәсілдерге баса көңіл бөлеміз.

Қаламгердің саяси дискурстарының нақты мысалын 1990-1995 жылдар аралығында Қазақстан Жоғары Кеңісінің, одан соң Парламент Мәжілісінің депутаты болған тұстағы ауызша дискурс сипаттарынан бақылап, анықтадық. Мысалы, 1994 жылғы Парламент Мәжілісіндегі сөзінде қаламгер *«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді»* деген ұстанымды алға тартып, былай тұжырымдайды: *«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді. Біздің жас мемлекетіміздің қақпағы ашылған көрінеді. Сондықтан ұяты кеткендер талан-таражға салып жатқаны ашылып жатыр. Жай, жалаң сөз емес, нақты-нақты фактілерменен айтты. Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр. Осындай күдік көбіміздің көңілімізде жүрген, бұрыннан. «Қайда кетіп жатыр бұл Қазақстанның байлығы» деген. А, бірақ, нақ басып, тап басып ешқайсымыз айта алған жоқпыз»* [34].

Саяси дискурс түрі өзінің эмоционалды-экспрессивті сипатының белсенділігімен ерекшеленетінін ескерсек, Ш. Мұртазаның аталмыш ауызша

дискурс үлгісінің бойында да осы көрініс байқалады. Адресанттың саяси дискурстағы негізгі стратегияларын төмендегідей мысалда анықтаймыз (7-кесте):

7-кесте. Адресанттың саяси дискурста ұстанатын басты стратегиялары.

| № | Мысалы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| *Адресаттың назарын аудару стратегиясы* | | |
| 1 | «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді. | Адресатты айтылғалы отырған әлеуметтік-саяси, әрі қоғамдық мәселенің сипатымен астарлы мәнде таныстыру мақсатын ұстанған. Сонымен қатар адресат эмоциясына әсер ету мақсатында «халық» пен «қазанды» параллель сипаттап, ассоциативтік мән үстеп тұр. |
| 2 | Біздің жас мемлекетіміздің қақпағы ашылған көрінеді. | Адресатты мемлекеттің экономикалық және саяси өмірінде орын алған маңызды оқиғалардан хабардар ету мақсаты байқалады. |
| 3 | Сондықтан ұяты кеткендер талан-таражға салып жатқаны ашылып жатыр. | Аталмыш мәселенің себебінен пайда болған жаңа мәселе туралы ақпарат беру мақсатын ұстанған. |
| 4 | Жай, жалаң сөз емес, нақты-нақты фактілерменен айтты. | Өзіне дейінгі сөйлегендердің сөзінің мәнді болған тұсын назарға алады. Адресатқа мәселеге тура қарауды ұсынады. |
| 5 | Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр. Мына жерде мынау табыс, кіріс көзі дейтінде бәрі бар. Салықтан түсетін, анадан түсетін кіріс, мынадан түсетін кіріс. Иә, астық сатудан түсетін кіріс. Ал, бірақ, мұнайдан түсетін, көмірден түсетін, алтыннан, күмістен түсетін, мыстан түсетін кіріс деген жоқ мынаның ішінде! Соның бәрі қайда кетті десең, мінекей, жаңа айтылып отыр. | Адресатқа айтылған ақпараттың түсінікті екенін ескеріп өтеді. Сонымен қатар басты мәселеге назар аударту мақсатында қазба-байлықтан түсетін кірістің есебінің жоқ екенін және бұл баса көңіл бөлінерлік, елдің саяси ахуалын анықтайтын мәселе екенін түсіндіреді. «Соның бәрі қайда кетті десең, мінекей, жаңа айтылып отыр», – деп адресат назарын алдында өзі қойған сұрақтың жауабына аударады. |
| 6 | Мына біз осы шет мемлекеттерден «несие» дегенді алып жатырмыз, алып жатырмыз, Америкадан Жапонияға дейін. Соның бәрі бас-аяғы қанша? Қай жерге жұмсалды, қай мақсатқа кетті? | Мұнда да адресат назарын екінші ірі мәселеге аударады. «Несие» мәселесін және әлі де шешімі жоқ мәселелерді көтереді. |
| *Адресаттың назарын ұстап тұру стратегиясы* | | |
| 1 | Осындай күдік көбіміздің көңілімізде жүрген, бұрыннан. «Қайда кетіп жатыр бұл Қазақстанның байлығы» деген. | Айтылған мәселенің көпшілікке қызықты және адресаттың да ойында жүргенін ескеріп өтеді. Сондай-ақ ол сұрақтың қандай мәнде екенін де ашық айтады. Бұл адресаттың қызығушылығын арттыратын стратегия сипаты. |

7-кестенің жалғасы.

| | | |
|---|---|---|
| 2 | А, бірақ, нақ басып, тап басып ешқайсымыз айта алған жоқпыз. Қазір соның барлығы фактілермен ашылды. | Айтылған мәселенің жауабын таба алмағанмен, оның нақты фактілермен дәл адресант сөйлеп отырған кезеңде анықталғанын алға тартады. |
| *Адресаттың өзінің ой-пікіріне қосылуын мақсат ету стратегиясы* | | |
| 1 | Осының көзін алу керек, бір! Жаңағы Рашид Ибраев айтқан мәселелер бойынша тағы да соны анықтау керек, екі! Ол үшін біздің мынау тексеру палатасы дұрыстап жұмыс істеуі керек шығар, болмаса арнайы комиссия шығу керек шығар бұл жөнінде. Көзін ашу керек! | ТТ дискурсында бұған дейін айтылып жатқан мәселенің шешімін ұсынуы арқылы адресатты өз ой-пікіріне құлақ салуға, қосылуға шақыруды мақсат етеді. Ол шешімді жүзеге асырудың баспалдақтарын да айқын атап өтеді. |
| 2 | Қақпақты ашып таста-а-ап, бұл жерде құр сөзден көбік шашып отырғаннан ештеңе өнбейді. Соның көзін табайық. Халықты сөйтіп жарылқамасақ, басқа күш жоқ. | Сонымен қатар аталған қимыл-әрекеттер жүзеге аспаса істің қалай өрбитінін ескертеді. Соңында адресаттың өзін қорғауына, өзіне өзі қамқорлық танытуына мүмкіндік беру керек екенін айтып өтеді. |
| 3 | Мына басшылықтан, білмеймін, қолынан әзір ол әрекет келетін емес. Мына сіз бен біз, халық сенген депутаттар, осының көзін ашып, нақтылап, халыққа өзінің дәулетін өзінің қолына берейік [34]. | Автор өз мақсатына жету үшін қандай әрекет жасалуы керек екенін түсінгенімен, нақ осы мәселелермен айналысуы тиіс құрылымдардың бейжайлығынан өзі және қатар отырған өзге депутаттарға үндеу тастайды. Басты мақсат – адресат ойына әсер ету ғана емес, халықтың саяси-әлеуметтік күйін күйреуден сақтап қалу екені анық аңғарылып тұр. |

ТТ дискурсының мазмұнына тереңдеп, негізгі мәселе халықтың өз байлығын өзіне жеткізу, ұтымды қолдану, арамдық пен заңсыз әрекеттерден аулақ болуға шақыру екенін түсіндік. Саяси дискурстың жүзеге асуына әсер еткен негізгі стратегиялар анықталды. Дегенмен аталмыш стратегиялармен қатар адресатқа әсер ету мақсатында өзінің ауызша дискурсында Ш. Мұртаза түрлі сөйлеу және тілдік әдіс-тәсілдерін қолданғанын да анықтадық. Мысалы (8-кесте):

8-кесте. Саяси дискурста жүзеге асатын тілдік және сөйлеу әрекетінің әдіс-тәсілдері.

| № | Атауы | Сипаты | Мысалы |
|---|---|---|---|
| 1 | Манипуляциялық тәсіл | Қойылған мақсатқа жету үшін адресатқа жағымсыз ақпаратты жеткізу. | «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді. Біздің жас мемлекетіміздің қақпағы ашылған көрінеді. Сондықтан ұяты кеткендер талан-таражға салып жатқаны ашылып жатыр. |
| 2 | Сын тәсілі | Адресанттың өзін-өзі қорғауы немесе өзге бір іс-әрекетке қарсы сын-пікір білдіруі. | Мына басшылықтан, білмеймін, қолынан әзір ол әрекет келетін емес. Мына сіз бен біз, халық сенген депутаттар, осының көзін ашып, нақтылап, халыққа өзінің дәулетін өзінің қолына берейік. |

8-кестенің жалғасы.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Дауласу тәсілі | Іс-әрекеттерді теріс бағалауды жоққа шығару, белгілі бір позицияны ұстану. | Мына біз осы шет мемлекеттерден «несие» дегенді алып жатырмыз, алып жатырмыз Америкадан Жапонияға дейін. Соның бәрі бас-аяғы қанша? Қай жерге жұмсалды, қай мақсатқа кетті? |
| 4 | Түсіндіру тәсілі | Туындаған мәселелерді толық түсіну немесе түсіндіру үшін қосымша ақпарат беру. | Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр. Мына жерде мынау табыс, кіріс көзі дейтінде бәрі бар. Салықтан түсетін, анадан түсетін кіріс, мынадан түсетін кіріс. Иә, астық сатудан түсетін кіріс. Ал, бірақ, мұнайдан түсетін, көмірден түсетін, алтыннан, күмістен түсетін, мыстан түсетін кіріс деген жоқ мынаның ішінде! Соның бәрі қайда кетті десең, мінекей, жаңа айтылып отыр. |
| 5 | Пікір білдіру тәсілі | Мәлімдемелер мен олар білдіретін ұғымдардың мағынасын түсіндіру. | Осының көзін алу керек, бір! Жаңағы Рашид Ибраев айтқан мәселелер бойынша тағы да соны анықтау керек, екі! Ол үшін біздің мынау тексеру палатасы дұрыстап жұмыс істеуі керек шығар, болмаса арнайы комиссия шығу керек шығар бұл жөнінде. Көзін ашу керек! |
| 6 | Біріктіру тәсілі | Адресат пен адресантты біріктіру үшін қызмет ету. | Осындай күдік көбіміздің көңілімізде жүрген, бұрыннан. «Қайда кетіп жатыр бұл Қазақстанның байлығы» деген. |
| 7 | Айыптау тәсілі | Адресанттың қарсыластарының пікірін немесе іс-әрекетінің бұрыстығын көрсетуі, айтуы. | Қақпақты ашып таста-а-ап, бұл жерде құр сөзден көбік шашып отырғаннан ештеңе өнбейді. Соның көзін табайық. Халықты сөйтіп жарылқамасақ, басқа күш жоқ [34]. |

Ш. Мұртазаның берілген дискурсында саяси дискурста қамтылатын осындай сөйлеу және тілдік әдіс-тәсілдердің қамтылғанын анықтадық. Қысқа ғана ауызша жүзеге асқан адресант пен адресат арасындағы коммуникациядан аталған тәсілдердің әрқайсысының жүзеге асуы автордың депутат, шешен секілді сипатын ғана емес, ұлттық тілін шебер меңгерген және қажетті кезде ұтымды әрі өткір қолдана білетін ұлттық-мәдени феномен ретінде де танидық. Мәселен, мысалға алынған ауызша дискурс формасының ішінде төменде аталған тілдік, риторикалық тәсілдер мен мәтін байланысын қамтамасыз ететін тәсілдер, бейнелеу құралдары пайдаланылған:

- **мақал-мәтел:** *«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді»* [34]. Берілген мақал аталмыш дискурс жүзеге асқан сәтте ғана емес, бүгінге дейін қоғам мен қоғамның әр мүшесінің ой мен сөзінде қайталанып, сақталып қалған. Себебі Ш. Мұртаза дискурста көтерілген мәселеге халықтың мұрасында сақталған, қазаққа қанмен сіңген «ұят» ұғымын параллель көтеріп, кең көлемді ойды бір ғана сөзбен дөп басып айтады. Мұнда орын алған жағдай, саяси мәселе, адресат ойы, жүзеге асып жатқан әлеуметтік-саяси үдерістердің себебі және салдары – барлығы бір мақал мазмұнында қамтылған. Сондай-ақ аталған мақалдың қазір де белсенді қолданыста болуы, Ш. Мұртаза атымен жиі ассоциациялануы да ТТ дискурсындағы коммуникацияның жүзеге асқаны, сол сәттегі адресатпен қатар, аталмыш ой-пікірді, автор сөзін тыңдаған күллі жанама адресатқа да тікелей жетті деген сөз.

- **сентенция:** «*Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр»* [34]. Автордың өзге дискурстарындағы секілді саяси дискурсынан да сентенциялардың айқын көрінісін байқадық. Мысалға алынған сентенция түрі мақал-мәтел секілді астарлы емес, керісінше адресатқа да ортақ ойды білдіретін, өмірлік тәжірибеден жинақталған, нақты нақыл сөз қызметін атқарып тұр.

- **риторикалық сұрақтар:** *«Соның бәрі бас-аяғы қанша? Қай жерге жұмсалды, қай мақсатқа кетті?»* [34]. Автор өз дискурсында риторикалық сұрақтарды шебер қолданады. Берілген мысалда Ш. Мұртаза аталған сұрақтарды назарға алғанымен, оның жауабының адресантқа да, адресатқа да айқын екенін ескеріп өтеді. Мәселенің бірнеше тұсын қозғаған сайын, бірнеше риторикалық сұрау тастай отырып, коммуникациядағы ойға шабуыл жасау әдісін қолданады.

- **анафора:** *«**Мына** жерде **мынау** табыс, кіріс көзі дейтінде бәрі бар. **Мына** біз осы шет мемлекеттерден «несие» дегенді алып жатырмыз, алып жатырмыз Америкадан Жапонияға дейін»* [34]. Берілген қайталаулар автордың адресатқа ақпаратты детальді түсіндіру және жеткізу мақсатын ұстанғанын көрсетеді.

- **фразеологизмдер:** *«**Көзін ашу** керек!», «**Қақпақты ашып таста-а-ап**, бұл жерде **құр сөзден көбік шашып** отырғаннан ештеңе өнбейді», «Біздің жас мемлекетіміздің **қақпағы ашылған** көрінеді»* [34]. Берілген фразеологизмдерге назар аударсақ, Ш. Мұртазаның саяси дискурсы аталмыш дискурс типіне арналған шекті норманы ұстанып қана қоймай, ТТ-ның сөздік қоры мен тілді мақсатқа сай қолдану шеберлігінің сипатын көрсетеді. Саяси мәселені қозғау барысында автор ұлттық мүдде мәселесін сырттай баяндап қана тұрған жоқ, осы ұлт тілінің сөздік қазынасын көрсете отырып жеткізгені байқалады.

- **метафора:** *«Біздің **жас мемлекетіміздің** қақпағы ашылған көрінеді»* [34]. Мұндай метафора саяси ойды бейнелі жеткізу құралы қызметін атқарып тұр.

- **антитезалар:** *«**Мына басшылықтан, білмеймін**, қолынан әзір ол әрекет келетін емес. **Мына сіз бен біз**, халық сенген депутаттар, осының көзін ашып, нақтылап, халыққа өзінің дәулетін өзінің қолына берейік»; «**Мына жерде мынау табыс, кіріс көзі дейтінде бәрі бар**. Салықтан түсетін, анадан түсетін кіріс, мынадан түсетін кіріс. Иә, астық сатудан түсетін кіріс. **Ал, бірақ, мұнайдың түсетін, көмірден түсетін, алтыннан, күмістен түсетін, мыстан түсетін кіріс деген жоқ** мынаның ішінде!»* [34]. Мұндағы қарама-қарсы ойды үйлестіре қолдану әдісі, біріншіден, ауызша дискурстағы адресатқа айтылған сөздің ырғағын сақтаса, екіншіден, адресанттың коммуникация барысында көпшілік назарын аударту мақсатында қолданған әдісі.

- **параллелизмдер:** *«Осының **көзін алу керек, бір**! Жаңағы Рашид Ибраев айтқан мәселелер бойынша тағы да соны анықтау **керек, екі**! Ол үшін біздің мынау тексеру палатасы дұрыстап жұмыс істеуі **керек шығар**, болмаса арнайы комиссия шығу **керек шығар** бұл жөнінде. **Көзін ашу керек**!»* [34]. Автор өз дискурсында қайталаулар арқылы берілген параллелизмдер арқылы адресат

назарын аудартып қана қоймай, оны өзінің айтқан ой-пікірімен келісуге шақырады, әрі өз ойының дәлелді әрі нақты екенін байқатады.

- **эмоционалды-экспрессивті мән үстейтін сөздер, сөз тіркестері:** *«Осының көзін алу керек,* ***бір!****»; «Жаңағы Рашид Ибраев айтқан мәселелер бойынша тағы да соны анықтау керек,* ***екі!****»;* ***«Көзін ашу керек!»*** [34]. Мұнда автор қандай да бір одағай немесе арнайы эмоционалды сөзді қолданбай-ақ ауызша сөйлеу үдерісіндегі белсенді, ырғақты және дыбыс ерекшеліктері негізінде қарапайым тілдік бірліктерді пайдаланады. Бұл да адресаттың назарын аударту мақсатында қолданылатын ұтымды әдістің бірі.

Ш. Мұртазаның мысалға алынған аталмыш бір ғана ауызша дискурсында саяси дискурсқа тән бірнеше стратегиялардың, бірнеше тілдік, бейнелі элементтердің, тілдік-риторикалық әдіс-тәсілдердің жүзеге асқанын анықтадық. Берілген ауызша дискурс түрі «Кино, фото, құжаттар мен дыбыс жазбалары орталық мемлекеттік архивінен алынған» жазбаны көру және тыңдау негізінде жүзеге асырылды. Автор дискурсындағы ауызша сөйлеу мәнері мен ырғақ, дыбыс жиілігі мен дауыс күші, эмоционалды-экспрессивті күй мен оның автордың сөйлеу әрекетіндегі дыбысталу сипаты арқылы берілуі саяси дискурсқа тән ауызша сөйлеу ерекшеліктерін де айқындап берді. Адресат назарын аударту мен оны өз ойымен келістіру, назарды ұстап тұру секілді қатар жүзеге асқан күрделі үдерістердің барлығы Ш. Мұртазаның қоғамдық-саяси қызметімен қатар тілдік және сөздік қорын, сөйлеу машығын әртүрлі стильге еркін ауыстыру, соған сай ой мен сөздің құрылымын орындауына көңіл аудартады. Осы тұста тілді білумен қатар, ұлттық тілді саяси мәселелерді шешудегі басты құралға айналдыру мақсатын да аңғарамыз. Автор қазаққа тән шешендік өнерін, сөз құдіретін, тіл байлығын қайта жаңғыртқаны белгілі. Бұл Ш. Мұртазаның ұлттық-мәдени феномен ретіндегі сипатын тағы бір дәлелдейтін нақты мысал көріністері.

Ш. Мұртазаның саяси дискурсының мол үлгісін ауызша сұхбаттарынан да кездестіреміз. Мысалы, қаламгердің 2004 жылғы Қ. Аманжолдың «Шынның жүзі» атты бағдарламасында берген сұхбатында XX және XXI ғасырдағы қоғамдық мәселелер, кешегі мен бүгінгінің арақатынасы туралы ой-пікірінде былай дейді: *«...Жесір ғасыр. Жесір ғасырда туғанбыз, жетім бала... 1932 жыл қазақ үшін, қазақ халқы үшін ең азалы жыл, ең азапты жыл...»* [45]. Мысалға алынған ауызша дискурс сұхбат формасында болғанымен, ТТ сол сәтте қарама-қарсы алдында отырған адресатпен ғана емес, экран алдындағы адресатпен де коммуникацияға түскені анықталды. Олай дейтініміз, қаламгер мұнда өз өмірінен немесе белгілі бір оқиғадан тек ақпарат беріп отырған жоқ, параллельді сипатта қоғамдық, әлеуметтік, саяси мәні бар мәселелерге терең барып, халықпен тілдесіп отырғаны байқалды. Мұнда да *«жесір ғасыр»* деген метафора арқылы сол ғасырдағы саяси ахуал, яғни 1932 жылғы қазақ басынан өткен ашаршылық кезеңін, сонымен қатар кейіннен орын алған 1939-1945 жылдар аралығындағы екінші дүниежүзілік соғысынан хабар беретін астарлы мағынаны білдіріп тұр.

Берілген мысалдан *«...**Жесір ғасыр. Жесір ғасырда** туғанбыз, **жетім** бала...»* және ***ең азалы, ең азапты** жыл...»* [45], – деген тармақтардағы когезияға тән қайталау, яғни бір сөзді қайталау немесе лексикалақ баламаларын, синонимдерін қайталау арқылы сөйлемдердегі ой аралық байланысты сақтау әдісін көреміз. Сонымен қатар сөйлемдер арасындағы логикалық байланыс алғашқысы мен кейінгі компоненттердегі лексикалық бірліктермен анықталып тұр. Мұнда автор ойының бір сөйлем ғана емес, толық бір мәтін ішінде жалғасып жатқанын, ой тізбегін, біріншісінің екінші сөйлемге мән-мағыналық әсерін де байқай аламыз.

Сонымен қатар аталған сұхбатта қаламгер әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді белсенді қозғап, былай дейді: *«Соғысты өткіздік, қиын кезеңдерді бастан өткіздік дедім ғой жаңа. Сол кезде адамдар мейірімді еді бір-біріне. Бір-бірін тыңдаушы еді. Бірінің қасіретін бірі білуші еді. Жанашырлық бар еді. Сол қиын заманның өзінде. Бір уыс талқанды бөліп жер еді. Ал қазір тойынған заман, қарнымыз тоқ. Бірақ бір-біріне деген мейірім, бір-біріне деген жанашырлық, бірін-бірі тыңдау деген нәрсе (басын шайқайды) жоқ»* [45]. Берілген мысалдан қаламгер дискурсындағы адресат – халыққа арналған пікірі жатыр. Мұнда әлеуметтік және қоғамдық, саяси ахуалдың тоғысындағы халық мінез-құлқының, психологиясының өзгеру мәселесі көтеріліп отыр. Автор адресатқа өз ойын жеткізіп қана қоймай, адам бойындағы аталмыш жоғалған қасиеттерді қайта қалпына келтіру, жаңғырту секілді мәселелерді тастайды. Әсіресе автор айтып отырған «*тойынған заман»* метафорасы қазіргі замандағы сан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелердің орын алуын алдын ала сипаттағандай әсер қалдырады. Ұлттың, мемлекеттің, қоғамның дұрыс қарым-қатынасы мен әрекеттері автор атап өткен қасиеттердің еншісінде екенін түсінеміз.

Қаламгер мұнда да лексикалық және ой қайталаулары арқылы когезия, сонымен қатар өткенге ойша оралу, шегініс жасау арқылы, бұрын орын алған оқиғаларды еске алу арқылы: «*Жесір ғасыр. Жесір ғасырда туғанбыз»* [45] немесе *«Соғысты өткіздік, қиын кезеңдерді бастан өткіздік дедім ғой жаңа. Сол кезде адамдар мейірімді еді бір-біріне. Бір-бірін тыңдаушы еді. Бірінің қасіретін бірі білуші еді. Жанашырлық бар еді. Сол қиын заманның өзінде. Бір уыс талқанды бөліп жер еді»* деген тармақтарда ретроспекция әдісін белсенді қолданғанын көре аламыз [45]. Бұл да ТТ дискурсының ақпараттық мазмұнын, экспрессивті сипатын арттыруға қызмет ететін мәнді әдістердің бірі екені анық. Аталған ретроспекция негізінде адресаттың санасында қалыптасқан ассоциативті ұстанымдар мен көзқарастар, стереотиптер, тіпті салыстырмалы бағалаушылық әрекеттер де жүзеге асады. Ретроспекция әдісінің ауызша әрі саяси дискурста ұтымды қолданылуы қаламгердің тілді меңгергендігі мен ұлттық тілдің қасиеттерін танығандығымен анықталды. Берілген ауызша дискурс белгілі бір сұхбат формасында жүзеге асқанымен қаламгер тарапынан адресат тарапына бағытталған белсенді коммуникативті ой ағымдары негізінде басты адресаттың жеке тұлға емес, қазақ халқы екендігін анықтадық.

Қаламгердің қоғамдық-саяси қызметі негізінде көрініс тапқан саяси дискурстарындағы ойлар, сөздер мен тұжырымдар белгілі бір нақыл сөз немесе мақал-мәтел формасындағы ұран яки ұлттың ұстанымына да айналып кеткендігін де байқаймыз. Мысалы, автордың саяси дискурста ойын нақты әрі қысқа айтатыны аңғарылды. Оған youtube.com әлеуметтік желісіндегі tarlan.kz сайтының мұрағатында сақталған ауызша дискурсының мазмұнын жатқыза аламыз. Қаламгер: *«Халық: Араны ашылған қыран не аңды алады, не аңшының өзін алады дейді»,* [46] – деген ой айтады. Бұл да нақты адресатқа бағытталған ой, коммуникациялық сипаты басым. Берілген мысалға назар аударсақ, қаламгердің саяси дискурсындағы өзгеге ұқсамайтын айрықша белгіні тағы байқаймыз. Ол – халық даналығын шебер қолдануы, қандай да бір ресми шекаралардан аттамай-ақ қазақ мақал-мәтелі, сентенция секілді ерекше тілдік әдіс-тәсілдерді жүзеге асыра алуы. Қазақтың қазыналы қорындағы сөздерді қолдануы және түрлі дискурсқа оңтайландыру қабілеті.

Қаламгердің саяси дискурсының тағы бір өзекті арқауы – қазақ тілінің мәселесі болған. Youtube.com әлеуметтік желісіндегі aqiqat arnasy сайтының мұрағатында сақталған бейнематериалдағы Ш. Мұртазаның сөйлеген сөзінде: *«Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тілі болсын деп немесе қазақ тілімен қатар жүретін тіл болсын деп қиянкесті қызыл кеңірдек болып жүргендер осының ақырын ойлай ма екен? Ал бұл әрекеттің ақыры не боларын білу үшін пайғамбар болудың қажеті жоқ»* [47], – деп бір тұжырымдайды. Мұнда саяси дискурсқа тән адресатқа белгілі бір мәлімет беру, риторикалық сұрақ қою және салдарын болжау әдістері орын алған. Саяси дискурс мәтінінде *«қиянкесті», «қызыл кеңірдек», «пайғамбар»* секілді лексикалық бірліктердің қолданылуы ТТ дискурсындағы ұлттық-мәдени үлесті арттырса, адресат ойына шабуыл жасау, тұтқиылдан сұрақ қою, сұрақтың жауабының айқындығын таныту секілді ауызша формада жүзеге асқан эмоционалды коммуникативті әрекет аталмыш дискурстың өзектілігін айқындап берді.

*«...Онда қазақ тілі құраған тулақ қалпына қайта оралады. Орыс тілі өктемдігін жасайды. Қазақ тілі қажетсіз болып қалады. Қазір де шекесі қызып қажетті болып тұрғаны шамалы»* [47], – дейді автор. Мұнда адресат тарапына жасалған эмоционалды-экспрессивті мағына мен нақты фактілерді көрсету, сендіру мақсаты орындалған. Автор бұл мақсатты орындауда «*Онда қазақ тілі құраған тулақ қалпына қайта оралады. Қазақ тілі қажетсіз болып қалады. Қазір де шекесі қызып қажетті болып тұрғаны шамалы»* [47], – деген секілді логикалық қайталаулар арқылы когезияның көрнекі үлгісін көрсетеді. Антитезалық бейнелі форма арқылы «*Онда қазақ тілі құраған тулақ қалпына қайта оралады. Орыс тілі өктемдігін жасайды»* [47], – деп екі ұғымды қарсы қояды. Жоғарыда аталған тармақтағы қазақ тілінің дұрыс бағаланбауы, қолданылмауы секілді себептердің тікелей салдарын адресатқа жеткізеді. Мұны белгілі бір уақыт өткеннен кейін, дәл

бүгінгі күні тыңдаушы, біз де түсініп, қаламгер дискурсы арқылы тереңдей аламыз. Дискурстағы коммуникацияның айқын көрінісі – осы.

Ш. Мұртазаның саяси дискурсындағы тілдік құралдардың қолданылу жиілігі мен сипатын, типтерін анықтау мақсатында аталмыш мысал мәтініне бақылау жүргіздік. Мысалы (9-кесте):

9-кесте. Ш. Мұртазаның саяси дискурсындағы тілдік құралдар қолданысының көрінісі (нақты ауызша дискурс негізінде).

| № | Тілдік құралдар | Мысалы |
|---|---|---|
| 1 | Лексикалық деңгей | **Бағалау лексикасы:** *араны ашылған қыран; қиянкесті, қызыл кеңірдек болып жүргендер; қазақтар бір кезде кәдімгі халық болған; құраған тулақ;*<br>**Саяси лексика:** *мемлекеттік тіл.* |
| 2 | Паремиялар | **Паремиялар:** *Таспен жапалақты ұрсаң да жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өлетіннің кері; Егер түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде деген емес?;*<br>**Сентенциялар:** *Тіл – ұлттың намысы; тіл – ұлттың паспорты; тіл – ұлттың жаны.* |
| 3 | Грамматикалық құралдар | **Когезиялар:** ***Ендеше****, он миллион халықтың обалына қалмайық десек, бұдан былай қазақ тілін орыс тілімен тайталастырып, қолдан қиянат жасамайық,* ***ағайын!*** |
| 4 | Риторикалық тәсілдер | **Метафоралар:** *қазақ тілі – құраған тулақ;*<br>**Гиперболалар:** *Ал бұл әрекеттің ақырының не боларын білу үшін пайғамбар болудың қажеті жоқ!; Осынау, осы* ***үлке-е-ен*** *жиналыста,* ***ұлан-ғайыр*** *жиналыстың өзінде, айналайын, алтындай екі қарындасым ғана сөйледі...* |
| 5 | Прагматикалық деңгей | **Әсер ету стратегиялары:** *Онда қазақ тілі құраған тулақ қалпына қайта оралады! Орыс тілі өктемдігін жасайды, қазақ тілі қажетсіз болып қалады. Қазір де қажетті болып, шекесі қызып тұрғаны шамалы. Намыс қайда?*<br>**Аудиторияға қаратпа сөз:** *Қайда қазір солардың әділетті ұрпақтары!? Осыны ойладық па?* |
| 6 | Дискурсивті маркерлер | **Риторикалық сұрақтар:** *Өзімізді-өзіміз сыйламасақ, өзіміздің тілімізді өзіміз сыйламасақ, бұл тіл кімге керек? Басқалар соны қажет қыла ма? Осылай кете берсек, әргі жағы қалай болмақ? Осында орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар тұрған деген пікірлер айтылып жатыр. Онда оның мемлекеттік тілден қандай айырмашылығы бар? Орыс тілінің мұңы болғанда, қазақ тілі қайда бармақ? Қандай күн көрмек? Намыссыз, паспортсыз, жансыз өмір сүруге бола ма?* [47]. |

Берілген талдауда қаламгердің саяси дискурсында қолданылған бірнеше тілдік құралдардың көрінісін анықтадық. Дегенмен аталмыш ауызша дискурстың бар болғаны 3 мин 39 сек созылғанын ескерсек, сол уақыт ішінде сөйлеу әрекетінде

жүзеге асырылған тілдік әдіс-тәсілдер мен ойдың жинақылығы, дәлдігі, адресатқа тікелей әсер етуі ТТ когнитивтік-прагматикалық сипатының кеңдігі деп таныдық.

Қаламгердің саяси дискурсы қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік және саяси мәселелерінің өзекті тұстарын алға тартып, адресатты ақпараттандырумен қатар, белгілі мәселелердің пайда болу себебін, салдары мен шешімін ұсыну мақсатын, адресаттың сана-сезіміне әсер етуді мақсат етеді. Ауызша дискурстарындағы аудиторияның әрекеті мен эмоциясына, кері байланысына баса көңіл бөліп, саяси дискурстағы коммуникациялық үдерістің толық жүзеге асқанын анықтадық.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасы – белгілі бір ұстанымға негізделген, қоғамдық шындықтың мәдени-әлеуметтік жағдайын дискурсында ашық (эксплицитті түрде) танытатын дискурс авторы. Сондықтан тілдік тұлғаны этос, логос және пафос сияқты идеологиялық доминанттар негізінде сипаттауға болады.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының мәндік сипаттары:

1. *Этос-мотивациялық аспект:*

- жалпыадамзаттық және дәстүрлі мәдени құндылықтарды насихаттау (руханият, жақсылық, шындық, сүйіспеншілік және т.б.);
- діни-философиялық идеал: Аллаға (Құдай) сенім, парыз, намыс, рух;
- ақпараттық-аксиологиялық негіз: тақырып, эпиграф, мәтіннің басы мен аяғы;
- прецеденттік мәтіндерді қолдану («Үмітсіз шайтан»).

2. *Логос-тезаурустық аспект:*

- концептосферадағы қайшылықтар (ұлтын мақтан ететіндер мен менсінбейтіндер);
- тақырып аясы.

3. *Пафос-вербалды аспект:*

- философиялық, діни, әлеуметтік-саяси және т.б. лексика;
- риторикалық құралдар;
- эмоциялық әсер: патриотизм, гуманизм, сүйіспеншілік, адалдық және т.б.;
- пафос түрлері: драмалық, сентименталдық, сатиралық.

Этос лингвориторикалық категориясы мәдени-әлеуметтік пресуппозициялар мен мағыналық доминанттар арқылы көрінеді. Шерхан Мұртаза моральдық мәндерді лингвориторикалық механизмдер арқылы концептуалдау арқылы интенциясын білдіреді. Стилистикалық полифония арқылы тілдік тұлғаның этосы, яғни *діни-философиялық*, *рухани-адамгершілік* құндылықтары көрінеді. Бұл құндылықтар тілдік тұлғаның дискурстарында «Адам», «Рух», «Намыс» концептілері арқылы сипатталады.

Пафос лингвориторикалық категориясы эмоциялық-экспрессивтік тілдік және дискурстық құралдар арқылы беріледі. Шерхан Мұртаза дискурсында пафос перифраз, интертекстуалдық байланыстар, аллегория, аллюзиялар арқылы көрінеді.

Этос, логос және пафос түріндегі лингвориторикалық құндылықтар Шерхан Мұртаза дискурс-мәтіндерінің стильдік табиғатын айқындайды: публицистикалық, ғылыми, көркем стильдер моральдық-этикалық сөйлеу интенцияларын жеткізуге бағытталған.

Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының портретінің негізгі белгілері:

- көп дискурстық;
- дискурстық тәжірибесін көрсететін компоненттерден (аксиологиялық, дискурстық, мәтіндік, эмоциялық, стильдік, тілдік компоненттер) құрылған дискурстардың синкреттілігі;
- белгілі дискурстардың жиі қолданылуы нәтижесінде өзара байланыстырып, диффузиялық белгі қалыптастыратын дискурстық өріс.

Шерхан Мұртаза дискурсының ақпараттылығы публицистикалық мәтіндері негізінде қарастырылады. Шерхан Мұртаза шығармалары тақырыптық жағынан сан қырлы әрі өз дәуірінің айнасы болып табылады. Онда мәдениет, саясат, мораль, философия мәселелері жан-жақты сөз болған. Шерхан Мұртазаның идиостилінің тілдік әрі композициялық белгілері публицистиканың типтік стилдік моделімен салыстыру арқылы айқындалады. Публицистиканың негізгі стилдік константасы ретінде конструктивтік принцип – яғни экспрессия мен стандарттың үйлесімі, сондай-ақ ақпараттық және ықпал етуші функциялардың тоғысуы танылады. Тілдік тұлғаның мәтіндерінде тақырыптық, композициялық, фактологиялық, модальды ақпараттылық қамтылған. Зерттеу барысында М.Я. Блох [187], Ю.В. Головнева [184], Н.И. Клушина [188], И.С. Ленская [183] және басқа да ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Шерхан Мұртазаның публицистикалық мәтіндеріндегі ақпараттылық:

**1. Тақырыптық ақпараттылық.** Ол автордың мәтіндегі лексикалық өрісті ұйымдастыруы, синергетикалық құрылымы арқылы көрінеді. Тақырыптық ақпараттылық дегеніміз – публицистикалық мәтіндердің белгілі бір мәселе бойынша танымды кеңейту сипаты. Тақырыптық топ әлеуметтік бағытты анықтай отырып, өзек сөздер не туынды сөздер тізбегін құрайды.

**2. Композициялық ақпараттылық** – мәтіннің құрылымына қатысты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Синтаксистік деңгейде композицияны ұйымдастыратын әрі жиі кездесетін тәсіл – синтаксистік параллелизм арқылы жасалған қайталаулар: *«Армансыз адам – мелшиген есек сияқты. Біреулер бай болғанды **армандайды**. Біреулер бастық болсам деп **армандайды**. Көп қой. Біреу бар: бір үзім нанды **армандайды**... Бесікте жатқан баладан бастап, бәрімізге үйретіп, санамызды **улап жатыр, улап жатыр. Құдай біреу. Құдірет біреу**, ал дін көп екен, соның өкілдері Қазақстанда қаптап жүр... «Кедей бай болсам **дейді**, бай Құдай болсам **дейді**». Кедей бай болсам **деген** жерде тоқтай қалса ғой. Стоп! – **десе.** Жоқ, бай Құдай болсам **дейді**...»* [13, 297].

Кейде мұндай құрылымдардың бір элементін ғана қайталайды: *«Рух тірілді. Рух құлшынды. Рух алаулады... **Бар** мақсаты, **бар** арманы: өз жерін өзгелерге жем*

*қылмай, өзге елдер қатарлы бейбіт өмір сүру еді... Бұл құралды көбінесе* ***ақша*** *билеп тұр. Ақылды көбінесе* ***ақша*** *жеңіп тұр. Шетел кинолары, теледидары нашақорлықпен күрескен болып, сол нашаны, апиынды қалай таратудың әрқилы айла тәсілін үйретіп жатыр. Апиын –* ***ақша****. Арақ –* ***ақша****...»* [27].

Тілдік тұлғаның бірқатар тұжырым, постулаттары афоризмге айналып кеткен: Ұлттық сана-сезім торқадай тозған жерде ұлттық патриотизм де жетімсірейді... Орындалмаған заң мемлекеттің беделін түсіреді. Заңға деген халық сенімі жоғалады... Олар бәрібір арам жолмен тапқан малдан опа таппайды...

Жанрлық-композициялық деңгейде тілдік тұлға публицистикалық дискурстың ерекшелігін пайдаланып, жалынды сөздері мен тағылымды толғаныстарынан кейін оқырманды белгілі бір іске үндейді: Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды, өз ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сөзімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын ұмытпаңыздар!.. Тәуелсіздік таңы атты. Құтты болсын! Басымызға құт қонсын! Сол құтты үркітіп, ұшырып алмайық... *Ел басшылары, ауыл, аудан ағалары, зиялы қауым!* Әлгіндей табаға қалмас үшін де, тәуелсіздік туын құлатып алмас үшін де қазақша басылымдарды қолдайық... Түркі тілдес, түгел бол... Қазақстан сияқты еліннің барына, дүниеге қазақ болып жаралғаныңа масаттан, азамат... *Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, парақорлар, Қазақстан байлығын талан-таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, тұмшаламаңдар!»* [37].

Тілдік тұлғаның үндеулері әрдайым ашық түрде келе бермейді, көбінесе имплицитті түрде келеді: «Осының бәрі халықтың несібесі емес пе еді? Жекешелендіру дегенді ойлап таптық та әлі жеткен ту-талапай тонап алды да қойды, әлсіз халық құралақан қалды да қойды. Осы да реформа ма?! Бұл әлі арты ашылатын үлке-е-ен қылмыс... *Жекешелендір. Мейлі. Бірақ әділеттік қайда? Неге әркімнің еңбегіне, қоғамға қосқан үлесіне қарай бөлмейсің? Қолы жеткен алды-кетті деген бола ма екен?..* Тәуелсіздік біреу. Ол біз сияқты, қазақ сияқты халыққа жүздеген жылдардан кейін ғана келіп жеткен Алланың ақ нұры. Оған адал ниетті адамдар бәріміз тіреу болсақ қана заман түзелер... Бірақ жалған дүниедегі ізгілігің болса – ізгілігің, залымдығың болса – залымдығың ұмытылмайды. Алланың таразысы, космос компьютер қылаудай қате жібермей, бәрін шотқа салып отырады...» [13, 297-298].

Композициялық ақпарат үшін тақырыптың маңызы зор. Фактологиялық ақпараттылық – мерзімді басылым материалдарының оқырманға беймәлім, жаңа эмпирикалық не теориялық деректермен қанықтығы.

Модальды ақпараттылық – мәтіндегі модальдылық категориясының дискурстық деңгейде жүзеге асуынан туындайтын стилистикалық құрылым. Бұл тілдік құралдардан (бағалау сөздер, модальді етістіктер т.б.) бастап дискурстық

бірліктерге (интенциялар, қабылдау модустары, стратегиялар мен тактикалар) дейінгі кең ауқымды қамтиды.

Модальды ақпараттылық автор бейнесімен тығыз байланысты. Осыған орай біз үшін маңыздысы – дискурсқа сәйкес келетін автор бейнесі төрт деңгейден құралады:

1. мәтінді жасаған ұжымдық автор (басылым бейнесі);
2. жеке автор (журналист тұлғасының бейнесі);
3. тар мағынадағы автор бейнесі (идиостиль, риторикалық маска, рөл);
4. автор-персонаж [182, 25].

Қаламгердің публицистикалық мәтіндеріндегі ұлттық ділдің көрінісі нақты тұжырымдар мен автордың ой-пікірі, белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық жағдайға баға беру негізінде анықталады. Туындыгер «Абай сәулесі» атты мақаласында: *«Қазіргі кезде сауатсыз қазақ жоқ. Сауаттымын деген әрбір саналы адам кітап оқиды»,* – дейді. Сондай-ақ, *«Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес. Жалпы ондайды саналы адам деу қиын»* [4], – деп бір түйеді. Мұнда ұлттық ділдің көрінісі қазақтың білім мен ғылымға деген ұмтылысын сипаттайтын *«сауатсыз қазақ жоқ», «саналы адам кітап оқиды»* тіркестерінен байқалады. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған, халқын оқу мен білімге шақырған ақын Абайды атауы да кездейсоқ емес. Себебі Абай халқымыздың дүниетанымында өз жұртына хат тануды, ғылым іздеуді ғибрат еткен тұлға. Жазушы: *«Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады»* [4], – дейді. Бұл тармақтан ұлттық діліміздегі білім мен ғылымға қызығушылық секілді шексіз құрмет таным-түсінік сипатын аңғарамыз. Кітапты қадір тұтып, одан алған білімді кең жазира байлыққа теңеу арқылы ақынды тануға, оқуға, шығармашылыққа жетелейтін күшті байқаймыз. Абай кітабынан ерекше сәуле шашуы ақынның ғибратымен, өнегесімен танылады. Демек білім сәулесі құятын білімнің қазақ халқы танымындағы тәрбие және еркіндікке ұмтылу амалы екенін ұғамыз. «Айқайлап айтқан сөз» шығармасында: *«Бірақ адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады»* [48], – деген тұжырымды кездестіреміз. Бұл ұлттық ділдің айқын көрінісі. Өйткені өз сенімін, дінін берік ұстаған қазақ үшін дүние жалған және кез келген әрекет тек Алланың бұйрығымен орындалады. Бұл – қазаққа тән құбылыс.

Шерхан Мұртазаның «Қазақстанның байлығы 10 триллион доллар!» деген публицистикалық толғамында: *«Ата-бабамыздың қыруар күшімен, найзаның ұшымен қорғап, тұтастығын сақтап қалған қасиетті жеріміз қазына-байлыққа бай да жомарт болып шықты»* [49], – деген тармақтағы *«қыруар күшімен, найзаның ұшымен қорғап, тұтастығын сақтап қалған қасиетті жер»* ұғымы ұлттық ділге тән түсініктен туындап отыр. Қазақ үшін қашан да туған жерін қадір тұту, оны сақтап қалу бірінші парыз саналған. Ұлттық діліміздe бұл – киелі ұғым. Ертеден келе жатқан әдеби туындыларымыз бен тарихи деректерде де жер үшін жанын қиған талай батыр, талай қазақ тұлғасы танылғаны белгілі. *«Ауыл кетсе* –

*ұлттың ұйытқысы кетеді»* [50], – деп келетін автор тұжырымдары қазаққа тән ұлттық ділде халықтың ауылды ерекше мекен деп танитынын, ұлттың ұйытқысы ауылдан басталатынын білдіріп тұр. Ұлттық ділде ең маңызды деп танылатын – бірлік. Оны автор ұйытқы деп, ұлттың ұйытқысы үшін осындай берекелі мекеннің болуы тиіс екенін түсіндіреді. Бұл қаламгердің ғана ойы емес, күллі қазақ ұлтының ділінде сақталған ұғымы.

Сондай-ақ ұлттық ділдің көрінісі қаламгер шығармасындағы тіл туралы толғамынан да нық байқалады. Мәселен, ол 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған мына ойды назарға алады: *«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»* [189]. Себебі ұлттық ділде, яғни қазақы танымда тілдің рөлі жоғары. Әрі оның ұлттық маңызы зор жүкті артып тұрғаны аян. Қазақ діліндегі жайлы мекен «жерұйықты» табу, жұрт тыныштығын аңсау, айының оңынан тууы секілді таным-түсініктерді де қаламгер өзінің «Әкімдер де ант берсін» атты толғамында қолданады: *«...Қазақстанның айы оңынан туып, жұлдызы биіктен жарқырай берсе екен», «...Қазақстан баяғы бабалар аңсап өткен Жерұйыққа айналса екен»* [51]. Ұлттық ділімізде айдың оңынан тууы жақсылықпен сипатталады, сәттіліктің, оң іс-әрекеттің белгісін береді. Ал «жерұйық» ұғымы ұлттық ділде туған өлке, кең жазира, шалқар көл, асқар таулы аяулы туған жерін танумен анықталады.

Қаламгер публицистикалық мәтіндерінде *«Ғасырлар бойы ат үстінде өткен халық»*, *«...отансүйгіштігі, ұлтсүйерлігі»* [21] секілді тіркестерді қолдану арқылы ұлттық ділдің ақиқат көрінісін аша түседі. Ұлт ділінде халқымыздың ертеден ат үстінде күн кешкені, жерін, елін қорғағаны белгілі, сондықтан бүгінде ат қазақ дүниетанымында қасиетті жануар. Ал қазақтың отансүйгіштігі мен ұлтсүйерлік қасиеті тарих сахнасындағы талайғы оқиғалар тізбегінде айқын көрініс тапқан. Демек мұндай астарлы түсініктерді қолдану арқылы қаламгер ұлт ділінің бір қырын ашып, оны өз танымында түсіндіріп отыр. *«Бірақ дүние дүние болғалы сол шіріген байлықты ана жайға өзімен бірге ала кеткен ешкім жоқ. Бай болсаң да өлгеннен соң, басыңа алтын күмбез салмайды»* [52], автор қазақтың рухани тынысын, таным-түсінігін, бойында қалыптасқан ұлттық ділінің көрінісін оның дүниеге деген көзқарасы тұрғысынан берген. Қазақ үшін мына өмір мен о дүниенің мәні әрдайым маңызды болған, сондықтан ол үшін материалдық дүниенің маңызы емес, дүниедегі атқарған адал ісі мен азаматтығы, адамгершілік ұстанымы алғы шепте болған. Қаламгер өзінің публицистикалық туындыларында ұлттық діл көрінісін осындай ертеден қалыптасқан мәдениет пен әдет-ғұрып, дүниетанымдық көзқарас, сенім, ұстаным мен қасиеттер негізінде ұсынады әрі оны бүгінгі қоғамның әлеуметтік, қоғамдық мәселелері, идеологиялық сипаттағы іс-әрекеттер, өзінің көзқарасы мен түйген тұжырымдарына сай жүйелеп ұсынады.

Шерхан Мұртаза өзінің публицистикалық мәтіндерінде ұлттық ділдің оң әрі жақсы жағын, қазаққа тән жақсы қасиеттерді ғана көрсетіп қоймай, қазақ бойынан тыйып, жоюы керек қасиеттерді де мысалға алады. *«Соның бірі – жүзге бөліну»* [5],

– дейді автор. Ұлттық ділде қалыптасқан жүзге бөлінудің туыстықты анықтаудан бөлек, әрі кететін жағымсыз тұстарын сынай отырып, Абайдың достық туралы сөзін мысалға алады. Қазақ бір-бірін дос, бауыр деп тануы керектігін айта отырып, діліміздегі осы бір жаман қасиетті, мұндай бөлінуден туған демографиялық орасан апаттан құтылуымыз керек дегенді түсіндіреді. Бұл ойын қаламгер *«Ырыс алды – ынтымақ»* [5] деген халық мақалын мысалға ала отырып қорытындылайды. Ұлттық ділде «ынтымақ» ұғымы ертеден-ақ қалыптасқан ең ұлы қасиет. Күллі халықтың ынтымаққа жетуі жеке адамдардың өзара достығына бағынышты екенін автор астарлай баяндайды.

Қаламгердің қазақ діліне тән кішіпейілдік пен адамгершілік қасиеттерін айқындайтын әрекеттерді де осы публицистикалық мәтінінде негізге алады. Автордың өз бойындағы қазақы діл көрінісін де оның сұхбатындағы тілшінің: *«Ұлық болсаң – кішік бол!»* [5], – деп бұрынғының мақалын, яғни қазақ бойындағы асыл құпиясы – үлкенге құрметпен қарау, кішіге ізеттілік таныту секілді адамгершілік сипатымен түсіндіруінен және оны Шерхан Мұртазаның адамдық табиғатына телуінен көреміз.

## Үшінші тарау бойынша түйін

Шерхан Мұртаза публицистикалық мәтіндерінде тақырыптық, композициялық, фактологиялық және модальдық ақпараттар өзара тығыз байланысып, тұтас өріс құрайды. Мұндай мәтіндерде дискурсема нақты синтаксистік шекарасы жоқ, сөз, сөз тіркесі немесе қысқа сөйлем төңірегінде ұйымдасқан ақпараттық өзек ретінде қарастырылады. Сонымен қатар мәтіндердегі ақпараттардың өзара әрекеттесуі публицистикалық стильдің тұрақты белгілеріне сай келеді әрі тілдік тұлғаның ұстанымдарымен тығыз байланысты. Автордың өзіндік қолданыстарын, дискурстарының тілдік ерекшелігін талдау нәтижесінде тілдік тұлғаның өзіндік идиостилінің қалыптасқанын көреміз.

Шерхан Мұртаза сентенциялары, біріншіден, адам және оның тіршілік мәні Автор ар-ұждан, әділет, адамгершілік, жауапкершілік, еркіндік, борыш т.с.с. философиялық категорияларды нақты бейнелер, сюжеттік желі, эмоциялы-экспрессивті, бағалауыштық лексика арқылы береді. Тілдік тұлғаның философиялық дискурсында автордың азаматтық позициясы, ұстанымы, ойының, пайымының тереңдігі, түсінігінің молдығы көрінеді. Бұл орайда тілдік тұлғаның идиостилі ұлттық рухты көтеретін, мәдени-әлеуметтік контекске негізделген, көркем әрі концептуалды баяндау үлгісімен сипатталады. Сөз зергері философиялық пайымды сырттай сипаттап қана қоймай, кейіпкер санасындағы ішкі диалог арқылы да береді. Сол арқылы тілдік тұлғаның когнитивтік моделі, ішкі ойлау құрылымын көрінеді. Шерхан Мұртазаның философиялық дискурсын ұлттық дүниетанымды танытатын, рух пен парасатты тіл арқылы көркем бейнелейтін фнеомен ретінде қарастыруға болады.

Когнитивтік және лингвориторикалық аспектілер Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының лингвоментальдық кеңістігінің өзегін құрайды. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты портретінің құрамдас бөліктеріне коммуникативтік-дискурстық кеңістіктің **ақпараттық-аксиологиялық сипаты**; көп дискурсты кеңістіктің **бейнелі жүйесі,** мәтіндегі автор бейнесі – коммуникативтік «Мені»; тілдік тұлғаның көп дискурсты портретінің дербес компоненті; көп дискурсты кеңістіктің **жанрлық-стильдік ерекшеліктері** (көп жанрлылық, паратекст, циклдік құрылым) жатады.

Көп дискурсты кеңістік – тілдік тұлға қалыптасатын орта. Шерхан Мұртазаның ақпараттық-аксиологиялық, дискурстық, эмотивтік-бағалауыштық, метамәтіндік, стильдік, жанрлық ерекшеліктері арқылы тілдік тұлғаның көп дискурсты портреті айқындалады. Шерхан Мұртаза мәтіндерінің тілдік ерекшелігі, ең алдымен, лексикалық деңгейде көрінеді. Әсіресе бағалауыштық, эмотивтік-экспрессивтік лексиканың орны ерекше. Сонымен қатар бұл ерекшеліктер автордың синтаксистік құралдарын қолдануынан да байқалады, сол арқылы баяндаудың экспрессиясы күшейеді. Сол арқылы көп дискурсты кеңістіктің эмоциялық-бағалауыштық мәні көрінеді. Ол кейіпкерлердің эмоциясы, авторлық қолданыстарда көрініс табады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасы өте ауқымды әрі күрделі болғандықтан, бір жұмыстың көлемінде барлық сөйлеу жағдаяттарын, сөйлеу актілерін, барлық жанрды қамти отырып, тілдік тұлға портретін толық талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан талдау үшін негізгі әдіс ретінде материал іріктеліп алынды. Талдау бірлігі ретінде дискурсемалар, яғни дискурстық ерекшелігі бар мәтін фрагменттері (сөзден бастап күрделі синтаксистік құрылымға дейін) алынды. Дискурсема адресант концепциясы үшін өте маңызды болғандықтан, ол бүтіннің бөлшегі ретінде сипатталды. Қаламгердің көп дискурсы ТТ тануда қаламгердің көркемдік мәнерін (идиостилін), дискурсивті тәжірибесінің түрлі саладағы тілдік ерекшелігін, өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді. Осыған сәйкес Ш. Мұртаза ТТ-сының конгитивтік-прагматикалық сипатының көркем дискурс негізінде анықталуында, мысалы, автордың көркем мәтіндерінде мақал-мәтелдер, когезия мен ретроспекциялық қолданыстарды жиі байқасақ, публицистикалық дискурсында риториканы, эмоционалды бояуға негізделген лексиканы, оқырман мен тыңдаушыға арналған үндеулер, тұспалдар мен дәйексөздерді жиі кездестіреміз. Ал философиялық дискурста ұғымдардың сентенцияларды, анықтамаларын (дефинициялarын), логикалық құрылым мен аргументтілікті, абстрактілі номинализацияны, сонымен қатар, мұнда да дәйексөздер мен интертекстуалдық, метатілдік және тіл рефлексиясын байқаймыз. Саяси дискурс негізінде ТТ анықтауда Ш. Мұртаза тілдік қолданысынан эмоцияға әсер ету (патетика), қарапайым лексика мен қайталаулар мен ұрандар т.б. байқаймыз.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Когнитивтік-дискурстық және коммуникативтік-прагматикалық білім парадигмаларына сәйкес Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы қазақ сөз өнерінің дамуына, қоғамдық пікірдің орнығуына зор үлес қосқан, өзіндік идеостилі бар тілдік тұлғаның ерекше түрі ретінде көрінеді. Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы қазақ халқының ұлттық санасына, мәдениеті мен білімінің дамуына, дәстүрлі құндылықтарының сақталуына ерекше мән берген тұлға ретінде сипатталады. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасының дискурстық сипатын зерделеу дискурсология, аксиологиялық лингвистика, лингвориторика теориясы үшін өзекті болып табылады.

Шерхан Мұртаза мұрасына қатысты когнитивтік-стильдік және лингвориторикалық компоненттерді талдау арқылы дискурстық тұлғаның қызметі тілдік тұлға ретінде сипатталды. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасының ерекшелігін көрсету үшін сөз зергерінің тілдік санасының, когнитивтік стилінің, сондай-ақ дискурстық әрекеттегі когнитивтік және лингвориторикалық механизмдер арқылы объективтенген ерекшеліктері анықталды.

Дискурстық тұлғаның когнитивтік стилі мағыналық тұтастық деңгейінде дискурстың ерекшелігін айқындайтын когнитивтік механизмдер арқылы ерекшеленеді. Когнитивтік стильдің құрамдас бөліктеріне ғаламды концептуализациялау когнитивтік механизмдері; ғаламды интерпретациялау когнитивтік механизмдері; шындық болмысты қабылдау тәсілдері; дискурста көрініс табатын білім құрылымдары; ақпаратты беру мәнері; ақпаратты трансляциялау тәсілдері; тілдік тұлғаның концептуалдық кеңістігін ұйымдастыру тәсілдері; ойды ұйымдастыру тәсілдері; өзін өзі таныту тәсілдері жатады. Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының менталдық кеңістігінің негізіндегі когнитивтік стиль дискурс әрекетіндегі тілдік тұлғаның когнитивтік болмысын танытатын белгілерден тұрады.

Зерттеу барысында қолданылған когнитивтік-дискурстық және коммуникативтік-прагматикалық тәсілдер арқылы Шерхан Мұртазаның қызметі дискурстық практика ретінде қарастырылды; тілдік тұлғаның дискурсы сөйлеу-ойлау қызметінің өнімі ретінде сипатталды; идея, концепциялары құрылымдалып, тілдік және идиостильдік құралдардың синкреттік жүйесі арқылы объективтендірілді. Соның негізінде Шерхан Мұртаза дискурстық әрекетінің экстралингвистикалық сипаты айқындалды; тілдік тұлғаның көп дискурсты кеңістігі дискурс әрекетінің спектрлері арқылы сипатталды; «идиолект vs идиостиль» дихотомиясы арқылы негізгі және қосалқы дискурстары айқындалды.

Шерхан Мұртазаның дискурсы ұлттық-мәдени контексте қалыптасты. Шерхан Мұртазаның бірнеше бағытта жүзеге асқан дискурстық қызметі мазмұндық және құндылықтық негіздері жағынан өзара байланысты. Тілдік тұлғаның

аксиологиялық дүниетанымы көп дискурсты мұрамен, дискурстық өрістің ерекшеліктерімен байланысты.

Зерттеу жұмысы Шерхан Мұртазаның публицистикалық, ғылыми-көпшілік, философиялық, көркем мәтіндері негізінде жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде Шерхан Мұртазаның идиостилі әртүрлі тілдік құралдар мен тәсілдер арқылы, соның ішінде мәтін ішіндегі сөйлеу жанрларының композициясы арқылы қалыптасқаны айқындалды.

Эпистемологиялық субстиль тұрғысынан алғанда, Шерхан Мұртазаның идиостилі рационалистік, эмпирикалық, метафоралық сипаттарға ие. Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының дүниетанымдық ерекшеліктері рационалдық және бейнелілік тәсілдерінің үйлесімі ретінде сипатталады. Шерхан Мұртазаның идиодискурсы – тілдік тұлғаның дискурстық тәжірибелері мен ауызша, жазбаша, ойдағы дискурстар жиынтығы ретінде сипатталады. Бұл идиостильдік кешенді модельде форма (мәдени-тілдік бөлік), қызмет (коммуникативтік бөлік), мазмұн (когнитивтік бөлік) қамтылған. Идиодискурс тарихи жағынан және тұлғаның даралық сипаттары арқылы ерекшеленеді. Онда адам бейнесі маңызды орын алған.

Көп дискурстық теориясы бойынша, Шерхан Мұртазаның әртүрлі дискурстар мен жанрларда жазылған мәтіндері жеке тілдік портрет құрайтын авторлық дискурс сипаттамасы ретінде қарастырылды, тілдік тұлға дискурстарының тілдік, жанрлық, аксиологиялық, риторикалық, прагматикалық, когнитивтік және т.б. ерекшеліктері талданды.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тұлғасы әлеуметтік факторларға байланысты. Шерхан Мұртаза әртүрлі дискурстық рөлдерде көрініп, түрлі дискурстарда қызмет еткені, яғни оның тұлғасы – көп дискурстық. Көп дискурсты тұлғаның тұтастығы ментальдік кеңістігі, яғни тілдік тұлға дискурстық кеңістігінде дискурсемалар арқылы репрезентацияланатын когнитивтік құрылымдар арқылы айқындалады.

Көп дискурсты кеңістік ұғымы Шерхан Мұртазаның дискурстық қызметі ретінде қарастырылады. Бұл қызметтің вербалды компонентіне лексикон, грамматикон, стильдік фон, коммуникативтік-жанрлық репертуар жатады. Лингвориторикалық реконструкция әдісі арқылы тілдік және экстралингвистикалық факторлардың өзара байланысы анықталды, олар кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуына, идеясына, концептуарий мен идиоглоссарийге, концептуалдық дүниетанымына әсер етеді.

Шерхан Мұртазаның идиостиліне тән идиоглоссалар:

Әлеуметтік модус идиоглоссалары – *қоғам, халық, мемлекет, ел, Отан, ұлт, қазақ, азамат, тіл, тарих, еркіндік, әділет, жетім, оқу, білім, таным, ғылым, билік, пайда, еңбек* т.б. «Қоғам», «Заман», «Патриотизм» концептілерін репрезентациялайды.

Моральдық модус идиоглоссалары – *Алла, Құдай, рух, намыс, ақыл, жүрек, бақыт, жан, мінез-құлық, сот, қылмыс,* жемқорлық пен парақорлық,

шенқұмарлық, *атаққұмарлық, шындық, жақсылық, жамандық, парасат, сабыр, ар, ар-ұждан* «Адам», «Рух», «Намыс» концептілерін білдіреді.

Идиоглоссалар мен концептілер автордың дүниетанымын және стилінің ерекшелігін көрсетеді. Дискурс мәтіндеріндегі концептілер автор бейнесінің ерекшелігін көрсетеді. Сол арқылы тілдік тұлғаның көп дискурсты кеңістігі айқындалады. Көп дискурсты кеңістіктің құрылымдық платформасы дискурстық өріс ретінде анықталып, дискурс, доминант, концепт, идиоглосса оның феномендік координаталары мен базалық категориялары ретінде сипатталды. Олар тақырыптық метамәтін, мақалалар, дискурсемалар негізінде біртұтас матрица құрайды.

Шерхан Мұртазаның дискурстық өрісінің доминанттарына көркем, журналистік, саяси-әлеуметтік, философиялық, тәрбиелік, сатиралық, полемикалық дискурстар жатады. Сөз зергерінің көп дискурсты кеңістігі моральдық концептуализацияға негізделген (этостық лингвориторикалық доминант). Тілдік тұлғаның концептосферасы әр дискурста ой елегінен өткізіліп, ментальдік кеңістікке енгізіледі. Ол кеңістік доминанттар, концептілер, идиоглоссалар, пресуппозициялар, құндылықтық бағдарлар, қабылдау модустары, идеялар, мағыналық құрылымдардан құралады.

Шерхан Мұртазаның лексиконы әртүрлі жанр мен тілдік тұлға сипаттарына сай алуан түрлі болып келеді. Басты концептілері мен идиоглоссалары автордың идеяларын, дүниетанымын білдіріп, тезаурус құрады. Идиостильді сипаттайтын тілдік және дискурстық құралдарға автор стилінің маркерлері және оның дискурстық стилін білдіретін құралдар жатады. Тілдік тұлғаның дискурстарындағы басты концептілер (*«Адам», «Патриотизм», «Рух», «Намыс» «Алла», «Тәрбие», т.б.)* мен ментальдік кеңістік идиоглоссалары көп дискурсты кеңістіктің концептуалдық бірлігін құрайды. Концептілер мен идиоглоссалар бір-біріне әсер етеді. Көптеген концептілер дискурста персонификацияланып, автордың аксиологиясын танытады.

Мағыналық конструкттар ұлтын сүйетін, мақтан ететін тұлға қалыптастыру, қоғамның, мемлекеттің өркендеуі, этномәдени құндылықтардың мылтықсыз майдан арқылы сырттан келіп жатқан «құндылықтардан» артықшылығы және т.б. автор дүниетанымының құндылық бейнесін көрсетеді.

Көп дискурсты кеңістік моделі Шерхан Мұртаза тілдік тұлғасының ерекшеліктерін тілдік тұрғыда сипаттайды. Пресуппозиция, оппозиция, идея, мағыналық доминант, концепт, идиоглоссалар дискурстық тұлғаның құндылықтық ұстанымдарында көрініс тапқан. Зерттеу барысында мәтіндер топтастырылып, дискурстар идентификацияланып, әр дискурс стильдік тұрғыдан талданды, экстралингвистикалық параметрлері айқындалды; негізгі дискурстық жанрлар мен стратегиялар айқындалды; лексикон, грамматикон деңгейіндегі тілдік ерекшеліктер, автордың көркемдегіш құралдары, идиостиль элементтері талданып, көп дискурсты кеңістікте идиодискурс ретінде біріктірілді. Мәтіндер негізінде реконструкцияланған көп дискурсты кеңістік тілдік тұлғаның дискурстық

портретін көрсетеді. Зерттеу жұмысы көп дискурсты портретті сипаттау, оның когнитивтік және стильдік аспектілерін, дискурстық вариацияларды қарастыру арқылы лингвопортреттеу теориясының өзекті мәселелерін шешуге үлес қосады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты портреті:

1. ақпараттық-аксиологиялық ерекшелік (тақырыптық доминанттар мен аксиологиялық векторлардан тұрады; олар бейнелік жүйе арқылы репрезентацияланады; концептуарий мәтіндердің метабейнелерін қамтиды);

2. эмоциялық-бағалауыштық ерекшелік (интеллектуалдық және эмоциялық сипаттардың өзара байланысы мен бағалау интенсификаторлары арқылы көрінеді);

3. метамәтіндік ерекшелік (автордың концептуалды дүниетанымын бейнелейді; метамәтін диалогтық өлшемдегі дискурс ретінде қарастырылады);

4. стильдік ерекшелік (тілдік тұлғаның идиостилі шеңберіндегі дискурстық әрекеттер ретінде жеке дискурсын көрсетеді; авторлық баяндаудың нарративтік ерекшелігі дүниетаным қалыптастырады);

5. жанрлық-стильдік ерекшелік (Шерхан Мұртаза мұрасының көп жанрлылығы мен көп стильділігіне негізделген; шындықты бейнелеу тәсілі ретінде қолданылған циклдендіру идиостильдің тұрақты элементіне айналады);

6. дискурстық ерекшелік (публицистика тілінің ерекшеліктері, функционалдық стиль константалары, метафоралық стиль сияқты стильдік белгілермен айқындалады).

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының ойды ұйымдастыру тәсілдері көп дискурсты кеңістікте тікелей (ашық айтылған идея, сентенция тұжырымдар) және жанама (бейнелі құралдар, астарлы мағына, подтекст) түрде беріледі.

Мағына метафора, метонимия, типтендіру, символ, аллегория, концептуалдық деривация, концептуалдық өрістерді біріктіру т.с.с. когнитивтік механизмдер арқылы жүзеге асады. Тілдік тұлғаның эмоциялық-экспрессивтік деңгейі экспрессиясы күшті, эмоциясы басым бағалауыш мәнді лексика арқылы көрінеді. Басты аксиологиялық бағдар – адресанттың құндылықтық жүйесі.

Зерттеу барысында Шерхан Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлғасының лингвоменталдық кеңістігінің ерекшеліктері айқындалды. Мұнда этномәдени моральдық құндылықтар негізге алынды. Тілдік тұлғаны сипаттауда концептуалдық белгілер, көп дискурсты портрет пен кеңістік үлгілері нақтыланды.

Көп дискурсты тілдік тұлғаны сипаттаудағы ұстанымдар:

1. тілдік тұлғаның лингвоментальдік кеңістігін талдау – оның ойлау жүйесі, дүниетанымы, ғаламды қабылдау тәсілдері мен идеологиясына негізделуі тиіс;

2. тілдік тұлға қызмет еткен кезеңнің мәдени-әлеуметтік контексі ескерілуі керек;

3. тілдік бірліктердің сол кезеңдегі мәдени-әлеуметтік кеңістіктегі ерекшеліктерін (мағыналық ауысу, коннотация қосылу, мағынаның кеңеюі мен тарылуы) ескеру керек;

4. тілдік және менталдық аспектілердің өзара байланысы ескерілуі керек;

5. дискурс сипатының ментальдік кеңістікке тәуелді болатынын ескеру керек.

Зерттеу нәтижесінде концептілер мен идиоглоссалардың репрезентациялау тәсілдері, өзара әрекеттесу сипаты мен қызметі анықталды. Концептілер мен идиоглоссалар лингвоменталдық кеңістіктің доминанттары ретінде анықталды. Концептілер мен білім құрылымдарының репрезентациясы талданды. Тілдік тұлғаның дискурстық қызметі лингвоментальдік кеңістігінің ерекшеліктеріне байланысты болады. Лингвоментальдік кеңістік этномәдени сана, дүниетаным, ұлттық тілдік менталитет, лингвориторикалық идеал, идеология және қабылдау ерекшеліктеріне негізделеді. Дискурстық сипат көп дискурсты кеңістіктегі жанрлық ерекшеліктер мен лингвоментальдік белгілер арқылы айқындалады.

Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғасының мәдени және әлеуметтік лингвистикалық сипаты сөз зергерінің дискурсында когнитивтік-стильдік мазмұн арқылы көрініс табады.

Зерттеу нәтижесінде Шерхан Мұртазаның көп дискурсты тілдік тұлғаға жататыны дәлелденіп, көп дискурсты портреті жасалды, тілдік тұлғаның көп қырлы тілдік болмысы нақтыланды. Синкреттік тілдік тұлғаның дискурстық ерекшелігі сипатталып, көп дискурсты кеңістік пен дискурстық өріс үлгілері жасалды. Зерттеудің пәнаралық сипаты мен интегративтік тәсілі сапалы нәтижелерге қол жеткізуге, олардың дұрыстығы мен практикалық құндылығын дәлелдеуге мүмкіндік берді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Богин Г.И. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов: Автореф. дис. … докт. филол. наук: 10.02.19. – Л., 1984. – 354 с.

2 Гердер И.Г. Трактат о происхождении языка / вступ.ст. В.М. Жирмунского. Изд. 2-е. – Москва: ЛКИ, 2007. – 88 с.

3 Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию: пер. с нем. – Москва: Прогресс, 2000. – 400 с.

4 Слюсарева Н.А. Теория Ф. де Соссюра в современной лингвистики. Изд. 2-е, испр. – Москва: Эдиториал УРСС, 2004. – 112 с.

5 Казмирук М.В. Самореферентность языка в фундаментальной онтологии М. Хайдеггера: дис. на соиск. учен. степ. кандидата философских наук: 09.00.13 – религиоведение, философская антропология, и философия культуры, 2007. – 145 с.

6 Вайсгербер Й.Л. Родной язык и формирование духа: пер. с нем. / вступ. ст. и коммент. О.А. Радченко. Изд. 3-е. – Москва: Книжный дом ЛИБРОКОМ, 2009. – 232 с.

7 Бенвенист Э. Общая лингвистика: пер. с фр. Изд. 4-е. – Москва: Книжный дом ЛИБРОКОМ, 2010. – 448 с.

8 Виноградов В.В. Избранные труды: О языке художественной прозы. – М.: Наука, 1980. – 360 с.

9 Богин Г.И. Современная лингводидактика. – Калинин: Калинин. гос. ун-т, 1980. – 61 с.

10 Иванцова Е.В. Проблемы формирования методологических основ лингвоперсонологии // Вестник Томского гос. ун-та. – 2008. – № 3 (4). – С. 27–43.

11 Ворожбитова А.А. Нет личности, кроме языковой! (к упорядочению понятийного аппарата антрополингвистики: Сочинская лингвориторическая школа) // Мова – література – мистецтво: когнітивно-семіотичний інтерфейс / Матеріали Міжнародної наукової конференції. 25–27 вересня. – Київ: Вид центр КНЛУ, 2014. – 144 с.

12 Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: курс лекций. – М.: Гнозис, 2001. – 270 с.

13 Бабушкин А.П. Концепты разных типов в лексике и фразеологии и методика их выявления // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С. 52–57.

14 Ахметжанова З., Мусатаева М. Актуальные проблемы когнитивной лингвистики и лингвокультурологии. – Алматы: Print, 2013. – 231 с.

15 Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2020. – 180 б.

16 Сыздық Р. Сөз құдіреті. https://kitap.kz/book/4571/read#epubcfi(/6/8[id4]!/4/170/1:67) 25.10.2024.

17 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Изд. 7-е. – М.: ЛКИ, 2010. – 264 с.

18 Трубецкой Н.С. К проблеме русского самопознания: собр. ст. – Париж: Евразийское книгоизд-во, 1927. – 94 с.

19 Нерознак В.П. Лингвистическая персонология: к определению статуса дисциплины // Язык. Поэтика. Перевод. – М., 1996. – № 426. – С. 112−116.

20 Ворожбитова А.А. Теория текста: антропоцентрическое направление: учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2005. – 367 с.

21 Воркачев С.Г. Этносемантика паремии: сопоставительный анализ метафоризированных показателей безразличия в русском и испанском языках // Языковая личность: культурные концепты. – Волгоград; Архангельск, 1996. – С. 16−25.

22 Карасик В.И. Модельная личность как лингвокультурный концепт // Филология и культура: Материалы 3-й Междунар. науч. конф. Ч. 2. – Тамбов, 2001. – С. 98−101.

23 Иванцова Е.В. Лингвоперсонология. Основы теории языковой личности. для студентов высших учебных заведений в качестве учебного пособия по направлению 031000 и специальности 031001 – «Филология». – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2010. – 158 с.

24 Беспамятнова Г.Н. Языковая личность телевизионного ведущего: Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Воронеж: Гос. ун-т., 1994. – 19 с.

25 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

26 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том: Көсемсөз, әдеби сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 400 б.

27 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы / Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. Құраст. Н. Қуантаев. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

28 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. С. Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

29 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.

30 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

31 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мем. оқу-педагогика баспасы, 1960. – 224 б.

32 Ислам А. Лингвомәдениеттану және тілдік мәдени тұлға концепциясы // Тілтаным. – 2003. – №1. – Б. 175−176.

33 Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: Фил. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 120 б.

34 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1968. – 128 б.

35 Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвопоэтикалық кеңістігі. – Алматы: Елтаным, 2013. – 328 б.

36 Жұбай О. Абайдың сөз толғамы. – Астана, 2022. – 105 б.

37 Манкеева Ж. Ғ. Мұстафин шығармаларының мәтінін лингвомәдениеттік аспектіде зерттеу («Шығанақ» романы бойынша) // «Ғ. Мұстафин және қазіргі қазақ прозасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2002. – 274 б.

38 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

39 Құрманбайұлы Ш., Жұмабаева Ж. Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №1 (134). – Б. 70−75. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-70-75

40 Смағұлова Г. Н. Көркем мәтін лингвистикасы: оқулық. – Алматы: Триумф, 2007. – 152 б.

41 Терекова Ф. Языковая личность К.К. Жубанова (социолингвистическое освещение): автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2004. – 20 с.

42 Искакова К.А., Евтюгина А.А., Кушкарова Г.К. Полидискурсивность как характерный признак языковой личности А. Кекильбаева // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2022. – Т. 67. № 4. – С. 1– 14. DOI: 10.48371/PHILS.2022.67.4.006

43 Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 276 б.

44 Сулейменова Э. Реминисценции о картине мира – языковой картине мира // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2013. – № 3 (143). – С. 121–125.

45 Момынова Б.Қ. Шәкәрім шығармаларының тілі. – Алматы: Қазақ тілі, 2020. – 260 б.

46 Рахымжанов, К. М. Әуезов драматургиясы: өмір шындығы және көркемдік шешім: филология ғылымдарының кан... дис. автореферат. – Алматы, 2010. – 24 б.

47 Нұрдаулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. – Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.

48 Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 303 б.

49 Нұрмұқанов Х. М. Әуезов драмалық шығармаларының эмоционалды-экспрессивті лексикасы: филология ғылымдарының кан... дис. автореферат: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 30 б.

50 Оспанов Е. Тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты (Ғ. Мүсірепов шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 40 б.

51 Зекенова А. М. Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантативтік стильдік сипаты: фил.ғыл. канд. ... дис.: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 147 б.

52 Снасапова Г. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол.ғыл.канд ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 29 б.

53 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол.ғыл.канд ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 27 б.

54 Сапарбекова Г. Шежіреші тілдік тұлғасы (Әбілғазы баһадүрдің «Түркі шежіресі» ескерткіші материалы негізінде зерттеу): фил. ғыл. кандид. ...дис.: 10.02.06. – Алматы, 2010. – 158 б.

55 Имашева Г. М. Дулатов шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері // «Жұбанов тағылымы» атты VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Ақтөбе, 2005. – Б. 114−117.

56 Ермекова Ж. М. Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 141 б.

57 Кушкимбаева А. А. Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2013. – Б. 367-371.

58 Ниятова Ш. Махамбеттің тілдік тұлғасы. филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 26 б.

59 Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің тілдік тұлғасы. филол.ғыл.канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы: 2005. – 109 б.

60 Жуминова А. Тезаурус языковой личности поэта О. Сулейменова: автореф. ... канд.фил.наук: 10.02.20. – Алматы, 2003. – 131 с.

61 Имашева Г. М. Дулатұлының тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2008. – 132 б.

62 Сабирова Г. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу (Ж. Нәжімеденов шығармашылық тілі негізінде): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 141 б.

63 Қасенов Е. І. Жансүгіров поэзиясындағы «жалғыздық» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №4 (62). – Б. 74–75.

64 Кушкимбаева А. Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы (драмалық шығармалары негізінде): философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2015. – 158 б.

65 Хусаинов К. В.В. Радлов и казахский язык. – Алматы: Наука, 1981. – 172

с.

66 Ертаев К. Лингвистический статус послелогов в трудах Радлова: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1992. – 21 с.

67 Тектіғұлова Ж. Қ. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары. Филология ғылымдарының кан... дис. – Алматы, 1994. – 124 б.

68 Әмірова Г. Академик Н.Т. Сауранбаевтың еңбектеріндегі қазақ тілі морфологиясының теориялық мәселелері. Филология ғылымдарының кан... дис. – Алматы, 1997. – 167 б.

69 Боранбай Б. С. Жиенбаевтың лингвистикалық мұралары. Филология ғылымдарының кан... дис. – Алматы, 1997. – 127 б.

70 Омарова А. Профессор Қ.Қ. Жұбановтың етістіктер туралы ғылыми еңбегі, оның ғылымның кейінгі дамуына ықпалы. Филология ғылымдарының кан... дис. – Алматы, 1999. – 126 б.

71 Салқынбай А.Б. Қазақ тілі: Сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 390 б.

72 Алкебаева Д. Абай шығармаларындағы «сөз» концептісінің әлеуметтік мәні // Құтты білік. – 2025. – Т.2. №2. – Б. 46–55.

73 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.

74 Попова З. Д., Стернин И. А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ; Восток-Запад, 2007. – 314 с.

75 Красных В.В. Основные постулаты и некоторые базовые понятия лингвокультурологии // Русский язык за рубежом. – 2011. – № 4. – С. 60–66.

76 Иванов Д.И. Когнитивно-прагматическая программа синтетической языковой личности: общие вопросы // Филологические науки. Вопросы теории и практика. – 2016. – № (12)66. – С. 107−111.

77 Қадырова Б.М. Қазіргі ғылыми парадигмадағы тілдік тұлға // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. – № 4. – Б. 99−104.

78 Карасик В.И. Дискурсивная персонология // Язык, коммуникация и социальная среда. – Воронеж: ВГУ, 2007. – Вып. 7. – С. 78–86.

79 Манаенко Г.Н. Методологические и теоретические аспекты когнитивно-дискурсивных исследований языка: Монография. – Ставрополь: СКФУ, 2016. – 207 с.

80 Чернявская В.Е. Лингвистика текста. Лингвистика дискурса. – М.: Флинта: Наука, 2013. – 201 с.

81 Борботько В.Г. Принципы формирования дискурса: Отпсихолингвистики к лингвосинергетике. – 4-е изд. – М.: Либроком, 2011. – 288 с.

82 Бобырева Е.В. Религиозный дискурс: ценности, жанры, стратегии (на

материале православного вероучения): автореф. дис. … д-ра филол. наук: 10.02.19. – Волгоград: Перемена, 2007. – 385 с.

83 Дейк Т. А. ван. Дискурс и власть: Репрезентация доминирования в языке и коммуникации. – М.: Книжный дом «Либроком», 2013. – 344 с.

84 Загнітко А.П. Основи дискурсології. – Донецьк: ДонНУ, 2008. – 194 с.

85 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.

86 Tahir-Gürçağlar Ş. What Texts don't Tell. The Uses of Paratexts in translation Research // Translation Studies II – Historical and ideological issues. – Manchester: St. Jerome, 2002. – P. 46-60.

87 Barker C. Cultural studies and discourse analysis: A dialogue on language and identity. – London: Sage, 2001. – 192 p.

88 Blakemore D. Relevance and Linguistic Meaning: The Semantics and Pragmatics of Discourse Markers. – Cambridge: University Press, 2002. – 200 p.

89 Чернышова Т.В. Тексты в СМИ в ментально-языковом пространства современной России. – М.: ЛКИ, 2007. – 296 с.

90 Курчак Л.В. Дискурс деловых переговоров: опыт анализа. – Минск: БГУ, 2012. – 127 с.

91 Савич Е.В. Медийный дискурс лоббирования: опыт анализа. – Минск: БГУ, 2012. – 139 с.

92 Bilodeau I. Bending conventions: agency and self-portrayals in Japanese translator commentary // Japan Forum. – 2019. – Vol. 31, № 1. – P. 64−85.

93 Van Dijk T.A. Introduction: Discourse and Domination // Van Dijk T.A. Discourse and Power. – N. Y.: Palgrave Macmillan, 2008. – P. 1−26.

94 Дискурс и догма. Под общ. ред. В. Е. Хвощева, М. А. Малышева. – Челябинск: НОЦ «КПСП»: Издат. центр ЮУрГУ, 2013. – 195 с.

95 Степанов Ю.С. Концепты: тонкая пленка цивилизации. – М.: Языки славянских культур, 2007. – 248 с.

96 Бобырева Е.В. Эмоциональный аспект коммуникативной компетенции в религиозном дискурсе / Е. В. Бобырева // Известия волгоградского государственного педагогического университета. – 2014, – № 10. – С. 23–30

97 Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учеб. пособие. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 256 с.

98 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – М.: Гнозис, 2004. – 324 с.

99 Тюпа В.И. Художественный дискурс (Введение в теорию литературы). – Тверь, 2002. http://medialib.pspu.ru/ page.php?id=1155

100 Ворошилова М.Б. Проснись, Россия: метафорический потенциал современного российского молодежного экстремистского дискурса // Новые парадигмы в когнитивной лингвистике. – Алматы, 2014. – С. 473–481.

101 Кунаева Н.В. Аргументативный дискурс: основные подходы к изучению

и проблемы анализа // Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2007. – № 2, Ч. 2. – С. 5–8.

102 Григорьева В.С. Дискурс как элемент коммуникативного процесса: прагмалингвистический и когнитивный аспекты. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2007. – 288 с.

103 Фуко М. Воля к истине: по ту сторону знания власти и сексуальности. – М.: Касталь, 1996. – 448 с.

104 Филиппова О.В. Индивидуальный стиль речи учителя как категория педагогической риторики. – М.: Прометей, 2001. – 146 с.

105 Олянич А.В. Презентационная теория дискурса. – Волгоград: Парадигма, 2004. – 507 с.

106 Буров А.А. Когниолингвистические вариации на тему русской языковой картины мира. – Пятигорск: Пятигор. гос. лингвист. ун-та, 2003. – 361 с.

107 Шевченко И.С. Дискурс как когнитивно-коммуникативный феномен: монография. – Харьков: Константа, 2005. – 356 с.

108 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – С. 136–137.

109 Гусейнов Г. Нулевые на кончике языка. Краткий путеводитель по русскому дискурсу. – М.: Дело, 2012. – 239 с.

110 Гольдин В.Е. Внутринациональные речевые культуры и их взаимодействие // Вопросы стилистики. – Саратов, 1993. – Вып. 25. – С. 9–19.

111 Дейк Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация. – М. : Прогресс, 1989. – 312 с.

112 Дейк Т.А. ван. Язык. К определению понятия дискурс http://psyberlink.flogiston.ru/internet/bits/vandijk2.htm 31.05.1999.

113 Фуко М. Археология знания. – Киев: Ника-Центр, 1996. – 208 с.

114 Серио П. Как читают тексты во Франции // Квадратура смысла. Французская школа анализа дискурса / Пер. с франц. и португ. – М.: Прогресс, 1999. – С. 14-53.

115 De Beaugrande R.-A., Dressler W. Einführung in Textlinguistik. – Tübingen, 1981. – 63 p.

116 Кубрякова Е.С. О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современной лингвистике // Дискурс, речь, речевая деятельность: сб. обзоров. – М.: ИНИОН, 2000. – С. 7−25.

117 Николаева Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики текста // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистика текста. – М.: Прогресс, 1978. – Вып.8. – С. 467-472.

118 Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: МГУ, 1976. – 308 с.

119 Борботько В.Г. Элементы теории дискурса. Учебное пособие. – Грозный: ЧИГУ, 1981. – 113 с.

120 Арутюнова Н.Д. Наивные размышления о наивной картине мира // Язык о языке. – М.: Язык русской культуры, 2000. – С. 7−19.

121 Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 375 с.

122 Караулов Ю.Н., Петров В.В. От грамматики текста к когнитивной теории дискурса // Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – С.5-11.

123 Дымарский М.Я. Проблемы текстообразования и художественный текст: На материале русской прозы XIX – XX вв. – СПб: СПГУ, 1999. – 284 с.

124 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца 20 века: сб.статей. – М.: Рос. гос. гуманит. ун-т, 1995 а. – С.35-73.

125 Чейф У. Память и вербализация прошлого опыта // Новое в зарубежной лингвистике. Прикладная лингвистика. – М., 1996. – Вып.12. – С. 35−73.

126 Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2017. – 752 б.

127 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.

128 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: Арыс, 2008. – 184 б.

129 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.

130 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.

131 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 639 б.

132 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдарының негізінде): Фил. ғыл. докт. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 450 б.

133 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.

134 Нұрмышева Ш. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты. Фил.ғыл.канд... дисс. автореферат. – Алматы, 2010. – 30 б.

135 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (эксперименттік-фонетикалық зерттеу): филол.ғыл.канд... автореферат. – Алматы, 2005. –27 б.

136 Рамазанов Т. Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері: фил.док. (PhD)... дис. – Алматы, 2024. – 233 б.

137 Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. I том. – Алматы: Өнер, 2013. – 259 б.

138 Садирова К. Дискурс теориясы мәселелерінің қазақстандық лингвистикада зерттелуі // Дискурс теориясының өзекті мәселелері. Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2011. – Б. 40−49.

139 Сәрсенбай Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибе: норма және узус: фил.док. (PhD)... дис. – Алматы, 2023. – 168 б.

140 Қожахмет А.Қ., Хусаинова Л.М. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтін және дискурс теориясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 178–189. https://doi.org/10.47526/2023- 2/2664-0686.14

141 Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: Искусство-СПБ, 2000. – 704 с.

142 Шацкая М.Ф. Диктема – единица текста или дискурса? // Мова. –2012. – № 17. – С.179-182.

143 Головин Б.Н. Введение в языкознание: учебное пособие для филол. спец. ун-тов и пед. ин-тов. – 3-е изд., испр. – М.: Высш. шк., 1977. – 311 с.

144 Красных В.В. Этнопсихолингвистика и лингвокультурология. – М.: Гнозис, 2002. – 280 с.

145 Болотнов А.В. Идиостиль информационно-медийной личности: коммуникативно-когнитивные аспекты исследования: автореф. дис. … д-ра филол. наук: 10.02.01. – Томск, 2016. – 39 с.

146 Романова Т.В. Русский язык и русская языковая личность в категориях времени и пространства // Язык, культура, общество: VI Междунар. науч. конф. – М., 2011. http://www.mosinyaz.com/conferences/mnk6_s1

147 Курьянович А.В. Динамика жанрово-стилистических особенностей русского эпистолярного дискурса носителей элитарного типа речевой культуры (XX-XXIвв.): автореф. дис. канд. филол. наук: 10.02.01. – Томск, 2013. – 39 с.

148 Синельникова Л.Н. О научной легитимности понятия «дискурсивная личность» // Учёные записки национального университета им. В. И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникации». – 2011. – Том 24 (63). – № 2. Часть 1. – С. 454–463.

149 Баранов А.Г. Семиотическая личность: кодовые переходы // Речевая деятельность. Языковое сознание. Общающиеся личности: тез. докл. XV Междунар. симпозиума по психолингвистике и теории коммуникации. – М.: Калуга, 2006 – С. 30–31.

150 Ворожбитова А.А. Языковая и литературная личность в лингвориторической парадигме: аспект дискурсивных стратегий // Вестник Сочинского государственного университета туризма и курортного дела. – 2011. – № 4 (18). – С. 162−165.

151 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. Монография. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 297 б.

152 Көпбаева М.О. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция: Филология ғылымдарының док... дисс.

автореферaты: 10.01.02. М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты. – Алматы, 2010. – 46 б.

153 Мақұлова Л.Т. Көркем прозадағы автор бейнесінің тілдік құрылымы. Филол. ғыл. кан... дис. Алматы. – 2004. – 118 б.

154 Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.

155 Пертайтите А.М. Связь интеллектуальных творческих способностей с экстраверсией-интроверсией // Вопросы психологии. – 1981. – № 6. – С. 112-115.

156 Михалёва О.Л. Политический дискурс как сфера реализации манипулятивного воздействия: автореф. дис. … канд. филол. наук: 10.02.01. – Кемерово, 2004. – 21 с.

157 Стеблецова А.О. Национальная специфика делового дискурса в сфере высшего образования (на материале англоязычной и русскоязычной письменной коммуникации): дис. … д-ра филол. наук: 10.02.20. – Воронеж, 2015. – 492 с.

158 Болдырев Н.Н. Принципы и методы когнитивных исследований языка. http://boldyrev.ralk.info/dir/material/186.pdf

159 Болдырев Н.Н. Концептуально-тематические области языковой картины мира и их интерпретирующая функция // Когнитивные исследования языка. – 2014. – Вып. XVII. – С. 33-39.

160 Полонский А. Медиа-дискурс – концепт: опыт проблемного осмысления // Современный дискурс-анализ. – 2012. – Вып. 6. – С. 42–56. http://www.discourseanalysis.org/ada6.pdf

161 Langacker R.W. Grammar and conceptualization. – Berlin; N. Y.: de Gruyter, 1999. – 427 p.

162 Келли Дж. Теория личности: психология личных конструктов. – СПб.: Речь, 2000. – 249 с.

163 Токарев Г.В. Проблемы лингвокультурологического описания концепта (на примере концепта «трудовая деятельность»): учеб пособие. – Тула: Изд-во ТГПУ, 2000. – 92 с.

164 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика (Курс лекций по англ. филологии): учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Зарубежная филология». – Тамбов: ТГУ, 2000. – 123 с.

165 Алефиренко Н.Ф. Проблемы вербализации концепта: теоретическое исследование. – Волгоград: Перемена, 2003. – 96 с.

166 Стернин И.А. Методика исследования структуры концепта // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С. 58−65.

167 Красавский Н.А. Эмоциональные концепты в немецкой и русской лингвокультурах. – Волгоград: Перемена, 2001. – 495 с.

168 Крючкова Н.В. Концепт – Референция – Коммуникация. – Саратов: ИП Баженов, 2009. – 391 с.

169 Карасик В.И. Лингвокультурный типаж // Язык. Текст. Дискурс: науч. альм. Ставропольского отделения РАЛК / под ред. проф. Г. Н. Манаенко. – Ставрополь: ПГЛУ, – 2007. – Вып. 5. – С. 86−89.

170 Леонтьев А.А. Лекции по общей психологии. – М.: Смысл; Академия, 2010. – 509 с.

171 Тороп П. Тотальный перевод. – Tartu: Tartu ülikooli kirjastus, 1995. – 220 с.

172 Кембаева А. Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» кітабындағы тарихи шындық және көркемдік шешім // «Заманауи білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2024. – Б. 309−314.

173 Кембаева А. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-дилогиясының тілдік ерекшеліктері // «Балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және жаңа Қазақстан дәуіріндегі филология ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2023. – Б. 66-71.

174 Кембаева А. Шерхан Мұртаза – көп дискурсты тілдік тұлға // Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы. – 2024. – Б. 144−150.

175 Тарасова И.А. Поэтический стиль в когнитивном аспекте. – 2-е изд., перераб. – М.: Флинта, 2012. – 196 с.

176 Горшков А.И. Русская стилистика. Стилистика текста и функциональная стилистика: учеб. для пед. ун-тов и гум. вузов. – М.: АСТ: Астрель, 2006. – 367 с.

177 Пищальникова В.А. Проблема идиостиля. Психолингвистический аспект: учеб. пособие для вузов. – Барнаул: Алтайского гос. ун-та, 1992. – 73 с.

178 Кембаева А. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркем және публицистикалық дискурстағы ұлттық діл көрінісі // Ясауи университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. – Түркістан. – 2024. – №1(135). – Б. 185−197.

179 Канчер М.А. О трех аспектах описания языковых личностей // Культурно-речевая ситуация в современной России. – Екатеринбург, 2000. – С. 312–319.

180 Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English Text. – London: Longman Group LTD, 1976. – 374 p.

181 Евсюкова Т.В. Характерные особенности языковой личности студента // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. – 2015. – № 10 - 2. – С. 176-179.

182 Марьянчик В.А. Аксиологическая структура медиа-политического текста (лингвостилистический аспект): автореф. дис. … д-ра филол. наук. – Архангельск, 2013. – 36 с.

183 Ленская И.С. Проблема невербализованного содержания текста //

Проблемы вербальной коммуникации и представления знаний: материалы всерос. науч. конф. – Иркутск, 1998. – С. 109-110.

184 Головнева Ю.В. Основные свойства и модели элементарной единицы текста // Филологические науки в России и за рубежом: материалы междунар. науч. конф. – СПб., 2012. – С. 115-118.

185 Сидорова Т.А. Когнитивные механизмы формирования социально-политического дискурса // Когнитивные исследования языка. Вып. XXX. Когнитивная лингвистика в антропоцентрической парадигме исследований. Международный конгресс по когнитивной лингвистике. 20-22 сентября 2017 г. – М.: Ин-т языкознания РАН. – Тамбов, Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина. 2017. – С. 628–631.

186 Кембаева А.Т. Тілдік тұлғаның эпистолярлық мәтіндеріндегі прагматикалық ерекшеліктер және олардың қолданысы // «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT лингвистиканың зерттелуі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Тараз. – 2024. – Б. 285-289.

187 Блох М.Я. Диктема в уровневой структуре языка // Вопросы языкознания. – 2000. – № 4. – С. 56-67.

188 Клушина Н.И. Дискурс и стиль: пути и перекрестки современной лингвистики // Дискурс и стиль: теоретические и прикладные аспекты. – М., 2014. – С. 177-182.

189 Нақыл сөздер. А. Байтұрсынұлы. https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17797 08.04.2021.

## Пайдаланылған көркем әдебиеттер тізімі

1 Қазақтың Шерағасы. Құраст. Е. Құлбарақов. – 1-кітап. – Тараз, 2012. – 280 б.

2 Құнанбаев А. Оқу кітабы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б.

3Мұртаза Ш. Бір кем дүние: Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176 б.

4 Мұртаза Ш. Абай сәулесі. Семейдегі Абай күндері https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=17855 08.04.2021.

5 Мұртаза Ш. Зейнет күреспен келеді. https://bilim-all.kz/article/17593-Zeinet-kurespen-keledi 04.04.2022.

6 Мұртаза Ш. Бәріміз соған тіреу болуға жараймыз ба? https://bilim-all.kz/article/17615-Tauelsizdik-bireu 05.04.2022.

7 Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті: Қазақтың Шерағасы: жинақ – 2-кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2012. – 238 б.

8 Құнанбаев А. Оқу кітабы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.

9 Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. Мақалалар, эсселер, публицистикалық толғамдар. Құраст. Қ. Назырбаев. – Астана: Елорда, 2002. – 808 б.

10 Мұртаза Ш. Бір кем дүние https://ult.kz/post/sherkhan-murtaza-bir-kem-dunie 11.10.2018.

11 Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Бірінші кітап. https://kitaptar.azurewebsites.net/k38-Қызыл-жебе-Бірінші-кітап 20.09.2024

12 Мұртаза Ш. Зекем хақында (З.Серікқалиев туралы үзік сыр) // Егемен Қазақстан. – 10.02.1998.

13 Мұртаза Ш. Бес томдық жинақ. Т. 1. Ай мен Айша. Роман-дилогия. Бірінші кітап. – Алматы, 2022. – 321 б.

14 Қазақтың Шерағасы. Көп томдық шығармалар жинағы. – 11-том. – Тараз, 2021. – 210 б.

15 Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Үшінші кітап. https://kitaptar.azurewebsites.net/k53-Қызыл-жебе-Үшінші-кітап 20.09.2024

16 Мұртаза Ш. Азия жазушылары Америкада // Егемен Қазақстан. – 28. 05.1997.

17 Мұртаза Ш. Намысы бар бауырға // Егемен Қазақстан. 12.11.1996.

18 Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Екінші кітап. https://kitaptar.azurewebsites.net/k39-Қызыл-жебе-Екінші-кітап 20.09.2024

19 Мұртаза Ш. Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде. https://bilim-all.kz/article/17594-Qorqyttyn-qobyzy-qalgyp-ketkende 04.04.2022.

20 Мұртаза Ш. Әңгімелер жинағы. Сусамыр. https://bilim-all.kz/article/17639-Susamyr 06.04.2022.

21 Мұртаза Ш. Рух пен намыстың төресі. https://bilim-all.kz/article/17607-Ruh-pen-namystyn-toresi 05.04.2022.

22 Мұртаза Ш. Шындықтың шымылдығы түрілгендей. https://bilim-all.kz/article/17559-SHyndyqtyn-shymyldygy-turilgendei 30.03.2022.

23 Мұртаза Ш. Жүрек жылытар сәулелер. https://bilim-all.kz/article/17561 30.03.2022.

24 «Қиянат пен әділетсіз өмірдің қоқсығы өткен жылдың ұрма селімен ағып кетсін!». Шерхан Мұртазаның тілегі. https://egemen.kz/article/338175-qiyanat-pen-adiletsiz-omirdinh-qoqsyghy-otken-dgyldynh-urma-selimen-aghyp-ketsin 20.03.2023.

25 Мұртаза Ш. Бес томдық жинақ. Т. 4. Қара маржан. Роман. – Алматы: 2022.– 241 б.

26 Мұртаза Ш. Келіншектау сағымдары. https://bilim-all.kz/article/7615-Kelinshektau-sagymdary 12.10.2018.

27 Мұртаза Ш. Ұлттық рух. https://bilim-all.kz/article/17598 05.04.2022.

28 Мұртаза Ш. Таңдамалы. Әңгімелері, хикаяттары, мақалалары, роман, пьесалары. – Алматы: Айғаным, 2017. – 1116 б.

29 Мұртаза Ш. Парламентте жаңалық көп. https://bilim-all.kz/article/17582-Parlamentte-zhanalyq-kop 04.04.2022.

30 Ш. Мұртазаның публицистикасы. Құраст. А.Т. Кембаева. – 5-кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2012. – 246 б.

31 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт. – 2002. 6-том. – 616 б.

32 Мұртаза Ш. Мыңбұлақ. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 320 б.

33 Жерді саттық дегеніміз – елді сату. Қазақстан қаламгерлері мен зиялы қауым өкілдерінің Қазақстан Президентіне ашық хаты // Заман-Қазақстан. 14.07.1998.

34 Депутат Шерхан Мұртазаның 1994 жылы парламенттегі сөзі https://www.facebook.com/azattyq/videos/депутат-шерхан-мұртазаның-1994-жылы-парламенттегі-сөзі/363573817548983/ 08.07.1994.

35 Мұртаза Ш. Бір кем дүние. 2-кітап. – Тараз: ТИГУ, 2015. – 110 б.

36 Мұртаза Ш. Ай мен Айша: Роман-дилогия. – Астана: Елорда, 2000. – 393 б.

37 Мұртаза Ш. Тәуелсіздік біреу https://bilim-all.kz/article/17615 05.04.2022.

38 Оралхан Бөкей еске түскендегі елес пен ойлар. https://turkystan.kz/article/70910-oralhan-b-key-eske-t-skendegi-eles-pen-oylar 04.10.2018.

39 Мұртаза Ш. Перзент: сөзі мен ісі. https://bilim-all.kz/article/17585-Prezident-sozi-men-isi 04.04.2022.

40 Мұртаза Ш. Жалының барда жарқылда. https://bilim-all.kz/article/17584 04.04.2022.

41 Мұртаза Ш. Қазығұрттың інжу-маржандары. https://bilim-all.kz/article/17560-Qazygurttyn-inzhu-marzhandary 30.03.2022.

42 Мұртаза Ш. Ұлытау. https://bilim-all.kz/article/17601-Ulytau 05.04.2022.

43 Публицистикасы: Қазақтың Шерағасы: Жинақ / Құраст. А.Т.Кембаева. – 4-кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2012. 231 б.

44 Шерағаның шыңы. Мақалалар топтамасы. – Тараз, 2022. – 5-том, – 376 б.

45 Шынның жүзі – Шерхан Мұртаза. Қасым Аманжол. https://www.youtube.com/watch?v=_kbo_MqbbUs 21.10.2018.

46 Президент Назарбаевқа халық жазушысы Шерхан Мұртазаның депутат болып жүрген кезінде айтқаны. https://www.youtube.com/watch?v=YkpOP0JBuYI 24.08.2018.

47 Шерхан Мұртаза ағамыздың қазақ тілі туралы жан айқайы. https://www.youtube.com/watch?v=TSzMCg8Kuuc 02.08.2020.

48 Мұртаза Ш. Айқайлап айтқан сөз. https://bilim-all.kz/article/7630-Aiqailap-aitqan-soz 14.10.2018.

49 Мұртаза Ш. Елім, саған айтам, елбасы, сен де тыңда! https://bilim-all.kz/article/17608-Elim-sagan-aitam-elbasy-sen-de-tynda 05.04.2022.

50 Шерхан Мұртазаның қанатты сөздері. https://massaget.kz/asyil_soz/sherhan-murtazanyin-kanattyi-sozder--51543/ 10.10.2018.

51 Мұртаза Ш. Әкімдер ант берсін. https://bilim-all.kz/article/17605-Akimder-de-ant-bersin 05.04.2022.

52 Мұртаза Ш. Тірілер ойлансын, Камал!.. https://abai.kz/post/14595 11.09.2012.